

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘҮЕЗОВ АТЫНДАҒЫ  
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

# **Мұхтар Әуезов**

ШЫГАРМАЛАРЫНЫҢ  
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

**II-том**

МАҚАЛАЛАР, ӘҢГІМЕЛЕР, ОЧЕРКТЕР,  
ЗЕРТТЕУЛЕР, ПЬЕСАЛАР, ӘДЕБИ НҰСҚА

1935–1937

“ДӘУІР”  
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ  
2014

**УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз-7  
Ә 82**

*Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
баяннамасы бойынша шығарылды*

Редакциялық кеңес:  
Кеңес төрағалары – *M. Құл-Мұхаммед, А. Сорінжісов*

Жалпы редакциясын баскарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,  
филология ғылымдарының докторы *У. Калижанов*

Кеңес мүшелері:

*Әкім Т., Әуезов М., Жүртбай Т., Кекілбаев Ә., Қанапиянов Б., Қасқабасов С.,  
Қирабаев С., Қонаев Д., Кошанов А., Құрманғали Қ., Мағаун M., Мұртаза Ш.,  
Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмагамбетов И., Ыбырай Ш.*

## **Әуезов М.**

**Ә 82** Шығармаларының елу томдық толық жинағы. —  
Алматы: “Дәүір”, “Жібек жолы”, 2014.  
11-том: Макалалар, әңгімелер, очерктер, зерттеулер,  
пьесалар, әдеби нұсқа. 1935—1937. — 440 б.

**ISBN 978-601-294-153-1**

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық  
толық жинағының 11-томына макалалары, әңгіме, очерктері, “Тартыс”, “Тас  
түлек” пьесалары енді. Ұлы жазушының өміріндегі киын да қауіпті кезеңінде  
жазылған макалаларынан сол кездегі ауыр идеологиялық қысымының асеріне  
қарамастан қазақ әдебиеті мен өнеріндегі жағдай жан-жакты және айқын  
көрсетілді. Бұл томнан “Как запела Татьяна в степи” әңгімесінің М. Әуезов  
жасаған аудармасы да орын алды. “Тартыс”, “Тас түлек” пьесалары толық  
текстологиялық салыстырудан өткізіліп, канондық нұсқа жасалды, Алмамбеттің  
айтуында жазып алынған “Манас” атты әдеби нұсқа енгізілді.

Кітап ғылыми жүртшылыққа, қалың қоюрман қауымға арналған.

**УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз-7**

**Мақапапар**





## **ИСКУССТВО КАЗАХСТАНА**

Хозяйственный и культурный рост Казахстана за последние годы сказался и на фронте искусств. Громадная по территории и по своему удельному весу в Союзе Казахская республика до последних лет в значительной мере отставала в области искусства. Но повседневное умелое руководство и огромное внимание к культурному фронту со стороны нового состава крайкома партии во главе с тт. Мирзояном, Исаевым содействовали быстрому росту искусства, вызвав к жизни ряд художественных организаций. Кроме существовавшего раньше государственного драмтеатра сейчас организованы государственный музыкальный театр, областные драмтеатры (в Семипалатинске, Петропавловске, Уральске, Чимкенте) и работает музыкально-театральный комбинат-техникум. Кадры работников искусств готовятся не только в самом Казахстане, но и в Москве, в Ленинграде. В этих городах подготавливаются для Казахстана две театральные мастерские казахской молодежи по 25–30 человек.

Главное внимание общественности обращено, разумеется, на работу Казахского государственного драмтеатра. Этот театр существует уже девять лет. Первые годы его работы характер изучается усиленным влиянием в нем националистической алашординской интеллигенции, протаскивавшей в театре враждебные нам контрреволюционные тенденции и идеи. В пьесах утверждалось и идеализировалось феодально-родовое прошлое. Советская тематика сознательно устраивалась. Только окончательная победа политики партии в ауле и полный поворот аульной бедноты и середнячества к советской власти помогли театру постепенно выпрямить свою линию как линию действительно революционного театра. 1928–1929 гг. явились переломными годами в социально-экономической жизни Казахстана. Выселение полуфеодалов и крупных баев и первые годы коллективизации

республики отразились в репертуаре театра такими пьесами, как “Майдан” (“Фронт”) крупнейшего казахского писателя и драматурга Майлина и пьесой известного драматурга-режиссера Шанина “Шахта”. Вскоре к ним прибавилась первая пьеса известного поэта Жансугурова “Кек”. Появление на сцене театра этих пьес означало утверждение советской тематики в репертуаре театра.

Последние два-три года театр работает не только над оригинальным казахским, но и над переводным революционным репертуаром из лучших образцов советской драматургии. На сцене театра появляются “Хлеб”, “Мстислав Удалой”, “Мятеж” и др. В репертуаре текущего сезона значится из премированных пьес “Шахнамэ” и из классического наследия “Ревизор”. Из оригинального репертуара этого года можно упомянуть пьесу на тему восстания казахов в 1916 г. против царизма “Тунги-Сарын” Ауэзова, “Турксиб” Жансугурова, историческую пьесу “Аркалык” Шанина и “Биздин Жигиттер” Майлина – о гражданской войне и классовой борьбе в ауле. Последние несколько лет подряд театр, выдвигая режиссеров-националов, в основном работает силами приглашенных русских режиссеров, тт. Насонова и Рутковского. Последний одновременно является и художественным руководителем русской драмы в г. Алма-Ате.

Актерский коллектив театра успел за 9 лет своего существования выдвинуть таких талантливых мастеров, как народный артист республики Умурзаков Елубай, и заслуженные артисты: Куанышбаев, Кожамкулов, Шамова.

Большим событием в театральной жизни Казахстана явилось возникновение Казахского государственного музыкального театра. Начав свое существование в качестве экспериментальной, музыкально-хореографической студии, он с первой своей постановки в сезоне 1933–1934 гг. исторической комедии Ауэзова “Айман-Шолпан” превзошел все ожидания общественности, вырос в интересный музыкально-опереточный театр и буквально стал всеобщим любимцем широких слоев зрителей казахстанской столицы. Две из трех его постановок – “Айман-Шолпан” Ауэзова и “Кыз-Жибек” Мусрепова – написаны на тему одноименных популярных народных поэм прошлого. Обе эти постановки приняты общественностью с большим интересом и почти единодушным одобрением. На тему дореволюционного

аула написана и пьеса “Шуга” Майлина. Все три постановки составляют основной репертуар музыкального театра. Сейчас им готовится к постановке пьеса Шанина “Корпеш-Баян”, тоже построенная на теме популярнейшей бытовой лирической поэмы из числа богатого старинного эпоса казахского народа.

Музыка всех этих трех постановок взята всецело из богатейших запасов народных вокальных и инструментальных мелодий. Над обработкой, сюжетной увязкой и перекомпоновкой их для создания увертюр, соответственно осмысленных арий и для создания музыки балетных номеров работают талантливые русские композиторы Брусиловский, Коцык, из народных композиторов – Махамбет и др. Художественное руководство театра во главе с народным артистом республики Т. Шаниным и мастерами, художественными исполнителями старинного репертуара Джандарбековым и ныне покойным, знаменитым певцом Кашаубаевым, использовали в музыкальном оформлении пьес наиболее содержательные и красочные песни, кюи (сложные мелодии) различных областей Казахстана. Основные актерские и вокальные силы нового театра состояли из бывших актеров драмтеатра. И сейчас на сцене этого молодого театра составил себе популярное имя ряд лучших актеров и актрис.

Среди них особо выделяется с наилучшими голосовыми и актерскими данными Бейсов Куляш из актеров Джандарбеков как талантливый режиссер и актер ведущих ролей, и Байсеитов как ярко одаренный актер и певец. Этот коллектив, руководимый исключительно преданным делу театра мастером, художественным руководителем Шаниным, уже за эти два сезона сумел открыть новую страницу музыкального театра Казахстана.

Большим достижением этого театра является богатое, многокрасочно-живописное оформление декораций, костюмов и всех прочих аксессуаров. В этом исключительная заслуга молодого художника Ненашева и руководителя Шанина. Также особого, очень большого внимания заслуживает работа балетмейстера Александрова, создавшего все балетные номера последних постановок театра. Т. Александров ставит национальные балетные номера, основанные на народных пантомимах, играх и на различных пластических движениях характерных трудовых процессов у казахов.

Ближайшая, первоочередная задача этого театра – переход на современную советскую тематику. Серьезную исследовательскую работу ведет театрально-музыкальный комбинат со своим научно-исследовательским музыкальным кабинетом. Нотные записи Затаевича “1000 казахских песен”, “500 песен и кюев” и множество еще других мелодий – только начало огромной работы в этой области. Если сравнительно недолгое и легкое соприкосновение с богатейшими записями народной музыки казахов дали Затаевичу столь плодотворные по результатам материалы, то дальнейшая запись и, главное, творческое преодоление этого наследия для создания уже революционной казахской музыки, несомненно, должны составить благодарную задачу для наших молодых деятелей искусств. Искания музыкального техникума, вдохновляемые и руководимые теорически подготовленным, европейски образованным молодым композитором т. Жубановым Ахметом, идут и развиваются по правильным путям. Принципиальный противник национальной ограниченности в области искусств, он последовательно проводит идею создания казахского оркестра из всех существующих элементов европейского симфонического оркестра. Однако все это не означает поверхностного отрицания народных инструментов или народных танцев. Поэтому музыкальный кабинет т. Жубанова ведет лабораторную пробную работу над реконструкцией, улучшением качества существовавших ранее у казахов национальных инструментов.

Казахстан встречает VII Всесоюзный съезд советов огромными достижениями на культурном фронте.

## **УВАЖАЮ И ПРИВЕТСТВУЮ ПРАВДИВОГО И ГОРДОГО ПОЭТА**

Утраченным или атрофированным чувством в сознании предыдущих поколений казахского народа было чувство гордости как положительное чувство, как стимул к высоким порывам, к самоутверждению и дерзаниям в творчестве и в общественной жизни. И само слово “гордость” (по казахски “такаббарлик”) стало означать почти всегда отрицательное, предосудительное в характере и поступках людей понятие как синоним непокорности, нескромности и т. д.

Психологией покорного и угодливого раба была психология самого хана – ставленника царя. Самыми безответственными слугами губернаторов были волостные управители. Подлинными хамелеонами были переводчики – толмачи. Бесхребетными, безличными щедринскими либералами были представители буржуазно-националистической интеллигенции даже в единичных, мелких и безвинных жестах своих. Этот пустынный век духовного и социально-экономического господства рабов, слуг монархии тщательно вытравливал из умов многих поколений сознание личного достоинства человека, опошлял понятие гордости, оставив в нем один только отрицательный смысл.

Окидывая беглым взглядом читателя начавшийся в те трудные годы творческий путь Сакена Сейфуллина, прежде всего обратим внимание на яркуюозвучность всему мощному голосу партии призывную ноту “стать смелым и гордым представителем своего класса и обновленной страны”.

С годами это становится подлинным лейтмотивом всего творчества С. Сейфуллина. Неустанно, годами утверждая через свои произведения “не вороны, а красные соколы мы”, “не клячи, а тулпары наших дней”, он внушает эту уверенность в себе казахским массам. В поэме “Альбатрос” еще смелее, еще громче

говорит писатель о человеческом достоинстве гражданина великой родины, о смелых порывах человеческой личности.

Это качество, конечно, ничего общего не имеет с эгоцентристскими или истерическими настроениями поэтов-индивидуалистов, провозглашавших себя “пророками” и “светилами” мира, мира, созданного их бредовым воображением.

“Тулпары” и “соколы” Сакена – это сгущенно-конденсированные образы революционного класса. И Сакен горд именно этой монолитной мощной силой своих собратьев, горд уверенкой поступью их и лучезарным будущим своей родины.

Эта гордость и есть убитое ранее и возвращенное пролетарской революцией законное жизнеутверждающее чувство осознавшего свои права трудового человечества. Такая гордость в наши дни является выражением раскрепощенного сознания масс. Быть поэтом, выразителем этого большого, этого особенно значительного чувства может и должна гордиться, полностью обретая в наши дни эту гордость, его революционная родина.

Другое яркое, выдающееся качество в творчестве Сакена Сейфуллина – это его предельная правдивость. В казахской литературе он наиболее цельный, наиболее полный интеллектуально-эмоциональной природы поэт. Поэтому его поэзия обладает волнующим, заражающим свойством, это поэзия яркого огня, поэзия живого дыхания. Все чувства его правдивы и искренни. И в этом подкупающая сила влияния его на массы.

Сакен наиболее чутко относится к судьбам нашей литературы, поэтому естественно ожидать от него подлинно больших полотен о наших радостных и гордых днях.

Огромен пройденный путь, и этот путь – залог дальнейшего взлета.

## ӘННИҚ СӨЗІ

Ол кісінің бір көрсем деген бұның өн жүргегін қақ жарған арман еді. Күткен шағы жетті де, бір сәтте алдына келді. Бірақ келуін келсе де басында бұның түсі қорғаншақтау сияқтанып, әлденеден қысылғандай боп көрінді.

– “Үнім, жәйім үнай ма, үнамай ма?” деген күдік еді... ән болып жаралғалы дәл осы сағатқа шейін: “осы мен қандай екемін” деген сұрақтың бұның басына ең алғаш келгені де осы еді. Әйтсе де алғашкы қысылғандық ана кісіге жетіп қолын алғанша ғана білінді де, қол ұстасқанның артынан өзінен-өзі жадырап, айыға берді. Әннің бар перне, бар шегіне бұл күнге шейін жанға айтылмаған, бір жүрек сырды оралып толқып кеп, күйдей күніреніп тұр екен. Сол жәйі бұған біткен барлық шыншылдықпен, өзінен-өзі жаңағы сыр үні боп ширатыла, айтыла жөнелді. Ән өз пернесін тапты... Ол тіл қатты.

– Халықтардың көсемі! Мен саған бетегелі далалар, асқар-асқар таулар, кесе-кесе құмдардың, жел селдің сәлемін әкелдім. Және ол жерлерде көше жүріп оқтын-оқтын қоныс еткен тарихтардың, сол тарихтар ішінде күле туып, күніреніп өткен еңбекші адамның сәлемдерін әкелдім. Мен қазақтың ескі әнімін, – деді.

Ол кісі – “Білемін!” – деп басын изеді... Тыңдайын дегендей белгі еді.

Ән өзінің ғасырлық шумақтарын шырқай шолып алмақ боп:

– Мен кім едім, кім боп келем!.. Саған немен келдім?.. Сонымыңды тыңда... – деп бастап. – Менің туысым көп тамырдан дән алған туыс еді, – деді. – Қөшпелі ордалардың қанды көбік шашқан сынсуы, асау ойнаған бір кезең еді. Соның, жау дегеннің де, өзім дегеннің де қалың елін қан жылатқан күндері маған ең алғаш халық зары деген тіл бітіріп еді. Тағы бір саты: қайта қаптаған сел болып отар тапқан, ел шапқан зеңбіректі қолдарда күйзелте

күніренткен еді. Бұның уақытында менің ер жетіп есейіп қалған шағым еді. Бойұсына алмадым, көнбедім... Өзіммен өзім боп оқшаша кеттім. Мен бетегелі дала, сазарған құм, бұлт құшқан тауларды мекен еттім. Таудағы елік, құмдағы киіктей үркек те, сергек те боп кеттім.

Егеспен, уытпен кеткен бойымда мен өзімнің мұндасым, үндесімді іздедім. Ол тапқаным ұшы-қыры жоқ таусылмас елсіз қиян, сонда құтырынып құмды үйіріп ойнап, жалғыз әлек салған ыскырган жел еді. Иә өзінен басқа құшті жоқтай тау қойнының даңғаза қып соққан сел еді. Мен осылармен жарысып, солардың тілімен сөйлеп өстім.

Желменен кейде бірқалыпты баяулық, ұзақтық салыстыратұғым. Қатпар-қатпар тауменен ойлы-қырлы толқынды сарын жарыстыра-тұғым. Құмды шөлді далада мұңды жоқшылық, жұтаған жүдеулік зарын бірге зарлайтұғым. Бетегелі далада, бұк түсken жасыл белдерде, жотадағы қойшы, жылқышының үнсіз көкке, мылқау желге шаққан мұң-дертіне тілші боп, мен өскем.

Қара желді, ұзақ қара тундерде қой шетінде қараңғылық пен жым-жырттыққа бөлөнген, тылсым буган өмірмен әйел өтті. Ана өтті. Соның жүрек жарған өксігі, шерімен атқан жалыны боп мен шықтым. Мен өзімнен өзге әнді тындаған жоқ едім. Менімен жаны, күйі бір туысқан, пернесі бір көршілерімізді де білмегем.

Өзім өз бетімде қайырусыз, шырқап, шалқып келдім. Ұзак дала, алып тау, үздіксіз жел ыргалып, еміреніп кеп шер толқытса, тіл қатса мендей үнмен сөйлейді деп келгем. Ол шақта мен өзгерем, жаңа туыс табам деп те ойламап ем. Үйткені сенгенім менің үнімдей қайырусыз есіп, заманнан заман міз бақпай, былқ етпей келген дала, тау, сел, жел еді. Ғасырлар бойында домаланған киіз үй де сол, бірқалыпты даладай, қалпынан аума-ды. Мың жылдар өткен тарихында көшіп қана мал баққаннан елі де аумады. Мен сол суреттер мен сол күйі, сол қалыпты мызғымас бітім (bitem) деп білгемін. Өткен күнім, өскен бесігім сол еді.

Бірақ енді ойланып қарасам, ғасырларға созылған мешелдік айығыпты, тас шемендер жадырапты. Бұрынғы аumas, айны-масымның бәрі бұрынғы коныстарынан кетіп-кетіп қапты.

Дала алысы жақындал, ұзағы қысқарып жеңілдім дейді. Сел өзі сезбей ішіне бүгіп келген от қуатын төкті. Тау қабағын ашып, қатпарын жазды. Қатты деген ол да, сараң деген құм да бүгінде қазынасын ақтарып, береген болды. Бұрын сол үйқылы үнсіздің

бәріне тіл мен тыныс бол жүрген мен бүгін соның бәрінен кейін қалсам оңай ма? Тағы бір нәрседен қысылам... Мен өзімді “ең зор ұнді, ең кең тыныстымын” деп келіп ем. Тау, даланың жалғызы айғайшы, атойшысы да өзім ғана деуші едім. Өйткені мен өскен отанда менен даусы зордың өзі жоқ та еді. Менің сінілім поэзия, бір жайды жалтарта айтатын өзінің бойына біткен машығы бойынша, қатты ұндіні айтам дегенде: “Я ботасы өлген түйенің боздауын атап, я қасқырдың ұлуындар” дейтін еді. Сондай үнсіздік ішінде менің даусым ең зор дауыс екені рас та еді. Мен алдыма жан түседі деп білген де емен.

Бірақ енді байқадым. Тау гудокпен оянып ұйықтайды. Өзен өлкені кеме сигналы жандандырады. Далаларды айғыз-айғыз тілген, желінен жүйрік паровоздардың ұндері баурап менгереді. Үнсіз құм, қыбырсыз шөлдің меніреулік аспанын моторлар тітіретіп шарқ ұрып, қақ жарып өтеді. Осы әндердің бәрі де менің үнімнен ашырақ та, күштірек те бол кетті. Мен сырттан сипап, желіп қана жұрсем сол тау, дала, құммен шын тілдесе алатын сол ұндер бопты. Мыналардың өміріне сүйсіне тындаимын үні де сондай күшті, өткір үн екен. Әсіресе бір кезде сол сараң дүниеге менімен ғана тіл қатқан адам, кешегі қөшпелі бақташи да, сол жаңағы ұндермен өз орнын, тарихи орнын табатын болды. Маған мұның назын бөлеуші еді. Аналарға кайратын, тартыс табысын, келешегін бөлеп байланыстырған болды. Ол кездегі еңсесі түскен адам қазір тауы, су, аспаны мен құмына бұрынғыдан шошына, сиына қарамайтын болды. Қайта шүү асауды құлақтан басып қос өкпеге тепкілеп, құл тұғырдай көлік етіп мініп ап, өмірінің, тарихының ең жанды шағын, жаңа дәүірін сол жаңа ұндермен бастады. Адамның аш бетіне қан жүгірді. Тіршілік әні енді ғана шындал, басымдал қатты самғап соға бастады. Осының бәрі сенен келген үн. Сен өлкелердің өлі бойларына жаңа қүй тараттың. Халықтардың жүрегімен тілдесетін қүй таптың. Сенің жүрегінің соғуын мен өзімнің сала-сала тау суымнан танып келдім... Барлық менің өмір тарихымда бірінші рет кеп тіл қатқан адамым, алдына келген адамым сенсің. Ән жалған айтпайды, айта алмайды. Әсіресе халық әні бұлтарып көрген емес, жаман болсын, жақсы болсын бары бірақ айтылады. Шыным, мен сенің алдында қысыламын... Бірақ менің жүрегім жас... Мен тіршілікті даттаушы, өнген, өскенді қостаушымын. Маған да лебінді тигіз. Кертартпақтың кебін

киген мен емен... Мен де сенің үнінді күйлеп: ұйқылы болса сергітіп, тумағанды тудырып, келешектің буындарына атой бермекпін. Маған не айтасың?.. – деп, ол кісіге қадала қарап тұрып қалды. Өнінде сенім де, қуаныш та бар еді. Ойдағының бірталайы айтылып шыққанына да ырза еді.

Халықтардың көсемі әуелі жадырап, мейірімді жұзбен күлді де, содан әннің қасына жақындан кеп, үн қатты:

– Замандар мен мұңлы буындар үндерін жеткізіп баян еткеніңе рахмет. Сен данасың. Мәңгі жас жүргегің бар, ол жүргегің – халық жүргегі. Сондықынмен данасың. Сондықтан сен түбінде, ешкімнен олқы боп, кейін қалмайсың. Сен отанының жаңа тарих таңын көріп тұрсың, жаңа дүние сарынын ұғыпсың. Сол көріп, сол ұғуың табысыңа, есуіңе кепіл. Сені мен құрметтім деп санаймын. Соны ұмытпа! – деді. Эн ұзақ қарап тұрып ақыры ырзалақпен қош айтты. Ұзақ қарағаны іштен алғыс айтқан уақыты еді. – Менің жас шағымды қайта әкеп бердің, енді қуаныш, бақыт сазын шерту үшін жасарттың. Сенің осиетінді ақтармын, сенің бір ұшқының боп өзіңе үқсан бағармын – деп ұзақ қарап еді.

## **МҰХТАР ЖОЛДАСТЫҚ СӨЗІ**

Жолдастар, мен сөзімді схематизм жөнінен бастаймын. Мен соңғы уақытта жастар өмірінен “Тас түлек” дейтін пьеса жаздым. Жазғанда жаман болады деп жазғаным жоқ. Жұртшылық та жаман қарсы алған жоқ. Кейін өзімді-өзім сынау ретінде, ойланқырап қарасам бірнеше кемшіліктерім барлығын көрдім. Кешегі “Тас түлекте” схематизм бар деп сейлекен жолдастардың сездерінде бірталай дұрыстық бар деймін. Мен де өзара сын ретінде осы жөнінде айтпақпын.

“Тас түлекте” тарихи үлken көлемді оқигалардың бері де аттама-көктемеге түсіп кеткен көрінеді. 28-жылдан бергі ұлы салалы дәуірлер, тартыс дәуірлері нешелерді өзгертіп, қайта туғызып жаңадан тулетіп есірген дәуір. Мен осы үлken дәуірдің есулерін қысқалай қармаған сияқтымын, үстірт, женілдеу кеткен сияқтымын. Женіл ойлап кеткен сияқтымын. Пьеса ішіндегі схематизм алған адамдардың жалаң кім еді? кім болды? деген сұрауға айқын ашық жауап беру мақсатын алға қойып, соған лайық мысалдарар іріктең алумен ғана кетіп қалыптын. Кешегі езілген жалаң аяқ қазақтың кедейінің баласы бүгінгі күнде инженер, профессор болды деген бір өсу жолының басы мен аяғы, адамдарды тарихи үлken өткелдерден тартыстардан қалай өткенін, ілгерілеудің қыншылықтарын тұтас көрсетпей түрғы-түрғы күйінде аттап өтіп кетіппін. Мұның ішінде тарихи каталықтармен қатар саяси қatalықтарға ұрынған болуым да мүмкін. Оқиға женіл күйде көрсетілуі керек емес еді. Үлken-үлken шығарманың желісін көрсету керек еді. Бұл менің істегі, әдістегі кемшіліктерім болса, екінші бір үлken кемшілік совет драматургиясы қатарында жүрген хронология әдісін сахнада көрсетушілік бар. Осы әдіспен жазылған Петр Первыйдың жүргенінен бастап, сақалы ағарып, өлуге айналған заманына дейін келеді. Бірақ шебер етіп істегендіктен бұл кемшілік

байқалмайды. Осы әдісті пьесада қолданып, 8-10 жылдық өмір ішіндегі оқиғаны қамти алудың қолайсыз болып шықты. Содан кейінгі бір нәрсе жастардың өмірін жеткілікті түрде білмейтіндігім, үлкен қоғамдық тарихтағы жастардың орнын, рөлін аз білетіндігім көрінді. Жастардың жолдастық мәселелері, әйел мәселелеріне көзқарасы, туысқандық көзқарасы бұл пьесамда жеңіл көрсетіліп кеткен сияқты.

Осы пьесалардың кемшіліктерін айтумен бірге 32-жылғы ең алғашқы совет бағытындағы жазамын деген “Октябрь үшін” атты пьесам еді. Мұны Илияс, Қанабек, Орынбекпен ақылдастырып отырып жазып шыққан мен едім.

Пьесаны Фурмановтың “Мятежіне” сәйкестендірем деген едім. Пьеса сол кезді жете зерттеп білмегендіктен “Мятеждің” ізімен жазған нәрсе болып шықты.

Қай пьесаны болса да оқиғаны ғылыми тексермей жазуға болмайды. Сезінумен, калышпен теренде бойлау керек. Міне бұл ол пьесаның тұсында болмаған еді. Жастардың жайшылықтары өмірін терең түсінбегендік бұл ретінде кемшілікке сокқан сияқты.

Дерзание деген нәрсе бар, бүгінгі жастардың жайындағы тақырыпқа әлі де жақындей алмай келеміз. Осы жолда үлкен талап етемін деп едім, осыған көп әзірлік жасай алмай келемін. Жастар жайында жазып келе жатқан бір пьесам бар. Мәскеуде жартысын жазып келдім. Жастардың арасында көбірек болып, солардың арасынан, жеке-жеке топтардың арасынан бірталай мәліметтер жиып алып жазғалы отырмын. Менің соңғы кездегі шығармамның ойдағыдан болмауы бұл жұмысқа қайта ұрындырып отыр. Жазушы әдейі жаман етіп шығарайын демейді, әзірліктің шамалылығынан 15 жылдыққа арнаған пьесам дұрыс шыға алмады. Сол тақырыптың өзін осы жастар жайындағы жаңа пьесамен жөндеймін деп ойлаймын.

“Правда” көтерген әдебиеттегі формализм, натурализммен құрсесе отырып, жақсы шығарма жасау жөніндегі айтысымыз деловой түрде келе жатыр. Бұрынғы уақыттарда айтылмай, айтса ажарға қарап айтылатын нәрсе батыл айтылып келе жатыр. Сын ретінде көтерілу керек. Міне бұл айтыс жөнінде біздің жалпы әдебиеттегі жаңа салаға тұсуге беттеуге әзірлік болады ғой деймін.

Біздің әдебиеттің қазіргі үлкен кемшіліктерінің бәрін жолдастар айтып өтті. Бізде обобщение жоқ дейді. Үлкен жазушылар

Улken, кесек образ жазумен әлемге әйгілі. Пушкинді алсақ “Евгений Онегинмен”, Гетеңі алсақ “Фаустпен” аты шықты. Сол өз заманының жиынтық образын көрсете білгендікпен дүниеге танылды. Улken образ – үлken ойдың туындысы. Біз сол үлken образ жайындағы әңгімеге келетін болсақ, үлken образды іздең жүрген адамдарымыз кем. Жақсы әдебиет – заманының үлken адамының жинақты образын беру арқылы жасалу керек.

Біздің стахановшылар Октябрь төңкерісі арқылы үлken техниканы толық менгеріп білу арқылы бүкіл Кенестер Одағында алға шығып отыrsa, біздің жазушыларымыз да сол стахановшылар заманында өз саласының техникасына жетуі керек еді. Кенестер Одағы әдебиетінің алдыңғы қатарына біздің шығармаларды көтеру керек еді. Біз осы жағынан жоғарғы сатыға жете алмай отырмыз. Бұған айқын тұрған бір белгі – әдебиетіміз күэ.

Біздің әрқайсымыз тәжірибемізде де, мениң өз басымда да бар. Сәбит, Сәкен, Бейімбеттің басында да бар. Біз шығармаларымызды басынан қайта қарап, тексереміз. Сондықтан ойлану, толғану, қиналу деген бізде өте аз. Біздің шығармаларымыздың тәжірибесіндегі бір кемшілік бізде терендеудің орнына, қанат жайып қалықтау орнына, бір шығарманы екінші шығармадан кеңейтіп шығару, толықтырудың орнына, терендеудің орнына біреуіне біреуі ұқсас тұрады.

Бұл жерде творчество қатты сабак болмайды. Бұл ретте халық фольклорынан көп үйренуіміз керек. Халық фольклорының топырағына аяқты тіреп, алға секіруіміз керек. Халық фольклорының өз ғана мақсаты емес, біз халық әдебиетінің барлық жақсы қасиеттерін өз бойымызға сіңіріп алуымыз керек.

Біздің бүгін таңдағы революциядан кейінгі жалпы әдебиетіміз таптық мазмұн жағынан алғанда революциядан бұрынғы ескі әдебиеттің қай сатысынан болса да жоғары есептеледі. Проза деген нәрсе Октябрь төңкерісінің арқасында ғана туып отыр, әдебиетіміздің мазмұны терең түрде болуы төңкерістен кейін туып отыр. Сондықтан біздің бұрынғы тарихымыздың мәдениетсіздік бір жағынан ауыр жүк болды. Біздің әдебиеттегі жазушылардың, үлken жазушылардың үш-төрт шығармаларына тоқтап өтпекпін. Кеше Әзімбай жолдас соңғы кездерде бір-екі-ақ ірі шығарма шықты деді. Меніңше, бұл аз. Үшеутөртеулеген шығармамыз бар. Мысалы, Сәкеннің “Қызыл ат” деген шығармасы бар. Бұл шығармасы Сәкенді жұртшылыққа

танытқан шығарма. Осы шығарманың үлгісіне еліктең жазылған шығармалар бізде туып та отыр. “Қызыл аттың” творческий обобщениесі, қалың еңбекшілерге бере алатын жаңалық үлгілері бар.

Бұқіл Қазақстанның мал шаруашылығы қалпының бет алсын, оның күйінен жазушының “Қызыл ат” образын алуы, ол үлкен әңгіме. Жалғыз бұл “Қызыл ат” қана емес, және Ілиястың “Даласы”, Сәбиттің “Ақ ауы” бұл шығармалар жазушының жазушылық адымының құлашын көрсете алатын дәуірімізге сай шығарма. Бірақ бұлардың өз көлемінде аздаған кемшиліктер жоқ деуге болмайды. “Қызыл ат” бірталай мәселелердің басын түйген жазушының басындағы толқынын қалдырмай көпшілік-тің ойна салған шығарма. Бірақ менің ойымша, “Қызыл аттың” кемшилігі тіл жағынан жеткілікті түрде істеліп бітпеген. Бұрынғы халықтың фольклорындағы жабайы образдарын жамай салмай жана түрлі кесте қосу керек еді. Бірталай жерлерде күшті келіп, кейбір жерлерде төмендеп кетіп отырады. Бір жерлерінде жаяулап келіп отырады. Тілдегі образдардың күшті болмағандығы асығыстың салдарынан болған нәрселер. Ілиястың “Даласы” біздің поэзиядағы үлкен шығарманың бірі деп есептейміз. Бірақ онда да көп кемшиліктер бар. Біздің поэмада үлкен проблема бар. Ол орыс тілінде жазып жүрген ақындардың алдында тұрған нәрсе – “Медный всадник”, “Евгений Онегин”, “Фауст” сияқты үлкен образды, сюжетті поэзия жазу. Дыбыс эсерімен жазылған “Қызы Жібектің” құнды болуы пішін ретінен күшті болып келе жатқаны өте шебер етіп алынған.

Бейімбеттің шығармаларын айтқанда Бейімбетте натурализм өте күшті дегенді айтты. Шығармасында адамдарының қайталарап отыратын бір қалпынан бастап Бейімбетте натурализмнің белгілі түрлерінің бар екені рас. Бірақ оны айтқанда ылғи “Шұғамен” ақтап алу дұрыс емес. Бұл жерде де “Майданды” айту керек. Ол қайта айналып қойылатын тарихи дәуірдің жиынтығы екені белгілі. “Поднятая целинадағы” қойылған проблема “Майданда” да әдемі қойылған. Бейімбеттің жазған желілерін алғанда социализм құрылышының бір сатысына үлкен белгі болып қаларлық деп айтпауға болмайды.

Бізде үлкен келешегі бар, ойында тереңдік бар ірі жазушының бірі – Сәбит. “Ақ ауы” былтырғы шығарманың алды екенін жүрт айтты ғой, оның аяғы бітпеген. Челюскин жорығы деген

Ілиястың бір еңбегі болды. Жорық очерк түрінде ғана жазылған. Ішкі мазмұны халықтың ұғымына бойлай алмайды. Сәбит тура-лы айтатыным. Ол өте асығыс істейді. Жылдам жазады. Соның нәтижесінде бір жазылған нәрселері екінші қайтара жазылмай басылып кетіп отырады. Жылдам жазу оның өнерлі екендігін көрсетеді, бірак, шапшандықпен сапа тумайды. Оңай туған сапаны мәдени тарихта есіткен емеспін. Бейімбет өзінің бір жазғанын қайта-қайта тексереді. Бейімбеттің “Қоңсыларын” 32-жылдықтың “Аманкелді” пьесасына көшіріліп отырған бұрынғы Бейімбеттің “Шабуыл” дегені еді. Ол “Шабуыл” күшті болып шықпай асыққандықтың жемісі еді, “Аманкелді” күшті болып шығып, бірінші қатардан орын алғалы отыр. Жазатын адамның бірі – Бейімбет. Сәбит шығармалары жөнінде – жазушы техника жағынан проза шығарып жаза алатынын көрсетіп отыр.

## **ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ МЕН МУЗЫКА ТЕАТРЫ**

Бұғынгі Қазақстандағы мәдениет төңкерісі өлкенің барлық еңбекші жұртшылығын қуантып ырза қылғандай көп-көп табыстарға ие болып отыр. Өлке мен елдің бүрынғы ешбір тарихында болмаған мәдениет табыстары, жаңа төңкерісшіл жас жұртшылықтың, өнер таппак болып, қанат қаққан талабы қазір де көркем өнер саласында да, жаңалық үстіне жаңалық туғызып келеді. Халықтардың көсемі Сталин жолдастың Қазақстан еңбекшілерін мәдени тәрбиеге молықтыру жөнінде өзі нұсқаған бағыттары қазіргі күнде Мирзоян жолдас бастаған өлкенің жаңа басшылығының уақытында толығынан жүзеге асып отыр. Сондайлық үлкен тарихи маңызы бар ірі бағыттағы ірі жаңалықтың бірі – қазақтың мемлекеттік музыка театры. Бұл театрдың қазіргі қалпында алдымен айқындалып көрінетін ерекшелігі: ән, күй негізінің тұтасынан халық қорынан шыққандығы.

Еңбекші елдің өткен күндегі ауыр халін, сол елдің қиял сезімін әдей терең қүйде, айқын түрде сақтап қалған ешкім де жоқ. Тіпті, қазақ елінің көп ғасырлық ой мәдениетінің күәлары болған, бай эпосы мен фольклоры да сезімінің терендігі, өрнегінің шеберлігі жағынан әннен төмен түсіп отырады. Әрбір орташа әншінің қолында жүздеп саналатын; арнап жинаушы болған адамның қолында мындан саналатын қазақтың халық әні, рушылдық-бекшілдік ескілігінің шөл ғасырларынан, отар құлдығынан нелер алышп өтті? Ол осы енді туғызып, сонымен жұбанған еңбекші адамның қиялы мен үмітінің өшпес жанар отын жоғалтпай алышп өтті. Шынында да, туғанынан бастап өліміне шейін өтетін күйін алсақ, қазақтың өмірінде әннің ілесіп жүрмеген ешбір үлкен

кезеңі жоқ деуге болады. Оның өмірінде не ғұрыптан туған ән, не үй іші тұрмысы салтынан туған ән, не болмаса өз өнері арқылы өз жанынан шыққан әндер ылғи егіз болып ілесіп отырады. Ән ғасырлар түкпірінен қайғылы хал баянын бізге жеткізді.

Қырық руға бөлініп кескілескен шабыс қияли қиқу құндерін де, өртөнген үміт, қаза тапқан жас буын жайын да баян етеді. Біздің құндерге шейін жеткен ән, төңкерісшіл буынға патшалық зорлығымен алысып өлген отар құлдарының ереуілі мен тартышын, қоғамдық мұңын баян етеді. Өзінің терен сезімді әндеріне қазақ әйелі де көп қайғы, көп күйігін бөлеген. Көп қатын алу, қалың мал, әменгерлік сияқты қорлық салты мен шаригат әдет дегендер қинаған жас әйел мен ана әйелдің зарларын да әнмен табамыз. Қалың бұқара ішінен шығып, бұрын атағы мәлім болмаса да өз ішіндегі өнермен тебіреніп талай көркем өнер белгілерін тудырған ақын қазақ, ақын әйел мұралары да әнмен жетіп отыр. Еректекен шыққан ақын күйшілермен қатар әйелден шыққан да талай шерменде өнерпаздың аттарын кейінгі ұрапакка мәңгілікке қалдырып отырған да ән. Солардың заманына ырза болмай күйікпен құнірекен жерлерінің ішінде терен сырлы махаббат лирикасы да, көңіл күйінің лирикасы да яки, табигат лирикасы да молынан көрінеді. Ереуіл ән мен кекесін ән, лағынат оку әндері сияқты талай халық жүргегінен шыққан әндер сол өмір үшін алысқан ел қорынан табылады.

Қазақта әнмен қатар халық композиторлары шығарған толып жатқан күйлер де бар. Бұл не қоғамдық, не салт бастың мұңын айтқан әңгімелі эпос үлгісіндегі музика. Күйдің бірталай қазақ елінің легендасын да баян етеді. Мінеки, музика театрының өнер табу жолында ізденуіне үлкен қор болып отырған негізгі ірге тас осындай халық мұрасы. Бұл елдің төңкерісшіл жаңа көркем өнер құрамын деген талабының уақытында, алғашқы кезде, осындай ел көңілінде, ел аузында сақталып келген күй мұраларының керекке жаратылмай шетте қалуы мүмкін емес еді.

Музика театры осы екі мұраны дұрыстап баурап алып, мағыналандырып пайдалануды өз ісінің ең басынан 1933 жылдан бастады. Содан бері қарай театр бір ойынанан екінші ойынға ауысқан сайын халық музикасын барынша кең, терен

түрде пайдаланумен келеді. Әнді өрнек салып, ажарлап, жаңа мазмұнмен байттар, көркемдігін асыратын жаңалыктар қоса отырып, сол ескі мұраны Европаланған жаңа театрлы мәдениеттің бір үлкен жәрдемшісі етіп алды. Халық мұрасын көркемдеп, мағыналандырып пайдалану өзінен-өзі де бір үлкен тарихи-мәдени адым болумен бірге бұл жұмыс, осы іргеден жаңа төңкерісшіл музыка туғызуға, нағыз үлкен қазақ операсын туғызуға да үлкен әзірлік сияқты болып танылуы керек.

Бірінен-бірі мазмұнмен жақын боп, ырғақ, сарын жағынан бір бітімдес болған халық әндері бұрын жеке-жеке тіршілік етсе, қазір тұтас мазмұн арқылы біріне-бірі қосылып, туысып алып, музыка театрының сахнасынан бүгінде үлкен, тұтас, бір тұлға, бір бітімді әңгімелі шығарма есепті естіледі. Сондай еппен, шеберлікпен құралған мазмұны, ырғақ толқыны бір бітімді әндер қазір музыка театрында қазақ тындаушысына нағыз жаңғырап, жанданған шыны халық туындысы сияқтанып сезіледі.

Бізге мұра болып қалған халық әнінің мол байлығы бұл заманға шейін ешбір түрде пайдаланылмағандықтан, қазірде сол қордан үлкен драмалы, терең лирикалы, қогамдық терең сырлары талай асыл бұйымдарды теріп алуымызға мүмкіндік беріп отыр. Ән, күй жөнінде халық қорына сүйенген музыка театры өзінің алғашқы адымында сюжет-драмалық негізді де, тақырыптың біразын да сондай қазақ көпшілігіне мәлім болған ел эпосы мен елдің тарихи жырынан алды. Театрдың тұңғыш постановкісі музыкалы комедия “Айман-Шолпанның” (осы аттас тарихи жырдың мазмұнына құрылған пьеса) театрдың барлық ісін, барлық бет пішінін көрсетушіге өте ұғымды, өте жақын ғып көрсетті. Сонымен қатар кешегі күні, ел басынан өткен халдер ішінде асылымсып-ардақтымсып өткен батырлық-рушылдық тұрғыларына қарсы арналған музыкалы мысқыл, ашу есебінде сезілді. Театр ойындарының ішінде қазақ қөрушісіне өте жақсы көрінетін көрнекті постановканың бірі – “Шұға”<sup>1</sup>. Ол өткен күндегі қазақ әйелінің қайғылы халін баян етеді.

Халық әнінің, әсіресе, көркем, көрнекті боп шыққан бір түрі, қазақ көпшілігіне өте айқын мәлім болған сырлы-шерлі, эпос поэмасы “Қызы Жібекті”<sup>2</sup> әндесіп сахнаға қоюда өте айқын

көрінді. Ішкі дүние ой-сезімі бай боп біткен айқын әйел образы “Қыз Жібек” еді. Оның бойына біткен өнері, өткен заманың әйелін езген қоғамдық салттағы шарттармен қарысып, алысып көргендігі. Музыка осы жайларды барынша әсерлі етіп, терең трагедияға айналдырып көрсете алды.

Бірақ, музикалы театр жалғыз эпос ауқымында қалмай, сол халық әнінің жәрдемімен өзінің соңғы постановкісінде зор мазмұнды, қоғамдық маңызы үлкен халық драмасын да күйлеп көрсете алды. Бұл түрдегі музыка спектакілі – “Жалбыр”<sup>3</sup>. Ол тұтасымен 1916 жылы патшага қарсы алысқан атақты қазақ көтерілісін көрсетуге арналған шығарма.

Осы постановканың барлығына кіргізілген халық әндері, тарихи жағынан, мазмұн жағынан алсақ та яки бір сарын, бір ырғактас бітім жағынан алсақ та, тұтас дауысты музыка болып көрінеді. Онысы әрбір жеке образдарының әнмен шешілетін әңгімелік сүрлеуінен де басынан ақырына шейін өскелендеп, айқындалып көрінеді.

“Қыз Жібекте” Жібек ариясы әуелде көңілді, үмітті тоннан басталып, бері келе күдік пен қайғыға ауыса барып, ақыры үлкен трагедиямен жадырайтын болса, сол сияқты “Жалбырда” Қадишаның ариясы да, біртіндеп барып өскелендей келіп, өзінің правосы үшін алысқан, қаза шеккен елдің үлкен тартысының терең толқынды лейтмотивіне айналады. Театрдың негізгі қалпы, алғашқы кездे театрга алынған әншілердің де жай қалпын өзінше белгіледі. Бұл әншінің көбі бұрынғы халық ішіндегі профессионал әншілер, я ескі халық әнін көп білген актер-әншілер. Бүгінде консерваторияда жаңа әншілердің кадрын әзірлеп жатумен қатар музыка театры өз қолындағы актерінің өнерін арттыруға күнделікті тәрбие жүргізеді. Оларды бүгінгі өздері айтып жүрген әуендерді стильден, мәдени әдіспен айтуға баулиды. Бүгінгі музыка театр әншілерінің ішінде халық әнінің осындай боп жаңғырған, стильденген үлгісін айқын ғып айтатын әншілер – еңбегі сіңген артистка Күләш жене Қанабек, Құрманбек.

Бірақ негізгі ән, музыка бүйімдарын халық қорынан алып отырған музыка театры, тегінде, өзінің жаңа түрдегі театрлы, музикалы мәдениетін ұдайы қазақтың ұлттық түрлерінің ішінде

ғана оқшаулап тұсап отырмак емес. Сол себепті әлі онша көп түр таппаған, әлі шеберленбекен, халық инструменттерін халық оркестрін ұстап қалған жоқ. Театр алғашқы адымын симфониялы оркестрімен бастады. Халық инструменттерінің оркестрі жаңа үлгіде істелген домбырасы мен үні ұлғайтылған қобызы мен сыйбызыдан құралып, қазақтың мемлекеттік филармониясының көлемінде өз бетімен ұлғайып келеді. Оның да өзінше үлкен тәжірибелері, ізденушілері, табыстары бар. Бірақ бұл сияқты тәжірибе зерттеу ісін музыка театры филормонияға тапсырып, өзі симфония оркестріне көшті де, барлық музыкалы спектаклінің жетекшісі етіп сол оркестрді сайлап алды. Сонымен, музыкалы театрдың бүгінгі оркестрі халық әндерінің көп ырғағын өз бетімен өсіруші, тереңдеуші есебінде қызмет етеді. Және сол оркестр увертюрасы арқылы, жеке әндердің мазмұнын шешу арқылы және көп әнді сахнаны өзінше айқындауы арқылы спектаклің барлық музыкалы негізін біртұтас шығарма дәрежесіне жеткізіп, өсіріп отырады. Бұл реттегі ізденушілік, басшылық музыка театрында ұдайы істейтін Европаша білімі бар композиторға тапсырылған<sup>4</sup>.

Халық инструменттің ұстап қалмауы сияқты театр құрғана ұлттық түрі бар екен деп, халықтың азын-аулақ би пантомимасын да түгел ұстанып отырмайды. Мұнда би өнері жөнінде театр, балет өнершісіне анадан көп еркіндік береді. Сонымен, бұрын ел ортасында болған би-пантомима мен халық ойындарын және қазақтың әр түрлі еңбек үстіндегі қозғалыстарын Европаша ажарлық істеліп, қызықтырып, жанды қылып көрсетуге ерік береді. Қазақ театры нағыз жоғарғы дәрежелі үлкен балет өнері халықтың шала өнер дәрежесіндегі би-пантомимасынан көп алыс, көп жоғары тұрғанын еске алады. Сондықтан жаңағыларды мағыналандырып, мәдениеттендіріп, ажарлаумен келіп, өзінің нағыз Европа үлгісіндегі балеттің құрап жасап келеді. Ол балет қазақтың өнер салтындағы, мәдени тарихындағы мазмұндардан туған және, әсіресе, қазақтың халық музыкасының ритмінен өнген балет болмақшы. Міне, театр-музыка мәдениетінің бүгінгі сатысында қазақтың халық өнерінің үлкен жиынтық белгісі бол отырған музыка театрының жай-күйі, ізденуі осындей.

Музыка театры осындайлық барлық талап, табыстары арқылы енді өз сахнасында нағыз толық үнді операны қоюға жақындалп кеп отыр. Ол опера музыка театрына арнап белгілі композитор Асафьев<sup>5</sup> жазып жатқан жана казақ операсы “Ақан-Зайра”<sup>6</sup> болмақшы.

## **ЕҢ ДАНА ЗАҢДЫ ЕҢ ЖАС МЕМЛЕКЕТ**

Еңбекші ел мемлекетінің қазіргі күндері бүкіл жер жүзі, бүкіл адам баласының баяғы заманнан бергі ұзақ тарихында ең алғаш рет бір ұлы көктем кезіне жеткен дәуір сияқты сезіледі. Әр минут, әр сағат, әр күніміз бұрынғы шөл ғасырларда тіршілік еткен еңбекші адамның ерні кезеріп, қиял етіп, аңсап өткен қиял, арман-тілектерін үсті-үстіне орындаған беріп отыр. Сондай жер шарының тарихында осы ұлы көктем күндерінде ең тұңғыш рет гүл атып шығып жатқан зор туыстардың бірі – осы бүгінгі күнде барлық еңбекші мемлекетін шарт қылышп отырған негізгі заңның туысы. Осы соңғы еki-үш күн ішінде бүкіл дүние жүзіндегі еңбекші атаулыны қуанта сергітіп отырған қалпының өзін алғанда да, бұл жаңа заңның қаншалық асыл, ұлы мағыналы заң екенін ұғу қыын емес.

Мұны оқып, ұғынып отырған еңбекші жүртшылық осындай дана занды туғызып беріп отырған партияға өзінің қуанышын, ырзалағын білдіре алмай отыра алмайды. Қазір барлық мемлекетіміздегі неше алуан қауымның жаңа занды құттықтай қарсы алып жатқан үндегі жер жүзіне естіліп отыр. “Заң туса осылай тусын, халық тілегіне қабысқан ереже орнаса осылай орнасын” деп, екінің бірі айттарлық күн болды.

Бұрынғы Ресей патшалығының езгісінде келген бұқара, оның ішінде қазақ тарихының ауыр, қаранғы күндерінің ішінде күніреніп, қабағы қатып келген еңбекші ел ол дәуірлердің лағынат занын мың да бір дүшпаны деп ұғынып еді. Үйтпеске шарасы да жоқ еді. “Әр ханның тұсында бір сүркүлтай” дегені – әр ханның тұсында да түрі әр түрлі болғанмен, қалпы, корлығы бір сұмырай, нәрсіз күннің сұмырай зандары болғанын атып еді. Ол күндердің зандары ел мен ел арасын да алыстатып ашып, адам мен адамдай емес, аң мен аң арасының шәргездігін нығайтқандай болушы еді. “Ел-елдің заны басқа да, иттері қара

қасқаның” түбінде де бір елге бір ел дұшпан, жат дегеннің сызы жатушы еді. Бүгінгі біздің заң туыс, табыс, бұрынғы бірінді-біріне қайрап салған, жарғыластырған жыртқыштың тарихының қара күндерін ұмыт дейді. Осылардың бәрімен қатар адам баласының, азамат басының баға салмағын қастерлеп, биік дәрежеге көтеруде де бұл заңдай кең өріс, ұлken тұрғылы заңды адам тарихы көрген емес. Біздің Қазақстан жұртшылығын алсақ, әсіресе, ерекше қуантатын жайымыз тағы бар. Біз Одақ ішіндегі орны сай ұлken республика болғалы отырмыз. Бұрын езілген, есесіз ел тарихының шынымен қуанышты, бақытты, күн шуақты дәүіріне енді құлаш ұрып, қанат қағып кеп кіретін болдық. Партияға қазақ еңбекшілерінің бүгінгі күнгі қуанышты ырзалығы, әсіресе ерекше.

Бұл сияқты ұлы дәуір тудырған ұлы шарапалар, ұлы жаңалықтар көп жұртшылықпен қатар әдебиет, көркемөнер жолында істеп жүрген біз сияқты қызметшілерден әсіресе, көп, көрнекті нәтиже, шығатын еңбекті талап етеді. Заманымызға, бақытты күнімізге сай шығармалар беру – біздің міндептіңдең.

## **ҚОШ БОЛ**

Алексей Максимович енді арамыздан мұлдем кетті деген қайғылы хабарды есту қандай ауыр, қандай салмақты. Құншे жанған өмір сөніп, еңбекші халықтың, адамзаттың пайдалы жолы үшін өмір бойы соғып келген ыстық жүрек тоқтап қалды деген ойға нанғын келмейді.

Жер үстінде бірден-бір әділетшілік жолымен құрылған жаңа өмірдің жолында күресуші, әрі жырлаушысы болған асқан кеменгер, ұлы адамнан айрылу жер жүзі еңбекшілері үшін орны толмастық шығын.

Бұл алып адамның мәңгі еңбек жолына сарп етілген тұрмыста сирек ұшырайтын ұлгілі өмірі – біз үшін мәңгі өшпестік шамшырақ болсын.

**Қош бол, құрметті, сүйікті Алексей Максимович!**

## ШЫНШЫЛ, ТӘКӘББӘР<sup>1</sup> АҚЫН

Желісі үзілмей келген жиырма жылдық ақын жолы жеңіл жол емес. Күш-қуат, ой-сезім, істегі нәр атаулының барлығын қуаныш пен күйініш, киналу мен тебірену араларында жалын-дай жаңып ортаға салған жылдар. Бұл жолға барлық жас қуаты, өмірлік бейнеті, жүрек қаны сарп етілген. Осы күйді, әсіресе, Сәкен басынан мол кешті.

Еңбек дүниесінің күні тумай, шөл ғасырлардың кер заманы мендең тұрған күндерде шығып, тарихи сын күндерде кері кетпей, өмірдің тарту, әуелгі адамның өзінде-ак “оңай жол болайын” деген жоқ-ты.

Осы жиырма жыл бойын басып озып отырған ақын енбегіне, сыншы да, тарихшы да емес, жай қатардағы оқушы есебінде көз жіберіп қарасан, өзгеде жоқ екі түрлі ерекше, ірі қасиеті басымдап айқындана шығады. Мұның біріншісі – жалтағы жоқ шыншылдығы. Екіншісі – ақындық тәкәббәрлігі. Жай міnez машиғын айтпаймын, ақындық енбегінің сипатын айтам.

Ең әуелі тәкәббәрлік дегенге тоқтасақ: бұл сөз қазақ құлағына тосаң тиетін, өзінің нәрлі, жақсы мағынасынан айрылған сөз еді. Оның тарихи себебі де бар еді. Отар күні, ошарыла басқан құлдық күні болатын. Құлдық психологиясын елге міnez етіп басқалар: хан, төре, би, болыс, чиновник – тілмаш, ескішіл, байшыл үлтшылдар етіп еді. Жалыну мен жағыну үстінде де өз күндерін кешіп еді. Адамның шын адам мүсінін корсететін, өз басын “өзгеден кем емеспін, тенмін” деген сенім, санаға жеткізетін, кадырлы сипат – тәкәббәрлік аналар тұсында сөнген, солған еді. Ол тіпті айыпты міnez, шам сөздің мағынасында қалып еді. Октябрь революциясы, Ленин жолы бізді, міне, мақтандыратын, тәкәббәрлендіретін күнге жеткізіп, одактың сүбе елінің бірі етті.

Пролетариат революциясының басынан басталған партия тәрбиесі бүкіл дүние еңбекшілерімен қатар Қазақстан

еңбекшілеріне де: “Дүниеге өзің қожамын деп біл”, “Бұқпантайлама, ер көкірек бол” деп, көптен баулып келеді. Әрбір елдің елдік қасиетінің іргесі соған тірелуші еді.

Міне, біздің әдебиетте қаламының буыны бекі бастағаннан бері қарай осы қасиетті берік ұстанған жалғыз ақын — Сәкен. Тәкәббәрлікті жақсы мағынасында танытып, әдебиетте де, ойсанага да сіңіріп келе жатқан еңбегі айқын.

Жақсы мағынасында дегенді баса айтамын. Өйткені, “Арыстанмын”, “Күнмін”, “Пайғамбармын”<sup>2</sup> деп, қоғамнан, тарихтан қағылып қалып, далада истерикамен<sup>3</sup> жалғыз өзі шабынғандікін біз жаңағы айтып отырған тәкәббәрлік демейміз, истерика дейміз.

Ал, Сәкеннің ақындық асуларында, әр жотадан атой бергендей, тәкәббар сөз үндері: “жабы емеспіз, тұлпармыз”, “құладін емес, сұңқармыз” деп, бұрынғы өткен тарихқа, бүгінгі оянған табына, езілген еңбекшілерге дабыл ұрады. Бұл сияқты тәкәббар үніңде өскелендеп, үдеп келген бір тұргысы — “Альбатрос”<sup>4</sup> заманының қасарысып соққан дауылына қаскишп ап, қанатымен қар сабап, қарыса ұшқан “Альбатрос” анау. Сұңқар “тұлпардың” екінші аты. Ол — СССР. Тәкәббәрлікпен қарысқан СССР. Сәкен өзімен, өз басымен тәкәббәрлік етпейді. Табымен, Отанымен тәкәббәрлік етеді. Олардың да алысқа құлаш ұрған ізімен, қынға самғаған қанат қағысымен тәкәббәрлік етеді. Соны біздей бұрыннан ылғи жасандық, бәсендікпен келген елдің көкейіне көбірек сіңіріп, бүгінгі бақыт, теңдік күнінде өрлендіре, өршелендіре бастырады. Ақындық еңбегінде мұндай өнімді сарын тауып отырған ақын, әрине, өзінің тарихтағы орны мен маңызын қамтамасыз еткен ақын болмақшы. Әр ақынның осындай өзіндік пішіні, осындай барлық еңбегінен туатын тұтас, ұлken қорытындысы болса еken дегізеді. Мұндай дүрыс жолдағы революциялық тәкәббәрлікпен сол ақынды шығарған орта тәкәббәрлене алады.

Сәкен ақындығының екінші зор қасиеті – шыншылдығы. Оның шығармаларына біткен сезімнің барлығы да айқын, ашық. Тұтас бітімді, жоталы тұлғадан туатын көрнекті, бүтіндігі бар сезімдер. Белгілі шығармаларынан өлеңін, әңгімесін, поэмасын алсақ – барлығында да сүюі мен ашуы, ырзалығы мен наразылдығы, үміті мен күдігі әрқашан барынша шын сезімнің толқыны бол білінеді. Сонысымен әсерлі де, күшті бол шыға

алады. Өз ішінде тұрған көңіл күйін окушыға жеткізіп, қондырып ұқтыра алады.

Лебімен тартатын өнімділік, ұтымдылық табады. Шыны қайда, өзі қайда екенін білдірмейтін, жаза баспайтын, ішіне тығынған кедір-бұдырысыз тақ-тақ жолдың ақыны Сәкен емес. Оның шыншылдығы қозып, жанып отыратын, буы білініп тұрған барынша шын сезім, шын жүрек шыншылдығы. Сондықтан мұнның жолы әр адымын санаң басқан кісінің жолы емес, ылдиы бар, өрі бар – шын өмір жолы, ыстық қанды нағызы ақын жолы.

Тегінде мағыналы, өрісті, кеш бастан, белгे шығар үлкен еңбек туса осындай қайнар көзден шығуға ылайық. Біздің бүгінгі әдебиеттің әлі заманымызға сай үлкен обобщениен<sup>5</sup> жеке-жеке, ірі шығарма түрінде бере алмай келе жатқаны мәлім. Жиырма жылдан басып өтіп, күш қуаты шын толған кезіне, кемеліне жеткен Сәкеннен енді сондай қорытынды еңбектерді күтеміз. Соны бере алады деп сенеміз.

## **КЕЙ ПЬЕСАЛАР ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕРІМ**

### **1. “Жорық” туралы**

“Жорық” қызық пьеса боламын дейді. Мақсұты мен мазмұны соны түйін қылып ұстанған. Өзінше сайтаны мол демоническая натура шығатын бір жазушының сол идеясын ақтағандай болады. Кіндік тақырып осының басы мен ісі бар пьесадағы драмалық тартыс (*драмат. борьба*) түрін қалайтын өзгеріс (*перипетейные перелом*) әнгіменің өрістеп өскелендеуі (*нарастание*) барлығы да осы бір-ак адамның басына байланған. Өзгенін бәрін, сол адамдардың халдарын алсақ – мынаған берілген жалпы фон есепті ғана боларлық, волевое устремление шын нәрсені өзгертпейді... Зауыр ортамен алысушы ғана, бірақ Зауыр қалай төңкерілсе, барлық оқиға, барлық драмалық хал (*интрига*), тартыс та солай тұтасымен жөнкіле берді. Зауырдың өзін алсак, негізінде ол құр ғана злодей. Бұның төркіні Еуропаның бағы заманнан бергі ұрылар әнгімесі детективный романтика пьесалары. Біздің жазушы қызық әнгіме құрам деп, сондай саптан мінезді адамдарды ізdegендe Казихан образы жаңағы епті ер, сұрқия ұрыға кездескен. Ол адамды қазаққа таман жақынданту үшін ұзын татар қылған, бірақ татар топырағына көшіргенмен, бұл кейіпкерді қазаққа түсінікті қылам деп, бірталай зорлықты керек қылатын сияқты. Екінші заманға біздің заманың актуальный шарттарына жақыннатамын дегендіктен, оның қарсысына, айналасына кеңес қызметкерлерін, ортақшыларды қосып, істері партизан соғысын мезгілінде кеп меңгермеген. Бірақ негізгі тема Зауыр бол, соның сыртқы істеріне, қылықтарына көніл көп бөлінгендіктен, мына кірістірген саяси қоғамдық тақырыптардың барлығы жетер өрісіне жетпей, аларлық орнын ала алмай қалған. Тілесе Зауыр Чека қолынан қашып құтылады, жаралы

партизан Ақатты өлтіріп, документін алады, Қанашқа өзін танытпайды, зауытты тілегенінше бұлдіреді. Өзі бұзық жолдасын қасынан тастамай, өзімен бірге кетіреді, Мадинаны подвалға тастайды, тіпті бірде бір тоқсауыл, бөгет жоқ, алдынан дүние жапырылады да жатады. Осының бәрімен не дәлелденбек, не көрсетілмек? Пьесаны қызық қылу не бағаға түссе де максұт сол. Сол үшін Зауырды шалқыта беру керек болған. Сол күйде және Зауырда злодейлікten басқа жоқ. Бай баласы деген сөз бар, бірақ, таптық, қоғамдық идеясы, ортасының идеологиясы, психологиясы бар. Толық психологическая емес, жамандыққа жеткен жалаңаш волясы ғана бар. Бұзық одиночка жауды жау қып көрсетпек болғанда бұдан кен, бұдан мазмұнды, қайғысы мол жау қып көрсету керек. Болмаса құр ғана бір Тоқташқа қадалған жалаңаш воляны ғана көрсету, қызық бұрылысты жау ізін ғана көрсету так Американың киносы, Еуропаның ортағасыры. Әңгімелер декоратив, детектив боп шолтайып қалады.

Қазіргі пролетариат драматургиясы құр ғана қызық пьеса емес, алдымен умная пьеса керек дейді. Мынау осының алдыңғысын ғана таңдаған сияқты. Көрмеге қосуға қызық пьеса болады, әсіресе, біздің шала піскен, сынны аз көрушілер қызық көреді. Бірақ бұл үлгідегі пьесалар европа, орыс сахнасында жаңаңық емес. Қайта ескіріп, заманы өткен ескі, соңғы замандаarda олар қойылса...

## 2. “Қанжар” туралы

Пьесаның әңгімелік жағы, салт-санасы, драмалық техникасы жаман емес, кейбір түзетулермен ойнауга болатын сияқты. Сахнадан жеңіл, көрушіге қызық көрінерлік қызыл-жасыл, жарқ-жүркі бар пьеса. Бірақ оқиғадағы әсер жалпы аудармаға ұқсайды: тілі де, адам мінезі де кавказ тұрмысынан алынып жазылған.

Бұрынғы үлгідегі орыс жазушыларының сарынын еске түсіреді. Кавказ реально кавказ емес, экзотика кавказ, жарқылдақ, бұрк-сарқ өмірін көрсетудің ізімен кетеді; бәр-бәрінде өмір тым-ақ арзан, тым-ақ соншалық ойыншық, елеусіз сияқты. Сондыктан екі ауыз сөзге келіспей қанжар, бір айналыспай мылтық сұрысады. Екі жіктің арасында атыс-шабыс өткен (бірінші сурет атысумен басталады), ол – елдің мінезі болған уақытта бір жіктің

ішіндегі адамдардың арасында да сол негізгі мінездің ұшқыны өзінше ерекше күйде тексерे бермейді. Бұлар өз арасында тым жұмсақ, тым сезгіш, нәзік. Пьесада атыс-шабыс сонша көп болса да, жазушы қанағаттанбай бір суретті екі жақты сыйып қойып, тіпті перестрелка да жасайды. Қолда мылтық, белде қанжар, аста жүйрік – тау-тасты шапқылап, кезіп жүріп иек артпа қакпатастан тарсылдатып атып жататын жат мінезді Абректер, кинодағы Абректер еске кеп түседі.

Бұл кунде кавказдағы құлак, бек болса да құлықпен, еппен алысатын болған. Оларды бадырайтып жасантып кеп соғысын аштыру әлгі экзотика бетімен кету болады. Жауды айламен қаруландырып, шебер тартысқа кавказша салмай мылтық, қанжармен қаруландырып, тұра физический тартыс – тасырлыққа салыну пьесаның ішкі мазмұнын сұйылтады. Дұрысы, адамдардың мінезі реально болмай, романтично болуына себепті болғандай көрінеді. Осы геройы жағын көп кестелеу арқылы бүгінгі қогамдық, колхоздық тақырып, сол колхозды тудыру, өсіру, сол үшін алысу, тақырыбы күнделік саяси, шаруашылық тақырып болмай, бар жат, ұғымсыз ортаға түсіп кеткен сияқтанип тұрады. Бұл салт-саналық та, саяси да мін сияқты.

**Әңгімәпөр,  
очерктер**





## ҚҰМ МЕН АСҚАР

### I

Тұн. Қойлы ауылдың қотаны. Тұн аспанының қақ жартысын қаптаған қара қошқыл, түйдек-түйдек бұлттар ауыл үстіне қарай төніп келеді. Шаңдақ жерден топырақ борады. Тұнліктер желпілдеді, жел көтеріле бастады. Алыста найзағай жарқылдайды. Күн күркірейді. Жалт еткен жарық ішінде ауылдың жеті үйі көрінді. Қалың қойдың шет-шеті тұрып, сілкініп, қозғалақтан абыржы бастады. Ала төбет пен қара қаншық ауылды айнала жүгіріп, арсылдан үреді. Қотан ортасында ескі жыртық жабу үстінде үлкен жыртық күпі шекпенге оранған Райқан отыр.

– Е-е-й, һайт, – деп айтактап қойды.

Үлкен үйде жертөсекте үйықтай алмай аунақшып жатқан бәйбіше сексиоп басын көтерді. Желпілдеген тұнлікке, сықырлаған уыққа қарады. Құлак салды. Киініп тысқа шықты.

– Тоқалдың қасында албырап жатырсың-ау, – деді. Жөткіреді, айтактайды. Құндастің үйіне қарап үн бере береді. Жұдырығы құрысып, жағы тістенді...

Екінші ақ үйде Райқанның айтагымен оянып, тұра бастаған Жексенге тоқал қарайды... Жексен үйден шыға бастады. Тоқал артынан есікке таман ере барып:

– Жас тоқалға бой ұрды, – дейді. Бай Райқанды табады. Бұлтқа нұқсап, үйықтама деді. Жауап жоқ. Иығынан тартады. Райқан сыртымен отырып, ояу екенін білдіреді. Анау зекігенде басын екінші жаққа бұрып күрсініп, тізесіне тағы сүйенеді. Бай ашулы түспен үңіліп тепсінеді. Райқан құнысып, бүкшип, тоңғанын білдіреді.

— Тағы сайтаның ұстап отыр ғой. Өлмейсің, жасымыз, қайратымыз сенсің. Өз малың, сергек отыр. Ұйықтама, — деп кете береді.

Райқан селт етеді, тітіркенеді. Көзін жұмып, бойы сіресіп, қыныр қайратпен құшырланып қалғандай болады. Ой-қиялымен баяулап ашылған көздері алдыңғы жағындағы қараңғы аспанға қадалады.

Аздан соң қара сұр аспан сөгіліп, орта жері ағара береді. Сол жарылған аспан ортасынан сұлу жас жігіттің жымиған мейірлі жүзі бұған қадала қарайды. Шашы қайрылған, ақ жаға, галстукті.

Күлімсірейді. Бірақ батып бара жатқан айдай төмендей-төмендей барып, көк жиектен аса батады ... Маужырап, телміре қараган Райқан жүзі күлуден кейіске қарай құбылып, сөне береді.

— Сайтаның, дейді. Сен сайтан ба? — Екі қолымен бетін, көзін басады. Ойдан қайта серпіле береді. Қолдары төмен түседі.

— Қайда екенсің? Тірімісің? Әлде өлі ме екесің? — Жүзі тағы ойға кеткендей... Көз алдына өткен күннің бір кезі келеді. Жасаулы үй. Оң жақ, Шымылдық. Бай кірді. Кіре бере босағаға сіңбірді. Көп жөткірді. Райқанның еті тіксінді, басында желек. Қымсынып, шымылдыққа шала оранып тұр. Оң қолы шал қозғалған сайын шымылдықты шымшып ұстап бүктей береді. Шал сыртқы киімін шешті... Қабағымен қайта-қайта Райқанды барлай қарап, төсекке отырып, аяғын ұсынды. Райқан зорға барып, мәсісін тартты... Шешті... Шал жөткіріп кеп, төсек ұстінде отырып, есікке жапсыра ая толым қақырып, түкірді. Есікке барып шалп етті. Райқанға сұрт деді... Екі айтқаннан кейін зорға барып сұртті...

Бұл кездерде үйдің жабық-жабығынан, сыртқы екі босағадан кеп екі бәйбішенің көздері қадалып тұр ... Өзге жерлерден басқа кемпір-сампырлар да ентелей қарайды. Екі бәйбіше тұрган орындарынан жылжи-жылжи қарасып кеп, бір тесіктің тұсында бастары соғысып қалды. Бірін бірі көріскенде басында жымың етісіп, артынан бұртиысып сұық қарасады. Біріне-бірі “шоқ-шок” дегендей оқты көздерімен атысып та қалады.

Үйде шал жата бере Райқанға шақшасын алғызды. Насыбайын екі танауына ұзак-ұзак тартты. Шақшаны Райқанға ұстадты. Жатты. Райқан шақшаны ұстап тұрып- тұрып, жерге лактырып

жіберді. Шымылдықтың сыртына шықты. Шошығандай бүрсіп, үнсіз жылап, отырып алды. Шал дыбыс берді. Әрлі-берлі аунап тұсті. Құтті. Өзінің бойын күш жинағандай бір жиырып, бір созып, барлап көрді. Аңыра құтті. Райқан тұрмады. Тыстағы үлкен бәйбіше тұсына кеп қалған кемпірді жұмсады. Анау үлкен шылапшын мен құманды әкеп, майсандай басып, үй ішіне жұтына қарап жүріп, босағаға әкеп қойды. Шал зекіп дыбыс берді... Райқан қараған жоқ. Шал шымылдықты серпіп ашты ... Қарап алып, ашулы түспен зіл жіберді, әмір етті. Райқан тапжылмады. Тыстағылар біріне бірі соғылып, бір тесікке таласты ... Шал орнынан тұрып, Райқанды иығынан тартты. Райқан бүк түсіп, өксіп-өксіп жылап жіберді. Шал сүйрегендеге жерді құшақтады. Шал тағы да асқындал, сәүмендей бастағанда Райқан қолын итере серпіп, жұлып алды. Шал тәлтіректеп барып, шымылдыққа жығылып, оның бауын үзе барып төсекке шалжия қалды... Шал ашуланып барып теуіп қалды. Райқан атып тұрды. Шалға оқты көзімен ата бір қарап қап, лағнет оқыған түспен керегеге бара жабысып, шанышла қарады. Шал бәсендей-бәсендей барып шегініп, төсекке отыра кетіп, күрсінді де, басын төмен салды. Белін сипай бастады. Сырттағы сық-сық күлкі, Райқанға енді естілді. Селт етіп, от басында жанып тұрған жалаң бас шамға қарады. Қатулана басып кеп, шамды күлгे қарай теуіп жіберді. Шам құлай өшті... Қаранғылық басты ... Тыстағы пішіндер түңіле, күйіне барып, мыстары құрығандай болысты ...

Таңгертең шал шығысымен екі бәйбіше мен кемпір жүгіріп үйге кірісті. Бай да бұларға көз салмады. О да кетті. Қалған қатындар шылапшынға жетіп барды. Құрғақ ... Жерді тіміскілесті, қолдарымен сипады. Құрғақ. Бәйбіше құманды ұстай алды, қақпағын ашты. Су толы... Құшырланып, мәз болып, айыздары қана күлісті... Шал кіріп келіп, қатындарға шанышлды ... Аналар күлкілерін жасыра алмады. Шал босағадағы жүгенді ала-сала екеуін де кезек-кезек сартылдата бастады. Райқан кірді ... Басында шапан... Таяқ жеген қатындар ыдырай жөнеле берді... Тысқа шыға тағы күлісті. Шал Райқанның басындағы шапанын жұлып алды ... Жүгенмен етек жағынан бір үрып қалды. Райқан тағы да шанышла қарады.

Шал қадалып тұрып:

– Ішінде сайтаның бар ғой ... Өшірермін қарсылығынды. Өлтіремін сол сайтанынды. Босағамда шірітермін, – деді. Райқан қой шетінде отырған күйінде көзін қайта ашты. Бетін сипайды. Арықтаған екі білегін ашып көрді. Сүйектер білініп, тамыр, сіңірлер адырайған. Басын изеді...

Тұңліктері жабулы, үйқылы ауылдың таңы атты. Қойлар өріп кетіп барады. Қотан ортасы жалаңаштанып қалған. Қой жатқан қара қорданың ортасында жыртық жабу үстінде Райқан үйықтап жатыр. Айналасы шоқпыт құрым. Етіктерінен шұлғауы шыққан. Бас жағын ала төбет кеп иіскелеп жүр.

Бұл уақытта шеткі жыртық лашықта қойшы Есім жатыр. Шала шешінген күйде аунақшып, мазасызданып үйықтайды... Түкірігін жұтады. Түсіне жасаулы бір табак ет кіреді. Сара ала қазы, жас жамбас, бас. Есімнің езуі жымиятды. Табактың үстінеге қолдары төніп, ұстай бергенде табақ жылжып, сырғып жоқ бол кетеді. Селт етті. Оянды. Бетін бір таяқ тұртеді. Бас жағында бай тұр. Ақырып ұрсып тұр.

Есім атының шап айылын тартып бол, торсығын алыш үлкен үйге кірді. Ши жаққа барып, қара қазанның қақпағын алыш, үлкен аяққа айран құя бастады. Қазан лық толы. Құя бергенде бәйбіше атып тұрды. Сексиіп қасына келіп, иығынан қағып, Есім қолындағы аяқты жұлышп алыш, өзі құя бастады. Бір шеміш айран қүйып, үстіне жанында тұрған бір шелек судан су алыш, қоса құйып жіберді... Есімге ұсынды... Есім басын шайқап, ашумен қарап, ұрттай берді де жиренгендей қайта ұсынды. Бір қазан қатықты көрсетті. Бәйбіше аяққа айран құймай, қайта араластырып, тағы ұсынды. Есім аяқты қолынан жұлышп алыш, жерге бір қойды да шығып жүре берді. Бәйбіше өртеніп тулап қала берді.

Есім қораның ортасында жатқан Райқанды көрді. Маңында жүрген итті қуып, Райқанды ақырын тұртіп оятып, үйге барып жат деп нұскады... Райқан сыпайы күліп, оянып, жылы жүзбен Есімге қарады ... Екеуі бір-біріне қарасып тұрып, айрылысып кетті.

Күн найза бойы көтерілместен бай келіп, жаман жертесекте жатқан Райқанды тұрғызды. Бәйбіше екі шелек пен әкпіш әзірлеп

берді. Суға кетті. Жерошақ басында бықсыған тұтінді үрледі Райқан. Ауыр қазан көтереді. Іркіт піседі. Арқан еседі. Әредіктे отырайын десе бай, бәйбіше, тоқал кезек келіп, жұмысқа айдан тұртіп жібереді. Сиыр сауды, қойды құрттайды. Ақсақ қойды суарады. Түскі қой келеді. Жүгіре жүріп қой қосактайды, сауды, ешкі қуалайды. Ұстаптаған қара ешкіні Есім қуып жүріп, ұстап береді. Келе берсе бәйбіше тезекке жұмсайды. Қапты иығына салып тезекке кетті. Далада дауыс айтқандай жылап, ән салады. Жаяу келе жатқан қартан қатын даусын естиді. Құлағын салады. Таниды. Елбендей басып келе жатыр. Киімі жүдеу. Бірін бірі көре ұмтылысады. Райқан құшақтай жылап, жерге қарай талмаурай шөгіп жантая кетеді...

Есін жия бере:

– Қайран анам, кор болдым ғой, күн етті ғой... – дейді. Жыласады... Кемпір ауылға келеді. Бұны елеген кісі жоқ. Бай Райқанды түйе сауға айдайды. Райқан желі басына келді.

Қысырақтың айғыры Ақбесті мұның шелегіне қарай тұмсығын созып, алдына келеді. Райқан жымия қарап, төменгі ернінен сипап, алақанымен тұмсығынан ақырын-ақырын қағып қойды.

Бала Әшім бие саудырғалы тұрып, Ақбестінің кешегі шабысын айтты. Мың қаралы аттылар... Әрлі-берлі жөңкіп жүр. Аттардың аяқтары жерді дүр-дүр басады. Шапшаңдай баса бастады. Барған жерден 50 ат-айғыр жіберілген еді, құйрық, кекілдері сүзілген... Әшім Ақбестінің үстінде. Басында орта кезде шықты... Бара-бара торы ат, қара қасқа айғыр, Ақбесті боп көп тепкілесті, кезек озысады. Алдыңғы керешіге таман іліне берді. Жолдағылар ілесе алмай қалып жатыр. Аздан соң Ақбесті мен қара қасқа айғыр үзенгі қағысып келе жатыр. Әшім қамшы салмайды. Қара қасқа айғырдың баласы қамшылай бастады. Көмбедегі қалың қол қым-куыт, шым-шуыт болды. Алыстағы кезеңнен шаң көрінді. Тұтіндей будақ... Бірақ ел дүрлігে шапты. Дүбірден жер солқылдайды. Ақбесті қара қасқадан сыйтылып шықты. 30-40 атты аруақтап, ұрандалап кеп, қаумалап жөнелді. Асқар алдында, шылбырынан тартып келеді. Өзге аттарды да солай тартыса бастады. Бірақ бірінен бірі жырақ қалған. Ақбесті

жарты шақырым алда келді. Райқан сауған сүтін Ақбестіге ішкізді... Құлағынан, сағағынан сипап, мойнынан құшақтады. Барлық дүниес-малдан сүйеттіні сол.

Әңгімелесіп тұрғанда биенің алды өре бастады. Бір жағын бала қайырмак боп жүгіріп жүр. Екінші жағын жүгіре басып, Райқан қайырам дейді. Асая бие, айғырлар болмай жорта жөнеліп кете берді. Ауылдан келе жатқан Есім мұны көріп, жүгіре басып кеп, Ақбестіні ауыздықтап мініп алып, шаба жөнелді. Қашағанның бәрін тықсырып куып, айдал келді. Сол кезде ауылдан Аскар мен Жексен қатар ақырып ұмтылып келді ... Аскар ат үстінен Есімді қамшылап ұра бастады. Райқан ұмтылып арашалағанда Жексен кеп, оны таяғымен белден ұрды.

Бір күні бай үйіне Асан шауып кеп түсті... Үйге кірер-кірмesten хабар айта бастады. Үйдегі Жексен, бәйбішелер тегіс дүрлікті. Байдың өні қашты. Есін жия бере Аскарға “шап” деді. Асан екеуі шаба жөнелді. Есім мен Райқан құлісіп әңгімелеседі... Есім көп нәрсені жанданып, қызып айтып жатыр. Кәнпеске, кәнпеске, кәнпеске. Аудандық қаладан шығып, Аскар мен Асан асығып келеді. Аттары қан сорпа боп, танау қакқан күйде ауылға кеп түсті.

Кеш бойы Аскарға төрттен, бестен кісі келіп кетіп жатыр.

Жүрерлерінде ат, сиырлар, 20-30 қойлар әкетіп еді... Құр ат, қомды түйе, атпал қойдың іріктілерін сұрыптаپ, түн ішінде базарға айдатты... Ол таңертең барып базарға кірді... Тезінен сатылып жатыр ... Будақ-будақ ақша үйде отырған Аскардың қойны-қоншына тығылып жатыр...

Ауылда ауыл кеңестерді бөлек-бөлек шақырып, приговорды Аскардың өзі жазып, қолдарды қойғызып, мөрлерді басқызып жатыр. Кедейлерді де шақырады... Сөйлейді. Олар тұнжырайды, ұн демейді. Көбі бұл сөйлей бастағаннан шығып кетіп жатыр. Есім шақырса да бармады. Аскар үйінен шыққан кедейлерді бұл күліп қарсы алады... Кәнпеске, кәнпеске. Қаладан шыққан өкілдер кеп, кедейлер топтарын шақыра бастады. Жиылыштар. Есім басында сенбегендей ұн демейді. Артынан бір-екі сез айтып қоңылдене серпіле бастайды... Өкіл бұнымен оңаша сөйлеседі. Ұғысады... Есім өкілдің колын сілкеді.

Бәйбіше көріп тұрып Райқанды итереді. Жерлегендей, шүйлегендей сөздер айтады.

Райқан Есімге қарай келеді. Сұрланған жүзбен жөн сұрайды. Кедейлер тобы Есім айналасында. Есім Райқанға сынай қарайды. Анау қайтпайды. Қадалады. Есім мырс беріп күліп, мойнын теріс бұрады... Кедей жиынының алдында Асқар, Асанды өкілге жіберді. Приговорларды ұсынды. Жексенде “жауыз бай емес, кедейге жайлы болған... қара шаруа” деген приговорлар ... Есім тұрып кеп өкілге қол сілкіп қағаздардың үстінен салып қалады. Кешегі айтқаның өтірік пе еді дейді... Өкіл күледі. Жексенниң айдалуы туралы дауысқа салады. Кедейлер бастығы Есім боп, қол көтерісе бастады... Ақырындан, біріне-бірі қарай барып, бәрі көтереді...

Қарсы кісі Асқар, Асан ... Қолдарын көтергісі кеп, басында біраз жоғары таман шығарып барып, артынан өшіп қалды... Малдар іріктеліп алына, айдала бастайды. Есім байқайды, жылқыда Ақбесті жок...

Үш күн болды, жоғалды дейді Жексен. Есім кеп Райқаннан сұрайды. Анау қымсынады, үндемейді... Есім қадалып тұр, Райқан басын шайқады, айтпады.

Ауылда милиция, өкілдер, кедейлер... Кәнпескеленген бай, бәйбішелер жылап-сықтап киініп қамданып жатыр. Райқан киінбеді. Үй ішінде үйілген ішік, кілем, шенді шапан, шекпендер, болыс знаті, сыйға алған қылыштар. Милиция мен өкілдер күтіп тұр. Жексен мен өзге екі бәйбіше Райқанға тесіле қарайды... Райқан міз бакпайды. Бәрі тысқа шықты, жаман арбаға қатындар мен Жексен мінді. Райқанға орын босатады. Райқан қарап тұр.

Өкіл кеп сөз қатады... Райқан Жексендерге қарап тұрып басын шайқады. Аналардың жүздері шошыды. Тұнілді. Бай күрсінді. Жүріп кетті...

Бір жаққа бұлар кетті, екінші жаққа малды айдасып кедейлер, көпшілік кетті. Тыста кешкі ымыртта жапа-жалғыз Райқан. Айнала жұтагандай жым-жырт. Байлар кеткен жақ құм... Құм борайды. Сырғактап борайды. Алыста шырқаған үн, күлген, ойнаған кедейлер жиынының ұлы сарыны естіледі... Құлазыған жалғыз Райқан. Қасына ала тәбет кеп еркелейді. Аяғына жата-

ды. Бұл сілейіп тұр... Кәнпескеде белсенділік істеген бір кедей жанына келді... Жай сұрағандай, жәрдем еткісі келгендей қабак білдірді. Кедейлер жаққа шақырыды. Райқан сазарып бейуаққа қарап тұрып басын шайқады. Кедейді жіберген Есім еді. Тұрған орнынан қол бұлғап, жолдастын шақырып алып жүріп кетісті...

Райқан жүзі бір үмітпен сelt еткендей болды. Көзі аспанға қадалды.

Аздан соң қалғытқан ойынан оянып үйлерге, дүниеге бір-бір қарап алды да, там жаққа қарай жылдам басып жөнеле берді.

Кедейлер жиыны. Ортасында өкіл... Көңілді пішінмен әнгімелесіп жатыр... Есімге кім боласың? Сайлан дейді.

Есім тұрып: “Мұнда сайланбаймын” дейді. Өкіл қайда барасың, не іstemексің? – дейді.

– Қызыл әскер болам, – дейді... Зор, мықты денесін нығыздықпен сірестіріп тұрып, “Жасым жиырмада”, – дейді. Өкіл басын изеп құлді, сүйсінді. Сол уақытта Райқан кірді. Өкіл жылышақ пішінмен тіл қатты, үйдегілер, әсіресе, Есім дәмемен қарады. Бірақ Райқанның түсі жадыраған жок. Өкіл қайта үңілгенде “Ақбесті” деді. Жұрт тегіс тыңдай қалды. Райқан Ақбестінің жоғалу жайын баян етті... Кеш еді. Қараңғыда Ақбестінің сыртын жабулап әкеп, Асқар Райқанның үйіне кіргізді. Жалынды. Асан мен өзі кірді. Жексен, бәйбіше, Асқар барлығы Ақбестінің басын кезек-кезек құшақтасты.

Бай:

– Қуатым еді, берекем еді, – деп жылады. Асан мен ұрыға нұқсады. Ұры алып шығып, жөнеліп кетті. Асқар артында тұрып ант етті:

– Кімде-кім осыны менің қолымнан әкететін болса, екі қолым соның жағасында, – деді...

Райқан әнгімесінен соң он шақты кедей, бастығы Есім бол, аттана жөнелді... өкіл Райқанға қайта үңіліп: “не тілейсің”, – деді...

– Ленин жолын таныт, көзімді аш, оқу бер, – деді. Өкіл уәде етті. Бірақ шаршысын көрсетті. Райқан елемеді. Шаршысын мықтап баса киді.

Қараңғы түнде, үңгір, қын шатта кісендеулі тұрған Ақбестінің қасына Есім жетті. Аттан секіре түсіп, ноқталап алды... ұры Асқарға мәлім етіп жатыр, көз алдарына Райқан

келді. Асан мен ұры шапты, пышақтары жаланады. Көз алда-рында Райқан.

Райқан әйелдер оқып жатқан курске келді... Мұның басында шаршы, жұрттың көбі сонысына нұсқайды. Сыртынан құледі... Райқан қарап, ашуланып қойып келе жатыр. Курс бастығына жетті... Сөйлесті... өкілден алған қағазын берді. Бастық алатын қабақ білдірді... Райқанның қабағы жадырады. Бастық құліп шаршысын сөз қыла берді. Райқан сұрланаңып, ашуланып жіберіп, шаршысын басынан жұлып алып, столға бір-ақ ұрды... Бастықтар мен айналадағы әйелдер де тегіс құлді. Райқан түстеріне қадалды. Ұнатқан, қошеметтеген құлкі. Өзі де құлді...

Мектеп ішін аралап келеді. Бір суретке қадалды. Өтіп бара жатқан бір қызды ұстай алып, суретті нұсқап, кім екенін сұрады – Ленин. Райқан жақындан төніп келді. Құшақтағандай бол, ай-малап барып, қабырғадан сыптырып алды. Шәкірт қыздар ұқытүйқы. Айналасына жиылды. Комсомол ячайкасының хатшысы, профкомдар жетіп келді... Жиын жөн сұрады... Райқан оларға қарамастан Ленинді бетіне бір жақындастып, бір алыстатьып қарап тұр. Бір қызы тепсініп кеп, жауап сұрады. Райқан айналаны сонда көрді. Сасқан жок.

– Тәйт әрі, сендер өмірі көріп келесіндер қой. Менің көргенім осы, – деп қойнына басып алды. Бастық келіп, естіп тұр еді. Ұқты, жұртты таратып жіберді.

Райқан сабакта. Мұғалім қолы тақтайға есеп жазады, айтады, жетіге сегізді қос дейді. Басында бабын таба алмады. Қозғалақтады, аузы күбірледі, көздері ойланғандай жоғары қарады. Көз алдына көгендеулі қозылар келді. Жеті жас қозы, сегіз марқа... Түстері басқа-басқа. Көзімен санап шықты. 15. Дәл. 19-дан 11-ді ал... Тағы да 19 бойдақты қосақтап қойды. 11-ін таңбалап алу керек. Ағытты, арқаннан ағыта санап, кеміте берді, 8 деді. Дәл. Құлді.

## II

Қысты күнгі бөктер жолымен екі салт атты келе жатыр. Біреуі шинель киген әскери. Екіншісі лаушы. Бір қашардың жанынан өтіп келе жатып, тыста жүрген қойларды байқайды. Жүдеу...

Әскери адам кеңсе ішінде кубанкесін алды. Есім стол басындағы адамға келді.

– Директор орынбасары Федор сіз бе?

– Ия.

– Райком жіберді... – Қойнынан шығарып қағаз берді. Анау оқиды ...

– Қой шаруасын білесің бе ?

– Мала-мала знай... – деп күлді... Федор орындық нұсқап, әңгімелесе бастады. Әскери киім киінген Есім мен Федорға Андреев:

Үшінші ферма нашар... Күніне 5-10 қой өлтіреді... – Қағазды қарайды. – Бір айда 280 қой өлген. Соған бригадир боп екеуің бар...

Тағы кім ? – деді Федор.

Андреев:

– Тағы райком жіберген бір қазақ әйелі барады.

Федор мен Есім жайдак арбаға отыра береді. Бұларға сыртын беріп бір әйел отыр... Арба жүрді... Федор әйелмен әңгімелеседі. Әйел сөйлегенде Есім елең етті. Сыртынан бұрылды. Қырынан қарағанда әйелдің мұрның көрді. Есім тесіле қарады. Аздан соң құліп жіберіп, әйелді сыртынан иығынан ұстап, өзіне қарай бұрып алды. Әйел сескеніп жалт қарады... Райқан... Екеуі танысты да қатты құлісті. Қолдарын қысысты. Федор таңдана қарады. Ана екеуі қатарынан:

– Знаком.

– Знаком, – десті.

Үшеуі қашардың алдына келді. Қастарында бір шал, бір жас қазақ. Келгендерді бастайды. Қойлар тысқа қашар алдына шығып жатыр. Бауырлары сарысідік. Есім мен Райқан екі жерден қадала қарайды. Қойлардың жүндегі ұйысқан, үрпісken, біреулері аш. Есім қасындағы шалға: атың кім?

– Болат...

Райқанның қасында жас жігіт... Райқанға сөз қатады:

– Менің атым Иса. Ана шал Bolat екеуміз де шабан. – Райқан шығып жатқан қойларға қадалды. Барлық қойлар мықшиып, бұралып тұрып тұмсықтарымен жотасын, құйрығын қасиды.

20 шақты қой қаша қабырғасына құйрықтарын, бүйірлерін үйкеп жатыр.

Соларға Райқан да, Есім де жақындал келеді... Есім бір қойды, Райқан бір қойды ұстай алып үйкелеген жерлерін қарады. – Көңқотыр... Жұндері түскен. Федорға көрсетіседі.

Есім Болатқа:

– Ферма бастығы кім?

Болат:

– Бір жас жігіт...

– Ол қайда?

– Атқа мініп кетті.

Қой қораның ішіне кірісті. Тұмсықтарын басты... Жөткірісе бастады. Қараңғы. Есім фонарь көтерді. Іші лық толған қой. Өте тығыз. Бірін бірі басады. Есікке, жарыққа ұмтылышады. Райқан аяғын баса береді. Көтерем сары қой екі буаз саулықтың астында өліп барады. Федор мен Есім бұрышта жас қара қозыны көрді. Тәлтіректеп, өлімсірей маңырап барып құлап түсті. Бүйірі аш, катып қалған... Айнала қарасады. Қойлар біріне бірі сүйкеніп, денелерін қабырға-қабырғаға үйкеседі... Есім бұрқ етті. Аспанды нұсқайды. Болат қарайды, сөйлейді.

– Бізге бұйрық солай.

Иса Федор мен Райқанға – корада бақ, – дейді.

Федор сөйлейді.

Иса:

– Айтқанды іstemесек жазалайды. Үндемейміз...

Райқан:

– Бастық кім?

Иса:

– Бір қазақ.

Есім айтуымен Болат пен Иса қойды шығара бастады. Қойлар бірін бірі баса, тыска қарай ағылып жатыр... Қора босады. Тұрғандардың көздері қадалып санап тұр. Бір-екі, төрт-бес, жеті қой. Өліп жатыр. Арық-тұрақ. Және қоздай алмай басылып өлген саулықтар... 4 жас қозы өліп қалған... Устерінде шаранасы. Райқанның қабағы тұксіп, түсі сұрланып барады. Өлген бір

қозының шаранасын сипай шөгіп, отыра қалды... Тұрып жүре бергенде аяғы сүрініп кетті...

Жығылып барып, сүрінген жеріне қарады... Сылқылдаған сары қидың ішінен томар көрінді. Үнілді. Аяғымен аршып жіберді. Қозының басы...

— Ойбай, не деген сүмдүк? — Өзгелер келді. Федор мен Есім отыра қаасты... Жақтары тістенді... Бәрі тұрып жүрісе бастады. Аяқтарына тағы бір түбірлер ілінді. Бір қозының тірсегі... Тағы бір қозының бексері. Өзге денелері қи астында қалған.

Есім Исаны жұмсады... Әкелген темір ашаны қолына алды. Жерге басты. Аша бойлай берді... Түгел батты. Шылқылдаған су, батпақ тәрізді...

Бір орнында қатып қалған Райқан, мынаны көріп Федорға, Есімге телміріп тұрып-тұрып, жылдам басып жақындал келді.

Есімнің қолындағы ашаны жұлып алып қораның төбесін қатулана тұртқілей бастады... Тесік жасады. Сыртқа бу бұркырап шықты. Болат басын изеді. Райқанға: “білдің” дегендей сүйсіне қарады. Тысқа шығысты... Есім Болатқа сөйлемеді.

— Біз не бұйырса соны істейміз. Одан эрі Есім қадалса да, сөйлемей мойнын сыртқа бұрды. Иса мыналарға қарап ап, тепсініп кеп:

— Жаман... Атама. Жаман... — Жасын іріккендей басын төмен салды... Үндемей қалды.

Федор:

— Ферма бастығы қайда? Иса:

— Атқа мініп кетті...

Есім алсырақта бірдемеге қадала қарады. Бір арық көк атты екі жаяу тұртқілеп әкетіп барады. Есім Болатқа: Анау кім? дегендей белгі жасады. Бәрі қарады. Есім дауыстағанда екі жаяу тоқтай қалды. Бұлар қасына келді. Есім жөн сұрады. Атқа қарайды, қүйрығы шолак, арқасы жауыр, сүйек-сүйегі шодырайған... Жамбасы сары ала, былғанған. Көтерем. Екеудің бірі құлақшының көзіне баса киген, бауын шарт байлаған. Суық, сұр түсті көсе қойнынан шығарып, қағаз көрсетті... Қағаз бетінде резолюциялар: райисполком бастығы, райзо бастығы, совхоз директоры, ферма бастығы (соңғы резолюция осыныңкі) қолдарын қойған.

– Кедей шаруа едім. Екі жыл болды, осы атым заңсыз алынған еді... Ауданда бір жігіт көмек етіп... мына қағаз...

Райқан:

– Ол жігіт кім?

– Асқар деген. – Райқан елең етті... Көсе сөйлеп тұр... Қызметкер Асқар мұны ертіп сырпайы пішінмен райисполком кабинетіне кіреді... Сөйлейді. Бастық қарап, қол қояды... Асқар райзо бастығына бұны ертіп кіреді. Бастық қол қояды. Мынаны жөнелтеді.

Есім:

– Бұл аттың не өнері бар еді?

Көсе:

– Жай әншейін... Жалғыз атым... Ақбесті деген... – Қасындағы кісі қолын қағып қалады.

Есім, Райқан:

– Ақбесті?

– Ақбесті?... Асқар... – Екеуі де атқа жалт-жалт қарасады. Қөсеге қасындағы кісі жаман түйіледі. Ол Асан. Есім айнала қарап, кекілін, көзін, тұяғын қарайды. Райқанға сөйлеп күліп жібереді... Тұяғы, көзін көрсетеді. Райқан тап беріп, аттың мойнынан құшактай алады... Түріне қарайды... Жыламсырайды... Тағы құшактайды... Көз алдында Ақбестінің бұрынғы шелектен сүт ішкен көркі келеді... Қабағы түйіледі.

Есім мен Федорға:

– Не қарап жүрміз? Қайда партия? Ленин жолы осы ма еді?

Көсе шегіне береді... Райқан үңіле қарайды. Көсе мен Асан бұның шолақ сары тонын, тапаншасын көреді... Сескене береді. Райқан мен Есімге жалт-жалт қарасады... Есім көсенің тымағын көтереді. Жымияды... Өз кубанкасын алады... Аналар таниды... Райқанды да таниды. Көсе ұры. Райқан Ақбестіні кәнпеске күндерінде ұрлап әкетіп бара жатқан ұры пішінін еске алады.

Иса, Болат: – Ферма бастығы. Ферма бастығы. Келе жатыр... – деп өздері шегінісе береді.

Федор, Райқан, Есім жалт-жалт қарасады... Жас жігіт келе жатыр. Жақындады... Райқан ілгері ұмтылып қап, үңілді. Екі колын көтеріп селт етіп, катып тұрып қалды. Жігіт қастарына

келді... Райқан анық таныды, есі ауғандай... Көзі бір жұмылып, бір ашылады. Сонадағы бұлт ішінде көрінген жігіт жүзі тағы көз алдына елес беріп, тағы аспанда қалқи берді... Бұрылып жалт қарады... Сол, бірақ түрі мас. Құр ыржиды. Үсті, басы-аяғы кір... Райқан бестіге қарады... Үстерін арбаға, қашар қабырғаларына үйекп жатқан қозыларға қарады... Жаңағы қи ішінде өліп жатқан қозылар елес етті. Жігітке тағы қарады. Есім, Федор жауап алғандай қадалып тұр. Анау бүрісіп, кішірейіп, сұмпиып барады. Райқан өз-өзін маңдайға жұдышықпен ұрып қалып: “дура” – деді.

Ақбестіні өз қолына алды. Екі ұрыға қадала қарады. Ана екеуі сырт bere берді. Ферма бастығына дәмелене қарасады. Аңдайды. Жас жігіт оларға түйіле қарап: “кет” дегендей қылады. Федор мен Есім ферма бастығына зекіп тұр. Ферма бастығы Сәлім Райқан түсінен дәме қып жалтақтай береді.

Танымайды. Райқан ойланып қарап, тұрып-тұрып ақыры Есім мен Федорға келіп “тоқтаңдар” дегендей белгі жасап, бәрін ертіп жүрді...

Қашар алдына келе бергенде Андреев кеп аттан түсті... Бұларға келді. Федор жай-күйді айтқандай, қойларды көрсетті. Андреев үшеуі де тыңдап, жүздеріне қарап тұр. Райқан күйіп сөйлейді. Андреев бұларды ықласпен тыңдал болып:

– Сендер большевик болсан қүйремендер... Қайта осыдан іс шығара біліндер. Мен де жана адам... Біз сыналатын шын ұлken міндеп, міне, жана келді, – деп қалтасынан крайкомның бұйрығын алды. Оқысты.

Андреев қойларды көрсетіп тұрып:

– Осы қойлардан енді біз племсовхоз жасауға міндептіміз: Барлық Қазақстан, барлық одақтағы қой совхоздарына, колхоздарға асыл тұқым мал беретін совхоз жасауға міндептіміз, Федор, сен директорсың, – деді.

Федор айнала қойларға қарады. Ойланып, қиналғандай боп тұрды. Бекінді.

– Ендеше (Райқан мен Есімді иықтарынан ұстап тұрып), мына Есім, Райқан менің көмекшілерім, – деді. Андреев қабылдады... қолдарынан ұстасты... Райқан мен Есім пішіндері бекінгендік білдірді.

Тарай бергенде Сәлім Райқанға жалынды. Жүре беріп еді, жабысты. Райқан ойланып тұрып:

– Осында қаласың. Көрерміз, алады... – деді. Қарап тұрып-тұрып бұрылып кетті.

### III

Тұн. Екі кісінің көлеңкесі шатырлы үйдін есігіне тұсті. Сырттары көрінеді. Есік қакты. Ояу жатқан Асқар атып келді. Сұрады. Ашты. Үйіне кіргізді. Асан мен ұры. Кезек сөйлемді. Есім көрінді... Райқан көрінді... Асқар тұксиіп алып сұрақ қойды:

– Ақбестіні әкелдіңдер ме, жоқ па?  
– Жоқ, жоқ. – Мыналар төмен қарасады. Анау зекиді... Тағы қадалады... Бірдемені сұрайды...

Ұры:

– Бірақ құр қол емеспіз...

Қаранғы қораның ішінде торы жабағы. Үшеуі айналдыра қарайды... Ұры сойып, ақтармалап жатыр...

Үлкен табақ етті үшеуі алдарына алады. Бөтелкеден Асқар құйып жатыр. Ішіп алып, етті аузы толтыра асап жатып Асан:

– Совхоз малы көп... – Құліседі.

Масайып алған Асқар кіжініп, тістеніп кекесін айтады... Жұдырығын құшырлана түйеді. Ана екеуі тындаиды. Көз алдарына бұрынғы пішіндегі Есім, Райқан келеді. Бәйгеден келе жатқан ақ айғыр. Есім мен Райқанға қадалып, Асқардың тісі аксияды. Шенгелі тарбыи, бүріседі.

Есік қағылды. Қонақтар... Бірі артынан бірі. Қызметкер, оқыған жігіттер – Асқар сияктылар. Асан мен ұры тайып кетеді. Келгендер күлкілі, табақты көздерімен жеп барады... Асқар әмір етеді. Мыналарды майсандаپ, қошаметпен қарсы алады... Ет, арак, мастар. Асқарды құшақтап сүйіп жатқандар бар...

### IV

Асыл тұқым совхозы, қонактарды қүтеді. Кенсе қорасында Андреев, Федор, зоотехник, Есім, Райқан... қастарында Болат, Иса. Әңгіме. Жұздері көнілді. Бәрі бір жаққа қарайды. Зоотехник сөйлеп тұр... – Мынау прекос, Англиядан... Прекос қошқарлары

өте береді. Жұні асыл, еті мол... Райқан кінежкесіне жазып тұр... Зоотехниктің аузына қарайды. Болат көнілсіз қарайды... Иса құледі... Бейілсіз.

— Мынау Өртембер – неміс жерінен. – Есім мен Федор көнілді жүзбен қарасады. – Жұні асыл, еті мол. Осы екі тұқымды да осы біздің жерге үйлестіру керек. Қазақ қойымен екі арасынан жақсы тұқым шығару біздің міндеп...

Болат пен Иса екеуінің де қарны ашқандай. Менсінбейді... Тағы бір топ қой:

— Мынау мақтаулы Дегерез. Асылданған тұқым... Бір жағы қазақ, бір жағы анадай қойлар. Бұл екі жақтың қасиетін бірдей сақтаған тұқым. Жайылысқа да шыдайды... Жұні жақсы, еті де мол... Прекос пен Өртемберден осындаған сапалы тұқым шығаруға міндettіміз. – Райқан жазып тұр... Дегерез қойларына жақсы қарайды... Иса кеп назарлы пішін білдіреді:

— Мынау қазақ қойының асылы Еділбай қойы. – Топ келе жатады. Болат пен Иса масайрап құліп алдынан жүреді. Қошқар саулықтарын аялайды. Шудалы жүнін көрсетеді... Есім кеп ана қойларды нұсқайды. Мақтаған сияқты... Федор мен Андреев екі жаққа бөлгізіп тұрған... Қойлар арық... Жүдеп келген. Райқан мен Есім соны айтып тұрады.

Екеуі де жаңа қойларды бөліп алысып тұр. Екеуі екі топтың басында. Социалистік жарысқа қолдар қойысады. Андреев, Федор құліп қолдарын алады. Райқан қасында Болат. Есім қасында Иса... Есім кеп зоотехникті шақырады... өзгелер құледі... Райқан оқтырақ жабысады. Зоотехник бұған ойысады.

Райқан қойлары мұның қашарының алдына, Есім қойлары екінші қашар алдына келіп жатыр... Қойлар қарсы алады... Жаңа қойларға құле қарасады. Болат Еділбайдан басқаға қол сілкеді... Райқан зоотехникті ертіп жүріп Өртембер, Прекосқа әзірленген орындарын көрсетеді. Зоотехник басын изейді. Терезе, есік жөнінде нұсқау айтады. Болат бұл қойлардан сырттап Еділбайларға үйірле береді. Райқан сыртынан бұрып алып, бетін Прекос-Өртемберлерге қаратады.

Болат екеуі алысқандай қарасады. Зоотехник құледі. Болат Өртемберге жақындаған беріп тағы да баса алмай қабағын шытынып тұрып, Райқанға бұрылып:

– Шырағым, осыңа денем соқпайды.

Райқан:

– Не болды?

– Тіпті осының қой емес...

Өзге қойшылар да басын изеп, мақұлдасқандай.

– Еңді не?

– Мен білсем тап осының қой мен шошқаның арасынан туған шата. – Жүрт күледі... Райқан ыза болып түйіліп, тұтанып қап:

– Ата, қойши, бала болмай...

– Ал қойдым... – Салбырайды... Өзгелер де салбыраңқы...

Бастарын теріс бүрады. Райқан бәрілеріне қарап ап:

– Жаңа мына кісі, зоотехник не деді? Асыл қой, неміс қойы.

– Е, немісін былшылдай берет те. Қойдың ата-тегін қайдан білуші еді, оттап... – Райқан жүртпен бірге күліп кеп:

– Қой екеніне бәс қыламысың?

– Жарайды, енді қүшіктегенде сөйлессейік тек...

Райқан, Есім, Федор үшеуіне Андреев ЦК-ның сентябрьдегі қауалысын оқып отыр... Бұлар куанышты... Андреев үшеуіне сұрақ қойғандай болады. Аналар кезек-кезек қашарларының жайларын айтады. Райқан қашары, асыл тұқым қойлар жақсы жайда, семірген... Орындары таза... Жемді, шөпті күйсеп тұр... Орындары жарық.

Есім қашары – қойлары күлілі... Жайы жақсы, бір мезгіл далаға да жаяды. Андреев, Райқан сұрақ беріседі, күдікпен қарайды. Федор мен Есім біріңгай... Зоотехник бұларға басын изеді... Есімді арқаға қағады...

Есім қашарында Еділбай саулықтары күйлейді... Прекос, Өртембер қошқарлары семіз, күлілі. Саулықтарды жағалайды. Иса тығызының қарап тұр... Сенімсіз қарайды. Басында саулықтарды қызғанғандай, Еділбай қошқарларына жанастырады. Саулықтар аздан соң Өртембер, Прекосқа қарай бой ұрып, соларды жағалайды. Иса түңілгендей танданады. Асыл қошқарлар баурап алды. Саулықтар соларды ііскелеп жанасып барады. Иса түсі басындағы жек көруден, жылы шырайға қарай ауыса береді... Иса қасындағы шопанға:

– Эй, мына бишаралардың тегі дұрыс екен. Мына саулықтар жынысын танып тұрғанын көрдің бе?

Жас шопан Өртембер қошқарына қарап тұрып күліп:

– Рас, мал болар осы шауқарын... – Екеуі де түстері жарқырап, үміттене күлісті. Иштеріндегі күдіктері шешілгендей жүздері жарқын... Сенімді...

Есім Андреевке сөйлейді. Бізде тағы бір қызық тұқым болады...

– Ол не?

– Ақбесті... – Райқан да ентелей сұрайды...

Қора айнала пішен... Ақ айғыр... Баяғысындағы күйлі, ажарлы. Сұлы жеп тұр. Қасында үш боз бие. Олар да күйлі... Есім сөйлейді. Үшеуіне әр уақытта совхоз малына мінетін үш (деп бармағын көрсетіп) ақ ат, бәйге ат сыйлаймын. Бәрілерінің көз алдында төрт әдемі ақ айғырға мінген өздері – төртеуі көрінеді...

## V

Асқардың қонақтары тарап кетіп жатыр... Жалғыз, аздан соң есік ашты. Асан мен үұры кірді... қой керек... Екеуіне арақ ішкізді. Аналар қой дегенде, “орай” дегендей жымындасты.

Асқар:

– Совхозға асыл тұқым қойлар келді. Барындар, содан бір ағылшын, бір немісті әкеп сойындар... Семіз болсын. – Асанға онаша сөйлейді. Сәлім, Райқан қашары елестейді. Кіжінеді.

– Сағат кешкі 9-да, – деді. Жөнелтті.

Иса қарсыз бір беткейде асыл тұқым қойларды бағып тұрды. Қойдың алды қырдан аса береді. Алыстан, төбе-төбеден қарап, баспалап екі ұғры келеді... Аттарын тастады. Қасқырша сөлектейді. Ақылдасты. Асан бұрылып Исаға келді. Әңгімемен айналдырып тұрды. Ұры тас астында бұғып жатыр. Қой үстіне келді.

Бір прекос қойын бұғалықтап ұстап алды. Жөнелді.

Қайтқан соң Есім қойды түгендеді. Бір прекос жоқ. Шабуыл, әлек, Иса аң-таң... Қиналды, түнде үйқы жоқ...

Райқан қашарында бір сиыр өлгелі жатыр. Болат, Райқан, Сәлім. Болат күдік айтады. Жанағана сап-сая... Сиыр өліп барады... Бауыздады... Райқанды Сәлім ертіп бара жатқан. Болат тоқтатты. Сиыр сойылды... Болат ішін актарып отырып, сарпайынан істік ағаштың сынығын тауып алды.

Болат мініп жүрген құла бие ауру... Өлді. Тағы үшеуі қарады. Федор, Есім де келген. Есім тапты. Қартасы кесілген. Алдында болған сурет, биенің аяғы байлаулы, сауырынан құйрығына қарай өткір пышақтың жүзін ұстаған кол сырғиды. Тұрғандар үрпісті... Есім, Федор қам ойлап, аттаныса жөнелді... Болат ойда. Әркімді, шабандарды бағады. Райқан уайымда... Мұның қасынан Сәлім қалмайды. Есепші. Жазған боп жүр. Болатпен сөйлестірмейді. Болат бұған көз қырымен қарайды. Бір кол омыраудан сағат шығарды. 9 сағат... Қараңғыға басып кетті. Болат артынан баспалап келеді. Сәлімнің жотасы. Алдындағы қораның бұрышын айналды. Жыраға түсті... Атын төмен тастап, жырамен Асқар келді. Асқар сөйлем жатыр...

– Райқанды айналды. Бір. Екінші, 5-10 күнде бір мал өліп тұрсын. Етін шопандарға өзің үлестіріп беріп тұр. Аузын майлап ала бер. Истері үдеп барады. Шөмейт шаруасын... Асыл қойдан өлтір. Жас қозы өлсін... Iрі малдар құлап жатыр. Қашар құласын. Совхоз күйресін, – дегендерді үсті-үстіне айтып, жөнеле береді. Жаңа жеткен Болат сыртын ғана көріп қалады. Айқалайды. Асқар қарамайды. Кейін ұмтылады. Сәлім артынан жүгіреді. Болат байлауда тұрған торы атқа қарайды... Үйге ұмтылады. Сәлім жүгіріп кеп сасқалақтап, омырауынан булавканы жұлыш алады... Торы аттың қоланқасына дәлдеп тұрып, таспен ұрып жібереді. Жөнеледі.

Болат киініп, мылтық алып шығып, шаппақ болады. Ат ақсандаң барып қалайды... Болат атының аяғын айналдыра қарап, қоланқасын көреді. Сәлім Асқарға жылдамдатып, хабар айтып жатады. Сезіп қалды, зытсын дейді. Асқар шаба жөнеледі.

Болат амалы құрып, ойланып тұрып, Райқанға ұшады. Райқан кітап оқып отыр. Сол бөлмеде сып-сыпайы Сәлім шот қағып отыр.

Болат басында таң қалады... Артынан Сәлімге тесіле қарайды. Райқан жөн сұрайды. Аттың мертіккенін айтады... Тағы хабары бар. Сәлімге қарайды... Жотасы... Болат тағы бар.

Райқан:

– Не бар, айт.

Болат тұрып-тұрып, қолымен Сәлімнің жотасын нұскап:

– Дәл мына жігітten сұра... – Сәлім атып тұрды. Шабатын қасқырдай қарады. Райқан қабағын түйіп бұған қадалды. Сұрады... Сәлім басын шайқады...

– Жаңа біреуге жар ішінде жасырын жолықтың, соның кім? Жігіт басын шайқады.

Райқан:

– Өзің айт, болмаса мына Болат айтады. Айт шапшаң?

– Жаным Райқан, мен кім едім саған. Кешегі күн есіңнен шынымен шыққаны ма? – Баяғы сурет, тұн, ауыл сырты. Қоғалды жерде екеуінің сүйісken, құшақтасқаны. Сәлім қазірде де сөйлей келіп майысып, Райқанды құшақтамақ болады. Райқан қадала қарады. Жігіт көзі етірік сүзіледі...

Райқан атып барып, ілулі тұрган қамшыны жұлып алып тар-тып-тартып жібереді. Сәлім шошыды... Бүрісе бастады...

– Айт, кімді көрдін?

– Асқар еді... – Райқан есікті ашып жіберіп айқайлайды. Жігіттер кіреді. Сәлімді нұсқады. Аналар алып жөнеле берді. Райқан шапшаң киініп жіберіп, ерттеулі атқа мініп ап шаба жөнелді.

Райисполком кеңсесіне кіре берді... Асан көре сала жүгірді. Бұл келе бере баян етті. Асқар екеуі киініп, қаруланып, ол-пұлды койындарына тығып жіберіп, жөнеле берді.

Райқан райисполком бастығына айтып жатыр. Бастық телефон алды. Екінші телефонда әскери... Бұл кеңсе ішінен үш әскери шықты. Жылдам басып жүріп келеді. Асқар, Асан қора ішіндегі ат қасына келе бергенде шауып, сасып ұры кеп түсті. Сейлеп жатыр...

...Ұрының қыстауы тік жартастың тубі. Жұпыны киінген шал кірді... Сақалы қыска. Зорға танысты... Жексен... қойнында тапанша, түсінде ашу... Тістенеді. Кіжінеді... ұрыға:

– Аскарды жеткіз, – деді.

– Әке, жеттің бе, әйтеуір, арман жок. Бірге өлеійін... – Аттарына міністі... Үш әскери адам есік қақты. Ашық үйге кірді. Үйкы-түйкы... Жок... Тысқа шықты... қораға жүрді. Кірді... Жок. Қақпаның алдына келе іздерді көрісті...

Жексен биіктен ойға қарайды. Қолын жақалай созып, етек жақты нұсқайды. Асқар, Асан, ұры қарап тыңдалап тұр. Жексен:

- Мына жердің бәрі менің ата-бабамнан келе жатқан жерім еді.
- Бөктерде совхоз орталығы, қашарлар көрініп өтеді. – Анау, өз әкемнің, үлкен әкемнің қабыры. – Мола көрінеді...
- Мынау малдың ішінде менің ата-бабамнан келе жатқан бар дәүлетім... – Қора-қора қойлар көрінеді...
- Мынау малдың ішінде менің малайым... Менің дүниемді басты. – Райқан, Есімнің анадай жердегі пішіндері көрінеді. Жексен тағы сейлейді.

Асқардың қабағы түйіледі. Жағы тістенеді. Жексен:

- Мен осы туып-өскен жерімде өлуге, кегімді алып өлуге келдім... Баталас маған еретінің...

Асқар қолын жаяды. Аспанға қарайды. Анау екеуі де біріне бірі жалтақтай тұрып көрінеді. Жексен түсі сұына береді. Ұзақтау сөйлем бата қылады... Бәрі бата қылады. Жексен қойнынан кішкене құран алып бетін ашты. Өзінің қеудесіне ұрды. Асқарға ұсынды. Ол да ұрды... Аналар да соны істеді. Жексен:

- Енді жүр, бас...

Барлығы жортып жөнеледі. Бір қаланың базары. Олар тымактарын баса киген, халыққа араласып жүр. Эр жерден бірін бірі қабакпен таниды. Асқар пішінін, киімін қатты өзгертіп алған. Бір кезде Жексен көзі бір жакка қадала қалды. Асқарды, ұрыны тұртты. Қарасты. Жұрттың ортасында біреу келеді... Жақыннады. Дуана... Дауыстап саңқ етіп, саңқ етіп қап келеді. Жексен:

- Маған осы керек.

Дуана кешке көшемен келе жатыр. Қақпадан Асқар, ұры шықты. Тоқтатты. Асан аттарды алып шықты. Ұры дуанаға “мін” деді. Анау қорғанды. Бірақ қорқып барып, сасқанынан мінді. Қаша жөнелмек болды. Шылбыр ұры қолында. Артына ұры секіріп мінді. Асқар, Асан да атта... Жөнелісті. Қаладан шығып барады. Дуана күйеді. Тулайды. Жалыннады. Бұлқыннады. Болмаған соң құшырланып, сарнап қорқытпақ болады. Ұры желкеден түйіп қояды...

Тау ішіндегі бір қора, Жексенге дуананы алып кірісті. Асқар дуанаға:

- Сен кімсің?
- Құдай деген бишарамын... Дуана... Аллай-хақ...

Асқар қарнынан салып қалды. – Тек. Бала болма. – Дуана үңіле қарады. Үры да жабыса қарайды.

– Бұдан былай пайғамбардың әuletі, әулиесін...

Дуана таңданып, қорғактап, кекжиіп орнынан тұра береді. Үры тірсектен қағып қап, жалп еткізеді. Дуана жөнделіп отыра бере:

– Уа батыр, мен Дулатпын қой... Сиқым... мына Сиқым Жаңыс...

– Жоқ, сен әзірет Сұлтанның шырақшысы, пайғамбар әuletісің. Үқтың ба? – қадала қарады. Жексен де басын изеді.

Дуана аздан соң көңілденіп, сенді. О да басын изеді...  
Тау ішінде кемпірлер, шалдар... Аңқау шаруа, біреуге біреу кездеседі... Сөздері... Дуана көздеріне ақ сақалды, ақ сәлделі қарт боп елестейді. Әзірет Сұлтан шырақшысы. Пайғамбар әuletі. Жексен мен дуана қартан шалдар, кемпірлерге қонақ болып тау ішінде жүреді. Тау ішінде шет жайлаған аз ғана ауыл мекені күтіп, сыйлап бас ұрады... Асан кеп Жексенге жартас түбінде хабарласып, алып жөнеледі. Асқар, Асан, үры ойға қарай жосылтып шабады. Совхоздың сиырынан сай ішінде бір ту сиырды ұрлап әкетті. Базарға әкеп сатты. Үры бір биені тауға әкеліп, дуанаға батаңды бер деп сойып беріп кетеді. Дуана бата береді... Ауыл етін үлеседі... Жексен мен дуана қадірлі... Шалдарға, шаруаларға Жексен сыйырлап ұрланып, акыл-өсінет айтып жатады. Совхоздың суреті... Шошқа баққан қазак. Шошқалар ыдыстарын, жайнамаздарын басады. Шошқа молаларды тұмсығымен қазады, – дейді. Дуана жылайды... Шалдар, Жексен қоса жыласады.

## VI

Кеңседе Андреев, Федор, Есім, Райқан крайкомның нұсқау хатын оқысып отыр... Андреев: – Өлкелік комитетінің жаңа басшылығы окотқа бар күшті сал, – дейді. Айрықша еңбекті, бұл күнгे шейін бұл совхоз көрмеген еңбекті талап етеді... Совхоздың бұрынғы халі не еді? Білесіндер... Бұлардың көздерінің алдынан құлап жатқан арық, аш сиырлар, жауыр, шолақ көтерем

жылқылар, топ-топ болып қырылып қалған өлекселер...  
қырылған қозы... қозы суреттері өтеді.

Андреев:

– Алматыға совещанияға бізден екі кісі шақырады...

Райқан:

– Есім екеуің? Барындар.

Байсалды... Андреев пен Есім екеуіне:

– Окот, окот, окот, – деп тапсырып жатады...

Өртембер, Прекос, Дегерез қойлары жайылып жатыр.

Қашар жақын. Болат осы қойлар ортасында... Төбешіктеге тұр.

Бір шал жақындан келеді. Жексен сөйлесе беріп:

– Уа, бұл бағып жүргенің шошқа ма, мал ма?

– Көзің бар ма, қара.

Жексен қарап ап:

– Көзім жетпей тұр. Е, бәсе, құйрығынан таныдым ғой. Жарайды, шошқа бағар көбейсін. – Болат қүйіп ызаланады.

– Өз қолында болса шошқа демей-ақ, жетім қыздың құнын сұрарсың...

Жексен басын кекесінмен изеп тұрып:

– Жарайды, мұсылманның баласы, бетіңнен жарылқасын...

Болат қолын сілтеп:

– Сенің бетіңнен жарылқамай-ақ қойсын...

Жексен сұрланып тұрып:

– Ертең бұның балалары, сонда қып-қызыл құшік таппаса мен мұрнымды кесіп берейін...

Болат селк етіп қап наныңқырап:

– Ә, қойши.

– Айттым да қойдым... – Қашар жаққа қарайды... Ақбестіні мінген әйел қашардан шығып қатардағы қойға сыйдыртып барады.

Жексен қарап ап:

– Анау кім?

– Райқан, қашар бастығы.

– Астындағысы арғымақ па?

– Ақбесті...

– Е, ол ана қашарда, Есім қолында демеп пе еді?

– Есім бастықпен Алматыға кеткен. Райқан екі қашарды бірдей қарайды... – Жексен басын изеп, тесіле қарайды...

Ақбестінің аяктары тас ұшырады. Қөзінен, үйірлі қалың жылқы... Желі басы... Ақбестінің құйрық кекілі сүзілген күйлері өтті.

Жексен тау ішінде. Асқар, Асан, ұры сөйлеп жатыр. Есім қашары ессіз боп көрінеді... Ақбесті күзетсіз... Бұлар кіслерін қару-жарак, ат-тонын қамдап қарбаласып жатыр... Жігіттер жүрерде, Жексен:

– Жер аяғы кеңіді, енді Қытай шегіне басамыз... Бұларың соңғы қайраттың. – Ақбестіден соңғы айрылған суреті, басын құшақтағаны елестеді. Бата берді.

## VII

Тұн. Зоотехник, Райқан қашарға келеді. Қолдарында фонарь. Қашарда фонарьлі шопандар. Ортада Болат. Бір араға үйілген... Тұстері сұрланған, ашулы. Қолдарымен нұсқайды. Болат кеп үңіле қарайды. Өртембер саулығы қоздаған... Жөнсіз қып-қызыл шақа қозы... Жексен кез алдына келеді. Сұрланып жағасын ұстайды. Қозыны аяғымен теуіп жібереді. Болат та қолын сілкіп тастап, аналарды тоқтатпай, өзі де жөнеле береді.

Қарсы алдарынан Райқан, зоотехник... қарасады. Райқан сұрайды, Болат ашулы:

– Алдама деп едім ғой...

– Не болды? Не болды? – Айналаға қарайды. Бәрі сұп-сұр. Жауап қатпайды. Кекете күліседі. Сырт айнала беріседі... Райқан Болатқа жетіп барды.

– Болат.

– Күшіктепті ана шошқаларың. Ал өзің бағып ал... – Кете береді. Райқан тоқтатады. Ақырға жетіп барады. Қозыны көрсетеді. Сөйлейді. Зоотехник Болатты, өзгелерді тоқтатып қалтасынан кітап алады... Суреттер көрсетеді. Суреттер: туғанында жұнсіз... 10 күннен соң, бір айдан кейін жұн шығады, казақ қозысындай...

Райқан ашулана сөйлеп кеп, қозыны көтеріп алып бауырына басады... Киімімен қымтайды. Қатулана сөйлейді... Болаттарды ерте жүріп ақырды қарайды... Сондай екі қозы тоңып өліп барады... Зоотехник орайды. Сөйлейді. Бұларға жылы орын керек. Райқан күйе сөйлейді. Бір жас шопан түсініп, келіп қозыны

орап алады. Жылы үйге кіріседі... Райқан үйіріледі... Болат жас шопан мен бұған қарап ойланады. Босаңдайды. Өні жылиды. Келесі бір қозыны өзі орап әкеледі. Бірақ үркектеу, өзгелер де әкеле бастайды. Күліседі...

Райқан селт етті, ойна түсті... Есім қашары. – Есім жок... Қойшылар Өртембер қозыларынан жиренген тұс те көзіне елестеді. Мұнда жылдам-жылдам бұйрық етіп, жөнелді... Болат бастаған қойшылар тұн бойы қозыларды әкеліп шешелеріне кезек-кезек емізіп, қайта әкетіп, салып жүр. Қашар үйқыға кетті.

Райқан Есім қашарында. Исамен екеуі қашарлар ішін аралап жүр... Тындай қалысты. Ит қатты шабаланады. Тысқа шығысты... 7-8 атты жақындағы кішкене қораға қарай келе жатыр. Райқан-ның көз алдына келді. Онда Ақбесті... Асқар есіне келді.

Тасамен қораға қарай ұмтылды... Иса дауыстап:

– Эй токта, сендер кімсін?

Аттылар іркіліп шегіне берді. Иса тап берді... Райқан қораға кіріп кетті...

Аттылар Исаға тап берді... Бәрі қамап ұстап алысты. Иса екеу-үшеуін лактырды... Асқар кеп ұстасты. Оны сүрінте бергенде Асан мен ұры кеп аяқтан алды. Жықты. Райқан Ақбестіге мініп корадан шыға қашты... Атта тұрғандар көрді. Иса байланып қалған... Асқар, Асандар тегіс атқа мініп ап, қуып жөнелді. Сай, жыра, арық. Ақбесті секіріп шабады. Алда адыр, арттағылар аттарын тепкілеп, қамышылап, азуларын ақситып, ақырып, қуып келеді. Адырға кірді... Алда келе жатқан Асқар мылтығын алды... Атты... Райқан қашып барады...

Андреев, Есім совещаниеде. Профессор сөйлейді... “Ұзактының” асыл тұқым совхозы, ең озғын совхоз. Өртембер, Прекос, Дегерез қойлары көрінеді. Соны Қазақстан, Алатау жағдайында жақсылап қолайлап баққан Есім жолдас, Андреев жолдас мұнда... Жұрт тегіс қол шапалақтайды. Есімді Андреев орнынан тұрғызады... Жымып, ұялып орнынан тұрады. Өлімі, шығыны аз. Бұлардың окотынан, ендігі келесі тәжірибесінен көп жаңалық, табыс күтеміз. Қол шапалактады...

Андреев, Есім өкімет үйінің есігінен кірді. Биік дәрежелі кенсе. Бастық кабинеті. Бастық адам есікке карайды. Тұрып,

жымысың қолын ұсынады. Андреев, Есім амандасады... Бастық адам әңгіме сүрайды. Андреев, Есім кезек сөйлейді:

Басшы адам:

– Окот, окот... Бәрімізге сын... Енді адамға, малға басқа пейіл, басқаша ықылас қажет.

Есім ырза, жымияды... Сүйсіне қарайды... Басшы адам Есімді арқаға қағып отырып:

– Жақсы шопандарға бәйге беріндер, қозы беріндер, өзінің малы болсын... Тіршілігі сай болсын... Көңілдендіріндер. Сенім бітіріндер... Жұз қойға жұз бес қозы аман алып шықсаңдар артығын жақсы шопандарға бәйгеге беріндер... – Есімнің көз алдынан Иса, Болат өтеді. Алдарында 7-8-ден қозылар... Құледі... Үәде береді. Басшының қолын алады...

Есікген шыға бере Андреевке қарап құліп, сүйсініп:

– Басшы мынау, – деп бармағын көрсетеді... Асығып кеп аттарына мінеді...

Райқан қашып келеді... Ақбесті жеткізбейді... Арттағылар аттарын соғып келеді... Аскар Райқанды қарауылға ала тағы атты, тимеді, қашар көрінді... Райқан өз қорасына тақай бере Ақбестінің басын тежемек болды. Тартады. Ат тоқтар емес. Алып қашады, кораны екі айналды. Жау келіп қалды. Болмаған соң аттың басын тәбесі ашық қораға тұра беттетті. Ақбесті құймадан бір-ақ ырғыды. Райқан түсе бере Ақбестіні қораға тығып, қақпаны бекітті. Арттағылар келіп қалды... жүгіріп винтовка тапты... Тесіктен әрлі-берлі жүріп ата бастады... Сырттағылар да атқылады... Көрші қоралардан Болат, басқа қойшылар жүгіреп жүгіре шыққанда тыстағылар атқылап, үйлеріне куып тықты... Аскар әмір етіп жүр... Райқан көрді... Үрікті... Бірақ бекініп ап тағы атты. Оғы аз екен... ушеу-ақ. Шошынып әлсірей берді. Арт жағынан бір қол сүйей қалды... Есім... Райқан құшақтай алды. Есім атқыласып отырып, үйге қарай шегінді. Жау оғы бұларды ығыстырып барады. Ақбесті шетірек қала берді... Райқан ұмтылды. Есім жібермеді. Бөлмеге кірді. Қақпағы жабулы терезенің шынысы түсіп жатыр... Есім есікті бекітті. Райқан жастық астынан тапаншасын алды. Қабырғаға жалт қарады. Ленин суреті. Шетінен оқ тиіпті. Райқанның қүйген жүзі көрінді.

Шамды өшіріп жіберіп, құлшынып ата бастады... Екеуі үй ішінде, жасқана, тасалай жүріп атады. Есік ұрылып жатыр. Жау құлшына басып, әр жерден атқылап түр... Әсіреле Асқар жырынды атады... Оқ тиер емес. Бұл кезде бір топ ұры қақпаны сындырып, Ақбестіні шығарып алды. Райқан сығалап атып, Асанды жықты, екеуді Есім жықты... Бір мезгілде атыс басылды. Есікті ашты, жүгіре шығысты. Ақбестінің қақпасы ашылып жатыр... Райқан қүйіп, жылап отыра кетті. Есім де қүйініште. Шопандар келді. Жанжакқа шабысты. Талқан боп отырған Райқан Есімге қарап, басын көтеріп:

- Мал ашуы, жан ашуы, мыналар жанын өлімге байлаған екен-ау. – Есім басын шайқады... Райқан қарайды. Есім:
  - Ақбесті оның малы емес еді, ұрлық еді...

Бұның әңгімесі: Tay. Карагай. Қалың жылқы жайылып келеді. Есім бұрынғы қойшы қалпы, тау басында. Жан-жағында қой... Екінші жақтан Жексен жылқысы. Ишінде Асқар, Жексен... Асқардың жанында тазылары... Алғашқы жылқыдан екі айғыр үйірі шашырап, бұлардың үстіне келді. Айғыры Түркпен. Құлыштары ерекше. Ишінде ақ құлын. Дәл әкесіндей, Асқар қызықты... Сонына ерді... Сөйлесті... Есімді шақырды... Құрық берді. Бұл құлышының ұстады... Айтпа деп кесісті. Жексен жылқысынан екінші бір нашарлау ақ құлышы Асан әкелді... Мына жақсы құлышы Асан алып жөнелді. Жаман құлышы сайға, ағаштың астына апарып, Асқар мен Жексен ұрып жықты... Өлтірді. Тамағын пышақтарымен дар-дар кескіледі. Тазы иттерді шақырып апарды, жегізді... Коның ойып оны жегізді. Үстіне қан жақты... Тастан кетті. Ақ құлышы бір ақ биеге теліді. Бие алды. Ақ құлын еміп кетті. Есім сөйлеп отыр: – сол ақ құлын – Ақбесті... Ол Дегерез совхозының асыл тұқым айғырынан туған еді...

Райқан:

- Ойпир-ай, біздің мал екен қой...
- Есім қабаған түйіп: – Біздің мал... Оның бар малы бізді тонап, бізді үрлаудан жиылған мал.

Тапаншасын мықтап буынып, винтовканы иығына салды. Райқан бұдан жөн сұрағандай қарады. Есім:

- Мен өзіміздің малымыздан екі айрылым... Енді мен қайырамын... Мен міндеттімін, – деді. Көз алдына басшы

адамның бұған сенген жүзі елес етті... Қолын қысқаны, бұның кол бергені көрінді.

Райқан сүйсіне қарап, сыртынан қолын тигізіп, тоқтатып Есім бұрылғанда көзіне қарап:

– Ол өмір шөл еді. Сол құрдымнан шығып өрге басып ек, екі еңбекші баласы. Асқар аспак едік... Аяқтан алады, кешегі кедергі... Женеп қайт. Жолың болсын, күтемін.

Есім айналып көзіне қарап тұрып, сүйсініп қолын қысты. Кетті.

Есім бір кенсеге кірді... Әскери адамға сөйлесті. Әскери адам айтып жатыр. 5 кісі шығып бос келді... Он кісі шығып кетті... Есім сөйлемді... Келісті. Есім жаман киім киген. Бұзықтар сияқты... Қаланың шайхана, сырраханаларын аралап кетті... Құмаршылармен құмар ойнайды... Қасапшыларды жағалайды... Бұзық, жүлік, ұрылармен танысқан. Топтарына кездеседі... Майлышара сезікті ұры. Соны көп көреді. Артынан еріп жүреді. Ол қасапшыға сөйлесті: “Бұғін кешке хабар етем”, – деді. Асбұзылға кеп анау жатқанда, бұл да бұк түсіп жатты... Аздан соң күбір есітті. Қүрән бие. Қасапшы. Есім көз астымен қарады. Асқардың ұрысы. Майлышара мен ұры шықты. Артынан Есім де ерді. Қаранды, жаман шайхана... Бұзық түсті кісі көп. Алдыңғылар соған кірді... Бұл да келді. Бұрышта ала-көленкеде Асқар отыр. Қасынан анықтап, танып ете берді. Асқар танып қалды. Ақыра тұрды. Бұл есікке баса беріп еді, жаурынынан жабысты. Есім қарсы тап беріп:

– Мынау бұзық. Ұстандар, – дегенде Асқар жағаласып жүріп, қарқ-қарқ күліп:

– Мынау белгілі қашқын. Мен осыны аңдып журмін, ұстандар, – деді.

Екеудің жұдырықтасты. Жұрт қақ жарылып тұра қалды. Екеуді де мықты. Қағысып-қағысып келгенде Есім аяғымен қаға бере шекеден қойып жіберді. Асқар құлап түсті. Тұра бере: “ұста”, “ұста!” – деді.

Тұрғандар екеудің де ұстай қалды. Асқарды ұстаған өз жолдастары. Тысқа алысып жөнелді... Үйдегі көп мас бұзық, бұлқынса да Есімді жібермеді... Есім қызып бұлқынғанда, үйдегілер ми-

лиция шақырды. Жұрт: “қашқын, бұзық” деп бұны милицияға берді.

Есім әскери адамның алдында... Екі саусағын көрсетті. Келісті... Үш атты кетті. Екі әскери, үшіншісі Есім. Бұның көз алдында қоздап жатқан койлар... Өртембер, Прекос күтімсіз... Бар қозы өліп жатқан сияқты... Қабағы түйіледі... Асығады... Қиналады. Райқан көз алдына келеді. Мұның қашарында Иса-ны бастап қозыларын күткізіп жүр... Жүзі жыли берді. Соңғы қоштасқан түрі... Жымияды...

Үшеуі тау ішінде... Жок... Қажығандай... Жүрген қазақпен сөйлеседі. Дерек жок. Тауға кіре берді. Елсіз... Есім ойланды. Бекінді. Енді Есім мен екі жолдасы өзгерген. Винтовка жок. Киімдері әскери емес. Қоржын салған. Екі орыс маман сияқты. Есім лаушы түрінде... Қалың тау ішіндегі оқшау ауылға келген... Шал қазак жөн сұрайды... Есім:

— Мынау екі инженер осы тауда асыл тас іздейді. – Лаушы шал ереді. Тас көрсетеді. Инженерлер жұз сом ақша береді. Тауда тағы бір қазақ, тағы бір екеу кеп тас көрсетеді. Инженерлер тасты шағады, сөйлеседі. Ақшаны мол береді. Ауыл-ауылдың бәріне инженер аттары тарап жатыр.

Аскар, ұры, Жексен, дуана да өзгеріп киініп алған... Тау ішіне бата кіріп, жүріп келеді. Жотадан Жексен Қытай жақтың жолын нұқсан сөйлейді. Ақбесті жетекте... Бір жерде демалады. Ақбесті шөп жемейді. Ылғи артқа қарай береді... Дом боп қатып алған, Жексен бағып қарайды... Өрені мықтап салғызды... Кісен салса оттай алмайды. Жексен сенбей басын шайқайды.

— Осы кәпір үйірсіреп жүрмесін... Тіпті шөп кеспейді... – Ұры кісенді салмайды. Бұлар қағылды. Ақбесті ойға қарай секіре-секіре жөнеле берді... Ойға қарап-қарап, кісінеп-кісінеп жұлына секіреді... Бір аяғының шылбыры үзілді. Екі аяқ жіті басты... Жексен оянды, тысқа шықты. Ақбесті жок. Жұрт дүрлікті, жүгірісті... Қуды, кетіп барады... Ақбесті алыстан қуғынды көріп ап жыта бастады... Секіре-секіре барады. Аскар, ұры жақын... Жете берді, Ақбесті ышқына секірді. Шылбыр үзілді. Зытып жөнелді. Қуды. Ұзай берді, Аскар бүлініп, талқан боп мылтығын алды... Атты... Тимеді.

– Жауға қалғанша өл... – Аттан түсіп, тасқа тұра қалып көзделді. Ақбесті қашып барады... Атты... Оң аяғын серпіп қап, тағы жөнелді. Жамбасынан қан ақты... Бірақ ақсаған жок... Кісіней қашты. Тағы да атты, тимеді. Қырдан асты... Жолдағы ауылдар үш рет куды. Тасқа қашты. Оңда елсіз, тас арасында келе жатқанда, тасада тығылып тұрған екі қасқыр куды. Қайта содан ауылға қарай қашып, құтылып кетті. Ұры мен Асқар артынан келді. Жолдағы елден сұрау салып, күп келеді. Кетіп бара жатқанын жолдағылар айттысады...

Тас басында екі-үш қазак пен инженерлер... Жылқы кісінеді, Есімнің биесі кісінеді. Есім елең етті. Тас астынан тағы кісінеді... Жақын... бие кісінеді. Бір қырдан тас ішінен әуелі екі құлағы мен кекілі көрініп, артынан Ақбестінің өзі шыға келді... Бие оқыранды. Ақбесті алыстан ойқастап, кісінеп әрлі-берлі жүріп кеп, биеге жақыннады. Таныды. Қасына келді... Есім етегін тұтты. Ақбесті үркектеп кеп, етегіне тұмсығын әкеп салды. Есім мойнынан құшақтады. Күлді. Райқан көз алдына келді... Жүгендеді.

Қасындағы тағы бөгде кісілерге: “иесі келсе берерміз, әзірше бізде болады”, – деді.

Тас көрсетушілер бұған қарады... Инженерлерге Есім көп ақша бергізді де: – Осы жерде асыл кен бар екен. Табылды, енді завод салынады, – деді.

Инженерлер ойға түсті. Бір ауылға тоқтады. Асқар мен ұры бұлардан айрылған қазакқа жолықты. Сұрады. Анау көргенін айтты. Ұры басында сескенді. Асқарға “қайтайық” дегендей қылды. Асқар қайта сұрады... Хабаршы:

– Бір тас қарап жүрген инженерлер. Өзім тас көрсетіп, ақша алып қайттым. Осы араға завод саламыз дейді. Асыл тас тапты.

Асқардың жүзі енді ашылды. Жөнелді. Қойнынан пагоннай қағазын оңайлап алды.

Есімдер жатқан ауылдың сыртынан келді... Қарады. Ақбесті қорада. Тыста бір инженер тұр... Тіл қатты... Ақбестіні айтты.

– Ат сенікі болса аласың... Үйдегі жолдастарға сөйлес, қағазың болса көрсет, – деді.

Асқар аттан түсті, үйге кірді. Ұры тыста қалды. Сырттағы адам оған сөйлесіп, күлісіп тұрды. Ұры да аттан түсті. Асқар есіктен кірді, төрге қарады. Дауыс санқ етті:

– Көтер қолынды, Асқар.

– Руки...

Екі жакқа жалт-жалт қарады. Екі бүйірінен тапаншалар қадалып тұр. Есім мұның қолын байлап салды... Тысқа қарап жөткіріп шыға берді. Сонда тыстағы жігіт ұрыға мылтық төседі... Бұ да байланды.

Біреу осылармен қалды. Бір жолдасы мен Есім тауға салды.

Жексен мазасызданды. Ауыл құдікті қарайды. Жексен ауылды тыныштандыру үшін дуананың жайын айтады. Бал ашыңыз дейді. Үй іші қарайды. Дуана құтырынып кәдімгі дуанаша ойнақ салады. Ойнап-ойнап кеп, Жексенге:

– Сүйінші, – деп тақиясын алады. – Ақбестіні Асқар ұстады. Және бір үлкен олжа таба келеді, – дей бергенде, Есім мен жолдасы кіріп келді.

## VIII

Жаңа адамға Андреев, Федор, Райқан, шабандарды қойла-рымен өткізіп, көрсетіп тұр. Иса қозылары өтеді. Бірінші генерация. Біркелкі семіз будан қозылар... Райқан көз алдына Есім келеді. Жүргегі қамығады. Федор: 100 қойға 115 қозысы бар шабан Иса... Жаңа адам Исаңың қолын алады. Арқаға қағады. Иса қой-қозысын биік бетке шығарып бара жатып, бір прекос қойына төмен жақты нұсқап:

– Анау төмен жер құм еді... Енді міне биікке – Асқарға шығамыз. Ә, қалай еken. Ағылшыныңнан біздің социалистік Қазакстан жақсы ма еken, бәлем. Қойды мойынға қағады. Андреевтер алдына Болат қозылары келе береді... Федор: 100 қойға 113 қозысы бар. Окотта бір қозы өлтірмей шығарған Болат... Ат дүбірі шығады. Жұрт тегіс жалт-жалт қарайды. Райқан үмтүлады, жетегінде Ақбесті, Есім. Есім қозыларға қарап: – Аманбысың, жаңа төл? Бұрын туып көрмеген асыл төлім, – дейді. Ақ айғырдың үш биесі келе жатады. Үш ақ құлын. Ақ айғыр кісінейді. Барлық үйірі кісінейді...

Андреев, Федор екі жағынан жабысып, Есімді аттан түсіреді. “Крайкомнан келген жолдас”, – деп Есімге келген кісіні таныс-

тырады. – Биікке, асқарға бастық Есім. Есім сыртқа нұсқайды. Асқар, Жексен, ұрыны екі әскери әкетіп барады.

Райқан, Есім бір-біріне жақындал, көздері телмірісіп тұрып, құшақ жайысады.

– Райқанжан.

Райқан құшақтап, бауырына басын қойып:

– Міне, көгерген еңбегің құмды тастанап, тауды басып, асқар асып барады...

Есім мандайынан сүйеді... Көз алдына басшыға берген уәдесі, қол алысқаны келеді. Қуана күледі.

## **БҮРКІТШІ**

Күздің таңы баяулап атып келеді екен. Қос аңшы құстарын ұстап қостан шықты да, белдеудегі аттарын кеп шешті.

Мосқал жасты, бурыл сақал қарт бүркітші Бекбол жуан торы аттың шылбырын беліне қыстырып, енді үзенгіге аяғын сала бергенде арт жағынан ат пысқырды. Сұр тонды кеспелтек денесін шапшаң бұрып сырт айналғанда, Бекбол кезең асып келе жатқан қасқа атты жүргіншіні көрді. Мойнына мылтық асынған, мезгілсіз жүрген жолаушы асығып, жедел келеді екен.

Бекбол ерге қонбай, торы атты сулығынан тартып, сол жүргінші келе жатқан жаққа бұрды да, ауыр бүркіт ұстаган он қолын ердің үстіне салып, таңырқап тосып қалды.

Әлі алакөлеңке айыққан жоқ, сондықтан жүргіншінің кім екенін дәлдеп тани алмап еді.

– Мынау кім өзі? – деп жас жолдасына қарады.

Жас аңшы Жәнібек Бекболдың неге аңырғанын байқаған жоқ екен. Ол да бүркіт ұстаган бойымен бұрылып сырт қарады. Бұл ұзын бойлы, сом денелі жігіттің бет ажарында тау күніне күйген кою қызыл бар. Қысқа мұрты жаңа тебіндеп келе жатқан өткір көзді, сұлу жүзді, қара күрең жігіт еді. Жәнібекке де ең әуелі жолаушы атының қасқасы жарқ етті. Аңшылар тобы жайлаған бұл маңай қазір де елсіз. Колхоз фермасы болса бұл жайлаудан көшіп кеткен. “Октябрь” колхозы бұл маңға жалғыз осы үш үйлі аңшылар бригадасын ғана қалдырып кеткен еді... Соңғы он шақты күн ішінде бұл бригадаға оқта-текте келетін кісі болса, ол сол өздерінің колхозынан қатынасатын кісілер еді. Бірақ колхозға қараған жылқының ішінде некен-саяқ төбел немесе ақтанау, болмаса мынадай маңғыл қасқа жылқы жоқ болатын.

Алакөлеңкеде маңдайы жарылып келе жатқан баран атты ең жас аңшыны да таң қалдырды.

– Бәссе, бұң кім өзі алакөлеңкеден? – деп о да аңырды.

Таңданумен қабағын түйіп, ойланып қалған қарт аңшы үндемейді. Өмір тәжірибесі аз, үмітке бейім жас жігіт оқшау жолаушы туралы ешбір күдік ойлаған жоқ-ты.

– Өзінің лепіріп келе жатқан ажарын қараши. Маңдайы жа-зылып, қуанып келе жатқан кісідей тіпті... – дей беріп еді, Бекбол бұның аңқаулығына тыжырынып:

– Ой, тәйір, сүйінші сұрай жұр деймісін құлқын сәріден, – деп біраз тұрып, – қысылып жүрген неме гой, – деді.

Сөйткенше Жәнібек жүргіншін шырамыта бастап:

– Е, айтпақшы мынау әлгі конезаводтың бригадирі Оспанқұл гой. Бұ не қып оқыс жұр? – деп бұрынғысынан да таңдана түсіп: – мұнысы несі бұл? – деп Бекболға қарай берді.

– Болғаны-ақ сол, толайым бізге жолыққалы келеді- ау! – деп Бекбол тағы үндемей қалды. Әрдайым кәрі аңшыға сүйеніп, соның тәжірибесіне барынша сеніп әдеттенген Жәнібек Бекболдан мына жайдың шешуін күткендей еді. Бірақ бурыл сақалды қарт бір көзін сығырайтып, әжімді жүзін тыржита қарағаны болмаса ешбір болжу да, байлау да айтпайды.

Осы кезде жуан торы аттың еріне қонып отырған Қызылбалаш оқыстаран дүр-дүр сілкініп қалды. Иіс-қоңысты тар қостан таза ауаға шыққанға сергіген сияқты. Көк-жасыл болаттың ажарын-дай ажары бар қат-қат қауырсындары бүркіт қатты сілкінген уақытта қүйін үйірген шоқ қамыстай су-су етіп судыр қақты. Қызылбалаштың сілкінуі тегі ерекше болатын. Оқыс сілкініп қалғанда атты да, адамды да еріксіз елең еткізіп қалушы еді. Аңшылық өмірінде талай қыранды көріп откен Бекбол Қызылбалаштың сілкінуінде зор қайрат лебі барын танитын. Сүйсініп, мақтан ете сөйлеген кездерінде: “Атама, сілкінгені тақ қымқап шапанды сіліккендей келеді мұттем”, – дейтін.

Қызылбалаштың машығына бойы үйренген жуас торы ат үріккен жоқ. Бірақ жонын торситып, ішін тартты да, ауыздығын ғана шылдыр-шылдыр шайнап қойды.

Жәнібек жүргіншіні тосып, жүресінен отыр еді. Оның колындағы бала бүркіт Қаракер оң аяғының көк тұяқтарын салдырлатып, томағасын қаға бастады. Бұл құсту Бекбол осы аз күннен бері ғана өз қасына алышп, енді баулып жүр еді. Мазасыз мінезі көп, әлі тентек, сабырсыз құс. Әрдайым томағасын қағып түсіріп, жарық дүниені жалаң бас күйде көргісі келеді. Дегірсіз.

– Қактырма, қымтап ұста дейім балақ бауын. Бір-екі рет қағып түсірсе машық қып алады... – деп қойып Бекбол тағы да жолаушыға қарады.

Қасқа атты жылқышы жақындал қалған екен. Жіті жүріп келе жатқан қасқаның ер-тұрманы шылдырлады. Шымды жерді керте басқан тұяқ дүбірі де естіле бастады.

– Мынау әлгі Октябрь мейрамына бәйгеге қосқалы жүрген қасқа бедеу екен-ау, – деді Жәнібек.

– Ажары қандай еді жануардың, шоқтай жайнап тұр ғой өзі! – деп Бекбол да сүйсініп тұр еді.

Сөйткенше Оспанқұл да жақындал кеп, амандық айтты.

– Е, жаным, не қып асығыс жүрсің? Малың аман ба еді? – деп Бекбол алғаш ойлаған күдігін алдымен сұрады.

Үйқысыз еңбек тұніне біраз шалдығып шыққан және қабағында шаршаумен катар кейісі бар Оспанқұл өзінің не жаймен жүргенін баян етті. Бұл басында атынан түспей тұрып сөйлей бастап еді. Бірақ қатты жүрістен еті қызып, тер басып келген жарап бедеу тыныш тұрмай, біресе тарпынып ауыздығын тістеп жер сүзіп, біресе бұлданап қозғалақтап көлбектей берді де жөндеп сөйлестірмеді. Оспанқұл еріксіз жерге түсіп жүресінен отырып сөйледі. Жылқышының әңгімесі қысқа еді.

Бүгін тұнде анау Сарымсақтының қойнауында конезавод жылқысының бір тобы жайылған екен. Осы Оспанқұл бригадасына қараған жылқының ішіндегі ересектер тобы. Күздің тұні әрі ұзақ, әрі өткен тұн бұлты қалың, қараңғы, дауылды тұн болды. Сонымен таңғы иіруде жылқы жаңа жусай бергенде бірнәрседен қатты үркіп, шұрқырап, дүркірей жөнелген. Өзі семіз, өзі тоқ жылқы қайыру бермей быт-шыт боп барып, таң алдында зорға де-генде жылқышыларға ырық беріп, басы құралыпты. Бірақ бағана таң білінер білінбестен бұлт айықкан соң Оспанқұл өзі жүріп

түгендесе тоғыз ірі жылқы жоқ бол шығыпты. Жылқышылар мен Оспанқұлдың күдігі бойынша алғаш үріккенде де бірдемені көріп үрікті. Сол аласапыранда бір сұық қол, бөгде біреулер араласқан да бір топ жылқыны бөліп әкеткен сияқты.

Сонымен жан-жаққа кісі шаптырумен қатар Оспанқұл ең алдымен мына шекарадағы комендатураға келеді екен. Екінші “Әйтеуір күні бойы ат үстінде боп, елсізді, тау-тасты аралайды ғой, есінде болсын, көз салсын” деп, осы “Октябрь” колхозының аңшылар бригадасына алдымен соққан екен. Сол жайын айта кеп, сөз аяғында Оспанқұл Бекболға қарап:

– Беке, тығылып жортқан аң ғана емес, жасанып жортқан Совет жауының да талайын тұмсыққа ұрып, ұстасып ен. Енді осы жолы қырағылығыңа тағы бір сын болды. Мына Октябрь мерекесінде қызыл әскерге ремонтқа берейік деп отырған ірікті дөнен, бестінің де үшеуі жоқ, сол топтың ішінде кетіпти. Тек атына тез қон да, бүгін мына осы Керегетасты ғана сүзіп, арылтып бер! – деп сол жақтағы көкшіл биікті көрсетті.

Бекбол ойланып тұрып:

– Бұл қолды болды ма, жоқ үркіп шығып кетті ме әлде... – дегенде Жәнібек Бекбол сөзінің аяғын тоспастан:

– Е, осы күнде тыныштық кой, қай жау келе қалды дейсін, үркіп кеткен де ... – деп бейбіттікке сала берді.

Бірақ Бекбол дәл бұлай деп байлаған жоқ еді.

– Ал егер қолды болса бұл ниеті бұзық жаудың қолы ғой. Мақсұты шекарадан өту ғой. Өзі таңға жақын болса, ол ит дәл сол түнде өтем деп дәмә қылмайды. Не болса да осы алдындағы түнде өтуге тырысады.

– Бәсе, біздің ойымыз да сол. Тіпті сувыт жүрсө де шекараға таң қыланадай ілігу керек. Ондай болса біздің сакшылар өткізе ме? – деп Оспанқұл өзінің түннен бергі топшылауын да айта бастап еді. Бекбол:

– Ой, тәйір, таң түгіл түн боса да граница өткізбейді. Бала бол кетіп пе?

– Дәл сол жауың әзір бұл өнірге келмей, сол өзіннің сырт жағында ана Сарымсақтының арғы жағында, бір елеусіз адыр, бүйраратта бұғып қалмасын. Ондағы есебі күндіз сонда жатып,

түнде бір-ақ жортып кеп шекараға ілінбек. Сен не де болса сол артынды арылтсан макұл болушы еді, – деді.

Бұл жайды жылқышылардың өзі де ойлаған, екшеген екен. Сонымен Оспанқұл өз күшінің барлығын сол маңайларды арылтуға жіберіпти.

Ол жағының қамтамасыз екенін естіген соң Бекбол тағы да бір ойланып түрді да, ақырында атына мініп, бүркітін балдағына қондырып, тізгінін қымтап алыш:

– Ендеше, сен тез комендатураға жет, жайынды айтып құлақтандыр. Ал біз мына Ожарға шығамыз, – деп оң жақтағы қаралайлы көк тасты нұсқады. Оспанқұлдың күткені бұл емес еді. Оның ойынша Сарымсақты жағында қалмаса, жаудың нағызы панарайтын жері сол жақтағы Керегетас. Ол өзі әрі қыын тас, әрі Сарымсақтыға аттанған жауға нағызы түс өкпе ұрымтал биік. Бекболға келгенде де Оспанқұл әдейі осы тасты арылтып берсін деп келіп еді. Тегінде Керегетас сияқты ұры қойын, жасырын далласы көп биікті Бекбол арылтпаса өзге кісі қаншалық көп болса да ойдағыдай арылта алмайды. Шың мен құз бар ма, арқар жым, тас кешу бар ма, корым, қойтас бар ма – барлық жықпышын билетін бұл өнірдегі атаулы жерші Бекбол ғана. Жолынан әдейі бұрылып, ат өксітіп келгенде енді кеп Бекболдың Ожарға шығам дегені Оспанқұлға жақпады, таң қалды.

– Беке, мен сенен көмек тілей кеп едім. Ожар дегениң қалай? Атпалдай тоғыз жылқы қолды боп отырғанда, бір күн алатын төртті-бесті түлкінді артық санадың ба, бұның не? – деді.

Оспанқұл тілді жігіт. Өзі әрі шалдығып, әрі қүйініп те түр. Сондықтан тез қатулау боп, таусыла сейлеуге жақын түр. Бекбол оның осылайша жұқарып түрған қалпын аңғарып, қатта серіппейін деді де, үн демей, іркіліп қалды. Бірақ өз байлауынан қайтқан жоқ еді.

– Керегетасқа біздің мергендермен ит ерткен аңшыларымыз кетті ғой. Кезіксе солар көрер, – деді.

Оспанқұл ол аңшыларды білуші еді.

– Ойбай, сығыр-ай, оларың жас балалар ғой. Жерді жете біле ме? Және тазы итпен тас басына шыға ма, балақ адырларды қағады ғой. Тіпті менің мынау хабарымды да естіген жоқ.

Аңнан басқаны аңғарат деймісін, – деп ол аңшылардан ештеңе үміт етпейтіндегі боп, түңіле сөйледі. Барлық қадалғаны Бекбол боп түр, ол анық.

Осы кезде Жәнібек пен Оспанқұл да аттарына мінді. Жәнібек соңғы екі-үш күннен бері Ожарға шығуға асыгулы болатын. Өйткені Керегетасты кешегі күнге шейін Бекбол екеуі бір жұмадай сүзіп шыққан. Бұның қолбала бүркіті де сол таста аяқтанған еді. Алғаш шыққан үш күн бойында Қаракер де ұдайымен үш тулкі алды. Бірақ тулкі атаулы балак адырларға шығып кетті ме, әйтеуір соңғы екі күн бойында бұлар мардымды ешнәрсе ілдіре алмай, енді не де болса Ожарға шығамыз деп байласқан еді. Онда тулкі мол және әлі басын құс алып шыққан аңшы да жоқ. Осымен өздерінің аңшылық есебі жағынан қарағанда ең қолайлысы Ожар. Бекболдың солай ойысып тұрғанын Жәнібек осы жайынан қарағанда бек түсінеді. Бірақ конезаводтың жылқысы, оны жаудың әкетуі де оңай емес. Сонымен бағанадан үндемегендеге Жәнібек іштей екіүдей еді. Енді құла төбел атты ілбіте басып, Бекболға жақындал кеп:

– Беке, бұғін не жауға шығайық та, не аңға шығайық. Егер жауды Керегетаста десек, онда бүркітті үйге тастанайық та, бұғінгі күнді соған берейік. Құспен шығарлық Керегетаста түлкі де жоқ. Ал Ожарға кетсек онда мына қисынға қарағанда жау болуға жөн жоқ. Неде болса аңға шықтық деп кетеміз. Өзіміз де екі жар болмайық, мына Оспанқұлды да екіталай қылмайық, – деді.

Оспанқұл Бекболдан ғөрі мұның жауабын тәуірірек көріп еді. Бірақ екі аңшының созалаңын жақтырмай кекете сөйлеп:

– Қайтеміз. Сендер де көп түлкі алып, колхозыңа көп кіріс кіргіземіз дейтін шығарсың. Тоғыз жылқыдан, тоғыз тышқан да болса бағалырақ боп түр ғой ... Енді не де болса байлау сөздерінді айтындар! – деді.

Жәнібек колхоз алдындағы өз міндеттерін атаған жерде Оспанқұлдың кекесінін лайықсыз деп біліп еді.

– Е, колхоз бізді сейіл-серуен құр деп қостап шығарып отырған жоқ. Оны сен тегі шам қылма, Оспанқұл, білдің бе? – деді.

Бекбол ендігі көп сауданы орынсыз деп біліп еді.

Сондықтан келте қайырып, Оспанқұлға:

– Сен комендатураға барасың ғой? Ендеше, барысымен Александрға айт: Бекболға Керегетасқа шық деп ем, көнбестен Ожарға кетті де. Біз бүгін күн ұзын сонда боламыз. Ізімен қуып індетіп отырған жауың жоқ. Қолмен қоймаған соң қайда тығылғанын кім біліпті. Сақтық үшін әр жақты қамти қараған мақұл... – деді. Бұл сөзге біраз баға берсе де Оспанқұл бұрынғы бетімен:

– Әй, не дегеніңмен аңшылық есебің басым боп тұр-ay, Беке? – деді.

Бекбол бұдан әрі ойланып бөгелген жоқ. Ақырын тебініп, аттың басын Ожар жаққа бұра беріп, Жәнібекке:

– Жұр. Біз түлкі де аламыз. Бұл бетімізде бар болса жауды да шаламыз! – деп жөней берді.

Оспанқұл да қош деместен қасқа биенің басын шұлғытып аяңдай жөнеліп еді. Бекбол артына бұрылып, Оспанқұлды “Уай!” – деп дауыстап, мойнын бүрғызыда да: “Александрга айт, Ожардың іші-тысын біз арылтады де!” деп енді қайтып бөгелмей жуан торының дағдылы бүлкегіне салып, тауға қарай тартып берді. Оспанқұлдың дәл өз басы Бекболмен көп істес болған емес-ті. Сыр-мінез де емес болатын. Бірақ әйтеуір шекарадан өтем деген жау атаулының нағыз зәулісі, погранотрядқа көп көмек етіп, зор еңбек сінірген атақты колхозшы-аңшы дегенге ғана қанық болатын. Келгенде де сонымен келіп еді.

Бірақ қазір сейлесіп айрылғанда, бұл дән ырза боп кетіп бара жатқан жоқ. Оның ойынша соңғы сөзді Бекбол женер ақылға айтты. Оспанқұлдың жұмысына ол бір күнін қимады. Қазір ол аңшылар кетіп бара жатқан бетте жау да, жылқы да жоқ. Не де болса Оспанқұлдың ендігі сенетін погранотряд пен өз күші. Аңшылар қосынан оқ бойы жерге кетіп, комендатураға қарай бет-тегендегі Оспанқұлдың соңғы байлауы осы еді. Қасқа бедеудің тізгінін біраз босатып леп берді де, сыйырта жөнелді. Жортып бара жатып кезең аса бере, ең соңғы рет аңшылар кеткен жаққа тағы бір қарады. Ишінен “қайта оралмас па екен” дегендей еді.

Бекбол өз дегенінен айнымалты. Екі аңшы Ожардың Сарым-сақты жақ сыртын бетке алыш тартып барады. Қолдарындағы

қос қыңыр бүркіт қыбыр етпей, жансыз заттай, тұнере мелшиіп қапты.

Бұл кезде күн шығуға тақап, шығыс жақтағы көкжиек мол қызыл нұрға малынып, қып-қызыл бол көркейе бастап еді.

Екі аңшы келе жатқан бөктер, шымы тұтас бетегелі төскей болатын. Бекбол байқап келеді. Тұн, бұлтты тұн бол өтсе де, жауын жаумаған екен. Шөп басында тіпті шық та жоқ. Тықырлау алаң мен тастак жерді басқанда аттарының тұяғынан шаң да шығады. Кәрі аңшы екі рет оң жағына қадалып, Сарымсақты жаққа көз жіберіп, содан сырт айналып, арт жақтарында қалып бара жатқан Керегетастың да өзіне мәлім бөктері мен сайларын шолып етті. Әлі айналада шаңыт па, тұман ба, әйтесе көкшіл буалдыр бар. Шебі сарғайған дала жоталар да, жым-жырт болған биік серек тастақ та бадырайып көрінгенмен бірынғай көкшіл қоңырқай тартып тұр.

Аспан ашық. Құздің әдемі бір шағырмак, жәйлі күні туып келеді. Біраз жүріп тағы бір айналып қарағанда Керегетастың азу-азу, ирек-ирек тас биіктіріне күн сәулесінің ілінгенін де көрді. Атқа да, адамға да жәйлі бөктер желі есті. Ожардың сыртын ала жүріп орталық сайларына жақындаған сайын, тау қойнынан шыққан тұн салқыны біліне бастады. Ат үстінде желіп келе жатқан қалпында екі аңшының құлағына күзгі тынық, таза ауаның лебі шым-шым етіп, үздіксіз естіліп, сезілгендей.

Бекболдың қолындағы Қызылбалак бірер рет саңғырып алды. Кәрі аңшы бұл екі ретте де қалт еткізбей, үндемей байқап келеді. Санғыруы таза, аппақ. Құсының бойы таза, дені тетік сияқты. Шақпақ тастай көк тұмсығын көтере ұстап, тау желін түшіркене тыныс етіп, серги бастаған сияқты.

Осылайша біраз жүріп, Ожардың орталық тұсымен қатарласқан кезде Жәнібек Бекболдың бүгінгі жүрісіне таң қала бастады. Қарт аңшы таудың өзіне қарай тұра тартып, койнауына кірудің орнына ылғи сырттан бөктерлеп жүріп, көлденен тартып келеді. Тауға ерте кіргенде бірен-саран қорымның тұсынан томаға тартып қалуға да болушы еді. Сондай белгілі ұрымтал шоқылардың біразы да кейін қалды. Жәнібек:

– Былай жүрмейміз бе? – деп бір-екі рет ескертіп те көріп еді. Бекбол үндемей бұрынғы бетпен тарта берді.

Сонымен көз мөлшер бойынша Сарымсақтымен қатарласып, өкпе тұстай келген уақытта ғана Бекбол үнемі төмен келе жатқан қалпын өзгертип, енді Ожардың Қабансай деген орта сайына қарай шұғыл бұрыла жөнелді.

Жәнібек артта келе жатыр еді. Бекболдың соңынан о да тез бұрылды. Бағанадан бергі қиғаш жүрісі “Бекболдың бір ойға түсіп кеткендігінен болды-ау” деп топшылады. Тауға қарай беттесімен Бекбол торы атты тебініп қалып, текітіп желе шоқыраққа салды. Торы ат тегінде желіскер болмайтын. Жәнібек құла төбел аттың орта желісімен келіп-ақ Бекболдың қатарына ілесті.

Жәнібектің ендігі көз қадағаны дәл осы келе жатқан бет алдындағы бір кішілеу қорым тас еді. Өзінің аржақ төрінде де, онан соң сол жақ қатарында да екі ұрымтал шоқы бар екен. Соның екеуінен де томаға тартамыз деп келе жатыр еді. Сайдың шетіне іліне бергенде қатты жүрістен іркіліп, Бекбол аяңға салды. Ат дүбірінен аң үрікпесін деген сияқты, Жәнібек те баяулап еді. Бұның көзі қорым тастың айналасын шолуда. Сейткенше Бекбол үй орнындағы бір ақ көденің тұсына кеп, тағы да төмен қарап, атының басын іркіп қалды. Аз ғана қадалып тұрып, сол көденің бар көлемін айналып шықты да Жәнібекке қарап:

– Жә, бала, енді сен бер таман кел! – деді.

Жәнібек тебінің жіті бастырып келгенде, Бекбол екі-үш тұяқтың ізін көрсетіп:

– Жанағы ылғы ересек демеп пе еді? Мынаның ішінде бір құлын, бір тай да бар ғой ... – деп бөгеліп қалды, Жәнібек те құлын мен тайдың ізін айқын көрді. Бірақ көрісімен күліп жіберіп:

– Ойбай, Беке, жоқты таптым деп тұр ма ең, тәйір! Кеше осы арада өзіміздің аттар жайылған. Мынау Сымактың құлынды биесі емес пе? – деп тағы күлді.

Бекбол жауап қатпай, дауласпай, сол іздердің сүрлеуімен ілгері қарай жүрді. Бірақ тағы да шымы тұтас, аласа, тығыз, тарлау екен. Из жоғалып, өшіп қалған сияқты. Бекбол осы

беталдындағы тағы бір көделі жерге таман тартты. Сөйтіп желі арқан бойындај жерге барып, Жәнібекті тағы шақырып ап:

— Кеше біздің аттарды осы арадан тұс ауа қайтарып алмап па ек? – деп тұрып, – ал мынау тезекті қарашы, бұл кеше түстегі емес, жас тезек. Осы тұн немесе осы таң шамасында түскен тезек! – деп тағы біраз ілгері жылжып барды да:

— Ал, шырақ, енді көр. Анда бір тезек болса, арты мұнда кеп түскен. Өзі шашыла түскен. Бұл шауып келе жатып тастаған тезек. Жайшылықтағы, жайылыстағы жылқы бүйтпейді, – деп өз ішіндегі бір байлауына беки бастаған сияқтанды. Жәнібек ішінен: “жайылыстағы жылқы да бірін бірі тістей қуатыны болады. Жаудың орайы Керегетас деді ғой. Соңікі дұрыс. Бұнда қалай қарасан да ол жылқыны таппассың, Беке”, – деді. Бекбол сөзін сенімсіз қиястая пішінмен тыннады.

Сөйткенше Бекбол тағы бір тақырлау жерге кеп қадалып тұрып:

— Ендеше, мынаған не дейсің? – деді. Жәнібектің ішіндегі күдігін сезіп, сонымен дауласқандай боп тұрып, – мынау шөптегендің сынған, жапырылған түрін көр. Қатты тиген түқтыхан жапырғаны. Ана біреу ұшып түскен тасты көрдің бе? Бұрынғы жатқан орны, шұқыры мінеки, – деп бір қыдыру жерде жатқан бір іздің мандай тұсын көрсетті, шапқан жылқының тұяғынан ұшкан тас, – деп оны бір тұжырып койды.

Дәл осы жерде Бекбол өзінің бағанадан бергі бақылауының қорытындысын жасауға айналған екен. Бұған себеп ең зор айғағы нақ өзі отырган жерде, он жақ үзенғінің астын ала бір тұп көде тұр екен. Соның шеткі бір шоғы тамыр түбірімен ұшып түсіп, сойыл салымдай жердегі бір қуарған атқұлақтың басына ілініп қапты. Тағы да даусыз, анық нағыз шапқан жылқының аяғы ұшырып түсірген көде. Осы арадан тұрып ең алғаш тоқтаған көдесін мөлшерлеп шолып қарап еді, оқ бойындағы белгі айғақтар сияқты. Жәнібекке енді біржолата жеңген пішінмен жымия қарап, салмақпен сөйлеп:

— Жайылыста жүріп, өздігінен шапқан жылқы бүйтіп тұра шаппас болар, – деді.

Бұған Жәнібек те дау айта алмады. Осыны айта салысымен Бекбол асығыс бір байлауға келгендей болды да:

– Ал, бірақ құр Ожарға келгенін білгенмен қайда тығылып, кай жерді далдалап жүргенін қайдан білеміз? Ожар ұлken тау. Онан соң ондай неме қазір тау-тастың басына қарауыл да қойып, сен екеумізді көріп те отырғой. Изімізге түсіп жүр ме осы немелер деп, сезіктене бастаса тағы жайлыш емес-ау, ә, Жәнібегім? – деп Бекбол айрықша бір күйіне келгендей боп, көңілденіп құліп алышп: – Ендеше, бала, тек тұрмайық. Екеуміз аңшы емеспіз бе? Сол аңшылығымызды істеп, бейбіт бола қояйық. Сөйтіп тұлкі қаға отырып, жылжи барып қана жатағын шамалайық. Ұқтыңғой? – деді.

Жәнібек ұққан да, құптаған да еді.

– Ендеше, Беке, өзің мына шоқыға шыға ғой, – деп, сол жақтағы оңашалау тұрған биікшені көрсетті де, өзі атын тебініп, ілгері қозғала беріп: мен мына алдындағы қорымды қағып берейін. Тақ осында тұлкі жатыр! – деді.

Бекбол макұл деген сөзін айтпастан-ақ торыны тебініп сол жакқа қарай өрлей жөнелді. Біраз минут өткен кезде ол биікшенің басына шығып, Қызылбалақтың томағасын да тартқан еді.

Мерзімді қыран томағасы алынысымен көзі жайнап ашылып, қабағын бір қакты да дүр-дүр сілкініп алышп, Жәнібектің алдынғы жағына қадалды. Анда-санда ердің қасын тықылдатып, акырынғана ыскыра түсіп, Жәнібек қорым тастың етек жағын әрлі-берлі сүзіп жүр. Бұл өнірдің тұлкісі әлі қашқылық, құғылық көрген жок. Қорым тасқа тұнгі жортуылдан таң ата кеп жатқан тұлкі дәл үстінен түспесе қаша да қоймайды. Сондықтан Жәнібек бұл шатты арылта қарап жүр.

Қызылбалақтың қызыл шегір көздері “қайдасын?” – дегендей боп сай бойын тінтіп, шаншылып қапты. Бекбол тұлкі жайын құсы мен Жәнібекке сенген тәрізді. Томаға тартысымен Қызылбалақтың шыжымын алышп беліне қыстырыды да, өзі Ожардың селдір қарағайлы тас биіктеріне көз жіберіп, жағалай қарап тұрды. Әзіршे бірде-бір қыбыр өткен қара құр да, өзге белгі де білінбейді. “Ожарға бекінді ме, жоқ өтіп кетті ме? Бекінсе қарағайда ма, таста ма? Көп шат құздың, көп қарағайдың

қайсысын таңдады екен? Ожарға Қабансаймен кеп кіргеніне қарағанда, әдей қын шындарға батып, жоғалайын деп келген ғой. Әй көпір, жер білетін, сырқынды сұмдар-ау. Немесе сондай жершілі-басшысы бар топ-ау. Осы өнірден шықкан біреу не қылса да бар-ау”, – деп түрлі қисынды жайды топшылап тұр еді. Сөйткенше, бір сәтте Жәнібек аң көргендеге істейтін машиғына сап, саңқ етіп дауыстап қалды. Сол дауыс жетер-жетпесте, лезде Қызылбалақ та Бекболдың балдаққа салып тұрган қолын серпе теуіп жіберіп атқып жөнелді. Құр дауыспен ұшқан жоқ, көріп ұшқан сияқты, етпетінен түскендей болды. Қанатты екі-үш рет шашаш сермен қысып-қысып қалғанда Ожардың басын ала өрлең салып, қайқаң қағып биіктей берді. Ұшқаны жаңа ғана болса да, талайдан қанаты жазылып төселип, көсіліп ұшып келе жатқан жеңіл құстай самғай жөнелді.

Құсының биылғы түлегі талай жылдан бергі бір ойдағыдай бол өткен армансыз түлек сияқты еді. Осылайша “ә” десе “мә” дегендегі боп, тұтқылдың өзінде-ақ азынай сермен жөнелуі, құсының осы кездегі зор күйін, нағыз бабын білдіргендегі болатын. Қарадай қағып жүрсе де, осы он-ақ күннің ішінде колхоз қорына отыз түлкіні бір өзі кіргізіп отырған Қызылбалақ “күйсізбін” деп айтпаса керек. Құс керегінше биіктеп ап, енді қалқып ұшып, бір сәтте Жәнібектің алдына қарай, қыс өте берді.

Бекбол тебініп жіберіп, шоқының басынан сайға қарай түсіп келеді. Екі көзін Қызылбалақтың қымыл, құбылыстарынан айырмай келе жатыр еді. Жәнібек те лекітіп шауып барады. Түлкінің бойын Бекбол әлі көрген жоқ. Тас-тастың жотасына шықпай, далдалап зытып бара жатқан тәрізді. Қызылбалақ Жәнібектен оқ бойындағы өтіп барды да, тағы бір рет, соңғы рет ызғығандай бол, төстііп, сопаң етіп өрлең шығып алып, сол сәтінде жарқ беріп, шұғыл бұрылып төмен қарай зу етіп, құлай жөнелді. Айнитын құс емес “қолында өлемін” деп-ақ құдиган сияқты. Тура тастаған тастай шаншылып кеп, қорым тастың аржақ қабатына бір-ақ жоқ болды. Жәнібек те шауып барып, атынан түсіп ұмаржұмар бол қалды.

Қызылбалақ сорғалай жөнелгенде Бекбол атын іркіп “қалай түсер екен, теуіп қайта шығар ма екен, жоқ бірақ айқасар ма

екен?” деп, оны да бір сын қып, бағып тұр еді. Ешбір уақытта өзінің салқын сабырынан, сергек сыншылдығынан айрылмайтын ұстамды Бекбол ғой. Осында қан қызудың үстінде Қызылбалакты да өзінің үнемі бақылауынан босатпайтын. Енді не болса да болды деп ақырын ғана аяндал отырып, қорым тастан асып тұсті.

Жәнібек бұл кезде, өлі түлкінің тілін суырып ап, кәрінің алғыр қыранын қызылдатып отыр екен. Бекбол аттан түспей тұрып:

– Не болды, қалай түсіпті? – дегенде:

– Тeyіп түскенде, белін сындырып жіберіпті, мінеки, – деп жайрап жатқан қызыл тағының бүктеліп түскен белін нұсқады да, – эй, сорлының дер кезі-ақ-ау дейім. Биылғы жыл тақ осылай түскенін алғаш көргенім осы, – деді.

Құсының шын бабына Бекболдың да көзі анық жетті.

Сөйткенше бұлардың төбе жағында біктे зу етіп, қанат құйрығы суылдаپ бір құс қалқып өтіп барады екен. Жәнібек бір ғана қарап қоя салып еді. Бекбол ат үстінде шалқая танырқап, әлгі құсқа қадалып қалды. Жай ғана ақбас күшіген екен.

– Бұ қайда барады, ә? Бірдемені көріп үшқан тәрізді-ау, бұ құзғын! – деді.

– Көрсе, Қызылбалактың ұшқаны мен түлкісін көрген де, – деп Жәнібек төмен қарап, түлкіні айналдырған бетінен басын да көтерген жоқ. Бекбол:

– Бізді қара тартып ұшса айналсоқтар еді. Өзі түстікке асыққандай самғап ұшып барады-ау. Ожардың үлкен биғін мезгеп барады! – деп артқа бұрылып, тағы аспанға қарап тұрып:

– Тоқта, шырақ, мына бір көрегені тағы келеді. Бұның да беті солай. Эй, осы тегін емес! Түлкіні қоржыныңа сал да, тез атыңа мінши! – деп шұғыл өзгеріп, асыға бастады.

Жәнібек тегі елгезек, шапшаң жігіт болатын. Анда жүргенде Бекболға екі айтқызбаушы еді. Оп-оңай әзір болды. Сөйтіп Қызылбалакты Бекболға әперіп, өзі де таста отырған Қаракерін алып, атына қонды. Бекбол әлі де аспанға айнала көз жіберіп тұр екен. Әзірше ұшып кеткен қаралқұстар жаңағы екеуі-ақ. Егер бұның күдігі дұрыс болса, әлі тағы да, әр тұстан да андау керек. Енді Бекболдың көзі Қаракерге қадалып, біраз ойланып тұрды да:

— Сен осы арада мынау қорым тасқа шық та қозғалма. Мен сонау тектүрга барып шығам, — деп, сол қолымен қамшысының сабын созып, осы сайдың төріндегі биік қызыл тасты көрсетіп тұрып, — сол арадан “ұшыр” деп белгі бергенімде Қаракерді қоя берші бір. Қызылбалак аң көрмесе ұшпайды, қырқылжың кәрі неме ғой. Қаракерінді ұшқыш қып баулыған көп еңбегім бар еді. Өзі қызылшыл қолбала да ғой және “пүштектеп” шақырғыш мінезі де бар. Осының бәрі қазір бір керекке мықтап жарайтын болп тұр. Ал сен осында қал, — деп, торыны қамшылап, сайды өрлең, шоқыта жөнелді. Жәнібектің “жөн-теріс” дерлік жауабын да тосқан жок.

Аздан соң атаған тектүріна барып шықты да, Бекбол бөгелмesten “ұшыр” деп қолын сермеді. Томағасын тартқаны да сол еді, Қаракер атқып аспанға шыға берді.

— Шын шебер болсақ, тақ осы қолбаланы, өзге құстай емес, өздігімен ұшып жүріп, тұлқін езі қағатын қып баулимыйз, — дейтін Бекбол. Соңғы бір жұма бойында Қаракер ұшқыш, ізденгіш болып алғып еді. Рас, әзірше ол ұшудан пайда да, зиян да болатын. Аң көрінбесе Қаракер әрі-бері ұшып жүріп итке, балаға қарай, немесе ауыл үстіндегі бір қызыл-мызылға қарай да салып кететін. Бірақ әзіргі үйренгені, әйтеуір елгезек, не десен кергімейді, ойнай жөнелді. Тұз құсындағы ұшқышып жіберісімен аспанға қарады. Сейтсе бағанағы екі ақбас ұшқан бетке қарай енді шанжаяу-шанжая боп үш-төрт алғып қаралар андана келеді екен. Қаракер басында өздігімен қундегі машиғынша, сайларды шолып ұшып еді. Бірақ тұсына анау күшігендер жеткенде, бұ да шырқап биіктей берді. Сейтіп ап, енді бір сәтке іркес-тіркес келе жатқан екі қарақұстың соңына түсіп елігіп ап, “шүү” деп солардың артынан салды. Шырқап жөнеп берді. Жәнібек бұны көргенде “құсымнан айрылдым-ау”, деп катты қынжылып, Бекболға қарай шауып еді. Бұған Бекбол түк саспаңты. Әлгі аспандағы бар құстар асып кеткен бір жотасы, бір соқпағы бар еді. Сол жаққа ғана көзін қадап тұр екен. Жәнібек өзінің ренішін айттып келгенде, ол жайдан ләм демей қолындағы Қызылбалакты жас жігітке ұсынып:

– Енді өзге сөзді қой. Мә, мынаны қолыңа қондырып ал, – деді. Жәнібек: “Қаракерден айрылдық дегені-ау. Өтеуін беріп тұрғаны-ау есіл көрінің” деп, ішінен алар-алмасын білмей, дағдарып қап еді.

– Өй, тәйір, басы бүтін беріп тұрғам жок, ұста мынаны, – деп бүркітті жігіт қолына қондырды да: – бермеймін, бермейтінім Қаракерден айрылғамыз жоқ. Үндеме, бір жоқ бір жоқты табайын деп тұр, – деп саспай, насыбайын атып ап:

– Бұл жау осы Ожарға бекінген болды. Не де болса мынау жотаның арғы бетінде. Жаңағы қарақұстарды түстікке шакырып жатқан солар. Мен білсем олар бір киын қойнауға бекініп ап, ана жалғыз құлынды сойып жатыр. Ашқарақ немелер аңғалданып кіріскең де, күн көзіне жарқыратып сойған ғой, – деді.

Жәнібектің көңіліне бұл сөздер әбден қона бастанды. Бас шүлғып қостай берді. Бекбол өз тұспалын баппен айтып тұрып:

– Сол құлынды бүгін олар жер ме екен, біз жер ме екенбіз өзі? – деп мырс етіп құліп тұрып: – сен мына құсты қолыңа ұстаган бетінде қазір бөгелместен комендатураға, Александрға шап. Сендердің қайта оралатын шаманды мен бірдеме қып Қаракерді ұшырып бағармын. Орайы келсе солардың тап ортасынан ұшырармын. Жатқан жерін көрсететін атой белгі со да. Ал енді тарт, шырағым, жолың болсын! – деді.

Жәй мәлім, сөз қысқа. Жәнібек: “бірге болсын, Беке!” деп карт аңшыға сүйсіне қарап алып, бұрыла жөнелді; тастан түсे салысымен сыйдыртып жортып кетті. Балдағы мен шыжымы ғана бар, бүркітсіз кәрі аңшы торы атты жай бастырып, қара құстар асқан жотаға қарай саспастан өрлей берді. Балақ таулардан етіп, төскейдегі қарағайға кірді. Жәнібекті жөнелткен мезгілде күн арқан бойындей көтерілген еді. Жас жігіттің комендатураға жетіп, қайта оралатын мөлшерін құнмен межелеп алғанды. Осы күн Ожардың батыс жақ желкесіне ілінгенде, Бекбол жау жатағын тауып, өзінің уәделі белгісін беріп үлгеруі керек. Бірақ Ожар қиын тау. Аяңнан артық жүргуге аттың өкпесі қабынады. Титығы тез күриди. Не де болса ұрымтал, төте жолдар тауып, жерді ұта жүруді ойлау керек. Сондықтан да, Ожардың өз биғінеге қарай тұра тартатын жоталарды таңдалап, солардың қыр арқасын

жалбылап келеді. Қазіргі кірген қарағайы сондай жолдағы бір белдеу еді. Біраз сызды-салқын лебі бар күнгірт қарағай ішін аралап келеді. Анда-санда сауысқан шықылықтан ұшып қонады. Оқта-текте төбе жағында кейде қалқып, кейде елбіреп ұшқан күйкентай шықылықтайды. Өзге бөтен үн жоқ. Не кісінеп, не пысырыған жылқы үні де естілмейді. Қаракер де шақырмайды. Сақтық, сергектікпен тың тыңдал келе жатқаны болмаса Бекбол ол үндерді Ожардың бұл бетінен ести қоям деп те сенбейді.

Енді біразда торы атты аңшы қарағайдан өтіп шығып, Ожардың иығына ілінді. Суыр бөрік, сұр тонды жалғыз жүргінші үнсіз, жым-жырт сұр тастардың қабат-қабат шыңына кірді. Арқар сокпақтың жым-жымын аралап келеді. Тау басы өзгеше боп қалғып тынған, соншалық бір үнсіз тыныштық қалпында екен. Бірақ шағырмак әдемі күз күнінде, мынау таңертеңгі мезгілде, мөлдір таза ауаны қанша жұтсаң да қанғысыздай Бекболдың бойын қатты сергітіп, ойнаған да үлкен қайрат, қымыл екпінін бергендей болды. Енді асығу керек. Бір үлкен жақпар тастың ығына кеп торы атты төмен қалдырып, өзі жаяулап өрлеп, басына шықты. Ожардың арғы өнірі далиып, жайнап, ашыла қалды. Ол беті де тастан төмен бір белдеу боп біткен қарағай еді. Сол қарағайдың ара-арасын жықпыш-жықпыш, терен-терен құз шаттар болған орқаш-орқаш жақпар тастар бар екен. Бұл шаттардың қайсысында? Сайда ма, төскейде ме? Тасты паналады ма, қарағайға тығылды ма? Бойын созбай, бір мұрыншақ тастың тасасын далдалап түрған қалпында Бекболдың ойына іздеу, зерттеу, сұрақтарының талайы кеп еді. “Әлі де артта қалмады ма екен” деп, енді тегіс анық көрінген арт жақтарын да шолып өтті. Биік таудың екі өнірі мен сонау алысырақтағы көкшіл торғын орнаған егін еңбек далалары, колхоз, конезавод далалары да соншалық көркем, соншалық жаңына жақын, кадірлі, өзінікі. Еңбегімен ақтайтын, қырағы сергектігімен сақтайтын өлкесі. Кіршіксіз боп мөлдірей жайнаған осындей бай, бақытты өлкесінің амандық, тыныштығына дақ салушы жыртқыштар Бекболдың иегінің астында, осы өнірге тығылыш отыр. Қара түннің, қараңғы істің

борсықтары, күн көзінен тығылып, бұның да көзін адастырмак, тайдырмак. Көңілінде қажырлы, қайрат лебі бір толқып кеп:

– Табамын жауымды. Қырқамын тілерсегін! – дегізді. Бағанадан бергі із, айғағын түгел көріп кеп енді айрылсам Бекбол болмаймын, тіпті қара бассын мені! – деп кеп атына қайта мініп, оң жақтағы бір серек тастың қасына барды да, басына шығып, тағы да көп қадала қарады.

Бағанағы құстар да жок. Әлі ешбір белгі білінбей тұр. Жалғыз-ақ бұл жерден Ожардың тақ ет-бауырына жарыса кеп тірелетін екі шатқал әдемі көрінеді екен. Оны арылтып алды. Ұрымтал сайлар осы еді. Бұны паналамапты. Бергі тастарда да белгі жок. Тағы да атына мініп, енді алғаш шыққан тасының сол жағына өтіп шығып, тағы бір тұрғыдан қарады. Бұдан да арылта қарап тұр. Ендігі сұзгені қарағай еді. Ені тар болса да, көлбей созылған қалың қарағайдың сол жақ шетінен түсіп түре қарап тұр еді. Дәл өзінің тұсына тақай бергенде, бір қалың біткен шоқ қарағайдың үстіңгі жағында болымсыз ғана бір белгі елес еткендей болды. “Шын ба, қақас көргем жоқ па?” дегендегі боп көзін сұртіп ап, қайта қадалды. Болар-болмас қана білінген көкшіл буалдыр, өзге мұнардан гөрі қоюырақ боп және қозғалған тәрізденіп ырғалып толқып, баяу ғана сейіледі. Аспандап, биқтемей-ақ, көз ұшынан жоғалып жатыр. Бекболдың бір баққан белгісі осы еді.

– Эй, тұтін. Тұтін-ақ осы ... – деп тағы да бірталай бағып тұрды. Алғашқыдан айқын боп қоюланған жок. Бірақ бір ғана рет жоқ боп үзілді де, артынан қайта шығып қозғалақтаған тәрізденді.

– Қисының осы-ақ, – деп Бекбол көз алмай тұрып: – бәсе, өзге жерге, алаң ашықта тұтін салып, жүрегі мүйіз деймісің? Тас емес, қарағайды алуы есеп қой бұның! Жырындысын! Отты ғой сөйтіп бұтағы қалың үлкен шыршаның тақ астына жағып отырсың! Бұтақты аралап шыққанша сейіліп, тарап шығады дейсің. Және отты маздатып жақпайсың, тамызықтап, үзбей жағуға тырысасың. Күні бойы жатпаққа бекінгесің. Асығып, қалың мор салатын да жөнің жоқ! – дейді.

Тас арасында үн, сарын да жанғырығып, әуелеп кеткіш болады. Бір қыдыру жылқы бар. Бірде-бір кісінеп қойса да “мен

мұндалап” тұрады ғой. Қарағайлы, қалың бұтақ арасында үн атаулы баяу да, мылқау. Бекбол бұны да нағыз тапқыр, зершіл ақылмен талдап шықты.

– Жә, бұл Қаракер неге шақырмайды? – деп бір ойлай бастады да: – ә, оның үнін өшіру үшін қызылдатып, жас қанға отырғызып қойды-ау! Бабын бұзды-ау ... – деп, бұл жайды жүре ойлап барып, шегеріп қойды да, енді асығып кеп атына мініп, ылдилап жөнелді.

Тау басында тұрып, көз мөлшермен жасаған бір межесі бар еді. Қарағай ішіне кірсе де сол нобайы адастырмапты. Аз-ақ уақыттың ішінде жау жатағының тақ үстінен кеп түсті. Қалың ағаш іші екен. Бұны олар көрді ме, жоқ па? Не де болса Бекбол енді тұра бармаққа бекінген-ді. Жай ғана келе жатып, ендігі көз салғаны жаудың саны еді. Бірақ кісінің бойы көрінбеді; жайларын аттары ғана білдіріп тұр. Қатты жүріс артынан сұтының қойған аттар қалмақша байлаулы екен. Қазақ ерімен ерттелген екі торы бір жерде де, бір құла мен тағы бір жириен ат бір жерде екен. Ер-тұрманы қызай, суан ұлғісіне келеді. Арғы беттің ұрысы болуға лайық. Тегіс емендей қатқан жарап аттар болса да бүгінгі жүріс бұларды қан сорпа қып терлеткен екен. Омырау мен сан, тілерсектері жаңа кепкен терден айғызы-айғызы боп тұр. Сақ ұрылар өзге жылқыны да жайылысқа жібермепті. Азғантай аяда, ағаш бас сайын екілеп, үштеп байланған нокталы құр ат, ту биелер тұр. Олардың тери, анау мінгіш аттардан сонауғұрлым қалың. Тұтқылдың шабуылына тұсіп сүргін көрген семіздер қан-жыны араласып, қызыл май боп, еріп тұрған сияқты: қолды болған кеңес малы Оспанқұлдардың адал еңбегінің көркі болғандай ірікті сәйгүліктер – қор болғаны-ай жануарлардың! – деп Бекбол ішінен тынып келеді. Енді оқ бойындағы тақап та қалып еді. Kicі дегеннің әлі де бойы көрінбейді.

– Үййіктап жатыр ма бұлар, әлде? – деп Бекбол, олай болса оятпайын, басқа есеп ойлайын, дегендей боп атының басын кішкене ірке берді.

Бірақ дәл осы сәтте, бұның бар қозғалысын бағып тұрғандай және енді өзгерісін тани қойғандай боп, тап желке жағынан бір дауыс саңқ етеп түсті.

– Токта! – деді.

Бекбол бүркіттің балдағын бір қозғап қойып, саспай ғана сырт айналды.

Караса, жаңа ғана бұл жанынан өткен, сол жактағы үлкен шырыштың орта тұсында бір қансыз кара сұр банды мылтық кезеп түр екен. Қалың бұтақты жуан ағаштың басына шығып, бойын тасалап, Бекболды бағанадан бағып отырған күзет қарауылы осы екен. Енді бұтақтарды серпіп тастап, бас пен омырауын көрнекке шығарып апты. Бекбол аз ғана таңырқаған сыңайға мініп, көз алмай қалса да мұның түсін танымады.

– Тұс аттан! – деп банды тағы команда берді.

– Түсейін, шырағым! – деп Бекбол жай ғана түсіп, тізгінін ердің қасына ілді де:

– Сескенбе, азamat, сен де тұс! Елмісің, жаумысың деп сұрасаңшы. Сиқым мынау, өзім жапа-жалғызыбын. Жасанып кеп тұрған күтіншы деймісің? Аңшымын. Құсымды жоғалтып жүрмін! – деді. Бұл сөздері соншалық бір жай, момын, бейбітшілік пішінмен айтылған еді.

Банды сенсе де, сенбесе де ағаш басынан секіріп түсіп, жетіп кеп аңшы қолынан торы аттың шылбырын жұлып алды да, содан әрі тіл қатпастан, аял етпестен, Бекболдың артына шыға берді де мылтығының ұшымен аттар тұрған жақты нұскап, бүйрық түрінде басын ғана былғаң еткізді.

Бекбол қалт етпестен бағынды да, топқа қарай тартты.

Енді байқады, өзге үш банды да үш ағаштың түбінде баспа қып отыр екен. Мылтықтарын ұстай-ұстай қарсы алдынан тұратұра қалды. Қаракер осында отыр. Орта тұстағы бурыл сақал ұрының тақ алдыңғы жағында қу томарға отырып ап, бір көк шаңдырды өлердей тартқылап отыр екен.

Бекбол тақай берді де құсынан асып, сол қартаң бандыға қарады. Тесіле қарай беріп, шұғыл өзгерді. Аң-таң болғандықтан селт етіп аңырып, тоқтап та қалды. Сол сәтте анау да таныды. Өнінде бір тандану белгісі мен бір сұық мұз кезек шарпысқандай бір сәт болды да, тез-ак:

– Бекбол, сенбісің, эй? – деді. Таныса да тұрі сұық, үні жат.

Бекбол бойын тез билеп алып, талайдан сағынып құштар болған жан жүйесін көргендей боп, бар ынтасымен:

– Сәтбек? Қайран Сәтбек-ай, тірі ме едің, бар ма едің? – деді қуанған тәрізді.

Екі жақ бүйірден шыққан екі банды бұл кезде Бекболды коршап, тақап келіп еді. Бекбол бір-бір қарап алды. Бірақ олардың ішінен көз танысты ұшыратса алмады.

Сәтбек Бекболға енді тақай беріп:

– Елмісің, жаумысың? – деді.

Жаңағы Бекбол пішіні жаулықтан алыс көрінсе де, арылып алмақ секілді. Бүйірдегі екеуі мен алғаш Бекболды айдаپ әкелуші арттағы қара сұр үшеуі аңшыны жалма-жан тінте бастады. Жұлмалай тінтіп, қойны-қонышын арылтып жатыр. Бекбол өз бойын еркімен соларға беріп, алғашқы Сәтбекті таныған, соған қуанған қалпынан өзгерmedі. Көзімен қадалып, көnlімен құлай ұмтылғаны да сол ғана сияқты.

– Елмін. Еліңмен, Сәтбек! – деді.

– Шын ба?

– Шыным!

Бандылар бұның бойын арылтып болып еді. Түк таппай серпіле бергенде Сәтбек те “қойындар” дегендей ишарат жасады. Әлпетіне қарағанда бастық өзі сияқты.

Шоқша сақалына бурыл кіргені болмаса, бес жыл өтсе де баяғы пысық, қунақ қалпы екен.

Бұл өнірдегі ең жырынды, алажытың бірі еді. Тұкымы шонжар, өзі атқамінер болса да, сол кездегі облыс әкімшілігінің басындағы бір қызыметкерге қызын беріп, сол жігіттің панасымен бай-құлақ конфискасіне ілікпей, ерте бой тасалап кеткен-ді. Артынан әр кезде естілетін еміс хабарлар бойынша біреулер: “Сибирде екен” деп, тағы біреулер “Ташкент жағында қызыметкер боп кетіпті” десетін. Тағы біреулер “өліпті” деп те сейлемеп еді. Әр жерге із тастап, әр жотадан бір қылт етіп, көп шиырға салып жүрген ғой. Алғаш жоқ боп кеткен 29-шы жылында бір қыстың ішінде әрі Сибирь, әрі Ташкен маңын бір-бір сұзіп шыққаны рас болатын.

Бұл да бір жағынан аңшы еді. Бекбол осы Сәтбек ауылының маңындағы кедей. Өмірі Сәтбектің әкесі мен өзінің құсын ұстаған жалғыз атты жалшы, қарашы болатын. Құрбылас болғансып жүрсе де Сәтбектің сұрқия, обыр мінезінен Бекболдың өз басы

мен үй іші көрген жоқшылық, қорлықтың өзі де ұшан-теңіз еді. Бекболға Сәтбектің тағы бір сыры мәлім. Ол жаурыны жерге тигенше айла жасайтын әрі сайқал, әрі өтірікші. Енді мынадай сүйк жүрісте жүргенде одан нені болса да күту керек. Бекболдың ендігі халі зор қауіпте. Талайдан көрген қатты қысталанаңың бірі осы еді. Не де болса бұрынғы Бекбол боп көрінуден басқа айла жоқ. Сәтбек бұны барлап бағып, шалар жерін аңдығандай торып қарайды.

– Дегенің шын болса бері жүр! – деп от басына әкеліп отырғызыды. Өзі қара бақырдың астына тамызықтап қана от жаға бастады. Бекболдың келуінен бұрын, бағанағы айламен жағылған от осының өзі жағып отырған от екен.

Ендігі жедел сұраған сұрағының бірі:

– Аңшы нешеу едің? Жолдасың кім? Ол қайда? – деді.

– Жолдасым жоқ, жапа-жалғызыбын. Құсымнан айрылып қалғаным да сол ғой. Болмаса қағушының алдынан қашқан аңға жіберіп қана қолма-қол алып отырмас па ем! – деді Бекбол.

Бұған сенер-сенбес боп Сәтбек Қаракерді нұскап:

– Мынау балапан, көрінген қызылға қабатын, жаман колбала ғой. Сен ұстаған құс осындаі болушы ма еді? Кісінің құсы емес пе? – деді.

Қадала бағып отыр, ұстар жері осы. Бірақ Бекбол саспастан мырс беріп күлді де:

– Танисың-ау, Сәтбек! Дегенің рас. Бір бала жігіттің бұзылған құсы екен. Түゼп алғанымша сол боп жүр, – деді.

Сәтбек үндеңей қалды. Бірақ көзінің астымен ылғи бағып қарап отыр. Бұл кездे Бекболға алғаш кездескен асau қара сұр да әр алуан сұрақтар бере бастап еді. Оған біраздан соң, өзге еki банды да қосылды.

Бұлардың сұрағаны “куғын бар ма, мал іздеген жоқшы бар ма? Кеше кештен бері кімді көрдің?” – деген сияқты дәл қазір өздеріне керекті хабарлар болатын. Бекбол құсынан басқа түк білмейтін, түк көрмеген момын, меніреу ғана шал болды. Бұл пішіні Сәтбекке тағы бір сезік бітіргендей боп, қайта қадалып:

– Жә, ел екенің шын болса бізге ересің. Бұған не дейсің? – деді.

– Е, бәсе!

– Иә, иә, кәне осыған не дейсің? – деп өзгелер де төне түсті.

Бекбол шынымен бейіл беріп, бекінгендей болып, Сэтбекке қарап, шарт жүгініп алыш:

– Ей, Сэтбек. Екі сөзге келмей, ердім, десем сөзімді жалған дер едің. Бірақ сен тұс шаймай, баяғы Бекбол де де, баяғы Сэтбек боп бел шеш. Не саудасы бар? – деді.

Осыған келгенде Сэтбек қайта жауап қатпастан өз жолдастарына қарап, шетке қарай ым қақты. Төрт банды үндемей тұрып барып, аттардың ар жағына шығып, азғана кеңес қылды. Бекбол ол жерден де Сэтбек көзінің бағып тұрганын сезіп, секем алдырмас үшін, қыбыр етпеді.

Сонымен аз ғана уақыт өткенде бандылар екі ұдай боп дауырып, егесе сөйлесіп, қайта жүрді. Алғашқы қара сұр Сэтбекпен шындан ұрысысып, омыраулап келе жатқан сияқты. Өзге екі ұры да осыған бейім. Сэтбек жалғыз қалған сияқты. Аналар келді де Бекболға тап берді. Орнынан тұрганша ес жиғызбастан кеп міне түсіп, қара сұр банды сары пышакты жарқ еткізді. Өзге екеуі Бекболдың аяқ-қолын баса қалды. Пышакты кенірдегіне тақап кеп, енді ора беріп еді, сол кезде Сэтбек кеп қара сұрдың білегінен жармаса түсті.

– Эй, жігіттер, мен десендер, өлтірмендер! Заманым бір құрбым еді. Ең болмаса тілге келтіріндер! – деді.

Бекбол бұның өзі жасаған бір қыры екенін түсінен сезді де, үндемеді. Артын тоспақ болды.

– Не тіл? Не қылған тіл? – деп бұның үстіндегі ұрылар арса-арса етіп еді.

– Ең болмаса бұл бакырдан бірдеме тіле де, соны орында маса өлтірші! – деді Сэтбек. Жасаған айласының тетігі осы арада екен. Бекбол өздері айтсын деп тағы да үндемеді.

– Ендеше: “не көрсем бірге көрдім, өлсем бірге өлдім. Ердім!”

– десін бұл шалың. Әйтпесе бауыздап кеткеннен басқа жолым жоқ. Қылыш үстінде серт жоқ... – деп қара сұр Бекболды тағы бір рет тізерлеп жіберді. Бекболда қорқыныштан белгі жоқ, ішін кернеген ыза еді. Сэтбектің баяғы әлсіз, правасыз кедейді алдап, аунатып жеудегі сүм-сұрқия әдісі. “Қуарған қанқұйлы. Маған қорлық сөздерді, жалыныш сөздерді айтқызыбақсың ғой, соны-

мен өзіңде қорғалатып, өзің айырып алған кісі болмақсың. Тағы да “қарыздар” кісі қып алмақсың ғой”, – деп ішінен бұрынғы барлық көрген жауыздықтарды тегіс есіне түсіргендей болды. Намыс пен ашуға қатты бекініп ап еді. Жаулары қанша тосса да бұдан үн шықпады. Сәтбек соған ашуланып кеп:

– Өй, өзің тілің бар ма? Неге үндемейсің. Мен саған болысып, жанды ортаға сап түрғам жоқ па? – деді.

Бекбол қатты ашулы пішінмен:

– Ал, әрмен, ендеше, мынауынды үстімнен! – деп бұлқынып қалды. Құр бопсамен отырған ұрыларды Сәтбек оп-оңай түрғызып жіберген болды. Мазақ пен қорлықтың олақ ойыны. Бірақ айла қып бөгей бермесе тағы болмайды.

Бекбол босаған соң, Сәтбек:

– Жә, сенің басыңа мен кепіл болайын. Жалғыз-ак бізге ер де, бүгін тұнде есебін тауып, бой көрсетпей мына малды жолдағы отрядтан алды өтіс. Ары өткен соң міндетің менің мойнымда. Баяғы Бекбол, Сәтбек боламыз. Қондің бе? Болмаса мына түрғандардың сені бауыздайтыны шын! – деді. Сәтбектің алғаш шешілгені осы еді.

Бекбол үндемей, саспай құр ғана тосып отырып, барды айтқызып алды. Енді көп сауданың орны жоқ. Құнді байқап еді, Ожардың желкесіне қарай құдиып қапты.

– Ей Сәтбек, ей жігіттер! – деп, Бекбол оңдалып, бойын түзеп, алды да, сол дегенің деген-ақ. Сөз бітті, болды. Пісір мынау етінді, жейік те, атқа қонайық. Өзімнің де ойлағаным осы болатын. Не мыжитыны бар, тек жолымыз болсын, – деді.

Ұрылардың бұған деген шырайы енді өзгерे берді. Сәтбек тағы бір шүйлеу үшін:

– Бәрібір енді қолға түссен, шекарада бізben түсесің. Ондағы өлімнен сен де құтылып жатқан жоқсың. Солай емес пе! – деді.

– Уай, енді сөзді доғаршы, жаным! Қолға түспейміз. Аман өтеміз. Болды! – деп Бекбол енді тіпті аналардан аса сөйледі.

Осыдан соңғы сөздер Сәтбек пен Бекболдың жай сұрасқан бейбітшілік создері еді. Ет пісті. Енді соны түсіріп жеуге асығысып еді. Бекбол дәл етке отырар алдында Қаракерді қолына кондырып, құнді тағы бір болжады да:

— Ал, тез жеп алайық та, қазір атқа қонып иек артпа, кіре беріс тастың біріне жетіп алайық. Болындар! — деді.

Озі асыққан сияқты. Бандылар аңшының бұл ақылын макұл көрген еді. Күн ұзын бір жерде жатуды олар лайық демейтін. “Жөн” дескен ажарларын байқаған соң, Бекбол енді құсын көтеріңкіреп тұрып:

— Жә, ендеше, мына құсту қош айттысып қоя беремін! — деді. Бандылар етке кіріскең еді, теріс дескен жоқ. Бекбол Қаракердің көзіне қарап, бойын біраз сылап қойып:

— Жә, туып-өсken жер-ауга Сәтбек екеумізден қалған бір белгі сен бол. Балақ бауынды да алмаймын. Бар, жануар, қош бол! — деп Қаракерді әуелете лактырып жіберді.

Алдында жем тартып алған неме, үшпай жүре ме деп қатты қауіп қып тұр еді. Бірақ Қаракер аңшының көп тәрбиесін ақтағандай болды. Атқып ұшып биіктей берді. Ойнай ұшқан сияқты, айналып жүріп биіктеп барады. Құсту қимағандай қарап тұрып-тұрып, ақырында Бекбол от басына келді. О да етке отырды. Мол асылған семіз құлышының етін өзгелер қапыл-құпыл жұлдып, жұтып жатыр екен. Табақ жоқ, бір кір орамалдың үстіне үйіп салған бусанған етке, от жақ шетінен кеп Бекбол да араласты. Бақыр отта екен. Бірақ от өшүге жақындалап қапты. Етті қамти отырып:

— Сорпа суып қалмасыншы! — деді де, бағанадан ескеріп қойған бір уыс жапырақ пен қу шөпті шала шоқтың үстіне тастай беріп, үрлеп-үрлеп жіберді.

— Ўй, үрлеме-ей! Өй, оның не? — деп Сәтбек біраз омыраулап еді.

— Ей, қайтеді? Сорпа суымасын! — деп қаннен-қаперсіз пішінмен етке қолын сала берді. Атылған мылтық түтініндей болған бір шуда, айқын көк түтін, шоқ қарағайдың үстінен бұрк етіп көрініп қап еді.

Осы етті мейлінше жеп, енді артын бітіре берген кездे ана-дай жерде қалмақша байлаулы тұрған екі торы аттың құлағы катарынан елең ете тұсті.

— Әй, мынау не көрді? — дей сала Сәтбек сол жағындағы мылтығына тап беріп еді. Өзгелер де дүрк беріп қаруларын шашап ұстай алысты.

– Қап, күзет те қоймай! – деп Бекбол да өкіне берді. “Енді келер пәле жоқ. Манаңда құнан шаптырымнан беріде тірі тышқан жоқ” дегенді айтып, бәрін бейбіт қып қойған өзі еді.

Бандылар әр ағаштың түбіне тарай жүгіре берді. Сәтбек атқа жақын бір ағашқа қарай ұмтылып еді. Бекбол соның сонынан жүгірген. Бұлардан жиырма қадамдай жерге шыға бере-ақ қара сұр банды мылтықты басып қалды. Анық-ақ куғыншы жетіпті. Сәтбек пен Бекбол ешкімнің қарасын көрген жоқ еді. Мылтық үніне жалт қарай бергенде екеуі де лезде қарсы атылған мылтық үнін есітті. Сол сәтте қара сұр банды шалқасынан ұшып түсті. Қазақша, орысша қатар айтылған бұйрық команда да естілді:

– Таста қаруыңды! – деп, барлық айналадағы қарағайлар әмір еткен сияқты. Жолдасының құлағанын көре салысымен Сәтбек Бекболға қарап аузын ақситып, мылтығының құлағын қайыра беріп:

– Ал, өлесің, бәлем! Жастығым... – дей бергенде Бекбол ақырып:

– Таста қаруыңды! – деп секіріп, ұмтылып кеп мылтығынан да ұстады, тізеден де теуіп жіберді... Ескі дұшпаны, сырқынды бандымен шаппа-шап алыша түсті. Бірақ бір айналуға келмestен-ақ жау бұраң етіп Бекболдың астына барып бұрқ ете түсті. Бекбол өзі әлі оншалық жыға қоярлық қимылды іstemеген сияқты еді. Сүйтсе Сәтбектің артынан кеп, жұлқып бүктеп түскен Александр екен. Бекболдың талай жылғы досы, талай қысталанда қатар жүріп бірге синасқан, сеніскең досы Александр. Комендантың өзі. Айналаны қоршап алышп, баспа қып түрғанда Александрдың ең алдымен ойлағаны Бекбол еді. Қысылған банды Бекболды зақым қып кете ме деп сескеніп еді. Дәл аттардың қасына жеткенші атака жасамағаны да сол болатын.

Бір банды өлді де, үш банды тұтқын болды. Оспанқұл, Жәнібек және барлық қызыл әскерлер байлаулы жылқыларға беттеді.

Бекбол Александрды құшақтап, Сәтбекке алышп кеп, қашқын шонжардың көзіне нұсқап тұрып, әуелі қазақша:

– Мынау Сәтбек! Мен туған жылы бірге туып, совет орнағанша, сақалымның ағына шейін, мойныма мініп қанымды

сорып келген борсығым еді. Сәтбек атын менен көп естімеп пе ең? – деді.

– Көп естігем. Жақсы білем! – деді Александр.

– Ендеше, сол Сәтбек осы! – деп Бекбол Александрдың өзіне бұрылды да, куана күліп, енді орысша таза сөйлеп қоя беріп:

– Осымен нешінші қашқынды ұстасып тұрмын, Александр! – деді.

Александр Бекболды қолтығынан алып оңашарақ бұра беріп:

– Ну, Бекбол, ендеше, құтты болсын! Бұл сен ұстаған он тоғызыншы нарушитель! – деп кәрі аңшы досының қолын қатты қысып, ұзақ сілікті.

\*\*\*

Арада бірнеше жыл өтті. Тағы да октябрьдің әдемі бір шағырмақ, мөлдір күні еді. Көлемі үлкен, бай колхоздың ылғи, жана, таза үйлері әрі көнілді, көрнекті, әрі тыңқиған тоқ пішінде. Ен үлкен жана мектеп, содан кейін басқарма және осы колхоздың тап орта тұсында қызыл темір шатыры бар әдемі үлкен бір үй тұр. Бұл біздің Бекболдың үйі. Кәрі аңшының өзі үлкен бөлмесінде баяғы досы Александрмен бірге отыр.

Тәжірибелі қарттың соңғы жылдардағы еңбегі бұрынғысынан да артқан. Қазіргі еңбек тізімі Сәтбекті ұстаған он тоғызыншы уақиғадан сонағұрлым молайған. Бұл күнде Бекбол ардақты, орденді колхозшы. Өзі ғана емес, қазірде Жәнібекті де дәл өзіндей көреген, алғыр, жас қыран қып баулып алып еді.

Ана босағада тұрған Қызылбалақ та тұғырдан тайған жок. Жыл сайын, күздің екі айының ішінде “Октябрь” колхозының корына 130–150 тұлкіні кіргізуден о да айныған емес. Отан жауына қарсы жанын сала қимылдайтын саналы кәрі қыран Бекбол болса, мал табар қайтпас қыран Қызылбалақ. Екі серік әлі қажыдық, тоқырадық дейтін емес. Қайта қазір ең ажарлы, ең әдемі күйіне келген сиякты.

Соның ең бірінші белгісі Бекболдың өзінде. Ол соңғы екі жыл бойында зер салып, Александрдың дегенін істеп жүріп, орысша хат танып қалған еді. Бұрын тілге жүйрік болса, енді өздігімен

газет, кітап оқитын да боп алған. Сонымен бұгін Александрдың әдейлеп қонаққа шақырып, бір кымбат кітаптан, кейбір түсінбей қалған жерлерін сұрастырып отыр. Екеуінің ортасында қолдана колға ауысып отырған жұқалау сұр кітапшаның сыртында алтын жазу бар. Ол Қазақ ССР-нің Конституциясы.

Жұз он бірінші статьяның тұсында Бекболдың бір белгісі бар. Соған үніліп отырып: “Отаның қорғау СССР азаматының қасиетті міндегі” деп, бірнеше рет айтып шықты.

Бекбол Александрмен әлі бірнеше күн бойы конституцияны да, сайлау заңын да мықтап талқылап, ұғынып шықпаққа сөз байлаған. Бекбол да, Александр да бұны әсіресе ұлы, зор міндет деп біліседі. Үйткені райкомнан Александрға хабар келген... Сайлау округының ұлттар советіне ұсынбақ кандидаты осы ардақты қарт, кәрі қыран Бекбол еді.

## ОЛ КҮНГІ АЛМАТЫ

Қара мұрт оны әбден түсінеді. Бірақ көптен көріспегендіктен мынаның қалайша оралдырып жүргенін естімек еді. Өзінікіне үқсай ма, жоқ па? Соны байқамақ. Сондықтан:

– Шын ба, елуге жете ме? – деді.

– Жетпей қоя ма? Өзің ойлап көр. Охотыға қалай шықтым, солай кем болса бір тұс киіз, бір сырмақ, немесе алаша, кілем, не болмаса сандықта жатқан ішік, шапан алам! – деді. “Охоты” деген соңғы айларда бұлардың тілінде ауылға барып, шабуыл жасап қайту мағынасында болатын. Семіз қызылдың бұл айтқаны шын екенін осы Фонтан көшесінің өзі-ақ өн бойында көрсетіп тұр.

Әр көшениң басынан кіре бере, Тәшкен аллеясына шейін байқап отыrsaң: әлденеше бақшаларда, немесе тәуір үйлердің терастарында ылғи қызырып, аламыштанып, жарқырай жайылып тұрған қазақ қолды жасауды көресін. Бұл үйлердің бәрі де қала чиновниктері мен көпес, немесе мещан атауының үйлері. Соның кейбірінде әдемі оюлы сырмақ, кейінде шебер кестелі тұс киіз, кейінде су жаңа; мұндай қызарғаны жоқ үйлер салам шатырлы, аласа дуалды кедей шоқпыт үйлер ғана. Одан басқаның бәрінә қазақ аулынан шыққан жасаулы келіндер түскен дерсін.

Бағанағы шал-кемпірді шошытқан қала бұл күндерде сол айналасын жалмап жұтып, қызара бертіп тұрған талан-тараж қаласы еді. Семіз қызыл осы жасауларды әлгі чиновник, тілмаш, көпестердің үйіне жеткізіп, арзан қол қып өткізушиң бірі еді.

Бұлардан өтіп кеткен соң, көшпен Балташ тағы екі жерде стражникке кездесіп еді. Бірақ алғашқыларға ерегіс үстінде айтқан жауабын Балташ енді ылғи шын етіп қолданып, анау-мынау қақпайына көнбеді. Қөшті жолай қорғаштап отыrsa да, Балташ шал-кемпірмен сөйлескен жоқ. Жалғыз-ақ Тәшкен аллеясына жақындей бергенде кемпір аздап есін жия бастап, көк қойдың күйігін енді сезе бастады:

– Соғымға деген жалғыз қойымыз еді. Қакпайға түсіп кете барғаны мынау, – деді.

Балташ өз ойының бір түйініне тірелгендей болып:

– Қакпай!.. Қакпайда көк қой тұгіл, мен де кеттім! – деп өз жайын өзі тағы мысқыл етті.

Үш күннен бері бойын кернеген ыза қазір тамағына жиылып тастай тығызып, алқымдап келеді. Кейде ашы суық жастай боп көзіне жетпей, көмейінен іркіле қайтып, у тамшысындай жұтыла-жұтыла келе жатқан сияқты. Соңғы күндердің ыzasы кат-қабат.

Ен әуелі бұл өзі іспесікте жоқ еді. Қаладағы үлкен диірменнің жұмысшысы болған соң, байы:

– Сені ешкім алмайды. Жібермеймін. Тіркесе, сұрап та ала алам, – деген.

Сонымен қаперіне еш нәрсе алмай жүргенде бір күн кешке пәтеріне үлкен Алматы болысының атшабары салып келді. Тығыз бұйрық беріп, “пәберке” орнына бар – дейді. Басында Балташ:

– Мен сенің ауылдағы құлғе аунатып жейтін үн шықпасың емеспін, галава не марош! – деп тәлек қып еді, анау болмай, қадалып отырып алды. Байы біліп, бұрынғысынша “жібермеймінді” де айтты. Бірақ болыс тақымдап қалмады. Сұрастыра келсе, бұрынғы іспесіктерде жоқ екен. Ал, соңғы күндерде қала толған пара, сұмдық, құлық емес пе? Болыс, тілмаш, пристав дегендер талайды-талай саққа мінгізіп жатқан жоқ па?

Законге жүйрік ку болыс дәл соңғы күндерде бір момынның жігітін дәл осы қалаға келген жерде, іспесік тапсырылып қойған соң, жуз қой пара алып босатыпты да, орнына бір жігітті тығу керек боп, Балташқа жабыса кетіпті. Мұны әкететінін біліп, байы Балташтай әрі мықты, әрі тәжірибелі жұмыскерлерден айрылғысы келмей, әрекет істеп, қайтадан алып қалуға айналған екен. Соның жауабын білейін деп Балташ өткен дүйсенбі күні кешке байдың қақпасына бет алып келіп қалып еді. Ар жағынан баймен қоса қызара бөртіп шығып келе жатқан болыс пен атшабарды көрді. Бай да, болыс та бұған тақай берді:

– Амал жоқ, кететін болдың! – деді.

Балташ ыза болғаннан жалынбады... Жөнін де сұрамады. Үн катпай бұрылып тарта берді. Жұз койдың жиырмасын болыс

мына байға өткізіп, дәлін айтқанда Балташты сыртынан сатып, кетіп барады екен.

Сонымен алдыңғы күн тәнгертеңнен Балташтың жалғыз арманы сол болысты енді бір тауып ап, жалғыз-ақ ауыз сөз айтып, содан фронтқа әзірлене бермек еді. Тұс кезінде төменгі базарда көп жиынның ортасында, көп жорғаның үстінде тұрған болыстың қасына келді де:

– Елдің жақсысы, жаманы деген әкеңнің аузын... сволыч, не мен жақсы десем, жұз қаралық иттікпен жақсы екен ғой, – деді.

Болыс тырсып, жарыла жаздал, танау қағып бір карады да, Балташтың қанын ішіне тартып тұрған сұық түсінен, еңгезердей бойынан, шәйнектей боп түйіліп тұрған жұдышығынан қорқып, жотасын беріп сырттай берді. Өтірік естімеген кісі боп тайқып кетті.

Сүйткенше болмады, қаптаған көп стражник бар лапкені жаптырып, сауданы тоқтатып, базардағы бар халықты бір жаққа жүрестің деп айдап, ығыстырып келеді екен.

Болыс өз тұсына келген бір таныс стражникке Балташты сыртынан нұқсан:

– Мынаны да айдап апарып көрсет, жырылып кетпесін, – деді.

Сонан соң Балташ қанша шатақтасып бармаймын десе де болмай, әлгі стражник көппен бірге айдап отырып, Боралдайға қарай бұны да әкетті. Боралдайда ол күні мұның көргені әлі көз алдынан кетер емес, жігерін қайнатқан ызының молы сол. Балташтың көз алдында Ұзынағаш, Қастектің сегіз азаматын дарға асты. Қайран Бекболат! Аяқ-қол байлаулы күйінде дардың астында тұрып, дәл басына қап кигізер жерде сұп-сұр боп ап, дауысын саңқ еткізіп:

– Қайран ел, қош, – деді.

Қаппен ілесе мойнына ілінген бұғау аспанға қарай іліп ала жонелді. Төрелі, көпесті, стражник, тілмашты қatal қала оны қандай тамаша етті!

– Кәпір, жалмауыз қала, жат қала, сұығын-ай! Бөтенін-ай! – деп Балташ кемпір-шалға қарады. Олар қайтіп үрпимесін.

– Осы қалаға он жасымда келген екем. Он бес жыл өмір кешіппін. Бүгін, міне, өлім аузына кетіп барам. Сен болдың не, болмадың не? Елеген бар ма? Шымбайына батып, тым құрса “алда байғұс-ай!” – деп есіркеген бақ, дуал, не батпакты қөшे

бар ма! Күгүн жеген бұралқы иттей кеттің де бардың!.. – деп батпағы орқаш-орқаш боп тоңданып жатқан сұр көшеге қарады.

Тәшкен аллеясына жетіпті. Обоздар сайда көп бол тіркесіп қалған екен. Кететін азаматын шығарып салатын елді ылғи жаяулатып, көліктерін басқа көшелерге тастапты. Әрбір арбаның тұсында ауылдан келген ерек-әйел топ-топ боп үйлісіп жүр. Белдері бүгілген, көздері қызырып, добалдай бол іскең. Беттен ақкан соралары айғыз-айғыз. Түстері де киімдері сияқты шетінен жүдеу, сұп-сұр.

Балташ стражникпен сөйлесіп, бір аландау жерді тауып, көшті содан қолденең өткізіп салды да, шал-кемпірге жалғыз-ақ ауыз сөзбен:

– Қош! – деп кейін бұрылды.

Келді де, сұрастырып жүріп, өзінің жұзбасысын тауып алып, сол нұскаған арбага жүгін салып, өзі де ырғып мініп, екі жеңін сұғыстырып ап, мелшиіп қарап тұрып қалды.

Енді байқады: айналасының бәрі күбірлеп, зарлап, қош айтып, күніреніп жылап тұрған көздің жасы екен!

Қасында қатар отырған қойкөз сары жігіт еңсесін көтере алмай бүгіліп, бөрігін көзіне киіп ап, біресе “аһлап” кетет те, біресе егіліп-егіліп, кенкілдеп кетеді. Қарсы алдында күндік киген кәрі шеше ыңыранып, бүйірін таянып тұрып, сыйырлай жылап, жоқтау айтады:

– Жалғызым, куатым! Сұмырай болыс, куарған қала... Обырдай оптың ба жалғызымды!.. Жұттың ба басымды... Жерің кенісе егін ек, міне, менің тұлдыры болған орныма! – дейді.

Балташ пен екі жолдасы кеп, қоштасып қалды. Бұны шығарғаның бары сол. Олар да өзіндей жұмысшылар еді. Ешқайсысы да жыласқан жоқ.

– Өзге жүрттың жылауы аз бол жатыр ма, жыламайық! – деген Балташ ...

Олар мұны арқаға қағып:

– Бала емессің, жолды, жөнді білесің. Қайта көпті көріп, көзің ашылады. Жәлейт қылма! Сыбағанды жегізбессің! – дескен.

Дәл обоз жүрерде олар:

– Но, тірі қайт, аман бол, паршай-паршай! – десіп қала берді...

Обоз қозғалғанда байқалуы банағы жылаулар түк емес екен, коштасу, зарлаулар ылайсан сұм көшени де, сұп-сұр болған сұық қаланы да енді күніренті.

– Бауыре-е-м!.. Жалғызыым!.. Жан жарым!.. Қосағым!.. деген зар-шер үндері бірінен-бірі өтіп, асып кетеді...

Қаладан ұзап шыға бере талай кемпір-шал жылау зардан арбаға ілесе алмай талып, жығылып жатыр. Үндемей, мелшиген күйінде, сұп-сұр болып отырған Балташ, енді тау жаққа қарап отырған бетінде қазақ зиратын көрді. Соның қасына кеп қалысқан екен. Бұл кезде арба қасында шұбырығандар да, арба үстіндегі жігіттер де тегіс ауыздары құбірлеп, құран оқи бастады. Тоңазыған қолдарымен бірі артынан бірі дұға қып беттерін сипасады. Барлық сұық жау Алматы қаласынан мынау елге жылы да, жақын да көрінген жалғыз орын осы тәрізді. Бұған деген көңіл де қалыпта, жарықшақ та жоқ секілді. Ажарсыз сұп-сұр молалармен қатарласа бере Балташ та бетін сипады. Барлық қөпшілікпен бірге мұның да құран оқып, тие берсін айтып келе жатқан аруағы: кеше осында көмілген Бекболаттың аруағы еді...

... Ол күндейі Алматының сол зираттан басқа түсі “лағнет” айтқызыған түс еді.

## ТАТЬЯНАНЫҢ ҚЫРДАҒЫ ӘНІ

(“Абай” романының “Ақын үніне сахара мұлгіді”  
деген бөлімінен бір үзінді)

Таңертенгі шайдан соң үй іші де, қонақ атаулы да тысқа шығып кетті. Қыстың осындағы бір ашық күнінде Абай өзінің үлкен үйінде оңаша отырып қап еді.

Алдында үлкен дөңгелек үстел тұр. Оң жағында, Абайдың қайда отыrsa қасынан үзілмейтін көршісі – үлкен жастық жатыр.

Абай біресе аласа үстелге шынтақтап, біресе үлкен алақанымен мықынын таянып, үнсіз отыр. Ойда отыр.

Ішінде ой шырағы жанғандай боп, салмақпен қараған көздері анда-санда қарсыдағы терезеге қадалады. Күн түсіп тұрган қарлы адырға ұзак-ұзак қарай түседі.

Өзінше бір мығым күшпен, ұғымсыз бір мұнмен жұмырлана бүгілген тәбе-төбелер.

Биылғы қыс Абайдың ел сөзінен, тынышсыз жүрістерден босаңқырап, үйде көбірек орнығып отырған қысы еді. Көп өлең жазылған жылдың бірі де осы болатын. Сондай сүйген еңбегіне беріліп, өзімен-өзі ғана боп, толғана ойланған уақыттарында көз алдына көптен көп оралатын осы адырлар. Бұлар күн ырайни қарай әр түрлі сөйлейді. Мұнлы көңіл осы мұнлы адырмен ертеңді-кеш көп сырласқандай болушы еді. Бұлтты, сұрғылт күні ол адыр күн шуағын сағына мұнданады. Ашық күні жылы жарқын жазын сағынатында болады. Жеткізбес арман женсігі женғен адыр. Қанағат қылған күні жоқ мықты адырлар.

Сол адырдың қазір бір жадыранқы қабағын көргендей болды. Қойдың алды солай қарап өріп барады екен. Сарылып, сазарған адыр енді тас басында жүріп шырқаған қойшы әнімен сергітін сияқты.

Абайдың осындай боп ұндең ойланып қалған кездерін қабағынан танитын жігіт бар. Ол – мұндаш шақтарда ұндең, көп қозғалмай отыратын Қарасақау. Қазір де тіпті қарап отырмас үшін ол Абайдың тобылғы сапты сарбас қамшысына бұлдіргі тағып отыр. Анда-санда Абайға қарай түсіп, өз жұмысын істейді.

Бір кезде жұмыс арасында көз тастап еді, Абайдың ерні күбірлеп, қолы да әлдекіммен сөйлескендей қозғалақтаған сияқтанды. Бұрын мұндаш машығы болмаушы еді. Биылғы қыс жалғыз отырған шақтарында анда-санда осылай ететін бір әдет пайда болды. Қарасақау біледі. Осындай күйдің артында Абай көбінесе қағаз, қарындаш алғызады.

Сондай бірнәрсені бұйырап деп күтіп отырғанда Абай бұған шұғыл бұрылып, жалт етіп салқын қарады да, үйдің сол жақ бұрышына қарай сол қолын көтеріп, үн қатпастан бір нәрсені әкел дегендей белгі етті.

Қарасақау нені керек қылғанын түсінді де, шапшаң тұрып барып, үстелдің үстіне көнелеу боп қалған екі үлкен кітапты әкеп қойды.

Абай бір кітаптың бетін ашып, өзіне керек жерін тапты да, оқымай, сол беттерге қарап шалқынқырап, біраз бөгеліп отырып қалды. Көзі бұл беттерден ана жатқан екінші кітапқа да түсе береді.

Бұл екі кітап, бұл ауылдың, бұл өлкениң Абайдан басқа барлық жанына тілі де, мазмұны да ұғымсыз кітаптар. Бір Абайдың ғана көңіліне әрі ұғымды, әрі құрметті боп алған алыс дүние, алыс заманың екі ақынының кітаптары. Ол жатқан – Пушкин мен Лермонтов.

Екеуде мұның ата-бабасы кешкен өмір соқпағынан мұлде басқаша боп өткен жандар. Бұлар жүрген орындардан да әлдеқайда алыста өткен. Қазақша есеп қып айтса, олар да баяғының адамы.

Бірақ сол қалпында, осы қыстың ішінде бұл екеуде Абайға біртүрлі жақын сияқтанып, жылы ұшырағандай болды. Бөтен дүниеден бөтен тілмен кеп бұған сырларын ашқан, мұндарын шаққан егіздер сияқты болады.

– Сен де біздей саналы мұндысың! – дегендей болады.

Осылармен танысып, табысқалы Құран да, Аллаяр да, тіпті Науайлар да сыртта қалды. Кейбір намазқой, діндар көрілер, иә шала сопы молдалар Абай үйіне қонып отырып, Абай бос кітаптарды күндегі машиғы бойынша қасына алғызғанда, іштерінен ырза боп:

– Шаригат жайын оқып отырады екен-ау бұл кісі деп, кейде біріне-бірі:

– Әлде аруақтарға құран қатым қып жатыр ма екен? Молдаға аудартпай өзі оқиды. Оның сауабы мол ғой? – десетін. Бірақ, кітап теріс жағынан ашылып, суретті беттері көрінгенде, жаңа әр қарпы ереуілдеп тұратын араб жазуынан басқарақ, біркелкі боп жылып аққан орыс жазуын көргендеге, әлгі адамдар іштерінен сұқтанып, жымдай тынатын.

Абаймен арбаса жүрген кейбір жуандар болса, сырттай бере:

– Бұл теріс окуды неге сонша қадалып оқиды екен, ә? – десіп кеп:

– Е, бұл да бір аскандық қой ... Қазаққа істеген қыры ғой. Мен ұлыққа сендерден жақынмын деп отырғанын көрмеймісің? – деп те кетісетін.

Абай көп кештерде, жалғыздық шактарда өзімен үнсіз тілмен ұзак-ұзак сырласатын достарын сырт адамның көпшілігі жат жұмбақша бағалайтынын біледі. Бірақ, оны елең, ескерген емес.

...Өткен жандар. Бірақ мұндай өлім өлім бе? Мәңгі бақи өлмestей боп, кейінгі дүниеге өз аттарын ұмытпауды уағыз етіп кеткендер.

...Өзгеден жер үстінде қалатын белгі – томпайған көр. Әуелде жер бетінде томпайған бос топырақ мезгіл сайын шөгеш-шөгебарып, акырында мұлдем жермен жер боп тапталады. Шамасы, осы көр, жер болумен қатар, адам аты да өшеді. Мәңгілікке жұтылады. О да біtedі. Мыналар сол өзінен қалған жер үстіндегі белгіні тау етіп, мәңгі мықты беріктікке бекітіп кеткендер. Олар анау көрініп тұрған екі Ақшоқы биігіндей. Абай күрсініп кеп:

– Тұған елінде, отанында өнер-білім болуы қандай сый болар еді! Әлденеше ағарған буындардан қалып келе жатқан қазыналар болып, соны сақтаған асыл сандығы болса арман бар ма?.. – дейді.

Мынау екі ақын Абайға әр кезде бірге туысқан аға-інідей көрініп қалады. Сол “аға-інідей” деген теңеу, бұл екі атты Абайға осы өз ортасы, өз айналасындағы адамның арасындағы етіп бір көрсетті.

...Басында, ақылы мен ашуы шарпысып, кезек жеңісіп барып, ақырында сыншы – кемел ой жеңсе де, шерлі көргіш боп алыш, тына алмай жанған аға бар. Сол ағаның дергін көріп: “Тынғаннан не тауып ек!” – деп ызасы мен ашуына бой ұрып өлген іні бар. Сол аға – Пушкин. Сол іні – Лермонтов. Кейінгі үрпакқа, барлық ел, барлық заман, бар қауымдағы шерлілерге атой салып, өмірлері шырақша жанып өткен аға, іні...

Абай ойланған күрсініп отырып, Татьяна хатына үңілді.

– Неткен айтқыш тіл? Тіл емес, жүректің лебі! Гүрілдеп соққан ырғағы! Неткен нәзік тереңдік... – дей отырып, кітап бетінен көзі тайқи берे:

Ғашықтың тілі, тілсіз тіл,  
Көзбен көр де, ішпен біл ... —

деді.

Татьяна хатының ырғағы мен нәзік үніне өз жанынан үн қосты. Қызы шеріне қызыққаннан шыққан бір сарынның басы еді. Өзінен етіп кеткен дәурен. Бірақ, сол күнде де осындай боп айтылған тілді естімедім-ау! Естірлік, мұлгітерлік күй, ұғарлық сергек жүрек болса осыған шомып көрсейші. Осы үлгі болар! Сезінетін жас табылар. Үлгі етіп көрсем нетер? – дейтін.

Сондықтан да, осы бір-екі күн бойында Татьянаны өзінің қазақы қоңыр тілімен сөйлете бастап еді. Сөйлеткен сайын Татьяна майда қоңыр үн тауып, нәзік қоңыр күй тауып, ділмар жас, шебер-шерлі боп барады.

Казірде ұяң, майда қызға Пушкин жазғызған хатпен өзі жазғызған хатты салыстырды. Кей жерлері Пушкинше емес. Қатаңдау. Бірақ ол оқушының шалалығына амалсыздан берілген баж. Сонда да ұғынар ма? Көз алдына Көкбай, Мұқалар келеді.

– Эй, мынадай сөзбен мұнданған Татьянаны олар да ұқпас! – дейді.

“Евгений Онегиннің” осы беттерінің арасына салып қойған хат бар еді. Бір нәрсеге ойы ауғандай боп насыбайын атты да, бір-екі қағазды аударып барып, сол хатты алды.

Семей кітапханасына барып, он шақты кітап әкелген Карасақау кеше кешке осы хатты да әкеп беріп еді. Білімді досы Михаэлис Абайдың “Евгений Онегинге” сүйсініп жазған хатына жауап ретінде жазған мынау хатында:

“Соңғы жырларда “Евгений Онегин” әңгімесі күйге де түсіпті. Пушкиннің Татьяна, Ленскийлеріне сай күй дейді. Петербор, Мәскеудегі саналы қауымның бір тынысы сол болғандай деседі. Бірақ керегі не, бізге оны естуге бұйрық жок”, – деген екен айдаудағы сорлы тұтқын.

Хаттың осы жерін қайта оқып отырып Абай Көкбай, Мұқаны тағы да еске алды:

– Әдемі әні мен “Әри әйдай, бойдай талайды да” бұлдан өткізіп жүрген сорлылар еді, – деп күлімсіреп отырып, бас жақта тұрған домбыраны алды да:

– Сол бишара бақалшылардың қолына бөз орнына торқа берейінші осы! – деді.

Көзі жасаурап, ерні жыбырлай отырып, Ақшоқының қос биіктеріне анда-санда көз тастайды. Бірақ, қараған нәрсесін көріп отырған көз емес. Ол қазір ойдың көзі ... тербелे толқынған ақын толғауының көзі. Қолы шек пернені термелеп, жебелей береді. Кеше жатарда да осы бір сарынды, алыс бір ызындей шалып қап еді.

Қазір сол есіне де, домбырасының шегіне де тап түсіп, орала кетті. Тағы да тарта отырып, ақырын үн салып, күніреніп көріп еді, уәзіні келген екен:

Амал жок қайттім білдірмей  
Апырм-ау, қайтіп айтамын... —

деген екі жол, Татьяна сырының басы іркіліп тұрып, шешіле бастаған сияқтанды... Тағы да, тағы да ... бір жантайып шынтақтап, біресе тез қозғалып, құшырлана малдас құрып ап, арлы-берлі тебіренеді... Қос шек бірде баяу басып, біресе шұғыл қатаң үндерге басып, асып қайтып, асып қайтып отыр. Соңғы екі жол қымбатқа түсті ... бірақ оралды... Татьяна хатының үш

ауызын мұдіртпей айтып өтті... Куанып отырып, насыбайын алып тастап тағы айтты... Енді бірде қатты, бірде баяу тартады... Ұмытылмайтын сияқты... Бір сэтте артына қарай барлық мол денесімен шұғыл айналып, бұрылып қалды. Көзі әзіл мысқыл ажарымен жарқ етіп барып, жылды қарап, Қарасақауға:

– Өй, осы сен не мыжып отырсың, не білдің? – деді.

Қарасақау Абайдың шұғыл өзгерісінен біраз дағдарып қап, бүлдіргесі тағылып, тобылғы сапты сарбас қамшыны алақанына салып отырып:

– Мынау еді, Абай аға! – деді.

– Мен не қып отырмын, оны сездің бе?

– Сіздің ойыңызға бір орыс күйі түсті ме деп отырмын...

– Э, олай болса, о да білгенің екен. Бар, ендеше, кішкене Молданы шақырып кел!.. – деді де, өзі тағы да “ұмытып қалмайын” дегендей жаңағы ырғағын тарта жөнелді...

Қарасақау тұрып барып есікті ашқанда, ар жағында тыстан қайтып келе жатқан Ділдә көрінді. Бірақ артында бөгде кісілер сияқтанған бірнеше адамның басы байқалды. Қолдарында қамшылары, белдері буулы, беттері біраз аязданған адамдар. Өңшең тон, шекпен, шапандар екен... Алдыңғы бір-екеуі тобықты үлгісінен бөлек, шошақ төбелі алты сай уақ тымагын киген кісілер. Соны көзі шалып болғанша Ділдә да, бұл кісілер де үйге кірді.

Абай домбырасының үнінен ойын үзген жоқ еді:

– Ту, аяз келді-ау! – деді.

Ділдә орнына отырмaston, тіксініп қап:

– Аяз жоқ қой, Абай-ау, тіпті тыста да май тоңғысыз, – деп таңдана қарағанда:

– Э, рас, аяз екен десем сендер екесін, – деді де, шет елдердің кісісімен амандасты. Ділдә Абайдың талай ұғымсыз мінезі мен жұмбақ сөзінің бірі деді де, түкпір үйге карай кетті. Сейткенше қарсы үйде бала оқытып отырған кішкене Молда да келген еді. Абай соған қарап елең етіп:

– Татьяна хатын көшіріп пе ең? Енді ол ән салатын болды ғой, білдің бе? – деді.

– Онысы абзал болған екен ... көшіріп қойып ем.

– Ендеше, Мұқа менен Көкбайға хат жазып жібер. Екеуіне

Татьяна сәлем айтты, “бізбен де таныс болсын” деп айтты де. Мына Мұхаметжан қалаға бара жатқан шығар, сол сәлемін ала барсын, – деді.

Үй ішінде тымақ, белдігін шешпей отырған бөгде конактар сол сөздер не сөз, кімнің жайындағы сөз екенін ұққан да жок. Үғайын деп елең етіп селт еткен де жок.

Жалғыз-ақ осылармен бірге Абайдың төменгі жағына келіп отырған Мұхаметжан бар еді. Кішкене Молдамен қатар Абайдың жаңағы сөздерін күлак түре тындаған сол ғана болды. Жасы отызға жаңа іліне берген сұлу қызыл жұзді, қой көзді, әдемі коңыр сақалы бар Мұхаметжан расында да қалаға бара жатыр еді.

Ол өзінің қайда бара жатқанын сұрамай сезген Абайға біраз таңданумен бірге жаңағы хат пен өлең жайын шын білгісі кеп еді.

Мұхаметжан да Кекбай, Мұқа сияқты жақсы әншімін деген жігіт болатын. Оның үстіне мұның өзінің де анда-санда өлең шығаратыны бар еді. Ол сыртқы киімін шешіп жатып:

– Абай аға, бұл ән салып жатқан кім болды? – дей бергенде, Абай домбырасын қайта ұстап, Татьяна хатының алғашқы үш ауызын әндептіп айтып берді де, енді қайтып бұл жайға сейлеспей, ана өзге конактардың шаруасын сұрады.

Жаңағы бір айтқанынан әнін ұға алмай қалған Мұхаметжан ән ішіндегі сөздің төркінін сезіп қап еді. Бұл күнге дейін Абай шығарған өлең мен әннің барлығын осы маңдағы өзге ақын, әнші жастармен қатар түгел білдім деп жүрген Мұхаметжан мына сөзді бұрын естімеген болатын. Тегі жаңағы сөз аңғарына қарағанда Мұқа мен Кекбай да білмейді екен. Маган “жаттап біліп, соларға айтып бар” дегені ғой деді де, енді өлеңін де, әнін де қана білмек болды.

Бұл Абайдың жақын туысқандарының бірі болғанмен, жасы Абайдан сона құрым кіші. Сондықтан, Абайдың өзі айтып бермесе, тағы айтып берінізші деп сұрай алмайды. Қазбалап, тақымдай бергенді Абайдың жақтырмайтынын да біледі. Сондықтан: “бүгін Абай ағамның түстігіне қалайын да, осыны біліп кетейін” деп, карсы үйге кеткен кішкене Молданың артынан барды.

Үйткені Абай қазірде анау Үактардың сөзін тыңдауға кіріскең еді.

Бұлардан: “Шаруаларың не? Не қып жүрсіндер?” – дей отырып, Абай бір нәрсеге аса қатты таң қалғандай болды. Үйткені, осыдан бұрын, әйтеуір осы қыстың ішінде дәл осы қазір қарсы алдында отырған үш кісі – екі уақ, бір көкше – осы киімдері, осы түстері, осы отырыстарымен Абайдың алдында болып өткен сияқты еді. Мал дауымен келіскең. Сонда да ана көкшенің ұрысы – Тұрсын осылай мөлиіп отырып еді. Қалғандай боп, тәмен тұқырып жым боп отыратын. Сонда да мынау жоқшы Қанай – Сәрсеке мықшиып, жұп-жуан боп жалпия отыратын. Сонда да қазіргі сияқты Тұрсыннан Сәрсеке мал даулайтын. Бірақ ол жолы малын алып бітіп, тынып кетіп еді. Өмірдің айнығыш суреттерінің ішінде, айнымас бір қалыпты ұстанып, әр елден шықса да, бір күйден жазбай жүретін осылар тәрізді ме? Немесе сол екі жерде көрген бір халдің өзінің бірі шын, бірі тұс пе? Бұ неткен, айнымаған ұқсастық? Мыналардың анадағы көрінісі мен мына қалпын алғанда арада тіпті ешбір мезгіл өтпеген, қатып тұрып қалған сияқты ғой...

Абай Сәрсекені тыңдай отырғанда, ішінде жарыла жарысып отырған осы сияқты екінші ой да бар еді.

Бұл ойы Сәрсеке сезінің бір кезеңіне келгенде шешуі табылып барып, үзіліп қалды. Ағаштан істелген келі, келсап сияқты тоңқылдақ үнді Сәрсеке:

– “Әнеугі алған малымды бойыма сіңіртпедің, Абайдың алдына апарып қайта құстырдың. Ендеше, тіні саған қылғаным – қылған, қайтесің? Тағы да талайын, көріп алайын, сен уактың күшінді” деп әдейі істеп отыр. Егесіп істеген ісі мұның. Ана жолда алғаны үш жылқы еді. Мынада бір кілем, бір тонын арттырып, бес жылқы қып алып отыр. Егестің ісі емей немене бұл, Абайжан! – деп аяқтады.

Абай енді аңғарды. Өңінен шынын іліп көрейінші деп ұрыға қарап еді. Ол қызыл сенсек тымақтың құлағын шарт байлап алған күйінде тәмен қарап, тұқырып апты. Жуан тұмсығының ұшымен, шоқша қара сақалының жарымынан артық жерін көрсетпейді. Абайдың қозғалысына көзінің астымен ғана қарап, мелшиіп, тастай боп үндең отыр. Сәрсеке айтып жатқан дауға әлі жалғыз үнмен болса да жауап қатқан жоқ. Өзіне жанасы жоқ сөз сияқты тыңдайды. Селт етпейді. Абайдың өзі сөйлеспесе,

Сәрсеке сөйледі екен деп қынқ етер емес. Абайды үлкен бір би тұтып, тәргіп сақтағаны ма, жоқ болмаса жоқшыға ұрының ірге бермеймін деген ызғары ма?

Абай мұның бетін көрмек боп, ызғарлана үн қатып:

– Эй, сен не дейсің? – дегендеге ғана, қызыл сенсөң тымағы жәй қозғалып, қырыс жүзі Абайға енді ғана қарады. Дөңгелек, мығым денелі сары ұрының кішкене сұр көздері Абайға бір-ақ рет жалт етіп қалды да, қайта сөнді. Тағы төмен тұқырды. Қабағының еті қалың, ұрты да біраз салбыраған. Пішіні мен мүсіні де, кескен терек сияқты бітеу, тұғас, безбүйрек келген. Ол басында үндемей отырып барып, аздан соң бір ырғалып қойып:

– Абай аға, осы анау күні ғана тап осы Сәрсеке өз алдыңа әкеліп, барымды үйпап бір алды. Ол жолы “төле” дедің, бүйірдің. Бердім... Ал енді осы Қанай малы ұрланса, ақай жоқ-тоқай жоқ, ылғи мен төлейін де отырайын ба осы? – деп бір тоқтады.

... Тағы ұзақ сүре дау. Шыны қайсы, жалғаны қайсы? Осындай даулардың, осылар сияқты даугерлердің таусылары, тынары бар ма, жоқ па? Тағы қазу керек. Сірескен жактардың шынына жетем дегенінше, өзінің де шынына жетіп болады.

... Тағы да бөліп кетті... жаңағы Пушкин қайда? Анандай боп жібек талдай ширатылған Татьяна қайда қалды! Мөлдір шындығымен, шыншыл жүргегімен жаудырап, тыныс алып тұрған Татьяна... Малын қуған даугер, кісі малын жем қылған кияс ұры. Былышқан өмірдің бітпес ылаңы. Қажытты да, талдырды-ау!.. Естіп майысқан үнің қайда, Татьяна? .. Есімде ме екен? – деп, алаң қөнілмен домбыраны алып, бағанағы күйді қайта іздел еді. Қос шекті домбыра бағана шешен еді... тапқыр еді... Енді тұсаулы аттай күрмеліп қапты. Үні тырымтырағай. Әлгінде ғана табылған ән енді жоқ. Ұмытылып қапты. Сәрсекенің жаңағы Тұрсын сезіне карсы айтқан дауын тыңдай отырып, бірталай іздел, қарманып еді. Қайта оралар емес. Өшіп қалған, шегініп жылжып кеткен, ұстаптайды. Домбыраны қайта тастады.

Сәрсеке күйіп сейлемеп кеп:

– ... Малымды тағы да алдың, тағы сенсің Тұрсын ... әдейі, егесіп істедің. Мал қуатын, төлеу алатын немесің ғой деп істедің...

– Соқыр көргенінен жазбас ... сенен басқа ел, сенікінен басқа мал құрыған фой, тегі. Тіпті сол бейсенбі түгіл, бүткіл бір ай бойында атқа мініп пе екем әуелі...

Екеуі енді ашылып, шашпан сөйлесіп қағысып барады. Абай ұндеңімей тыңдап отырып, құрсініп қабағын шытты да:

– Апыр-ай, ағайын, осы басқа біреудің алдына барып тергетсендер қайтеді? Көршілерің фой... қағуы қамсыз боп, шыны қазыла түсер еді. Ана Ақылбайға барып тергетсендер қайтеді? – деп өтініп еді.

Бұған Сәрсеке де, Тұрсын да шалқалап болмады. “Бар болсын-жоқ болсын, ақ болайық-қара болайық, не де болса өз байлауыңыз – байлау”, – десті...

Абай осыдан соң ұрыға ажарлана қарап, қатайып ап:

– Ендеше, айт шыныңды. Өліп кетсең де айт. Алып па ең мынаның малын, алмап па ең? – деп ашулы көзбен қадала қарады.

Тұрсын сасқан жоқ, іле жауап қатып:

– Абай аға, сенің алдыңда өлсем шынымен өлем деген сертім бар. Ұры болсам да уәдеммен өлем деген ұрымын. Міне, барым, шыным: бұл жолғы малынан акпын – ... деп, сенсең тымағының мандайын қайқайта қайырып ап, бетін ашып салып, Абайға тік қарай қалды.

Осы сөз, осы ажарын көрген соң, Абай бұған көз аудармай бірталай уақыт тесіле қарап отырды да, ішінен:

– Ұры болса да мынау пішін шының пішіні фой! – деп ойланған бастады. Абай көзін аударғанша Тұрсын да жаңағы қалпынан өзгерген жоқ. Міз бақпай тастай боп шаншылып отырып қалды. Мұнысы да әсер етіп еді.

Абай:

– Бәсе, бұл шынын айтады, айта алады. Мынада сенің малың жоқ. Басқадан ізде! – деп Сәрсекеге көз қырын бір тастады да, байлауын жасады.

Тұрсын тымағын қайтадан ондаған киді. Мұнда да, Сәрсекеде де қайта қатқан үн болмады. Жалғыз-ақ енді Сәрсеке төмен қарап, тұнжырап қалды.

Абай бұлардың сөзін бітіре беріп, домбырасын қайта алып, мыналарға:

– Ал, сөздерің бітті. Енді ас-суларыңды ана қонақ үйге барып ішіндер! – деп, өзі домбыра ұстаған бойында Татьяна хатына қайта үңілді.

Сәрсеке мен Тұрсын катар тұрды. Бірақ басында, үйге келгенде Сәрсекені жоғары отырғызып, өзі босаға жақта отырған Тұрсын көзірде де шет ел адамы деп жоқшыларды алдымен шығарып, өзі артынан кетті. Бірақ қонақ үйге бармастан бұрын, бұлар бір кішкене ұзынша қаранды далаңмен жүріп өту керек еді. Сонымен келе жатқанда Тұрсын үн шығармастан аузын керіп тұрып, сылқ-сылқ құліп алды. Үндемей ұзақ күле білетін әдеті бар еді. Өзіне-өзі қатты сүйсінген кезінің бірі болды.

Шынында, ол бұл жолы үлкен артистік істеп шығып еді. Құзді күні алысқа аттануға ерініп, көрші отырған Қанайдан үш жылқыны әкеп сойып алғанда осы Сәрсекелер қызып жүріп Абайдың алдына болмастан алғып келген. Сонда қағу үстінде бұл бір байлау жасап еді. Абай “алдың ба, шыныңды айт” дегенде екі сөзге келмesten:

– Алдым, бұйрығыңды айт, өлдім, – деген еді. Талайдағы ұрыдан Абайдың оп-оңай шынын айтқан ұры көргені осы еді. Сол арада:

– Ұрыдан менің алатын парам – шындығы... – деген болатын.

Тұрсын сонан соң ішіне бір нәрсе түйіп кетіп, екі ай уақыт өткізіп жіберіп, дәл сол Сәрсекеден бір-ақ тұн ішінде барып, бес жылқы әкеп жайластырып алған болатын. Бұл жолғы ұрлығын маңайдағы жанның сезгені жок. Екінші, әдейі бір қатты боран боп тұрған тұнде барып, із-тоз қалдырмайтын кезде қағып кеткен болатын. Сондықтан Сәрсекенің ендігісі сезік болмаса, ізі де, айғағы да жоқ дау болатын. Осындай жайларға сүйсініп, Тұрсын Абай алдына келерде енді:

“Бұл жолы өлсем де алғам жоқ деп өлейін” деп, тас-түйін боп бекініп келген. Сол есебі дегеніне жетіп, Сәрсекені де, Абайды да қабат ұтып шыққанына құліп еді.

Бұл қонақтар кетісімен Абай Татьяна әнін қайта ізден, “Амал жоқ, қайттім білдірмейді” домбыраға ынырана қосып көріп еді, жаңағы әні де жоқ, ұмытылған. Сүйткенше қарсы үйден шыққан бірталай кісі тағы үстінен кірді.

Бұлар кішкене Молда, бағанағы Мұқаметжан екен. Және осылардың алдында тоғыз құмалақтың ағашын бір қолына ұстап, тері дорбашадағы тастарын бір қолына алған Көрпебай кіріп келе жатты.

Келгеніне үш-төрт күн болса да, Көрпебай Абайға тоғызы-құмалақтан әлі жөндеп ұтқызған жок. Соңғы күндердің бір қатты бәсекесі болып алған ойын еді. Кейде таңертең шайдан түстікке шейін ойнағанда бір ойынды тауыса алмай айрылысатын. Кеше, кеш бойы Абай кітап пен жазу үстінде болды да, ойын үзіліп қап еді. Енді Көрпебай мен тоғызықұмалақ кіргенде Абай “тағы алаң кірді, қоя тұрайын” деп Пушкин беттерін жауып қойып, Көрпебайға:

— Құр құмалағыңды, кешегінің есесі енді қайтпаса, сен ағалап тұрсың! — деді. Сары сүйектен істеген жылтыр құмалақтар ұядан-ұяға тоғызы-тоғыздан сырт-сырт түсіп жатты. Абайдың ұяларын да Көрпебай толтырып жатыр еді. Мұның қолы ағаш үстінен жүргенде лыпты қалқып жүрген сияқтанады. Ұяларға санап түсіріп жатқан тастарды қандай қозғалыспен, бөгелмestен бір-бір тастан түсіріп жатқанын байқау киын.

Абайдың кейбір қыстарда, үде отырып қалғанда, әдейі шақыртып алып жиырма күн, бір айдай табан аудармай ойнап қалатын кісінің бірі Мақыштың Смағұлы не Марқабай болса, тағы бірі осы Көрпебай болатын. Ишінде Абай бар, осы үш-төрт ойыншы бұл атыраптағы басқа ойыншылардан озып, ағалап шыққан. Өзара бәсекесі құшті ойыншылар еді. Абай мен Көрпебай ойынға кірісті. Басында үш-төрт кезекте машықты бастаулар бойынша, екі жағы да тез-тез жүріп барып, екі-екі ұядан тас алысты. Әлі тұздық алсысып беріскендері болған жок.

Кәзірде бұл ойынға Мұхаметжан, кішкене Молда, Қарасақау-лар да қадала қарап отыр еді. Мұхаметжан бағана қарсы үйге барған бетінде Абайдың өзі жазған қағаздан Татьяна хатын түгел көшіріп алып, артынан кішкене Молдамен салыстырып бірге оқып шыққан-ды. Молда бұл өлеңді сиямен көшірумен бірге жаттап та алған екен. Сонысын көрген Мұқаметжан Абайдың қарындашпен жазылған қолжазбасын төрт бүктеп, өз қалтасына салып алған.

Тегінде Абай өзі жазған өлеңін молда көшіріп, жастар жаттап алған соң, “алғашқы жазған қағазым кайда” деп іздемейтін. Сондықтан, Мұқа, Көкбай, Мұхаметжандардың қайсысы болсын, әрқашан осылайша кез-кезінде қойыны-қоныштарына салып, алып кетісетін.

Мұхаметжанның кәзіргі есі-дерпті Татьянаның әнін қайта есту еді. Бірақ Абай мына қадалған бетінде, ойын аңғары ашылғанша, басқа нәрсені ойға алатын емес. Сонымен жас әнші қалтасындағы қағазды алып, аузы күбірлеп қайта оқып, басқы жолдарын іштей жаттап отырды. Жат үн, жат тілді Татьяна бүрүн бұлардың Абайдан да естіп көрмеген басымен шерленеді.

— Соны сөз деген осындай-ақ болат та, — деп қадалады... Абай әлі де үн қатпай, Татьянасын ұмытқандай боп Көрпебаймен ан-дисуда отыр. Мұхаметжан алғашқы екі ауызды жаттап та алды.

Енді күмалаққа қарай түсіп, домбыраны қолға алып, ақырындал тартып, ішінен “Амал жоқ, қайттімді” өзі білген әнге косып көріп еді. Әзіргі әндерге қосылмай жатыр. Ол өзінің атакты әні “Аққайыңға” да салып көрді. “Топайкөкпен” де жағалатты. Созылмайды, көнбейді. Қиналып кеп Қарасақауға қарайды.

Қарасақау мұның нені іздел отырғанын ана үйде-ақ естіп кеп еді. Енді Абайды осылай аударып көрем бе деп жағалатып, Мұхаметжанға:

— Немене, Татьянаның “Аққайыңды” білгісі келмей ме, қалай? — деді.

— “Аққайың” ғана емес, тіпті біз білген әнге жуысайын деп тұрған Татьяна көргем жоқ.

— Бәйіт, тақпақ сияқты келте шолақ әнге тең келе ме дейім — ... деп Қарасақау Абайға тағы қарап қойды. Абай бұлардың сөзіне енді ғана көніл бөле бастап:

— Солай деймісіндер? Татьяна Татьяна болат та. Ол “Ақбала” да болмас, Бағдат, Мысырдан бәйіт те тілемес! — деп бір қойды да көнілденіп, көтеріліңкіреп алып, бір байын көшіп кеткенде соңғы тасы тарс беріп, Көрпебайдың орта ұясының біріне түсе қалды. Сүйткенде Абай мәз болып, мол денесі селкілдеп, қатты күле жөнелді. Көрпебай сасып, қабагын түйіп, томсарып қалды.

Құмалаққа қарап отырған кішкене Молда:

– Қайыр, тұзлық, биқисап жақсы тұзлық болды... – деп Абаймен қоса құлді. Қөп есептің соңында, дәл осы жерде, Абай кеп “Бел басардан” тұздық алып еді.

Алғашқыдай емес. Қасында отырған жігіттердің нені тілеп отырғанын енді аңғара туспін:

– Қарасақау-ая, Татьянаның бағанағы салған әнін енді қайта айтпайым деп отырғанын көрдің бе? Мына Мұхаметжанға өзің тапсаң тап, болмаса қай қазақтың құлағына сарнай берейін десе керек... – деп Мұхаметжанның домбырасына қол созды... Мұхаметжан домбырасын ұсынып, тізесінде жатқан қағазына үңілді. Ентелей тындақ еді... Абай бұл жолы тартып жөнелгенде, тәнертеңгі ән қайтадан қаз қалпында орала кетті...

– Жоқ, енді айтқысы келген еken. Былай депті ғой, – деп үн қосып, өз аудармасының екі аузын айтты... Сол екінші өлеңі біте бергенде, түкпір үйдің есіргі ашылып, арт жағына бұрылып сөйлеп, шығып келе жатқан Ділдә көрінді. Ол Абайды тыңдай кеп, қасына отыра берді.

Мұхаметжан екінші ауыздың тұсында ішінен қосылып отыр еді. Дәл осы кезде бір мол байын жағалай көшіп келе жатқан Көрпебай, Абайдың артқы ұяларын жағалап, сыйырлата тас тастап кеп, дәл “көк мойыннан” тұздық алып, қона түскені...

Абай:

– Өй, мынау не қып кетті бәтір-ая? – деп, домбыраны Мұхаметжанға бере беріп, қайтадан құмалаққа үңіліп қалды.

Мұхаметжан Ділдәға қарай жамbastай беріп, сыбырлаңқырап:

– Қап, мына біреу бір жапырақ болған неменің қылып кеткеніай! – дегендे, Ділдә:

– О не, шырақ, не қып кетті? – деп құмалаққа үңілді.

– Абай ағамның мына бір жаңа әнін үйреніп кетейін деп, әдейі жолымнан бөгеліп отыр ем, “көк мойыннан” тұздық алдырған кісі енді бізге не қып оралсын? – деп, күбірлей сөйлеп күліп қойды. Қарасақау да өкініп, басын шайқап еді.

Ділдә Мұхаметжанға қайта бұрылып қарады да:

– Кәні, ол әні қандай ән екен? Талайдан үніңді естігеміз жок. Тұстік жеп аттанарсың, айтып берші! – деді.

– Ойбай-ау, өзім де бір-ақ естіп ұстай алмай, дәт деп қап отырғам жоқ па, женеше-ау? – деп Мұхаметжан домбыраға жаңағы әннің басын тыңқылдатып көрді. Келмей жатыр.

Абай бұл кезде бір рет орай жүріп, кезегінен босап отыр еді.

– Жоқ, теріс тартып отырсың, – деп домбыраны қайта алып, тағы тартып берді. Үш-төрт тартып өтіп еді. Мұхаметжан домбыраны қайта алғанда, тартып та жөнелді. Сол арада жаттап алған екі аузының әнге де салып берді...

– Жоқ, Татьяна Мұхаметжаннан үріккен жоқ. Танысты... Бірақ, айта тұс деді, – Абай. Соңан соң рұқсат алып алған Мұхаметжан, өзінің зор таза үнімен шырқай жөнелді. Тізесінде жатқан жазуына көз қыығын тастап қарай-қарай отырып, барлық Татьяна хатын ірікпей айта берді. Құмалақ тоқтап қалды.

Абай міз бақпай, кірпік қақпай тыңдағандай еді. Ол қазір Ақшоқы биіктегіне көз жіберіп, бағана өзі теңеген Пушкинді еске алып, Татьяна сазын үйи тындайды... Өні сұрланып, бойы тоқазығандай болады. Өзі сөйлеткен сөз, өзі жырлатқан үн ең алғашкы рет әрі жас, әрі сұлу, әрі әсем әншінің көлденен үнімен айтылғанда енді өзін де қатты толқыта әсер етті. Абайдың ажарына қарап, үйдегінің бәрі де құлақ қақпай, қыбыр етпей Мұхаметжанның аузына ғана қарап қалып еді. Қазақ әні емес. Бірақ сондай бір мұнда шермен, ұғымды күймен ыргалған майда коңыр толқын тәрізді.

### Мұхаметжан:

– Енді айрылып қалмайын. Жадыма тоқып алайын! – дегендей боп тоқталмай айтады. Сонымен бірге өзі де бойы шымырлап, көнілі елжірегендей боп, қатты сүйсініп айтып еді. Алғаш танысқаны осы болса да, ол Татьянадай назды жасты көз алдында көргендей боп, шындал сезініп, ұғынған сияқты боп еді. Осы әннің үстінде ұғынды.

Әннің токтата берді.

– Тал бойынды ұйытқандай сорлы, шерменде екен-ақ! Мұны осыншалық күніренте күйзелткен қандай ғана неме екен, Абай аға? – деп Абайдың қарады.

Тыңдаушы өзгелер де бұл сұрақты аса орынды көргендей еді. Отырғандар да Абайдың жауабын күтті.

Сүйткенде жеңілтектеу кішкене Молда:

– Пошキン, айтқызып отырған Пошキン, Пошキン ғой, – деді...

Мұхаметжан мұның қиліккенін жаратпай қап:

– Қоя тұршы, Молда. Пошキン демей ... тіпті сол ақынның аты да сен айтқандай емес деді...

– Е, енді қалай екен?.. Мен бек дұрыс айтам, солай, – деді.

– Жоқ, менің бағана құлағым бір шалып қалып еді. Абай ағам Пушкин деген сияқты еді. Осының дәлі қалай, мына кішкене Молда екеуіміз ана қарсы үйден дауласып кеп отырмыз осы туралы, – деп Мұхаметжан мұны да сұрады.

Абай Пушкиннің туысын, өлімін айтып беріп, жаңағы Татьяна хатына қайта оралды.

Мұхаметжанның жазбасын қарап, ойланып, кейбір жерін түзей отырып, қарап шығып:

– Осы да жүректегісін жеткізе білген-ақ тіл-ау! – деп отыр. Шынның шыны керек те. Пушкиндей ақынды қазақ баласы сен де, тіпті ісі мұсылман ғаламы сен де әлі көрген жоксын... не десен үй де! – деді.

– Иә, әйтеүір мына қыз байғұс шер-шеменін айта білген-ақ, құдай кәнікей, – деді Қарасакау.

Көрпебай осы кездे құмалаққа таман тағы үңіле беріп еді. Мұхаметжан байқамаған бол, тізесімен шетке таман сырыйп жіберіп, Абайға:

– Бірақ енді сол Татьянаның осындай үні жауапсыз қалғаны әділет пе, Абай аға, жігіт те бір орай сөзді айтса макұл болмас па енді, – деді.

– Бек дұрыс айтады Мұхаметжан! Күмәнсіз дұрыс сөз осы, Абай аға ... – деп кішкене Молда да Абайдан тілек еткен кісіше қарады.

Абай аз ойланып отырып:

– Ол да дұрыс екен. Онегинді сөйлету керек болар... – деп біраз отырды да:

– Эй, бірақ ол өзі опасыз еді, әй! – деп үндемей қалды. Пушкинді қайта оқуға кірісті.

Сол күні Абайдың түстігінен жеп алып, Мұхаметжан Семейге карай жүріп кетті...

Кеш бойы Абай Пушкинді қайта оқумен болған еді. Бүгінгі күн анда-санда алаң еткен ол-пұл жайлар болса да, Абайдың Пушкинге ең алғашқы рет таныса жақындастып, туысын тапқандай боп толғана бой ұрған күнінің бірі еді. Кеш піскен еттің алдында Пушкин кітабын жауып жатып, Абай үй ішіне естірте:

– Дүниеге көзімді аштың-ау, Михаэлис. Енді қағбам орнынан көшіп, күн шығысым күн батыс, күн батысым күн шығыс бол барады. Солай болсыншы, – деді!

Ас ішіп болған соң үйдің іші жатпай, күндегі әдеті бойынша Абайдан бір әңгіме шығар ма екен дегендей боп, ұзақ отырып еді. Алдында шам жаққаннан асқа шейін кітап оқыған Абай, енді үйде жиылып отырған молда, бәйбіше, Қарасақауларды еске алып, әсіресе, Абай әңгімелерін телмірте күтетін атақты ертекші Баймағамбетті еске алып, үй ішіне бір әңгіме айтып бермек болды. Сонымен тұн ортасына шейін міз бақпай, қадала қарап тыңдаған мәжіліске бұл тұнде “Шаһризаданың” жаңада оқып шыққан пәленінші кешін, Шәркен-Зұқіл Мәкен жайын баян етіп отырды...

Бүгінгі кеште Семей қаласының күн батыс жақ шетінде Таңжарық деген ұсақ саудагердің үйінде бірталай жастың басы қосылып еді.

Таңжарық үйі Абайдың тағы бір туысқаны Қысатай деген жас жігіттің пәтері. Қысатай қырдағы машығымен қалада да конақшыл, көпшіл болатын. Өзі үн демес, жас болумен бірге ол маңайына көп адамды жинап, көңілді мәжіліс құруға әрқашан құштар сияқты болатын.

Мұның бүгінгі қонақтары Абайдың ылғи етбауыр жақын туыстары мен шәкірттері еді. Қазірде мәжіліс ағасы сияқтанып, төрде отырған зор үнді, қошқар тұмсық, мол денелі жігіт – Көкбай ақын. Мұның Абай жоқ жердегі әдеті – суырыла сөйлейді. Сейлекенде тәуір көрген нәрсесін құлай мактайды. Ұнатпаған жайларды тұқырта, қазымырлай айтады. Әрқашан бейімдеген жағына қарай ауып түсіп, қалатындей боп, асып түсіп отыратын. Сонысымен өзгелерді құлдіре беруші еді.

Қысатайдың бұл жиындағы дағдылы сый қонағының бірі қалың қара сақалды Шұбар ақын. Ол Абайдың жақын інісінің бірі. Көкбай мұсылманшаға жетік болса, бұл бір жағынан орыс-

шаны да білетін, Абайша орыс кітаптарын да қарай жүретін еді. Абайдан жасы кіші Көкбай да, мына Шұбар ақын да Абай алдында көп жазылып сөйлемегенмен, ол жоқ жерде өздерін “қалған қазақтың білгіші де, ділмәрідеміз” деп бағалайтын.

Шұбар ақын әдемі киінетін сыланған кербез еді. Жаңада сатып алған алтын сағатының алтын бауы қара желетінің омырауында жарқырай салбырап отыр. Ол тартына сөйлейді. Бірақ ірге бермей іле сөйлейтін нығызы еді.

Шайханашы (*куліп*). Мазасызданба, мазасызданба, мағлұм, онда жоқ... Онда шамал еседі (*Күледі. Жәлелдер ақырын сөйлесіп отырады.*)

О спа н о в. Енді не аласың? Аш отырам ба мен?..

Шайханашы (*Оспановтың етігін көрсөтіп*). Беш күн аш бараман!

О спа н о в. О-ой, түрсіз... Сен менің барымды алдың.

Шайханашы. Мән түгіл, өзлөрі ашады күу...

О спа н о в. Етігімді ақшаға сатам... Кел ал... 30 сом... (*Шайханашы басын шайқайды.*) Болмаса 30 күн палау бер... (*Шайханашы күледі. Палауды көтеріп, көлбектете береді.*)

Сабыр. Эй, сенің ақшан жоқ па? Мә, мен ақша берейін.

О спан о в. Сіз кімсіз?

С а б ы р. Кім екенімді не қыласың? Ал...

О спан о в. Әуелі айтыңыз...

С а б ы р. Бейсеновпрын...

О спан о в. Ә, қазинституттағы тіл молдасы...

С а б ы р (*kekemіn*). Молдасы...

О спан о в. Енді не, ғалымы ма?

С а б ы р. Е, ол көп пе?

О спан о в. Көп, әрине... Қазақ тілінің бүгінгі тексерілуі мектеп грамматикасының ғана көлемінде ғой.

С а б ы р. Не дейсің, өй?.. Мынаның қеудесі қалай?.. Фарсы, орыс тілдері ғана ғылым дейсің ғой!

О спан о в. Эрине, олар ғылыми тексерілген.

С а б ы р. Мынау ше?!

О спан о в. Бишааралық стадиясы (*Жәлел күледі*.)

С а б ы р. Ырымың жақсы екен, шырагым... Тіпті неткен ойшылсың, жаным-ау?.. Тағы дәлелдеп көрші.

О спан о в (*шұғыл сырт берін*). Уақытым жоқ (*Аналар күледі*.) Е, тағы әлі кездесеміз... мен доказатаймын, обосноватып берем әлі бәрін (*Жәлел, Сабыр күледі*.)

С а б ы р. Жарайды. Ақша ал...

О спан о в. Жоқ, алмаймын ғой мен сізден... (*Шайханашыға*.) Әй, тұрсіз... 20 күн... (*Шайханашы басын шайқайды. Оспанов бұрылып кетін, төсегіне барып отырып алып*.)

Әз асман ше миһуани,

Дәр зэмін ше мијуби?

Гунбір зұлым әст ән!

Шадр һайал әст ин<sup>9</sup>

Ж ә л е л (*күлін*). Ха-ха-ха! Үлкен оригинал мынау... Палаусыз қалдырған күнәніктер жерге Лермонтов ғонениесін жасайды...

С ур е т ш і әй е л. Өте интересный студент... Мен суретін саламын (*Бұрылады, салмақ болады*.)

О спан о в (*шұғыл теріс бұрылып, кекемін*). Nein, meine Frau, ich Nill nicht!<sup>10</sup>

Ж ә л е л (*күлін*). Тәжірибе... тәжірибе. Бар білгенін қолданып көреді. Sis sprechen auch Deutsch, genossen?<sup>11</sup>

О спа н о в (*тепіс қараган бойымен*). Ich spreche Deutsch aber ich spreche nicht Russisch<sup>12</sup>.

Ж ә л е л (*куліп*). Қызық... жақсы номерлер тастайды (*Суретші әйелге*.) Ол ырза емес.

С у р е т ш і ә й е л (*куліп*). Мен бәрібір саламын суретін.

О спа н о в. Түрсіз, мынау қоя ма, қоймай ма?..

Ж ә л е л (*әйелге*). Сала беріңіз! (*Күледі*.)

О спа н о в (*шұғыл бұрылып, шартта жұғініп, екі мықынын таянып, танауын ежірейтіп, көздерін бажырайтып отыра қалады*). Ал, сала ғой! (*Жұрттың бәрі күледі*.)

С у р е т ш і ә й е л (*сала алмай, күліп отырып*). Мен бәрібір осы қалпыңызды саламын. Ах, какой вы смешной! И чего вы испугались?<sup>13</sup>

О спа н о в. Мен орысша білмеймін.

С у р е т ш і ә й е л. Неправда! Бәрібір мен саламын. Сіз осы күйіңізде журналға басыласыз...

О спа н о в. Е, түрсіз! (*Күліп, шалқасынан түсіп, қызга қарсы бір аяғының үстіне бір аяғын қойып, кітабын оқып жатып алады. Жұрт күледі*.)

Ж ә л е л (*тамбырышыларға белгі жасайды. Олар тартады. Сабырга*). Жә, институттарында қалай? Кадр даярлауға жақсылап кірістіңіздер ме?

С а б ы р . Кірісіп жатыр жұрт. Иә, даярлаймыз кадр.

Ж ә л е л. Рас, бұларға кадр, кадр керек. Сенбейді сіз бен бізге... Өздері соғып шығарған, әрбір винті белгілі стандарт құрал керек оларға...

С а б ы р. Ол құралды біз де даярласамыз ғой! (*Күліседі*.)

Ж ә л е л. Мәселе сонда. Ал кадр жалғыз оларға ғана керек емес... Бұнда осындай көп институт бар. Тәжік, түркпен, біздің өзбек мектептері.

С а б ы р. Иә, оларда қалай істеледі?

Ж ә л е л. ھеммасында да ойланып, есептеп істейтін көп-көп істер бар. Білесіз бе, бұның қандай шебер іс, қызық іс екенін?

С а б ы р. Бұл майдан... Тартыс!..

Ж ә л е л. Міне, дұрыс айттыңыз... Бұның үстіңгі беті емес. Ол шаулап, жалтылдан барсын барсын... Тереңірек сұнгіңіз. Подводное течениесін сіз, сіздер менгеру керек.

С а б ы р. Біраз шикізат, сырье көп. Өнімді ешнэрсе шығады дейсіз бе? Басқа өнімдірек...

Ж ә л е л (күліп, жарыса). Сіз министр емес, педагогсіз, Сабыр әфенде! Аздан ұлken, оңайдан қын. Бұлардың бірде-бірінің түйіні белгісіз, байқаусыз, өзінен өзі болады...

С а б ы р. Көп күту, аксақ қойдай көп бағу керек қой.

Ж ә л е л. Солай. Бірақ әр жерде почва қажет. Сонда ат жүрісінің тәжірибесін пайдалану керек.

С а б ы р. Бұл оригиналдықты іздеу болмас па?

Ж ә л е л. Оригинал, бірақ реальный іс... (*Оспанов тұрып, шайханашыга келеді.*)

О сп а н о в. Жә, болдың ба?

Ш а й х а н а ш ы. Беш күн аш бераман.

О сп а н о в. Жиырма күн (*Шайханашы басын шайқайды. Палауды аударыстырады.*) Ей, тұрсіз. (*Шайханашы теріс бұрылып, күліп, басын шайқай береді.*) Бері қараашы (*Аздан соң.*) Жә!.. Мә, әпкел. Бес күн. (*Етігін шешіп береді. Бір табақ палау салып алып, орнына қарай шайханашыны құшақтан алып келе жатып, тамбыр күйіне билейді. Орнына отырып, жеп жатады.*)

С а б ы р. Мен сізді біздің саясатшылармен таныстырам.

Ж ә л е л. Құп, һәммасымен де. Мен мұндағы партийный қазақ жігіттерін және Батыршаларды білемін...

С а б ы р. Ә, солай ма?..

Ж ә л е л. Мен білмейтін кісілер Орта Азияда аз. Жаңада келген сіздерді ғана білмеймін... білмесем...

С а б ы р. Дұрыс, таныс еместерінізді айтарсыз... Сөйлесіп көріңіз олармен де...

Ж ә л е л. Қазақ интеллигенциясы мені интересовать етеді. Біздерде олардан қашатындар да бар... Әмма мен ондай емесспін.

С а б ы р. Бізде де әртүрлісі бар. Көрерсіз. Бірақ тіл, емле, термин жайы, институттар тәжірибесі... Ортақ мәселе көп қой... істесе көрерміз, танырсыз.

Ж ә л е л. Біздің Юсуф қари да сіздің адамдармен танысады тілейді.

С а б ы р. Ә, ол осында ма қазір?

Ж ә л е л. Осында.

Сабыр. Тіпті жақсы, онда бәрімізді де таныстырыңыз...  
(Темірбеков кіреді. Сабырмен басын шұлғып амандастып отеді. Оспановқа барып күлісіп, әзілдеседі. Қасық әкеліп, оған да палау жегізеді.)

#### 4-көрініс

Сабыр (Жәлелге). Мынау жайсыз адам... ананың да беті байқалды енді.

Жәле. Ә. (Күліп.) Ол қызық, қызық жігіт...

Сабыр. Мен кеттім. (Қоштасып кетеді.)

Жәле (сурешіләйделдің қасына келіп, салғандарын қарап, студенттерге естіріпте). Міні, дұрыс. Орта Азия баспасының бетінде бұндай әсәрләр басылса дұрыс. Кеңес баспасына лайықты реальный шырық. Көп суретшілер не істейді? Шикари, паранжы, минарет. Буржуазный Еуропаның обыватель воображениесі<sup>14</sup> керек қылған экзотика шырқын суреттейді...

Суретші әйел. Сіз маған дүниені тануға көп жәрдем етесіз, Жәлел Жафарович!

Жәле. Айя, сіз бен біз нашар союзник боламыз. (Колтығынан алып.) Сол үшін сіз маған редакциядағы ортақлардың жаңалық секреттерін айттыңыз. Мен олардың бәрін білем ғой. Жүрізі... (Артына бұрылынықырап.) Ә, мына студентті салдыңыз ба? (Күледі. Оспанов теріс қарайды, Темірбековке де теріс қара деп, теріс қаратады.)

Суретші әйел (күліп). Жок, салдырмады... чудак. Қош болыңыз, студент. (Оспанов саусағының үшін сілтейді. Кетеді.)

#### 5-көрініс

Темірбеков (бұрылып отырган қалпында күліп). Бұн не бұйрығың? (Оспанов тез бұрылып, палауды өзі соғып жатады.) Енді қашан... Бұрылуға бола ма, жок па?

Оспанов (өтірік кейіген болып). Тұра тұрмайсың ба, түрсіз. Кетсін...

Темірбеков (бұрылады, палау жеселініп қойған). Бұның нең, әлгілерге неге олай істейсің?

О спан о в. Е, сүйкімсіз кісілер... Жақсы жігіт болмай-ақ қоям соларға.

Т е м і р б е к о в. Мына Жәлел де ғылым қызметкері ғой.

О спан о в. Иә, Бейсенов те солай. Сонымен ашынажай көрінеді... Кешегі саясат құрған алашорда бүгін ғылымдағы алашорда болған ғой...

Т е м і р б е к о в. Ә, институттарды торыған бөрілер дейсің ғой.

О спан о в. Мен олардың “ғылымым, табысым, еңбегім” дегеніне табынғым келмейді. Искренний ісі жоқ. Қай саланы ұстаса да, пұшпағынан ұстап бір үңгірге тартады (*Kүліп*.) Сондықтан мен кейбіреулерімен кездескенде әдейі шантарына от тастап қоям. Тулататын сөздермен!..

Т е м і р б е к о в. Мәселе сөз дегенде емес. Оған мәз болма енді, істе кездесуге тұра келер. Мен сені әдейі Есенге ертіп барып сөйлескелі келдім.

О спан о в. Немене, мен онда қызметте жоқпын ғой...

Т е м і р б е к о в. Жоқ, болсан енді боласың. Біз басқа ВУЗдарды бітірген, бітіруге айналған комсомол, партийтер активін жана институт айналасына тартпасақ болмайды...

О спан о в. Е, хасеновшілер де қыбырлай бастады ма?

Т е м і р б е к о в. Қыбырласын-қыбырламасын, бәрібір қам керек. Жүре сөйлесеміз... жүр...

О спан о в. Жұр (*Тұрып қамданысады. Оспанов жүріп бара жатады. Аяғында галифе шалбарына киген шебелет.*)

Т е м і р б е к о в. Ой, мынауың не? Етігің қайда?

О спан о в. Е, жүре бермейсің бе, бас-аяғыма қарап, тұрсіз, сені қатындыққа алғалы тұрған кісі ме мен...

Т е м і р б е к о в (*тоқтап*). Өй, безобразие мынауың... етік қайда дейім? (*Пауза.*) Айт!..

О спан о в (*тоқтап*). Етік пе, етік қазір (*Шайханашыға қарап, көзін қысып.*) Ташмат ака, екеумізде шын обороттағы капитал!.. (*Саусақтарын айналдырып.*) Товар – акша, акша – товар... Палау – етік, етік – палау... (*Ekeyi де күліседі.*)

Т е м і р б е к о в. Тағы да ма... Түү, без-з-образие!.. Жарайды, бітсін енді бұл. Білдің бе, соңғы рет. Немене елге, жұртқа құлкі бол (*Шайханашыны шақырып an, акша беріп, етікті әпереді.*)

О спа н о в (күіп жатып, кекетіп). Соңғы рет... Құдды мен ішіп қойған кісі... Кінәлі мен деп білесің бе?

Т е м ір б е к о в . Енді кім?

О спа н о в . Стипендия жібермейді. Наркомпрос, түрсіз! (Күліседі. Шығып кетеді.)

Шымылдық.

## ЕКІНШІ СҮРЕТ

Сахна екі бөлме. Оң жақтағысы – партячейка хатшысы Есеннің кабинеті. Екіншісінде – жастар ұйымының хатшысы Малдыбаев. Бөлмелер арасында есік. Бұдан басқа екеуінен сыртқа шығатын есіктер де бар. Қабыргаларда көсемдердің суреттері. Уақыға екеуінде кезек-кезек. Жарық та солай өшіп отырады. Әуелде Есен бөлмесінде жарық жок. Малдыбаев өз бөлмесіне келіп, қатуланған жүзбен қағаздарына түйіледі. Аздан соң Әбіш Жантеміров кіреді.

### 1-көрініс

Ә б і ш. Не хабарлар?

М а л д ы б а е в . Ә, Әбеке, бұнда біраз әңгіме бар. Отыр.

Ә б і ш. Қош (Отырмайды. Үстелге етпептінен артыла жастады.)

М а л д ы б а е в (акырындау). Жаңа Темірбеков пен Есен окушылардың барлығын қайта қарастырып шығамыз. Приемда арамсирақтар толыпты деген әңгіме шығарып отыр.

Ә б і ш. Өздері бастай ма, нұсқау бар дей ме?

М а л д ы б а е в . Кіндіктен қағаз бар дейді. Бірақ мәселе онда емес. Темірбековке бір белсенділік көрсетіп көрінуі керек сияқты.

Ә б і ш. Себебін, дәлелдерін айта ма?

М а л д ы б а е в . Сөйлес, айттар өзіңе. Тегі Темірбековтен мұнданай іске бөгет шықпаса, көмек шықпайды.

Ә б і ш. Шұғыл байлау жасамай тұра тұр. Анысын андау керек шығар. Қорытынды жасауға ертерек. Бұл сондай мәселе емес пе?

М а л д ы б а е в . Е, ол рас қой. Мен де қарсымын дегенім жок.

Ә б і ш. Иә, ол солай, ортақ<sup>15</sup>, өзгелері не дер екен? Ашылады рой.

М а л д ы б а е в . Өзіңнің пікірің қалай? (*Күледі.*)  
Ә б і ш . Ойлану керек. Женіл мәселе емес (*Лала кіреді.*)

## 2-көрініс

Ә б і ш (*шұғыл бұрылып, салғырттау әзілқой пішиімен.*).  
Ә-ә... мархаба... мархаба<sup>16</sup> (*Екі қолымен орындықты көрсетеді.*)  
Мұсілім ұзатып салды ма бұл жерге шейін, жоқ жападан-жалғыз  
өзінің келдіңіз бе, әлде тағы да (*Бәрі күліседі.*)

Л а л а . Қо-ойыңызышы, Әбіш! Қоймайды екенсіз тіпті бір  
нәрсени.

Ә б і ш . Е-е, ұзатып келетіні бекер ме еді? Соны ғана айтам,  
ортагым Лала.

М а л д ы б а е в . Ұзатса не айыбы бар еken. Даулассаңызышы,  
Лала!..

Ә б і ш . Әлбетте, әлбетте... Келсе ере келген өзінің ері.

Л а л а . Бүйте берсенің мен ренжимін сізге, Әбіш. Шын айтам.  
Немене сіз мені преследовать ете бересіз<sup>17</sup>?

Ә б і ш (*Күліл, құбылып, Лаланың алдына иіліп, көзіне қарап.*).  
Алла сақтасын, олай деменіз. Преследовать деген үлкен ғайып,  
біраз кемітүінізге болмас па еken? (*Күледі.*)

Л а л а (*Қоса құліп, еркеленіп*). Болмайды... болмайды... Ай-  
ыптысыз. Кешірім жоқ (*Түргегеліп жақында*.) Білесіз бе?

Ә б і ш (*Жарыса, түсін салқындатып*). Сіз комсомол кандидатысыз. Партиялық жолдасымыз барабарында. Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды. Біз кейбір сондай жайларды айтуға мәжбүрміз де, ортағым... (*Арқасымен Малдыбаевты масалап, Лаланың бояулы ерінін нұсқап.*) Мәселен... мәселен...  
(*Жөткіреді.*) Айнаңызды алып қараңызышы!

Л а л а (*Қырланып*). Вы опять за старое?<sup>18</sup>

Ә б і ш . Ну, возможно ли?<sup>19</sup> Айтпап па едім, қазір партия мен комсомолдың біріккен жиналысы (*Лала айналып кетіп, айнасына қарап, ернін сүртіп жетады.* Әбіш теріс айналып, ақырын сылқ, сылқ күледі.)

Л а л а (*Қайта айналып*). Әбіш, мен сізben сөйлеспекші едім  
(*Әбіш салқындау жузбен айналып, Малдыбаев қасына барып ақырын сөйлесіп тұрады.* Бір қағаздарды бірге қарасады. Лала

дал болып тұрып, төменишіктеп басылып қалады. Бөлмеге екі-үш комсомол кіреді. Малдыбаевқа жақындаиды. Бұл бөлmede жарық өшиеді. Есен бөлмесі.)

### 3-көрініс

Бөлmede Есен, Темірбеков, Оспанов қағаз қарасып отыр. Осында директор Сыдық кіреді. Сұр костемі бар, ақ жағалы, салмақты, нығыз. Отырғандар орындарынан тұрып қол беріседі.

Сыдық. Наркомпростың кешегі қағазы не?

Есептін. Мінеки, Темірбековте, оқып танысарсың! (Темірбеков үндемей ұсынады.)

Сыдық. Не дейді бұлар?

Есептін. Оқушылардың составын тыңнан анықтап зерттеңдер дейді. Қолайсыз болса іріктеңдер дейді.

Сыдық (кекетін). Жарайды. Барлығы Қазақстан ағарту орындарына келсе, жаңа ғана аз-мұздап оқушы санын құрап іске кіріспін отырсақ, енді тағы қиқы-жиқы қылмақ қой.

Есептін. Оқып шықсаншы, сейлесерміз!..

Сыдық. Бір тәуір істі тұтасымен тәуір қылып істеп шығу мүмкін бе? Не қылса да бір жерін бірдеме қылып былықтырып, кираланға салу керек қой... Нисті тазарту жүргізбек шығар?!

Темірбеков. Оны дәлді айтпапты, бірақ сондай қорытынды шығаруға болады.

Сыдық. Жо-о-қ. Ондай қорытынды шығарылмайды. Бұл ВУЗ совпартшколы емес! Мұны да әлденеге ұқсатып, ертең “анаубай баласы, мынау ақсүйек баласы” деп, оқушылар бірін-бірі көрсетіп, пәле-жала жауғызын дейді ғой... Бірінің үстінен бірі. Біздің бастауыш, орта мектептер ең алдымен сондай тәрбиеге үйрететін оқушыларын...

Оспанов (Темірбековті салып қалып). Апрай, бұл ВУЗ дегенің осындай қасиеті болады еken-ay. Бұл жарықтық?

Сыдық (Timirejin). Е, не бопты?..

Оспанов. Жоға, дейім-ая... (Темірбековке) Директор жолдастың айтуынша, бұрын рауда сайтан әке-шешеміз болыс, би бола қалған болса, енді бәрі салауат еken ғой... Мұнда келген

соң тегі арылады екеміз ғой багаж пәлесінен? Бұл, ВУЗ атмосферасы деген осы екен-ау, тегі (*Темірбековті түртті*.) Солай ма, ей, айтсаңшы сен, тұрсіз?!

Сыдық. Иә, атмосфера болса сол, бәсе... ВУЗ ең алдымен төс табандаған енбек, талап, ілім іздеу атмосферасын жасап алсын. Сайлау басы, штат таласына мұны айналдырмау керек.

Темірбеков. Бұның бәрі артық сөз емес пе? Тазарту керек болса, ол партияның нұсқаған бағытынан кенес тәрбиесінің көздеген мақсұтынан тумай ма?

Сыдық. Орыс ВУЗ-ындағы тәжірибелі бізге қолдану түгіл, әзір сөйлеуге де ерте. Оны істеуден бұрын әуелі ВУЗ тұрғызып, соны 5–10 жыл жасатып, жетілтіп ал.

Есен. Әуелі оқып таныс. Пікір алдысармыз.

Сыдық. Бұны даурықтырып жарияламаңдар... Мен крайком, кульпрофка, Наркомпросқа хат жазып анықтаймын, шешемін.

Есен. Біз мұны партия ячейкасында талқылаймыз. Коллектив қорытындысы содан кейін белгілі болады...

Сыдық. Ә, солай дейсің бе?.. (Пауза.)

Бірнеше шәкірттер кіреді. Жарық өшеді. Малдыбаев бөлмесіне ауысады.

#### 4-көрініс

Бұрынғы үшеуі.

Әбіш (*Лалага*). Менде жұмысым бар дедіңіз бе?

ЛАЛА. Ие, мен сізben әлгі Mұсілімнің інісін стипендияға алу туралы сөйлеспекші едім (*Есік ашылады. “Ә-ә, мұнда екен ғой” деген дауыстардан соң Батырша, Сейткерей, Сабыр кіреді. Құлісін, жайраңдасып келеді. Бәрінде де көзілдірік.*)

Әбіш (*Лаладан сырт айнала беріп*). Қазір...

ЛАЛА. Әбіш, тыңдан бітірсөнізші!

Әбіш (*Лалага*). Сабыр, ортағым, сабыр (*Келгендерге құліп*.) Қош келіпсіздер, комсомол жолдастар (*Тегіс құліседі*.)

БАТАРША (*көзілдірігі арқылы сүзе қарап*). Эй, Сейткерей-ай, қылдың-ау сен-ак! Айтпап па ем комсомолдар үйіне қайдан барам деп (*Малдыбаевты қорсетін*.) Тек мына Иса отырған

соң ғана келдім. Әйтпесе Темірбеков отырсыншы... осы үймен үйірлігім жоқ тіпті, үйір болмаймын да және (*Күліседі*.)

С е й т к е р е й (*ақсыып құліп*, *Майдыбаев пен Әбішке төнін*). Бұл кісі баяғы жасым өтіп кетті, маған не қылады, кәрі өтіп жатқан жоқ дейді ғой, байқаймысың, Иса! (*Батыршаға Есен бөлмесін көрсөтін*.) Мынау үйге қалайсыз? Кәне, шыныңызды айтып көрініші ол туралы (*Күліседі*.)

М а л д ы б а е в. Иә, айтқан соң ол үй туралы да айтыңыз...

Б а т ы р ұ ш а. Жо-о-қ, айтпайым ол үй туралы (*Күлісін*.) Сендер пәллеге итересіндер-ау кісіні. Қалайсындар өздерің?

Ә б і ш (*монтансып құліп*). Әлгі бір сөзінізді біз ғана естиік-ау, тегі (*Ақырын құледі*.)

Б а т ы р ұ ш а. Қарашы тіпті бұлармен қалжындауға да болмайды...

С е й т к е р е й (*жұзін томсартып Исаға*). Жә! Әлгі соңғы бес баланы не қып сандалтып қойдыңдар, қарағым-ау?

М а л д ы б а е в (*Есен бөлмесін көрсөтін*). Шешпей отырған мына жақ. Жаңа да сөйлестім, кейін-кейін деседі.

С е й т к е р е й. Бұл не өзі?

Ә б і ш. Олар жайы басқа бір тыңдау әңгімемен қосылатын көрінеді. (*Қатар бөлмені көрсөтін*.) Бұл жакта анықтау керек. Мен білейінші сол жайларды (*Есен бөлмесіне қарай басады*.)

С а б ы р. Жүріндер, біз де барайық (*Жортта құледі*.)

Б а т ы р ұ ш а. Е, сенің не ақың бар онда, қалай осының өзі?

С а б ы р. Маған еріндер, жүріндер... (*Иса барлығы Есен бөлмесіне кіреді. Лала Әбішті бөгөн қалады*.)

Л а л а. Әбіш, маған не айтасыз? Тындағыңыз келмей ме мені, немене?

Ә б і ш (*куліп жіберіп, жылы ұшырап*). Мыналар әңгімесімен бірге шешіледі ғой. Апрай, маған дегенде ылғи өкпенізді қолыңызға ұстап тұрасыз-ау...

Л а л а (*өңі жылынып*). Білесіз бе, өкпелемеймін ғой мен сізге (*Бір нәрсе дәметкендей жақындаі береді*.)

Ә б і ш (*шұғыл салқындан, бұрылып*). Қайыр, әзірше! (*Лала оңашада тұтанаңп, қиналып қалады. Бұнда жарық өшиеді. Есен бөлмесінде*.)

## **5-көрініс**

**С е й т к е р е й (Есенге келіп).** Шырактарым-ау, әлгі бір бес баланың әңгімесін неге шешпейсіндер?

**Т е м і р б е к о в.** Шешілмес дейсіз бе? Шешілер, неге асықтыңыз?

**С е й т к е р е й.** Жақсы ғой олай жұбату. Сол баланың бірі менің үйімде жатыр. Оның фамилиясы Нязов болғаны болмаса менің жақын інім емес. Алмасандар айтындар. Мен қайтарамын. Бірақ естерінде болсын, ол да, ана басқа төртеуі де өте жақсы оқиды. Зейінді балалар.

**Ә б і ш.** Иә, бәрінің де әзірлігі жақсы, шетінен зерек балалар көрінеді.

**М а л д ы б а е в.** Оқытушы орыс профессорларының да олар туралы отзывы жақсы.

**Т е м і р б е к о в.** Эрине, ол солай болады ғой...

**С е й т к е р е й.** Құдайдың құдіреті-ау, бұл енді не әуре? Біресе бала табылмайды. Зейінді, жақсы дайындалған балалар табылса, сынықты сылтау қылады?

**Т е м і р б е к о в.** Сейткерей ағайдың інісі болса, әрине, жақсы дайындалған болар (*Күледі. Қадиша кіріп отырады.*)

**С е й т к е р е й (қатайып).** Е, қарағым, дертің сол болса, айта отырсанышы сүйтіп. Мен ВУЗ-ға оқытушы болсам, ол менің туысқандарымның стипендияға, мектепке алынбауына себеп болса, ол бір жақсы тәртіп қой. Тері... Жалпы тәртіп бойынша ғылым қызметкерлерінің балалары жұмысшы балаларымен қатарға жуық алынады.

**Б а т ы р ш а.** Орыс ВУЗ-дарының тәртібі сол. Бұл, тегі, бәрімізге тиетін әңгіме. Ашып айтындар. Сондағы жол қалай болмақ өзі?

**С е й т к е р е й.** Егер бәріңнің пікірің осы болса, мен онда бұл меселені кіндіктің, Наркомпростың алдына қоятын боламын. Әйтпесе бұл не өзі? Тегі, бізге қызмет істей мүмкін бе, жоқ па деген әңгіме келеді ғой түбінде... Сөздің шынын айту керек қой.

**Б а т ы р ш а.** Рас. Баламыз, інімізді оқытуға бөгет жоқ деп жүрміз. Көрініздерші, орыстың профессорларын! Кімін аласың, қаніки! Өз баласы былай тұрсын, айта берсең қатыныңың

барлық жақындары да солардың атымен оқиды. Ал, кім еді олар? Бәрі де кешегі орыстың аксүйектері, черносотенцы, айта берсен...<sup>20</sup>

С а б ы р. Ал, дауласындаршы Батырша ағаймен.

Е с е н. Дауласпай-ақ қояйық. Сіздер үйіп-төгіп талайды айтып жатырысыздар. Бірақ мәселе бұл арада ғана шешіле қалмайды.

С е й т к е р е й. Енді қашан шешіледі, қайда шешіледі?

Е с е н. Шешілгенше әзірше оқи берсін...

С ы д ы қ. Оқи берсін де әзірше. Түбінде жақсы оқитын нәрлі окушылар қаңғырып қалмайды ғой. Қалдырмайды. Тегі, бұл алғашқы наборымыз дайындық жағынан жаман емес. Орыс профессорлары тегіс мақтайды.

Ә б і ш. Бәрінің де окуға талабы, құмарлығы ерекше. Жігіт тегіс...

Б а т ы р ш а. Е, ол солай болу керек қой. Қазақтан ой қызметіне табанды, зейінді елі жоқ қой түріктің. Әлі көрерсін, 4–5 жылда осының көбі ғылым қызметкері бол шығады.

М а л д ы б а е в. 4–5 демейік, 10 жыл дейікші.

Б а т ы р ш а. Жоқ, тіпті бес те жетеді. Болады бәрі де ғылым адамы. Солай деп миландыра беріндер қайта...

С ы д ы қ. Рас, сенімін өсіріп отыру керек. Әйтеуір Қазақстанның бүгінгі барлық ісінің осыдан үлкен игілігі жоқ. Осы істің бірде-бір керегіне жарағанымыз өзімізге зор жұбаныш, зор мақтан.

Б а т ы р ш а. Рас, 7–8 жылдың ішінде қазакта да ВУЗ туып үлгірді. Бұдан артық не тілейміз революциядан...

Ә б і ш (*күліп*). Өздеріңізше жақсы-ау, бірақ осы “қазак, қазак” дей беретініңізді қайтсек еken? Өзіңіз мақұлдаған революцияның бірден-бір негізі интернационализм еkenін байқамай кететініңізді қайтеміз?

Б а т ы р ш а. Онисын өздерің қоса бересің ғой (*Күліседі.*) Әй, сендер тіпті болмайды еkenсіндер.

С е й т к е р е й. Ылғи кісіден сығып аласындар да отырасың деңіз (*Күледі.*)

М а л д ы б а е в. Неге, наоборот, біз сығып алмай, өздеріңіз айтатын болыңыздар...

Б а т ы р ш а. Әй, білмеймін, қарағым, айттым ғой мен әйтеуір...

Ә б і ш. Әй, жарықтық-ай, баса алмайсыз да тұрасыз-ау...

С е й т к е р е й. Иә, кібіртікеп мұз басатындай болып (*Күліседі.*)

Ә б і ш. Сабыр не дер еді? (*Сабырга.*) Қане, сөйлесенші?

С а б ы р. Мен бе?

Б а т ы р ш а. Иә, сен, қане, жассың ғой, сен айтшы...

С а б ы р (*салмақпен*). Мен айтсам шынымды айтам. Оқыса қазақ оқысын. Өзгенің қамын жеп не жыным бар (*Өзгелермен бірге күліп.*) Мен коммунист емеспін: анда-санда қазаққа деп тиғен бір болымсыз сыйбаға болса соны да бұйырыңыз деп үлкен ауылға ұсынбаса тамағынан ас өтпейтін.

Б а т ы р ш а. Ақырын-ақырын, сен тіпті ұзап кеттің ғой...

Ә б і ш. Бұл болса сөйтеді. Тегі, осыдан бойыңзыды аулаққа салыңыз.

С е й т к е р е й (*күліп*). Рас, осының отына күйем бір күні. Жолдастар, міне айтқаным, мыналарыңнан аулақпыш. Емдеңдер осыны, қараши айтып отырғанын!

Б а т ы р ш а. Мынау құбызық екен. Мен кеттім мынадан. Ал, міне, күә болындар...

Ә б і ш. Үрікті ғой мына кісілер шетінен сенен (*Күліседі.*)

С а б ы р (*қалжасақтан*). Үндеме, біздің өзара саясатымыз қандай екенін қайдан білесің. Бұл кісілер солай дұспан көзі қылмаса болмайды. Ролім солай (*Бәрі күліседі.*)

С ы д ы қ (*куліп, Батыршаға*). Ал, енді қайттыңыз...

Б а т ы р ш а. Япырай, мынау не деген күйелі көсе еді. Мен білмеймін, танымаймын бұл Ақмола, Семейінді... Мұның тілін мына Сейткерей біледі.

С е й т к е р е й (*күліп*). Жарайды... жарайды (*Сабырга.*) Ал мына кісі үйтетін болса, тағы не десіп едіңдер. Шығар берін де... (*Сабыр ақырын күле береді.*)

Т е м і р б е к о в (*сагатына қарап, Есенге*). Жә, жиылыс бола ма, жоқ па?

Б а т ы р ш а. Әй, мыналардың жиылысы бар екен ғой, кетпейсіндер ме?

**С е й т к е р е й.** Иә, кету керек...

**О сп а н о в** (*кекетіп*). Жоқ, кетіп қайтесіздер... (*Қадишаға жауырының қисаңдатып қалжасақтап*.) Тілеуің бергілер, мәз кып тастады-ау өзімізді құлдіріп (*Қадишаға*.) Солай ма... менің арқамда өркешің өсіп қалмады ма еken... байқашы... (*Сейткерейлер қозгалады*.) Жо-жо... кетпеніз... (*Қадишиалар қүледі*.)

**С а б ы р** (*Сейткерейлерге өтірік түсін суытып*). Кеткен несі? Отырындар, әңгімелесейік, қайда барасындар?..

**О сп а н о в.** Бәсе, бәсе, оңаша сөздері болса шығып кетіп сөйлессін өздері, әйтпесе неменесі бар? Сөйлесе берсін осында. Солай дейсіз ғой... (*Жұрт қүлед*. *Сейткерейлер кете береді*.) Отырың... отырыңыз... (*Аналар шығып бара жатқанда*.) Е, тұр... тұр... тұріңіз жоқ (*Үйымсыздар кетеді*.)

**С ы д ы қ** (*Есенге*). Мен біраздан соң келемін, бастай беріндер (*Кетеді*.)

## **6-көрініс**

Қалғандар.

**Қ а д и ш а.** Жиылысқа ана жақтан келіп отырғандар да бар ғой, мұнда сыймаспый.

**М а л д ы б а е в** (*шығуга ыңғайланнып*). Рас, со жакта босын, мен қазір сонда келемін (*Кетеді*. *Оспанов, Темірбеков, Қадиша да кетеді*. *Есен, Әбіш артта кетіп бара жатқанда Гуля мен Рақыш кіреді*.)

## **7-көрініс**

**Г у л я** (*Әбішке*). Ә, сен мұнда екенсің, біз ізден жүрміз.

**Ә б і ш** (*Рақышты Есенмен таныстырады*). Мынау Рақыш, танысындар. Мына Гуляның жақыны. Менің бір жақсы оқитын балдызым (*Рақыш жақсы күйген, сұлу, әдептен амандаласады*.)

**Е с е н.** Рақыш туралы естіп едім...

**Г у л я.** Иә, анада мен айтқан едім ғой.

**Е с е н.** Гуля, бұл кісі сіздің жақын туысканыңыз ба?

**Г у л я.** Неше ата болса жақын дер едіңіз? (*Күліп*.) Рақыш неше ата едің?

Рақыш (*куліп*). Білмейім, бірқатар бар шығар.

Е с е н. Япырай, атана мен айтқан жоқ едім. Өз воображеніеңізбен қосып ап, маған құлесіз-ау. Міне, коварство...<sup>21</sup> (*Бәрі күліседі*.) Жарайды, әйтеуір ескілікті сөккеніңіз ғой. Арыла берейік сөйтіп ескіліктен...

Г у л я (*куліп*). Бәлі... ниетіңіз дұрыс-ақ, қадамыңыз қайырлы болсын!

Е с е н. Жалғыз менікі емес, сіздікі қоса қайырлы болсын! Мен Рақыштың туысқандығы жақын ба, подругалығы жақын ба дегенді ғана сұрамақ едім.

Рақыш. Сол соңғысы жақын.

Е с е н. Ә-ә дұрыс, калай, жақсы орналастыңыз ба?

Рақыш. Рахмет, әзірше теріс емес.

Ә б і ш (*Рақышқа*). Мінеки, осымен ашна болдыңыз. Енді ағалардан жәрдем керек болса, осылайша келіп тұрасыз, кенайы...<sup>22</sup>

Рақыш. Не дейсіз, үкпадым... Өзбек боп кеткенсіз бе өзіңіз, қалайсыз?

Ә б і ш. Аллаға шүкір, өзләрі әм шұндақ болса ғажап түгіл, кенайы Рақыш! (*Күліседі*.)

Г у л я (*Әбішке*). Біз саған келген едік. Біразырақ шаруа бар. Мойын бұрсаңыз не етер еken?

Е с е н. Бәсе, неге келдің, не жөнің бар деп сұрамас па, тіпті....

Г у л я. Дәрежелеріңізге карай нығызыңық болады ғой сіздердің бәріңізде де... Тек сізді бір мықтап қолға алатын келін табылса еken.

Ә б і ш. Сүйт, сүйтіп өшиңді ал Есеннен.

Е с е н. Сүйтіп бір көрсөнізші, Гуля, бірақ сол күнде де кім женері екіталай! (*Күліседі*.)

Г у л я (*Әбішке*). Қане, жолдас, мүмкін бе еken сізді?

Ә б і ш (*тәгзым етін*). Алдияр ханым! (*Күлісін Рақыш, Әбіш, Гуля бір кетеді. Есен шыға бергенде Темірбеков, Оспанов, Қадиша қайта кіреді*.)

## 8-көрініс

Е с е н (*тұрган бойында*). Жә, жолдастар, желдер қай жақтардан қалай-қалай еседі?.. Мен әдейі бүгін сендер көлемін

кере түссін деп қарсы ескем жоқ! Ал, осындай құйындарға қарсы дайын ба біздің парустар!?

О с п а н о в. Иә, бұл кемешілер тілінде открытое плавание.

Қа д и ш а. Таң емес... Сыдық Хасенов директор, содан бәрі шешіледі. Хасеновшілдік бұнда да ұяламақ...

Т е м і р б е к о в. Олғана болмас әлі, одан көрі теренірек қарау қажет шығар...

Е с е н. Рас... Тұп тамырына шейін көрінсін, сондықтан әлі де біз бұның өрістегенін көре тұрайық... Бірақ тартыс басталды... енді төрт көзді түгел тігіндер.

Т е м і р б е к о в }  
Қа д и ш а }      Рас, рас...

Е с е н. Ал, жиналысқа жүріндер (*Ana ушеуди шығып кетеді. Есен бөгеліп қалады. Шам өшеді.*)

## 9-көрініс

Малдыбаев бөлмесіне жарық түседі. Мұсілім, Лала кіреді.

М ү с і л і м. Мынау қайда? Жоқ қой.

Л а л а. Тоса тұрайық... келер (*Есен шығады. Мұсілім, Лала екі жасынан жалпылдан, жасына келіп қол беріседі.*)

М ү с і л і м. Біз сені, сізді көрмекші едік...

Е с е н. Иә, не айтасыз?

М ү с і л і м. Менің осында бір ағайыным бар ғой. Көпжасаров ол да. Соны стипендияға алғызулатыңызды сұрамақтыз... Өз әке-шешесі кедей...

Л а л а (*Мұсілімнің соңғы сөздерімен жарыса*). Біздің пәтеріміз тар ғой. Өзініз білесіз.. бізде тұруына мүмкін емес.

М ү с і л і м (*жарыса*). Барап жері тағы жоқ. Өте қын боп тұрғаны.

Л а л а. Тіпті қын боп тұр.

Е с е н (*Лалага*). Сіз қазір комсомолдар жиылдысына бармай-сыз ба?

Л а л а. Е, иә, әрине... барам ғой... барам.

Е с е н. Е, барсаныз сонда сөйлесерміз... Қазір асығыс.

Л а л а. Жақсы, жақсы...

Мұсілім. Лелечка! Сенің әлі сабранияң бар ма еді.

Лала (құбылып). Ну да, конечно! (Қырынан қарал.) Я же говорила тебе?

Мұсілім. Қашан айттың?

Лала (қабагын шытып). Ну вот еще! Тағы бір нәрсе айтарсың? (Есенге күледі.) Кайда баратынның бәрін міндettі ме айта беруге мен саған?

Есен. Бәссе, десенізші (Журе береді.)

Лала. Ну, идемте, олай болса! (Артынан ере береді. Есен кеткеннен кейін Мұсілімге бұрылып, ашумен жерді теуіп қалып.) Только и знаешь ставить в неловкое положение, что подумает?.. А еще претендует кого-то разыгрывать из себя!<sup>23</sup>

Мұсілім (өні қуарып сасқалаптап). Ну, Лялечка, Лялечка! (Лала тілін шығарып ашумен мазақ қып, шұғыл бұрылып, есікті тарп беріп жасауды шығып кетеді. Мұсілім аңырып, күрсініп тұрғып қалады.)

Шымылдық.

## УШИНШІ СҮРЕТ

Сыдықтың пәтеріндегі кабинеті. Аздаған кітаптар. Салмақпен тартқан пианино даусы естіліп тұрады, күй “Елім-ау”. Есік қағылады.

### 1-көрініс

Сыдық. Кіріңіз. (Малдыбаев.) Есенбісің, Иса! (Тұрып, қолын береді.)

Малдыбаев. Мен бірер мәселе туралы сізben пікір алышын деп келем.

Сыдық (қасына отырып). Иә, алышайық. Не туралы?

Малдыбаев. Әңгіме мына Есен мен Темірбековтер көтеріп жүрген мәселе туралы.

Сыдық. Иә, қош (Малдыбаевтың шығынан ұстап.) Рас, менің алдын ала айтып қоятынмы: қазір бір бармақ жерім бар. Қазір қысқаша ғана сөйлесейік, кейін бұл туралы мен сенімен толық сөйлесемін. Иә, айта бер...

М а л д ы б а е в . Олар бұл күнде мәселені терендетіп бара-  
ды. Биылғы институт наборын қайта сұрыптау, алынганның  
бірталайын шығару дегенді бір айтып еді...

С ы д ы қ. Иә, енді тағы не дейді?

М а л д ы б а е в . Енді осындағы басқа ВУЗ-дар да, мынадай –  
барлығында тазарту жүргізуді қажет дегенді сөйлейтін болты.

С ы д ы қ. Жастар көпшілігі қалай қарайды бұған? Өздерің  
не ойлайсындар?

М а л д ы б а е в . Бізше кіндік осыны қажет деп білсе бір басқа!

С ы д ы қ. Кіндікке дұрысы мынау болу керек дегенді айтамыз  
ғой... Өздерің не дейсіндер, соны айтышы?

М а л д ы б а е в . Бізге сіз бет нұсқасаңыз деп ем. Дирекцияның  
бағыты қалай болады? Соны білу керек еді?

С ы д ы қ. Сендерге бет нұсқаудан бұрын әуелі өздеріңнің  
көзқарас, оценкаңы білу керек емес пе? Айтып көрші, кәнікі?

М а л д ы б а е в . Меніңше, қайдан да болса оқушының басын  
құрау керек болғанда, мынау орынсыз сияқты. Өнерлі елге босқа  
еліктеу. Орыс істесе саны мол. Жұмысшы жастар бізде тегі жок.  
Одан басқаңың бірінен-бірінде қаншалық зор айырмасы бар?  
Тәрбие мен оқыту, баулумен барып бәрінің де бағыты, пікірі  
өзгереді, түзеледі емес пе?

С ы д ы қ. Міне, мұның негізі, дұрыс пікір. Әрқашан  
жұмысшының өзінен де жұмысшы маскасын киген қызыл  
болады. Шын төңкерісшілден де сол төңкерісшіл болып  
көрінем дейтін езу жыртқыш алып-қашпалар қызылырақ бо-  
лады. Оңай жол сол жол. Бірақ бұл әсіре қызылдықта шындық  
жок. Алғашқы – ауыр жол. Ауыр да болса өнімді жол. Шын  
төңкерісшілдің өрісті, мағыналы жолы сол.

М а л д ы б а е в . Рас айтасыз. Біз мұны өзіміздің айналамыз-  
дан да көріп отырмыз.

С ы д ы қ. Сен сол жаңағы айтқан жолынды ұстан. Дирек-  
цияның бағыты да сол болады.

М а л д ы б а е в . Дұрыс. Маған осындаі бір анықтық керек еді.

С ы д ы қ. Мынандай әңгімелерде өздеріңді көрсетіндер. Үлгі  
болындар. Әсіресе қызыл болып жер сұзбендер... Бірақ анандай  
желікпелерге қарсы жастар күшін құрап алып, қорықпай қатты  
отпор беріндер. Дұрыс па осы? Қалай дейсін?

М а л д ы б а е в . Әбден дұрыс, менің өз ойым, сізге айтпағым да осы еді (*Шығуга ыңғайланаңы.*)

С ы д ы қ (tұрып). Ә, бұл туралы Әбішпен сөйлестің бе?

М а л д ы б а е в . Сөйлестім, бірақ еш нерсені ашып айтқан жок.

С ы д ы қ. Менің пікірімді оған айтпай, өз сөзің қып сөйлеп, бетін аңғаршы. Ол өз позициясын ашпай жүр...

М а л д ы б а е в . Айтайын, бірақ сыр бермес... қу ғой. Ашпайтын сияқты.

С ы д ы қ. Ашпас, ашпас... Әйтсе де жаңағыдай ашық қойып көр. Содан отношениесі анықталады.

М а л д ы б а е в . Жарайды (*Kemin бара жатады.*)

С ы д ы қ. Маған нәтижесін айттарсың... (*Шығарып салады. Аздан соң Сүлейменов кіреді.*)

## 2-көрініс

Сыдық Сүлейменовпен күліп, көнілді амандасады.

С ү л е й м е н о в . Малдыбаев келіп кетті ме сізге?

С ы д ы қ. Келді. Иә, бұны сендер қалай бағалайсындар?

С ү л е й м е н о в . Бұл бұрын біздің үйымсыз жастарға жайсыз болған. Бірақ осы күнде түзелген боп жүр.

С ы д ы қ. Сендер құр алыстан үрке бермендер. Бұл қазір дұрыс сияқты.

С ү л е й м е н о в . Рас, бұл күнде тіпті ұлтшылдың ар жағында.

С ы д ы қ (kүліп). Ұлтшылдың ар жағында дейсін, өздерің қай жағындасындар?

С ү л е й м е н о в . Мен сізге шынымды айтам. Әзгемен олай сөйлеспес ем. Айтайын айт десеңіз.

С ы д ы қ (kүліп). Айтшы, кәні, саясатқа бәрің төсөлгендесің-ау. Кесеспей сөйлеспейсің.

С ү л е й м е н о в (kүліп). Солаймыз, оның рас.

С ы д ы қ. Ал, кәні, айтшы шынынды...

С ү л е й м е н о в . Шыным қысқа! Бір-ак сөз: ұлтшылмын және біздің дәүрімізде бұл тарихы жағынан даусыз қажет. Ел

оны керексіз қылатын дәрежеге жетсе, сонда ұлтшылдық керек емес десек дерміз. Бірак бұл күнде оны тастауға ерте!..

С ы д ы қ. Неге ерте? Бүтінгі системаның уақытында біз за-  
лалды дейміз ұлтшылдықты, оған не дейсіндер?

С ү л е й м е н о в. Ел надан. Шаруасы іргесіз. Даласында заттан құрылған мәдениет жоқ. Өзгенің бәрінен таяқ жейді. Барлық көршісінің артында қалған. Бұны жетілтеді деген орыс еңбекшілері болса, оның көпшілігі өз бойындағы осында ұлттарға арналған зоологическая ненавистіті әлі жеңіп болған жоқ. Сенбейді. Жиіркенеді. Жек көреді әуелі. Сүйтіп тұрғанда бізге не бопты? Біз ұлтшылдықтың тамырын дәл осы жерге көмеміз (*Күліседі.*) Почка!

С ы д ы қ. Жә! Айттың, айттың: Енді осы пікір қай ұлтшылдан жүкты? Бұны кім айтты? Соны да айт!

С ү л е й м е н о в (*kүліп*). Өз пікірім, біреуге пәле жапқалы отырсыз ба?

С ы д ы қ. Есінде болсын. Мұндаиды байқап айт. Жапқанда пәлені мыйқтап жабады. Онда сен былай қаласың. Осындағы Сейткерей, Батыршаларды басады.

С ү л е й м е н о в. Жо-о, мен бұл айтқан кісілеріңізben дәл мұндаидай сөйлескем жоқ (*Күліседі.*)

С ы д ы қ. Екеуімен де ме? Қой, шынынды айт! Мына сөздеріңнің төркінін танып отырмын.

С ү л е й м е н о в. Ол кісілер саясатшымыз дейді. Сақ кой. Алыстан орағытқаны болмаса, дәл бұндай конкретный корытындыны өздері айтпайды.

С ы д ы қ. Енді кім? Кімісімен сырласасың ұлтшылдардың?

С ү л е й м е н о в. Айтпаймын сізге.

С ы д ы қ (*өтірік түсін суытын*). Шын айтамысың? (*Аз тым-тырыстан соң күліл.*) Өзім айтайын ба кісінді?

С ү л е й м е н о в. Кәні, айтып көріңіз....

С ы д ы қ. Бұл Қарпықов Мақсұттың сөзі. Одан соң біздің Сабырдан да қосылған сөз бар. Сендерге жуықтайтын соларғой. Сейткерей сақ. Батырша кү. Олар сендерден де коммунист, комсомолдарды жақсы көретін сияқты сырты...

Сүлейменов. Бұныңыз рас болуға мүмкін. Бірақ меніңше, Батырша саясатты қазақшага қулықпен байланыстырыған адам. Сейткерей олай емес. Ана кісі қулық табысының көбін өз қамына жұмсай ма, басқаларға жұмсай ма, ол жерін білмеймін. Білу өте қын. Бірақ біз ол кісіні уважать етеміз. Ал, Сейткерей коммунистердің қалына қызығады. Солардың орнында болып, өндіртіп іс істер ме еді деп ойлай ма дейім. Ол кісі талантты адам фой.

Сыдық. Рас, мезгілінің жоқтығы болмаса, ірі адам фой Сейткерей. Бірақ қалайда олардай атақты болмаса да, кейін өскен, кейін шыққан мына Максұт, Сабыр батым сияқты.

Сүлейменов. Ә-ә, солай деңіз. Біз өзіміз де солай бағалаймыз.

Сыдық. Бізің кім? (*Қадалып қарайды.*)

Сүлейменов. Болад та осындај жастар... мені өзіңіз тори бересіз-ая.

Сыдық. Жоқ, торымаймын. Мына соңғы екеуін мақтаганыңды мен де ұнатам. Тегінде, айналаны жақсы танып, заман ғылымын жақсы біліп, үстіндегі қалды қатты сынау керек. Соның өзінен де туады жаңағы айтқанының қажеттігі... міне, шырағым, біздің сізге айтатын сыр.

Сүлейменов. Дұрыс. Жақсы айттыңыз...

Есік қағып Сабыр, Сейткерей, Жәлел кіреді. Сабыр Жәлел мен Сыдыкты таныстырады.

### 3-көрініс

Сабыр (*Сүлейменовке қалжасақтап*). Саған не бар мұнда? Жүрісі қалай жаман-еї, мынаның өзінің? Ақырындалап бір директив алғалы жүрмісің әлде! (*Күліседі.*)

Сүлейменов. Мына кісі қалай еді, япырай? (*Жәлел күле береді.*)

Сабыр (*тусін отірік сұйытып*). Рас айтам. Үлкендер келгенде бала деген отырмас болар бүйтіп. Ендігәрі есінде болсын. Қазір үйіне қайт. Бар (*Сүлейменов күліп түрекеледі.*) Бар енді, отырма! Тымағың қайда еді?

Сүлейменов. Ал, кетпейім десем қайтесіз? (*Қайта отырады.*)

Сабыр (*өтірік ашууланып*). Не дейді мынау өзі? (*Жабық есікті көрсөтін*.) Мынада кім тұратынын білемісің? Қазір шақырайын Темірбеков пен Есенді. Сен бізben мәжілістес болайын деген екенсің. Қорейін мен бұны (*Жабық есікке қарағаяңдаиды, аналар күледі. Сүлейменов күліп, шығып бара жсатады.*) Е, сүйтсөнші бағанадан бері (*Күліседі. Сүлейменов кетеді.*)

#### 4-корініс

Сыдық. Бұл осындағы жастардың ішіндегі ең бір жақсысы.

Сабыр. Уа, бұл ма, бұл мандай жігіт болады...

Жәле. Олай болса неге қудыңыз, Сабыр әфенді.

Сабыр. Е, сонда да барсын, бара тұрсын.

Сыдық. Бұлар осы заманның өзінде өсіп, өзінде қалыптанған. Заманға ерсе де тұтасымен ереді. Ермей, елікпей қалса да тұтас, бүтін противоречиені ала жүрушілер боп қалады. Жаратылысы цельный.

Жәле (*күліп*). Сыдық әфенді, сіз диалектикамен дәлелдейсіз ғой бұны?

Сыдық. Диалектика емес. Өмір, тәжірибе, исторический процесс солай қылады.

Сейткерей. Е, сол тарихи процесс туралы толық шешу айтатын диалектика емес пе? Неге қашамыз? (*Күледі.*)

Жәле. Иә, диалектиканың ашық қостаушысы Сейткерей әфенді...

Сейткерей (*қалжыңдан күліп, Сыдыққа қарап*). Жок, біздікі кісі көлігіне қызығу ғой. Оны мына кісі айтсын (*Күліседі.*)

Сыдық. Шынды айтсақ, диалектиканы да жайдақтап шабашба болдық, тоздырық білем... Қолданбайтын жеріміз, аузына алмайтын кісіміз жок. Не жаны шыдасын (*Күліседі.*)

Жәле. Ие, диалектиканы аяуға болады. Бірақ обалы кімге дейік?

Сейткерей. Кәні, өзіңіз айтыңызшы!

Жәле. Гегельден басқа (*күліп*) кім болсын! Сол қозғамаса әлі де бірер ғасыр аман тұрар ма еді?..

С ейткөрөй (*куліп*). Сіз берірек келмейсіз, жырып бергенің Гегель ғана болды (*Кұланып күліп*.) Ол баяғы себептің себебі сол деп терең қарағаныңыз шығар, солай түсінейік пе? (*Мағыналы құлқімен күліседі*.)

С абыр. Сыдық дұрыс айтады. Диалектика дегенінді мен өзім толық білмеймін... Бірақ қалайда осы сөз де мағынасынан айырылып, баяғы “демагогика”, “агитка” деген сөздермен бар-бар бол барады құлаққа...

С ыдық. Құр страсти разжигать етеді. Қойындаршы соны! Ә, Сүлейменовтер қалайда қызық мағыналы буын.

Ж әле л (*куліп*). Ә, Сабыр әфенді олай түсінгісі келмейді. Оларды өзінен қуғанды тәуір көрсе керек.

С ыдық. Е, бұлар алашорда ғой. Жұғыспай-ақ қойсын бұларға. (*Күліседі*.)

С ейткөрөй. Жарайды, біздің маркамызды жапсырмай-ақ қойсын... Бірақ жаңағыдай жайды жақсы түсінгендер аз емес. Ишкі запросы үлкен жастар көбейіп қапты. Олар жалғыз ұйымсыздар ғана емес. ВУЗ-да оқытын комсомол, партия жастарының ішінде де бар. Қалайда культурное накопление көбейіп келеді. Бұл жағынан қарағанда біз сендердің өздерінді де осы ретке қосамыз. (*Күліседі*.)

С абыр. Бізді тайдырса (*куліп*), орнымызды басатындар даярсындар, әйтеуір. Солардың бір тобы Сүлейменов сияқтылар болса, ол әлі алашорда атымен жүре тұрады... Біз неге құр кетейік!

С ыдық (*тұжсырып*). Жарайды. Сен: “алашордашыл” бұрынғы алашорда өкіметінде ғана болушылар емес, бүгін туған баладан шығуына да мүмкін” деушілердің сөзін ақтайын дейсің ғой. (*Жалел күледі*.)

Ж әле л. Сейткөрөй, Сабыр әфенділер, сіздерге орын босатуға тұра келеді... Жастық сіздердің дарвазаңызды қағып, орын босатуыңызды сұрап тұр... Не айтасыз? (*Күліседі*.) Бізлерде әм солай...

С ыдық. Ие, сіздерде қалай?

С абыр. Бұл кісілермен біздің әрбір қал, әрбір ісіміз қанаттас, іргелес екен ғой өзі! Тіпті бүтінгі институт қалы да

қолмен қойғандай, бірдей... Латын, тіл, емле, термин, хатта Темірбековтері де өзіміздікі сияқты (*Күліседі*.)

Сейткерей. Ақырын. (*Жабық есік жақты көрсетін*.) Мыналар элі бар фой?.. (*Сыдық басын изейді*.) Үйлерінде фой?!. Япрай, сөйлесуге жаисыз жер!

Жәлел (*шахматты алып, бірнеше фигура, дойбыларды таратып қойып*). Міні мынау сізге жұмбақ, екі жүрісте мат!.. Ойлай отырыңыз... (*Сейткерейге қояды. Сабырга*.) Алайда, Сабыр әфенді, қазақ термині, қазақ мәдениеті деген нәрселердің барлығын сіз өз практиканыңда – Орта Азиядан, өзге түрік жүрттарынан жырып алып, оқшау жалғыз жүргізесіз. Сіз білсеңіз Мәскеуді ғана білгенсіз. Бұныңызға не оправдание бар?..

Сейткерей. Рас, бұл негізді әңгіме.

Сыдық. Шын, бұл көп ойланатын, кең қарайтын мәселе... Біздің тәжірибеде бірбеткейлік болса керек...

Сабыр. Неге? Біздің тіл мәселесінде ойланған, өлшенген нық жолымыз бар. Оны оп-онай бере қоймаймыз. Өзің жағымын айт.

Сыдық. Жарайды... тіл, терминге келсе болды, бұл шұғыл бұрылып тұра қалады... біздің тілшілер мүйізін бірақ шайқайды. (*Күледі*.)

Сейткерей. Біз осы елдер арасындағы неше алуан ішкі взаимодействие және преемственность әңгімесін... содан ері көп жайдағы органический байланысын, бірге беттеу әңгімесін сөз кылмаймыз... Ойламай келеміз...

Жәлел. Бәрекелле, дұрыс гәп (*Сабырга*) Сіздікі қазаққа деген жекелік жолы. Ол қаншага апарады? Ал, сіз өз қазақ тілініздің еңсөлігін, біз өзіміздікін, қырғыз өзінікін, тәжік һәм сондай... терендептік, выпячивать еттік...<sup>24</sup> Бұның бері жеке, ұзак, әлсіз единцалардың санын көбейтеді... әмма тұтас шарық, хатта Орта Азия жағрафиялық атау болып қана қалады... Сол кімге пайда, кімге зиян?

Сабыр (*аңырып*). Бұл жағынан келсе... әрине...

Сейткерей (*күліп*). Бәлі, жаңа ғана түсінген бопты... бәссе...

Жәлел Білесіз бе, сіз косвенно: түрі ұлттық мәдениет деген ұранға қызмет етіп келесіз.

Сабыр. Қой... мен тіпті өзіме-өзім құбыжық бол барам ғой, мынаның айтуында! (Жәлел күледі.)

Сейткерей. Е, сен болам деймісің? Тұра тұр. Бірақ тыңдалап ал...

Жәлел (*тұрып*). Рас, ол ұран: түрлі – тіл дейді. Тіл әр елде басқа-басқа... Сол басқалықтары тереңдеп, топ-топтар жазылып, айрылысып алып, әрқайсысы жеке-жеке бір-ақ ортаға қарасын дейді. Олай болса, мәселенің негізі неде?.. Ол ориентацияда, Орта Азия ориентациясында...

Есік шүгіл ашылып, Темірбеков, Оспанов кіріп, тұра қалады.

## 5-көрініс

Жәлел (*састай құбылып, халықта қарап бірер басып, жылдам*). Жарайды, мен енді созбайын, хайыр. Ладья  $h_2-h^{25}$  (*Қолын қағып*.) Жюри, жюри, не дремать!<sup>26</sup> (*Сабыр да тұрган. Жүріп, Оспановтарға қарсы кеп тұрады.*)

Сейткерей. Әфендім! (*Ладьяны жүргізіп*.) Дремать етсек, айтсаңызы тым құрмас! (Күледі.)

Сыдық (*келгендерге*). Бері келіндер, отырындар...

Сейткерей. Мынау бір жатқа ойналып жатқан партия (*Сабырга*.) Кәні, (зеки) сіз не дейсіз? (Күледі. Темірбековтер отырмайды. Оспанов *Сабырдан көзін алмай қадалып тұрады*.)

Сабыр (*күліп*). Жарайды... Конь f7-h6!

Оспанов. Ха-ха-ха!.. Это ход Марабу!<sup>26</sup> (*Жәлел күліп жібереді*.) Бұл шүбар ала тақтайдың жүзінде ондай жүріс болып көрген емес...

Жәлел. Дұрыс (*Күліп*.) Жақсы айттыңыз... Сіз һеманда оригиналсыз... (Оспанов Темірбековке кетейік дең белгі қылады.)

Темірбеков. Малдыбаев мұнда келген жоқ па?

Сыдық. Кетіп қалды... Отырсандаршы.

Темірбеков. Қап, керек еді... жүр, үйінен іздейік. (*Шығып кетіседі*.)

## 6-көрініс

С е й т к е р е й. Апырай, жайсыз-ау осылары.

С а б ы р. Бұл бір қолайсыз жер. (*Қатты.*) Шах корольға. (*Ақырын.*) Олар тыңдаپ тұрады. Кәні, жүрініз, Жәлел.

С е й т к е р е й (*Сыдыққа, ақырын.*). Рас, осы Темірбековтерге тоқтау айтыла ма, жоқ па? Өрлетіп бара жатқан көрінеді ғой.

С а б ы р. Малдыбаевтың өзін алмак... Тартыс іздел жүр...

С ы д ы қ. Малдыбаев әзір бұдан әлді... Бірақ Әбіш бет көрсетпей жүр... (*Аздан соң.*) Рас-ау, менің бір бармақ жерім бар еді бір кісімен.

С а б ы р. Әй, мен білемін-ау сол кісіні!

С ы д ы қ. Білмей-ақ қой. (*Күліседі.*)

С е й т к е р е й. Жарайды, кетейік онда... олар...

С а б ы р (*Сыдыққа.*). Кетейік пе, кетпейік пе, қайсысын тәуір көресің... айта ғой. (*Күліседі.*)

С е й т к е р е й. Қой енді, сезген бірденеге қадала бермей, кетейік.

С а б ы р. Тоқта, әлі кетпе дейтін шығар. Мына Сыдық...

С ы д ы қ (*куледі.*). Әлі айтыла қойған жоқ қой. Тұбі кім біледі? (*Аналар кулісін шығып кетеді.*)

## 7-көрініс

Сыдық шашын тараپ, шөткеленіп баптанады. Есік қағылады. Рахила.

Р а қ ы ш. Ұрысқан жоқсыз ба, кешіккен жоқпын ба мен...

С ы д ы қ (*үйірілін.*). Жоқ, кешіккен жоқсыз. Келіңіз, шешініп біраз отырыңыз. Әлі аз уақыт бар...

Р а қ ы ш. Жоқ, Сыдық, болмайды. Шешінбеймін. Одан да тез киініңіз.

С ы д ы қ. Неге, неге, не қылған асығыстық?

Р а қ ы ш. Маған Есен де барайық деп еді. Сізге келдім. Бағана уәде бергендіктен... Жүрініз, кеттік.

С ы д ы қ. Иә, келдіңіз, енді не асығысы бар?

Р а қ ы ш. Сол, асығу керек. Және сіз семейный кісі. (*Күлін.*) Алыста жатса да жеңгей біліп қойса, жақсы болмайды, білесіз бе оны. Меніңше, флирт тегі жақпайды сізге<sup>28</sup>.

Сыдық (пальтосын киіп жатып). Қойыңыз ол әңгімені. Оны ауырсынбай-ақ қояйық... Ол бір басқа сөз... Ал, сіз Есеннің шақырғанына барсаңыз, мен қайтер едім, білесіз бе?

Рақыш. Қайтер едіңіз?.. (Беркін әнеріп, киіндіріп жатып.) Кәні, айтыңызыш?

Сыдық. Қайтер едім?.. Қимас едім сізді?!

Рақыш (есікке қарай басып). Байқаңыз, оған сіздің правоныз жок.

Сыдық (тоқтап, Рахиланың қолтығынан ұстап). Тоқтанаңыз, бұл бір кекті сөз сияқты. Кім бермейді маған ол правоны?

Рақыш. Оған... оған... мен бермеймін. Женгей бермейді...

Сыдық. Және?

Рақыш. Және басқа обстоятельстволар да...

Сыдық. Белгісіз ол праволарды мен признавать етпеймін (Күліседі.) Жарайды, жүре шешейік.

Рақыш (шығуға ыңғайландып). Сізге белгісіз ол әңгімені мен жүре шешкізбеймін, тегінде...

Сыдық (өтірік құбылып). Однако, как вы опытны?<sup>29</sup> (Күліседі.) Жарайды, барып, орнығып отырып-ақ шешейік. Мақұл ма?..

Рақыш. И да, и нет! (Шығып кетіседі.)

Шымылдық.

## TӨРТІНШІ СУРЕТ

### 1-көрініс

Сейткерейдін пәтеріндегі кабинеті. Іші жақсы, кең жұмсақ диван, кітап шкафтары, алтын рамкалы суреттер, кілемдер. Бұл кішілеу бөлме. Төрде әйнекті үлкен кең есік. Ар жағында күшті жарық. Ол қонақ үй. Содан дабыр-дабыр дауыс, күлкі, шыны ыдыстардың салдыры естіледі. Қонақ үйдін залға көрінетін шетіне Есен, Ракыш, Сыдық келіп отырады. Күлкі-әзіл... Қастарынан екіден, үштен жүрген көнілді әйелдер, еркектер тобы өтеді. Бұлардың ішінде Батырша, Гуля, Сабыр, Лала, Мұсілім, Жәлел, Максұт бар. Бұл екеуді өзгеден ерекше қара киімдер киген. Салмақпен жүріп, келелі кеңес құрғандай. Шымылдық ашылғанда пианино ойнап жатады. Күй біткенші көпшілік өз күйін ым, қасқабақ, күлкі, қозғалыстармен білдіреді. Бірталай жүрт ішкендік салдарынан қызулау, мастава. Біраз уақыт күйге қосылған хор естіледі. Көзімнің қарасы. Аздан

соң күй тоқтайды. Пианино тартқан үй иесі Сараға көпшілік қол шапалақтап кошемет жасайды. Сара бас ііп, желпініп, бергі бөлмеге шығады. Қасына кошемет қыла Мұсілім, Лала ере келеді.

Л а л а. Ә, Сара ханым, сіздердің жаңада алғызған кабинет-теріңіз мынау еken fой.

С а р а. Иә, көрген жоқ па едіңіз? (*Лала, Мұсілім диван, шкафтар, устел, орындықтарды сипап қарайды.*)

Л а л а. Не деген жақсы нәрселер. Мықты да, сұлу да еken бәрі де.

М ү с і л і м. Рас, жақсы еken.

Л а л а. Бұл қаладан табылмайды. Сол Ленинград, Мәскеуден ғана табуға болады ғой, бұндай бұйымдарды қазірде...

С а р а. Эрине, бұдан қайдан табылсын. Ленинградтан да үлкен қындықпен таптық қой.

Л а л а. Бағасы да онша қымбат емес қой. Мың сом деп пе еді?

С а р а (кешірімді pішінмен күліn). Бағасын да біліпсіз ғой. Мен бәрінен де пианино тауып алғанымызға өте ырзамын.

М ү с і л і м (kүlіn). Иә, бұйым басты бола бастапсыз Сейт-керей ағай екеуіңіз. Пәтеріңіз де жай кісінің пәтеріндей емес.

С а р а. Енді қандай? Неменесі бар, Мұсілім?

Л а л а. Иә, пәтерлеріңіз де кең. Бөлмелері жақсы. Сіздер жүрттың бәрінен де жақсы орналасқансыздар.

С а р а. Теріс емес, әйтеуір әзірше, парадный есігі бар. Районы қала центрі. Әсіресе бұл қалада сирек болатын нәрсе: өзінің ванная және жылы уборнаясы да бар ғой...

Л а л а. Иә, онысы үлкен жайлышық қой (*Мұсілімге кінә-лагандай қарап.*) Ә, біз әлі күнге бір-екі кішкене бөлмеден шыға алмай келеміз. Мынандай нәрселер былай тұрсын...

М ү с і л і м. Бұл жерден бұндай нәрселер табылмайды ғой, өзің білесің. Значит, не істеуге болады?

Л а л а. Бізде тиісті способность жоқ, значит!

С а р а (бұрынғыша күліn). Причем тут способности, Ляля!<sup>30</sup> Шынында маған, Сайд-Гирейге мәңгі холостяцкий халде жүре беруге болмайды ғой. Мынау болса: қызмет қылуға лайық обстановка, шарт керек, сол ғана ғой.

Мұсілім. Бұл ол ғана емес... үлкен ценность та бар ғой мұнда...

Сара (*куліп*). Әрине... мүмкін шығар... но менің ойымша, Сайд-Гирей ондай скромный нәрселерді заслуживать ететін шығар деймін (*Тым-тырыстан соң*.) Қалайда бұрынғы істерінен ВУЗ-ға шыққанын ұнатам мен...

Мұсілім. Әрине, бұнысы қай жағынан болса да жаман емес. ВУЗ жақсы условие жасап беріп отыр. Жалақысы да жаман емес (*Күледі*.)

Сара. ВУЗ шарты тегі жаман емес. Оның үстіне Әбіш бар, басқа жігітер бар, даже Есен де Сайд-Гирейге жақсырақ условие жасап бермек болысты ғой.

Лала. Иә, Есен, Әбіш ілесе жақсы жәрдем істей алады ғой. Бірақ есеппен сұрау қыын...

Мұсілім. Әбішпен жақсы ғой, ол айтса қарсы болмайды...

Сара. Әбішке қарсы шықпайды. Мұндағы жастар мен партейцердің арасында Әбіштің влияниесі бәрінен күшті емес пе? Ол ондайлық дәрежеге достойный да ғой. (*Күліп*.) Солай ма, Лала? Мен сіздердің партия, комсомол адамдарының жайына да кіріп кеттім-ау. (*Кырланып күледі*.)

Лала (*қызылыңқырап күліп*). Айтыңыз, айта беріңіз... Меніңше, дұрыс айтасыз. (*Гуля кіреді. Тыңдаиды*.)

## 2-көрініс

Мұсілім. Рас, Әбіштің авторитеті жақсы. Оны қайсысы боса да қымбат бағалайды.

Сара. Солай, дұрыс айтасыз. (*Гуляга қарап күлімсірен*.) Для нас это очень лестно, неправда ли, Гулечка!<sup>31</sup> (*Күліседі*.)

Гуля (*куліп*). Сіздер, жалғыз-ақ тілеулеріңді берсін, бұл сөзді Әбіштің өзіне айтпаңыздар. Эйтпесе (*қолымен көрсетін*) мұрның көтеріп кетеді. (*Күліседі*.) Иә, айтпақшы, (*Сарага*) сен білдің бе? Әбіш жақында командировкаға баратын бопты.

Сара. Қайда? Мен әлі есіткем жоқ.

Гуля. Ет дайындау науқанына, ауылға дейді...

Сара (*кейін*). Не дейсің, жаным-ау... Әй, осынысы-ақ жаман.

**Г у л я** (*Мұсілім мен Лалага қарат*). Неге? Партеңш ондайға  
казір болмаса бола ма?

**С а р а** (*сезініп түзеліп*). Жәй ауылда ауру көп, тиф те бар  
шығар... Науқастанып қалса жәрдем де жоқ. Содан қорқам...

**М ү с і л і м.** Бұл жақтағы қазактың қысқы тұрмысы қандай  
жаман және!..

**С а р а.** Первобытный жабайылар қалы ғой. Жаль, жаль... Ну,  
қайтеміз?.. Таныс врачтармен сейлесіп, жолына жақсы аптечка  
жасап берейік.

**М ү с і л і м.** Ет науқанына Темірбеков те бармақшы. Басқа егіс  
науқаны деген тағы бар, оған Малдыбаев, Оспанов, тағы басқа  
комсомолдада шықпақшы.

**С а р а.** Ә, ә, солай ма екен? (*Таңдықпен күлімсіреп*.) Мұсілім,  
сіз һаммасынан хабардарсыз. (*Есен мен Рақыш шығады*.)

### **3-көрініс**

**С а р а** (*тамашалаган кісі болып*). Қандай жақсы пара!  
(*Рақышқа*.) Міне, бұны мен түсінемін, макұлдаймын...

**Р а қ ы ш** (*қызыарып күлімсіреп*). Иә, макұлдамайтын жерініз  
бар ғой, тегі, Сара жеңгей? Оныңыз не еді? Оны да айтыңыз...

**С а р а.** Макұлдамайтынным бар. (*Күліп*.) Оны өзініз табыңыз...  
(*Есенге*.) Сізге де, Есен, үнемі іс адамы, үнемі салқын бола бер-  
мей, кей-кейде осылай да болу керек қой...

**Л а л а.** Рас, анда-санда жерге де түсіп, жәй пенделер қалына  
да келу керек. (*Куліседі*.)

**Е с е н.** Мен (*күліп, Сараға*) ұға алмай тұрмын. Алғашқы  
макұлдауыңыз айыптауға айналып кетті ме, немене? (*Куліседі*.  
*Әбіи, Сейткерей келеді*.)

### **4-көрініс**

**С а р а** (*күліп*). Жоқ, мен макұлдаймын. (*Әбіи пен Сейткерей-  
зе*.) Неправда ли, жақсы пара емес пе? (*Рақыш, Есенді көрсетеді*.)

**Р а қ ы ш** (*күліп*). Қоймайды екенсіз сіз, Сара жеңгей!

**Е с е н** (*күледі*). Сіз бізді смущать етесіз.

Сейткөрөй (*қоса күліп, Сарага*). Сенікі рас. Дұрыс айтасын... (Аздан соң *Сарага*.) Сен Сабырдың әйелін шақыр-мағанбысын? Өзім ертіп алып келдім... Эйелі естімеген сиякты... (*Рақыш, Есен оқшауырақ кетеді.*)

Сара. Шақырғаным жоқ... Сайд-Гирей, мен саған айтпап па едім, мені Мариямның обществосынан құтқар деп.

Әбіш. Неге, оныңыз не?

Сара. Мен оған екі жүзділігін, сплетнясын кешіре алмаймын. Ол ретті адамның барлығын оскорблять ету керек.

Сейткөрөй. Қойшы, артық сөзді...

Сара. Қойылмайды. Және вообще!

Сейткөрөй. Немене?

Сара. Және мен, тегі, сол Сабырларының обществосын оншалық (*Әбінке қарап*) қымбат санай алмаймын.

Сейткөрөй. О не дегенін!

Сара. Сен өзің білесің оны (*Күліп жалтарып*.) Олардың бәрі де унылый, мрачный. Әйелдерге олармен бірге болу ауыр, іштерін пысырады (*Сабыр, Сыдық шығады. Сабыр маставу*. Әңгімеде Сабырдың *Сарага көзі түседі. Тыңдаиды. Мүсілім аргы бөлмеге кетеді. Рақыш, Есен Сараның қасына жасақындайды.*)

## 5-көрініс

Сара (*күліп*). Айтсаң, міне, Әбіш пен Есендерді айт. Эрқашан көңілді... Бұлармен әйелдерге де көңілді...

Сабыр (*Сыдыққа*). Бүгін мұнда Юсуф кажы да келеді. Көріп пе ең бұрын.

Садық. Жоқ, көргенім жоқ-ты. Сен таныссың ғой, солай ма? (*Сабыр басын изейді.*)

Сабыр (*Сыдыққа*). Токташы, мыналар Рақышты Есенге теліп жүр. Ит жынымды түсіреді. Құрып жүрген үйшіктерін талқан қылшы.

Садық. Рас па, бірақ Есен бұлардың торына түспейді. Изучать етеді қайта бұлардың өзін...

Сабыр. Білемін. Елтітіп жүрміз деп мыналар ойлайды ғой. Сейткерей де тіпті ұсақтан кетеді кейде... мещаншылап...

Сыдық. Анау тым орнықты кәпір... Өрісін ұзақ көрем осының.

Сабыр (*куліп*). Жарайды, олардың балуаны сол-ақ болсын. Мен сені шығардым, бар (*Күледі*.)

Сыдық. Жә, кімді жазалаймыз?

Сабыр. Өз обалың өзіңе, комиссар, коммунист құмар қазақ қызын толковайтый қып жібер... білсін.

Сыдық (*куліп*). Сен мені тіпті қайда итересің өзің?

Сабыр. Әйтеуір біреудің забавасы ғой қызыл бет қыз... Әйда, сенің керегіңе жарасын... удовольствиені Есен көргенше, сен көр... Ал, бар, жорытқанда жолың болсын. Бісмілдә, алла әкпар... (*Бетін сипайды. Күліседі*.)

Сыдық (*Рақышқа кеп*). Рақыш, сіздің мойыныңызда маған төлейтін бір борышыңыз бар. Ұмыттыңыз ба, жоқ па?

Есен (*кеңдікпен күлігі*). Ә, несие жилюшыңыз келіпті ғой. Өзі Сықандай мәнді кісі екен... Жарайды, шаруаныңды атқарыңыз (*Күліп, кетіп қалады. Әбіш, Сабыр ере кетеді. Лала мастаяу, аргы бөлмеден келе беріп, Әбішке қолтығын төсеп, қайта кетеді*.)

Сыдық. Иә?!..

Рақыш. Жоқ, ұмытқам жоқ...

Сыдық. Рахмет оныңызға, жүріңіз олай болса, ойнап беріңіз... (*Сара жақтырмай қарап қалады. Ертін кетеді*.)

## 6-көрініс

Сара, Сейткерей.

Сара. Қонақтың бәрі ана жақта ғой, жүрсөнші, біз де солай барайық.

Сейткерей. Барайық (*Жақындал*.) Бірақ сенің есіңе салай-ыншы, бағанағыдай сөзді байқап сөйлесеңші.

Сара. Несі бар? Мен шынын айтқам жоқ па?

Сейткерей. Жоқ, ол дұрыс емес... Бөгде кісілер барын байқау керек кой... Және мен Сабырлар туралы олай қарамаймын. Дұрыс емес...

Сары. Бекер айтасың. Сайд-Гирей, сен де солай қарайсың. Шынын айту керек қой... Ә, сен әзір өзің-өзің де признаться еткін келмейді.

Сейткерең (күлін). Жарайды, біз екеуміз екі тілмен сөйлессек керек.

Сары. А все же Әбіштер средасын жақсы көруінді мен костаймын.

Максұт (есіктен Сейткереңге). Юсуф қари келді (Сара тұрады.)

Сабыр (шыға берін). Қонақ келді. Юсуф қари...

Сейткерең (Сарага). Жарайды... кейін... (Екейі де кетеді.)

## 7-көрініс

Максұт, Жәлел, Сүлейменов әңгімелесіп шығады. Сөйлескенде айналасына жалт-жұлт қарасып тұрады. Максұт, Жәлел екеуі де Сүлейменовке сөйлейді.

Максұт. Ет науқаны, егіс науқанына бірталай жастар жүргелі жатыр. Осыны пайдалану керек. Коллективизация қалай жүріп жатыр. Ел настроениесі қалай. Көру, білу, мұндағы сенімді жастарға соны білдіру, жеткізу қажет (Сабыр бұларды қарап кетіп, ана жақта ән-би бастайды.)

Жәле. Жалғыз емес. Өздеріне қауым жасап, среданы формировать етуде де бүгінгі компанияның барлығын пайдалану керек. Білініздер, әрбір істің оң беті, сол беті бар. Устіңгі қыртысы, астыңғы терең тамырлары бар...

Максұт. Ол рас қой. Бірақ қазіргі күнде ең ірі нэрсе мыналар. Жастардың ел ішіндегі фактіні өз көздерімен көріп, содан жасаған қорытындысы – олардың бетін белгілейді. Бізге сонда қолайлы бағытқа қарай направлять ете білу керек... Тартыс осы жерде...

Жәле. Бұнда өзбек, түрікпен, қырғыз бәрінде де осындай компаниялар қатты жүріп жатыр... Биылғы жыл – зор тартыс жылы... Енді екі аралықта қалушылар аз болады... Кімнің тобына болса да көп-көп, активті қауым қосылатын болады. Сол өзгелердің тәжірибесін де біле, білдіре отырындар...

Сүле. Өзге компаниялардан нені атауға болады?.. Жұрттың бәрі командировкаға шықпайды... Қалғанын қандай мәселе үстінде обрабатывать ету дұрыс?

Мақсұт. Ол ашық... тіл, латын, әдебиет, коренизация, Орта Азия елдерін білу, осылармен неше алуан взаимодействие содан...

Жәлел. Ориентация!

Сүлеменов. Иә, түсінікті, отар теориясы.

Мақсұт. Бірақ мәселенің бәрі әдісте... подходта... білдің бе?! Мен осыны көп айтам... Бадырайтып, Батыршаларша түрік, казақ... ұлт деп топас қоюдан қашу керек.

Жәлел. Иә, бұқатта мәселе... Упорды әрқашан комсомол, кейбір партия активіне жасай алсандар... зор табыс сол.

Мақсұт. Ол үшін Маркс, Энгельс... хатта Ленинді де жақсы штудировать етіп, әрбір жайдың иығын цитатамен соған сүйей беріндер...

Жәлел (*кулін*). Тұғры гәп... цитатоядның деген болады бұлар... Дұрысында ол бұл заманда ашылған ең пайдалы витамин (*Күліседі*).

Мақсұт. Ә, талайды семірттін жақсы ас...

Сүлеменов. Иә, мәселе жақсы цитатоядның болудағой. Да, айтпақшы, осы мына Малдыбаев сияқтыларың аналар сонына түсіп жүр...

Мақсұт. Жегізбеу керек. Олар шиеленіскең сайын мынаның авторитетін көтере беріндер... Қанша керекке жарайды, көрсің... Әзірше осыны көтеріндер...

Сүлеменов. Аналардың өзін тайдырса дейім... ВУЗ-да тамырланбай тұрган кезінде...

Жәлел. Әрине, дұрысы сол... Ондайларды алып тастап отыру да испытанный әдіс...

Мақсұт. Жоқ, әзір шумиха жасап керек емес... Кіндікке жетіп қалса қазының тімтіне береді. Аты, атағы жоқ, белгісіздер фой... Немене жеңбейтін... тұра тұрсын...

## 8-көрініс

Батырша, Юсуф қари, Сабыр шығады. Бұрынғы үшегі әндептіп, билеп кетеді. Мыналар диванға отырысады.

Юсуп қары. Мән сіләрнің қазақ қардашларының зиялышына ғади бір рухы недур шоны раһымлай алмам... налідә қатлы

алынған тәсір шоңарға оқшаске, әлбеттә не тоғры болған қалатта ғапу етәрсіз, әмма сіләр ысламияттан ерақлашқансыз, шоның білән барабар рослашу ғаламаты көбәйә барғанға оқши... Бір единый духны зиялыштарыңыздан табып болармын шол?

**Б а т ы р ш а (ойланып).** Сіздің осыныңыз дұрыс сөз. Тіпті шындың айту керек, бізде өзі бір лицо жоқ... Бірақ халқымыз біздің діндар... Исламшы... (*куліп*) біздің Кіші жүзде ишандар, руханиларымыз күшті болған өз уақытында, айтсын мына Сабыр... Бірақ біздің мына басқа жақтағы оқығандарымыз ислам, күншығыс, түрік дегеннің бәрінен қашқан ғой. Енді біліп келеді, түге... Ә, біз өзіміз басынан басқамыз.

**Ю с у ф қ а р и .** Халқымыз діндар... ғамма, ғамма... Силәрники – әм өзбек, әзербайжан ғұсманли түрік ғаммасына оқши. Аларның ғаммәсінде (*кеудесін түртін*) ысламият рухы бар... Алайда, силәргә, зиялыштарға – әм Әзербайжан, Татарстан, Өзбекстан зиялыштары сыңғары камалат тапыш сапары. Шоғаммаңызың апкар ғұмуми, ғұмуми рух, ғұмуми һисы иолыда барыш төгілміни? Бұл һокалғад мұхем мәселе төгілміни. Әмма сіләрнің матбағанызы, әдеплеріңіз, ғалымлеріңіз хатта қазірде өжудек шыққан дарылпынуңың – әм бұл қалаттан ыйракта. Иа русшілік, иа айрым қазақшылық. Ә, бұл күннен күн раффалиаты, һікүмі арта барған системда қаршы, біздің Шарықның әмма “біз” де хас болған бір һапты, лицасы керек, керек-дүр бәлки.

**С а б ы р .** Мәселе негізде ғой... Сіздер келе жатқан жолмен біз де келеміз... Соған әдебиет, ғылым, тіл, мектеп, саясат – бәрінде де бір бет ұстанамыз... Бірақ келетін жолымызда біраз басқашалық болады. Біз қазақ жолымен келеміз...

**Ю с у ф қ а р и . Яғни?**

**С а б ы р .** Яғни, мәселен (*Оспанов, Темірбеков кіреді. Батыриша жөткіреді. Сабыр айналып қарайды... Оспановтардың артынан Жәлел, Мақсұт, Есен бір топ, Сейткерей, Әбіш бір топ, Малдыбаев, Сыдық, Рақыш бір топ бол шығып, әр жерге отырысады. Әрқайсысында өзара сөздер белгісі. Сыдық, Есендер топтарында күлкі, қалжың бар.*)

## 9-көрініс

С а б ы р. Яғни, мәселен... Біз ғылым, мәдениет, жақсы әдебиет, мәдени тарих – барлығын осы қазақ тілінде де жасауға болады, жасаймыз дейміз... Барлығын өз топырағымызда, өз пішінімізде, өздігімізді көрсете отырып жасаймыз дейміз... (*Мақсұт, Жәлел ұнаттаған грифаса жасайды.*) Қазақ тілін орыс тілінің, я бір Европаның қанжығасына байлау керек деп мына балалар, Оспановтар ғана айтады (*Күліседі. Оспановқа.*) Әй, сен бері келіп, бізге аралас. Кел... кел... осы тіл жайындағы пікірінді айтшы... Тұнеугі бір шайханадағы аяқ тастасың жақсы көрініп еді...

О сп а н о в. Айтысудан не пайда деп тұрганым... Болмаса менікі дұрысында дау жок.

С а б ы р. Айт, айт... кәніки... (*Өзгелер де күлісін, “айт” деседі.*)

О сп а н о в (жүрттың бәрі тыңдаі қалады. Өзара әңгімелерін тоқтатады). Тіл бізге средство, а сізге самоцель. Сол ретте әдебиет, матбұғат, ғылым тілі – мына өзініз істеп отырған жоғарғы мектепте сондай ғана құрал. Сондықтан бұл саланың барлығын біз бір ерекшелікпен тауып алып, оның атын “Қазақ жолы” қойып, соның басында жусап қал демейміз, жусатпаймыз. Қайта бұның бәріне тез икемдел де, артта қалған елдің еңбекшісін пролетариаттың интернационал мәдениетіне тез, төте жолмен жеткізуғе ынғайлан дейміз.

С а б ы р. Ал, дейсіз.

О сп а н о в. Бірақ сіз бен біз бұл ретте келіспейміз де ұғыспаймыз... Сіз өз жолыңызда қағулы діңгектей тұрдым деген кісісіз ғой... Не береке табасыз. Мандайыңызға жазғаны мен болар... Жалғыз-ақ сол: өзгешем, ерекшем, елде жоғым, өзінді жарытпаймын, бөтенге қоңсы болмаймыз, таза сақтайым деген тілінің туралы ғана бір айтайын деп ем...

С а б ы р. Е, жаңа жеттің ғой... кәні...кәні...соны айт...

О сп а н о в. Айтыңызы, тілеуіңізді берсін, осы қазақ тілін мағынаға, атауға бай деп айта аламыз ба, ол жок. Талай түсінік, талай зат – мағына тегі жоқ. Сондықтан да ол ел надан. Словарының өзі көп емес. Көп нәрсені суреттеп айтады. Ол

өзінше жаз деді, суретпен жазған дәуір. Клиническое письмо, иероглиф! Ескілік. Артта қалған шикілік белгісі. Ал, благозвучно дей аласыз ба?.. Жоқ (*Күлін.*) “Жизнь!” Не дейміз біз бұны... “Өмір” (*мазақтап*), “көмір” деген сияқты санырау, макау. Құлаш керу, дауыс созу мүмкін емес сақау, шолақ дыбыспен. Өзгені былай қояйық: санашыл, сыршыл, дараышыл өздерің-ақ айтшы. Осы “любовь” деген сез бар ма? (*жұрт күледі.*) Сол любовь тіпті атағы да жоқ. Тілінде “любовь” мағынасы болмаған ел де өзгешелігім дей ме жаным-ау... (*Кекемін.*) “Жақсы көрем...” Уай, шікін-ай, хорошо вижу... (*Жұрт күледі.*) “Қарға баласын аппағым” дейді десенші одан да... Өзгешелігім... өз жолым... деймісіндер, со ма?.. Одан да өнерлі елдің жолымен солардан үлгі алып, жамап-жасқап кемтігін толтыры! Дұрыстап іске жарат! Тілдің өзі үшін де мәденилену қажет, өзгешелену қажет емес, идеализация керек емес... Пайдалы керекке жарап қажет. Әйтпесе не? Сендердің негізің реакция, немесе зиянкестік... Мен болдым (*Темірбековке қарап.*) Ал, жат со сыйынмен.

Ж ә л е л. Ха-ха-ха, жігіт... Сол керек Сабыр әфендіге... (*Сабыр ашулы. Оспанов қолын бір-ақ сілтеп жүргіп кетеді.*)

Е с е н (*Жәлел мен Мақсұтқа*). Рас айтады. Осы объектививно, тарихы жағынан алғанда біздің үлтішілардың ұранының барлығы да 20-нши ғасырда келіп, оқымысты боп алып, өте бір артқа тартқан реакция, консерватизм болып шығады. Шынында саясат, социальный тұрмыста майданға шыққан, алашорда бастаған барлық үлтішілдар патша қызыметінің ротмистрі болған Шоқан Үәлихановтан сонағұрлым консервативный. Қазақты неде болса мәдениетті тұрмысқа тез жеткізу дегенге келгенде анау өз заманында бұлардан әлдеқайда прогрессивный болған.

М а қ с ұ т. Иә, мынау бір үлкен шабуыл екен...

Е с е н. Сол сияқты тілде де қазақ баласын жарым орысша, жарым қазақшамен оқыт, тілесең итшілеп оқыт, бірақ әйтеуір білім бер, мәдениетке жеткіз деген анау миссионер Ильминский-мен бірге істеген Алтынсарин да мына тіл мамандарымыздан көп прогрессивный.

М а қ с ұ т. Е, бұл бетінде ешкімді аман қалдырмассың... тағы да...

Е с е н. Бар ұлттыл ақын, жазушының қиялымен сағым-дандырып идеализировать етіп журген Шыңғыс, Темір, Тураны сал, би, батырлары (*кулін*) қазак Парнасы бар. Ол не? Ол күншығыстың барып тұрған азиатчина, тирания, жабайы ру общинасы. Бұлардан өз заманына қарағанда Абай әлдеқайда прогрессивный. Ол жаңағының бәрінен отталкиваться еткен. Әйткені оның таптық тілегі феодалдықтан кетіп, либерал буржуазияның бағытына қарай бой ұрған тілек еді.

С а б ы р. Ал енді, бір таяқты тілеп тұрған мына Батырша ағайлардың жөні... көні...

Е с е н. Бұл кісілер не дейді? Баяғы бақташы қазақ баға берсін, көшпелі қазақ көше берсін... Әйтеуір жабайы елсіз, меңіреу далаға жан жуымасын, мәдениетке баспасын дейді. Объективно сол... 100 жыл, 500 жыл, 1000 жыл бұрын не болса сол бола берсін дейді. Әйтеуір бір өз пішіні, өздік қалпы өзгөрмесін...

О сп а н о в. Мінеки, дұрыс, толық сын...

Е с е н. Осылай болу себебі не? Білім бар, претензия зор, шетіңнен сыншысын. Әсіресе кенес системасын қандай сынайсын...

Ж ә л е л. Иә, себеп не?

Е с е н. Себеп, жаңағы Шоқан, Алтынсарин, Абайлар қалай айтсаң да өз заманындағы передовой пікірдің, бастауышы сананың аңғарынан адаспаған. Сонымен қыбыласы бір болған, бірге өрген... Ал, біздің мына қауым заманың передовой санасына оппозицияға шықты... Сондықтан ерікті ме, еріксіз бе бәрібір, реакцияға кетті. Және бар салада солай кетті. Үйткені төңкерісшіл пролетариат шыққан соң бұлар беттерін еріксіз ашты. Ашылғанда реакционный, бай таптың досы болып ашылды. Сонымен бірге бар ескіліктің жоқшысы, санаышылы бол шықты. Бұлардың сущностын осылайша ашқан тап тартысы... Пролетариаттың һұжұмы болды...

Мақсұт (*басын кекесінмен изеп*). Болар... болар... болар... (*Жәлелге қарап*.) Не дерің бар ма?

Ж ә л е л (*кулін*). У-у, бұл оригинальный сын екен...

М а қ с ұ т. Оригинальный ғана емес, бірталайдың артына шиыртпак тағу да болар... Бұл күтінді ізге салу ғой...

Е с е н. Қалай десең олай де...

С а б ы р. Е, бұның сенен шыққаны тіпті жақсы ырым ғой! Институттың саяси басшылығы қолында болсын да, бізге үстіп натравливать ет!

Е с е н (*kүлін*). Институт үшін объективный, тарихи сын кепрек емес деп сіздерге кім айтты? Ал, сіздердің өздерінізге келсек: істей білсөн шындықтан қорықпауды да біл...

О спа н о в (*Темірбековке*). Жақсы айтты... Дұрыс... (*Әр топ өзді-өзі сөйлеседі.*)

Ә б і ш. Есен ашып айтты, дұрыс айтты. Шынында, енді бізбен болған, бізбенен болмағандар қарсы шығады. Октябрьдің 11-12 жылында әлі де бұқпантайлап, жылға-жылғамен жүру ме? Жұлдып кету, тартып кету ме? Жоқ, аужал бола бермейді. Бұл қауымның көпшілігін бізге үтіттеу, тарту мақсұт емес... Біз оны тілемейміз... Олармен алыс-тартысты ғана білеміз (*Сейткереге.*) Бірақ, ішінде бірен-саран түзелем дейтіндерін болса, енді ашылып шығуға міндеттісіндер.

С е й т к е р е й. Рас айтасың... Ашылғанда да біз өз алдымыздығы дилемманың не екенін түсініміз керек. Ашық қойғанда империализммен бе? Социализммен бе? Қай системамен біргеміз, соны ашу керек. Мен өз алдымызды таңдауды солай деп қана түсінемін.

Ә б і ш. Бәсе, олай болса не істеу керек?

С е й т к е р е й. Менің өзім бұрынғы дерттен арылып, сендердің бетіңе қарай шын түзелуім керек.

Ә б і ш (*тұрғын*). Ал, сіздікі әзір құр сөз ғана боп келеді!

Т е м і р б е к о в (*Батырша, Юсуф қарига жақындан кеп*). Иә, сіздер неге пікір айтпадыңыздар? (*Юсуф қарига.*) Қари-әке, сіз қалай қарайсыз бұған?

Ю с у ф қ а р и. Иә, ортағым, мән бұт тұғырыда гәп қымағанны афзал көрәм...

О спа н о в  
Т е м і р б е к о в } Неге... неге?!

Ю с у ф қ а р и. Халбуке, біздің меһрабымызда язылған бір паршада: “Кұл алхир уэла фискут” дейді...<sup>32</sup> Гәптырма, болмасам иміш гәптыр...

Темірбеков (*айнала беріп*). Поповщина!

Сабыр (*арғы бөлмеден келе жатып, мастаяу*). Эй, сен не мене мұрыныңды қекке көтересің осы! Қазактың ең алғашқы көрген тілмашы өзім ғана деп білемісің осы?

Темірбеков. Не дейсің, тілмашың не?..

Сабыр. Дәлелдеймін! Сендер де тыңдаңдар... Бағанадан бері сендер анасын алай, мынасын былай лақтырдыңдар. Сондағы қеудене нан пісіріп жүрген тиянағың, күшің не?

Оспанов. Ал, сен айтшы...

Сабыр. Ояз қасындағы тілмаштан күшті жан болмайтын. Оның сенетіні не екені мәлім еді ғой! Сенікі де сол сияқты ғой... Соған сеніп кердендейсің емес пе? Өз ойың, өз ойың жоқ қой сендерде.

Темірбеков. Неткен надансың... (*Оспановқа қарап.*)

Шыны тіпті осыдан басқа жауап жоқ...

Сабыр. Оттама, құдай ұрған құнсызы...

Темірбеков (*ұмтылып*). Оттамасаң оттама, жерге қағып жіберермін (*Жұрт жүгірісіп ұстасады.*)

Сабыр. Адырағал... Бар, жаз доносыңды, әкеңе барып айт... (*Жұрт Темірбековті алып шығып кетеді.*)

Юсуп қары. Пайғамбарымыздың “Фис сабр сабирун жәмиләтүн” деген сөзін айтамын мән сізге, Сабыр әфенді...

Жәле. Білесіз бе, не деген сөз? “Терпите, красивейшим терпением”<sup>33</sup> дейді (*Күледі*.)

Юсуп қары. Ишытсаларда хұласа ясамасалар фазлият әна, шунда...

Сейткерей, Саралар жүрттың бәрін ішейік, көңілденейік деп анда ертіп кетеді. Малдыбаев, Сыдық артта.

Малдыбаев. Сіз неге сейлемедіңіз?

Сыдық. Е, кітаптан оқып алған формула. Бүгін бірін оқып, былай сөйледі. Ертең бір формуланы оқыса, екінші түрлі... негіз, тұрақ бар ма? Айтысып, формуламен айтысам ба?

Малдыбаев. Әбішті байқадыңыз ба? Ол да ашық кетейін деп жүр ме өзі, қалай?

Сыдық. Солай көрінді ғой... Байқадың ғой... (*Малдыбаев шыға береді. Рақыш қарсы келеді. Сыдық бірге қалады. Мастау Лала Әбішпен бірге шыгады.*)

## 10-көрініс

Сыдық, Рақыш, диванда ақырын сойлеседі. Ана екеуі бөлек. Әбіш күле береді. Лала аймалақтап, жабысады.

Лала. Әбіш, сіз қандай жақсысыз. Білесіз бе, мен сізге ғана айтпақшы боламын. (*Сара есікке келіп, екі жаққа күліп, кезек қарап тұрады.*)

Әбіш. Сіз қонақсыз... Және сіз массыз, мен сойлесе алмаймын сізben...

Лала (*өтірік ашуланған болып*). Сөйлеменіз, олай деменіз. Мен мас емеспін. Маған әншейінде не айтпақ боласыз, соның бәрін қазір айтыңыз... Мен... мен хочу этого...

Әбіш. Япырау. (*Күліп.*) Ешиерсе айтпақ емеспін деймін, сізге не болған?

Лала (*жылдам*). Жоқ, жоқ, сенбеймін... сенбеймін... Бар сізде, айтасыз... мен, мен требовать етем...

Әбіш (*куліп*). Не айтайын? Не айтпақ едім... Өзіңіз бірдемені аузыма салыңызы, тым болмаса! (*Сара күліп тұрады.*)

Лала. Жоқ, жоқ, тыңдамаймын. Бар сізде, айтыңыз...

Әбіш (*куліп*). Мен Мұсілім мас болды демек едім...

Лала (*ашуланған болып теріс айналып*). Жоқ, ол емес! Не нужно мне вашего Муслима!

Әбіш (*куліп*). Покорно благодарю, менің Мұсілімім! Мәссаған!

Лала. Білесіз бе? (*Ұмтылып қиналып*.) Какой вы хороший! Мен айтайын деп ем: какой вы милый! Келіңізші, мен сізді сүйейін. (*Құшақтан, Әбіштің кеудесіне жығылмақ болады.*)

Әбіш (*куліп, орнынан атып тұрып, қашқалактап*). Міне саған махаббаттың һұжұмы. (*Сыдыққа қарап, бірге күліп*.) Но я вынужден отступать... бір кісі позорно қашты дейді. (*Күліп жөнелді. Қатты күліп тұрган Сарага кездеседі.*)

Сара. Абиш! Я вами восхищена просто! Жүріңіз! (*Колтығынан алып ертіп кетеді.*)

Л а л а (*жұлқынып қалып, тақтай тейіп, әрлі-берлі бұрк-сарқ етіп жүргіт-жүргіп, аргы болмеге қарай ұмтыла беріп*). Мұслим! Мұслим! (Кетеді.)

## 11-көрініс

С ы д ы қ (*Рақышқа*). Сіз менің сөзіме бекер қарсы боласыз. Сеніңіз, менің сізден жасым да, тәжірибем де көп. Дауласпаңыз. Дүниедегі ең рахат, ең қымбат нәрсе – әрқашан минут мезгілі, дәурені қысқа нәрселер...

Р а қ ы ш. Ие, сондықтан не демексіз?

С ы д ы қ. Сондықтан менің дүниеде бас иетін рахатым, тілейтін қызығым да сол. Не дейсіз?

Р а қ ы ш (*ойланып*). Мені ол қанағаттандырмайды. Рахатым деу үшін өмірі ұзақтығына көзім жетуі керек.

С ы д ы қ. Бұл минут қадірін танымағаныңызды білдіреді. (*Оң қолын алып сипап*.) Рұқсат етінізші, минут емес, секунд, мен соны дәлелдейін...

Р а қ ы ш. Қалайша? (*Бұрылып жақындаап, күлімсірейді.*)

С ы д ы қ. Рұқсат па?

Р а қ ы ш. Мен... ұқпадым.

С ы д ы қ (*қолын жоғары сипап кеп*). Міне. (*Аз қарасын тұрады. Сыдық шұғыл құшақтан алып, ұзақ сүйеді.*)

Р а қ ы ш (*аздан соң босанып, түрегеліп*). Бұған рұқсат болған жоқ-ты. Не істедіңіз? Ұзакқа ма, жоқ па? Жауап беріңіз...

С ы д ы қ. Дұрыс, тілегеніңізше... Мен сіздік! (*Ekeyi қайта сүйicedі.*)

Шымылдық

## БЕСІНШІ СУРЕТ

Институт қорасы. Бақша. Жеміс ағаштары. Сахнаның бір шетін ала гүл шарбақтарының біраз бөлімі көрінеді. Сол шарбақты айналып жүретін аллея. Сейіл кылғандар сахнага аллеямен аз көрініске шығып, әрі айналып кететін болады. Аванценада – бірі бері, бірі арырақ қарама-карсы тұрған екі бақша, орындығы бар. Мезгіл кеш, түнге жақын. Сахнага ай жарығы мен электр жарығы екі жақтан түседі. Кезекпен бірі күшейіп, бірі әлсіреп қайшыланып,

әр алуан бояулар береді. Шымылдық ашылғанда шарбақты айналып ақырын сөйлесіп, бірнеше топтар өтеді. Екіден, үштен жүрген окушылар – қыздар, жігіттер. Ерсілі-қарсылы ию-кию жүрістер де болып қояды. Алғашкы жалпы көріністен байқалатын хал: ылғи бір айқыш-ұйқыш жүріс, жалпы дағдарыс, өз елінше сергелдөн сияқты қыбыр-жыбыр, сыйбыр-сыбыр, күнкіл-шүңкіл сөз. Арапарына жік кірген. Бірінен-бірі сактанып, бірін-бірі аңдысқан, сеніспеген кимыл, қабак білінеді. Бұл суретте мылқау сахна. Ұзақ паузалар жалпы халды айқын сездіруі керек.

## 1-көрініс

Жәлел, Сабыр шығады.

Жәлел. Иә, Сабыр эфенді, сізлердің райондарыңызда не хабар? Кампанияларға кеткен жігіттер қайтты ғой?

Сабыр. Қайтып жатыр. Қебі сырын айтпайды ғой.

Жәлел. Сонда да бірен-сараны не дейді екен?

Сабыр. Не десін, хал жаман болса керек. Өзім әлі сөйлескем жоқ.

Жәлел. Иә, естуіңізше?!

Сабыр. Байдың малын аламыз, кулакты жоямыз деген боп қазақ шаруасын бүлдіріп жатыр дейді. Қысқасы, ел ісін атап сұрамаңыз. Басталды ғой бір трагедия...

Жәлел. Ал, ел не ғып реагировать етеді дейді?

Сабыр. Ел не қылсын. Иштен тынады. Елдің жақсы, білікті адамының барлығы орнынан тайдағылған. Ел дегенде де қызық қалмаса керек өзі. Кедей құтырып алған, тегіс колхоз боламыз дейді дейді... Бірақ наразылық көп болса керек.

Жәлел. Конкретно?

Сабыр. Сол, басқа конкретно еш нәрсе ести алмадым...

Жәлел. Ха-ха-ха... Сабыр эфенді, сіз бүгінгі әнгімелерден отстать еткенсіз.

Сабыр. Иә, немене? Тегі, қызық бар ғой бір? Айтыңызшы.

Жәлел. Мақсұт әфендімен сөйлеспегенсіз бе?

Сабыр. Жоқ, әлі ешкіммен сөйлескем жоқ. Енді шығып ем білгелі...

Жәлел. Олай болса, бір сұрақ, Қызылқұм уакиғасын...

Сабыр (елірін). Иә, онда? (Пауза.) Шын ба? Япырай, ел ғой...  
Мына қазағын онда...

Жәлел (құлпін). Сіз сол жайларды әуелі біліп алыңыз.

Сабыр. Бәсе, мен айтпап па ем сізге (Қолын сермен.) Біздің ел... біздің қазақ ішінде де аталаы, шынжыр қатар қайыңның шұбар бездері бар деп... Кәні, айтыңызшы подробносттарын...

Жәлел (артына қарап). Жүріз онда, былай басайық (Kemicedi.)

## 2-көрініс

Батырша, Сейткерей әңгімелесіп шығады.

Батырша. Малдыбаев, Әбіштер келді ме осы?

Сейткерай. Келіпті. Өзге ана Темірбеков және егіс науқанына кеткен жастар да тегіс қайтып кепті ғой...

Батырша. Иә, келген. Бәрі де қайтты. Бірақ мен ешқайсысымен сөйлескем жок. Сұрасаң өзі бір пәле тіпті. Солардан сұраймын дедім сондайды. Иә, мына екеуі не айтады екен? Жержердің барлығы бірдей күйзеу деген хабар жан-жақтың бәрінен келіп жатыр деседі. Рас па екен? Сұрадың ба жай-күйді?

Сейткерай. Сұрадым, жай белгілі ғой...

Батырша. Сонда да не дейді?

Сейткерай. Оның, әсіресе Малдыбаевтың елдегі халдан қарны ашып, жүдеп қайтқан көрінеді.

Батырша. Иә, өз көзімен көрген, жай-жапсарды сынай, тани біледі... Жә, мына кампаниялар қалай өтіп, не қып жатыр дейді?

Сейткерай. Атап сұрамаңыз (Артына бұрылып, айналага қарап.) Былай жүрсөңізші, мына біреу жайсыз шәкірттер жүрген көрінеді...

Батырша. Оның рас, бұжерден кетейік. Тіпті біреуіміздің пәтерімізге барсақ қайтеді?

Сейткерай. Жоқ, былайырақ, оқшауырақ барып сөйлессек болар. Үйткені мен қазір Есенге жолықпақшы ем...

Батырша. Немене, не туралы?

Сейткерай. Әлгі бір шығарамыз деп жүрген балалар туралы...

Екеуі де шығып кетеді.

### **3-көрініс**

Сұлтанов, Сүлейменов, тағы бір үндемес студент шығады.

Сұлтанов. Ә, ақыры істеп пе айтқандарын! Өзгелерді қайтіпті?

Сұлтанов. Өзгелерді де аяр деймісін? Әнеугі тізімге кірген 10 студентті чисткамен шығарамыз депті.

Сұлтанов. Қаулы жасалып па?

Сұлтанов. Жасамақ дейді. Ертең, бүрсігүні қаралмақ... Біз жоқта жікшілдік көбейіп, студенттер арасына разложение кіріпті дейді Темірбеков, Оспановтар...

Сұлтанов. Иә, ол онның ішінде біз де бармыз ғой!

Сұлтанов (*куліп*). Сіз түгіл біз де бармыз. Қайт дейсін!

Сұлтанов. Шын ба, ой?

Сұлтанов. Шын болмай, етірік болушы ма еді?

Сұлтанов. Бәрі Малдыбаевтың әлсіздігінен. Басынан осы Темірбеков, Оспановтарға қарсы сендердің күшінді мықты қып құрап алыш, қатты отпор беруі керек еді.

Сұлтанов. Рас, солай ашық тартысу керек еді. Сонда тергеу болғанда кімнің кім екені ашық-ашық айтылар еді...

Сұлтанов. Іздейік, жинайық әлі олардың үстінен материал... Енді қатты тартысу керек. Ең болмаса солардың өзін ала кету керек... Талмандар, тартыс енді ғана қызып келеді (*Айналаны көрсетін*.) Терендету, терендету керек мыналардың арасындағы істі... Бір бұл ма, талай-талай іс бар...

Сұлтанов. Дұрыс... Кіндік Малдыбаевты білмесе, Темірбеков, Оспановты да білмейді.

Сұлтанов (*куліп*). Салмағы күшті, шын большевик, шын батырашка – Қадишианы қайтесін?

Сұлтанов. Иә, соның желіккенін айтсаңшы? Бетім-ай, бетім-ай (*Күліседі*.)

Сұлтанов. Былтыр ғана “бауырсақ мұрын, бүйрек бет, қаймақ қабак қара қыз” еді (*Күліседі*.) Был тіпті көп нәрсе біліп, белсенді боп құтырып кетіпті...

Сұлтанов (*куліп*). Жаңа не дедің, ей, ол кімнің сөзі?

Сұлтанов. Мағжандікі...

Сұлтанов (*күлін*). Ә-әй, көнтекен... қайдағы ұлтшыл, байшылдың сөзін тізіп, теріп жүресін-ау. Қап, мына Темірбеков, Қадиshalар сендерге қосты-ау бізді енді әкеп. (*Күліседі*.)

Сүлейменов. Тоқта әлі, осылай маңдайыңа тас тиіп, талайың келерсін.

Сұлтанов. Келетін де бар, келмей, сол Қадиshalардан қызу алып, үдеп салатындар да болар...

Сүлейменов. Тоқта, оған шындаң кірісерміз енді. Өздерің келдіңдер. Бәрі де дайын боп қалды өзі мұнда. Шәкірттер настроениесін бүгінде жаман емес. Жә, оны қоя тұрайық...

Сұлтанов. Иә, басқа не бар?

Сүлейменов. Әңгіме, сен екеуің де елді көрдің. Практиканың қазақ елі ішінде не қүйге соғып жатқанын таныдың... Жә, енді осыдан не вывод ойлайсындар... Соны сұрайын деп ем... (*Екеуін екі жақ қолтығынан алады*.) Жүріңдер, былайырақ басайық. Әңгіме айтындар.

Сұлтанов (*алдыңғы жсақтарына қарай көрсетін*). Былай жүреміз бе, жоқ, былай қарай жүреміз бе?

Сүлейменов. Әне біреулер келеді екен. Жүріңдер, былай басайық... (*Шығып кетіп бара жатқанда алдарынан Жәлел, Мақсұт кездесін, күлісін амандаласады*.)

#### 4-көрініс

Мақсұт, Жәлел шығады.

Жәлел. Жә, енді сіз есіттіңіз бе? Бұл уақыға жалғыз қазақ ішінде ғана емес...

Максут. Әлбетте, наступление бар жерде бірдей ғой. Бәрінде де колективтеу... Мен қырғыз ішінде біраз уақығалар болыпты деген жалпы хабар есіттім...

Жәлел. Бәсе, қырғызда – Ош уақығасы...

Максут. Иә, рас... тағы қайда?

Жәлел. Тәжікстан жақта Ибраһимбек харакетін білесіз.

Максут. Әрине... оқыдым ғой.

Жәлел. Ол Бұхар өмірінің харакеті... Бұл іс адамы болды... Онан соң Түрікпенстанда Иранға қарай мал иесі көп

байлардың ат қашопкесі бар... Білесіз, ол жақта қарт Жөнейт әлі де қалғымайды...

Мақсұт. Осының бәрі шарыққа жасалған, ауылға жасалған шабуылға қарсы берілген жауаптар... Ә, достойный, жақсы жауаптар...

Жәлел (күліп). ха, мен сізге де бір шын сұлу жауапты айттыңын... Білесіз бе, паранжы мәселесінің халын?

Мақсұт. Иә, әлгі хұкімет декреті ме?

Жәлел. Ха-ха-ха. Декрет әліге шыққан жоқ. Қышлақлардың жауабын білдіңіз бе? Ферғана, Бұхарада көп қышлақтарда паранжы тастаған, тастауда фағалла көрсеткен қатын, қыздарны масқаралап өлтіріп, дарақ башларына ұят жерлерінен іліп кету фактілері көбейген, ха-ха-ха (*Ekeyi de күлісін, шығып кетеді.*)

## 5-көрініс

Қадиша, Темірбеков, Оспанов әңгімелесіп шығады.

Қадиша. Осының көбі жалғыз бізге, Есенге ғана қарсы емес. Ішінен үйымға да, тіпті бүгінгі кенес құрылышына да қарсылық ойлады.

Темірбеков. Бұның рас. Оған бірі ашық барса, бірталайы соқыр құрал боп байқамай барады.

Оспанов (Қадишаға). Ал, соның себебі не дейсің?

Қадиша. Сырттан жылтырап жүргенде бірталайын кенесшіл, белсенді жас деп, кейбірін тіпті лениншіл жас комсомол деп ек. Міне, енді басталып, қызып еді, тап тартысы ауылда, кейбірінің ондағы тамырларына балта тиіп еді... Қарашы, шынын айтқанын (*Күліседі.*)

Оспанов. Шындары не екен?

Қадиша. Не екен? Қөрмеймісің?

Оспанов. Не, өзің айтпайтұғынбысың? Тұрсіз екесің де, жуде... (*Өзгелері күледі.*)

Қадиша. Шындары: басынан біздікі емес. Жат таптың баласы. Түсін бояп қана жүрген. Ал, бүгін...

Оспанов. Бәсе... міне, міне... бүгін (*күліп, айналаны қолымен шолып өтін*) көріндер тамашаны. Ылғи бір ыбыр-жы-

быр, сыбыр-сыбыр. Қараши, осы тоғайдың ішін. Дәл бір үйым жасап жүрген шайка... (*Мазақтап.*) Ыж-ж-ж-ж!.. Қозғалған араның ұғсы! Жоқ... бұны көріп қана қоюға болмайды...

Темірбеков. Рас, жетті енді... Бұның да тамырына балта шабу... Дәл жуан тамырларын тауып, соған шабу керек.

Кадиша. Рас, әңгімені бар көлемімен ұлкен мәселе қып қою керек.

Темірбеков. Үлкейсін. Шын дерптің қайда екенін кіндікке де, үйымға да танытуымыз керек.

Оспанов. Бәсе, ал, осыны енді Есенмен сойлесу керек.

Темірбеков. Дұрыс. Ол өзі де мезгіл жеткен сияқты деп жүр. Мені әдейі бүгін осы бақшаны көр деп еді...

Кадиша. Маған да сүйдеген. Ал, соны табайық...

Оспанов. Қазір... қазір... Қайда жүр өзі. Түрсіз... Жүріндер, табайық... (*Шығып кетіседі.*)

## 6-көрініс

Есен, Рақыш, Сейткерей шығады.

Сейткерей (*Raқышқа*). Рақыш, сен тегі қоғамдық әңгімелерден оқшаша қалып жүрме!

Рақыш. Иә, неге олай дейсің? Маған қандай (*күлін*) саяси бағыт, у-у-h, тұтын дейсіз?

Есен (*күлін*). Иә, ағаңыздан саяси тәрбие алыңыз...

Сейткерей. Е, мен теріс бағыт береді деймісің? Япырай, көлеңкеге қарай тон пішуге дайын тұрасындар-ау!..

Есен (*күлін*). Япырау, мен еш нәрсе айтқам жоқ қой. Неге секем алдыңыз?

Рақыш. Сейткерей аға, кәні, айтыңыз... Мен сіздің мәслихатыңызды қымбат санаймын.

Сейткерей. Олай болса әлеуметшіл, белсенді комсомол жастардың арасында болуың керек. Солардың салт-санасын қабылдап ал да, өмірде солардың машиғын қолдан. Ендігі тұрмыста, келешекте табаны нық басылған, мықты, керекті адамдар солар болады.

Есен (*Raқышқа*). Иә, кәні, бұған не дейсіз?

Рақыш (*куліп*). Мен комсомол болайын ба сүйтіп? Ал, Есен, олай болса мені алғызыңыз... Мен кіремін (*Тым-тырыс*.) Ну? Неге үндемейсіз? Не айтасыз?

Е с е н. Жоқ... сіз кірмейсіз. Мен болсам алғызбас ем және...

Рақыш. Ә, ә, сүйтіңіз, шыныңызды айтыңыз... Неге?

Есен (*шапшаң*). Лучше уж барышня боп қалыңыз. Сіздің прошлыйыңыз, бүгінгі қалпыңыз соған жақсырақ подготовить етілмеген.

## 7-көрініс

Сыдық шығып, кол ұстасып амандасады. Сол кезде Темірбеков, Қадишалар шыгады.

Қадиша. Есен, сен боспышың?

Е с е н. Иә, немене!

О спанов. Немене дегенше, бері жүрмеспісін, түрсіз!..

Кетіседі. Сейткерей өз бетімен кетеді.

## 8-көрініс

Сыдық, Рақыш үндеспей тұрып.

Рақыш. Иә, настроениеңіз дұрыс емес пе? Неге мұндаисыз?

Сыдық. Неге олай дейсіз? Менің настроением сау...

Рақыш. Оныңыз жақсы екен... Олай болса айтыңышы, маған неге жат қарайсыз?

Сыдық. Ә, қабакты айтасыз ба? Бұда жақсы екен. Біз қабақ танысатын боппыш гой.

Рақыш (*куліп*). Жарайды енді, жазаламай, шенемей-ақ айтыңыз. Мойныңызға алдыңыз ғой... Қабағыңызға не болды?

Сыдық. Япырай, біздің әрбір кездесуіміз осындей бір тарыстан басталатыны қалай?.. Қойшы енді, сіз-ақ арбаңыз... Мен тұра шынымды айтайды...

Рақыш (*куліп, қасына кеп, қолтығынан алады*). Иә, кәне, сөйтіңіз...

Сыдық. Қабағым бұзылғанда кейбір таныстықтан арыла алмағаныңызға бұзылады...

Рақыш. Ә, аナンЫ айтасыз ба? Ол менің көнілімді қозғамай ма екен... Бірақ... (*Toқтайды*.)

Сыдық. Иә, айтыңыз...

Рақыш. Арыла алмай, екі жакқа да бірдей болса не шара?..

Сыдық (*қолтықтаған бойынша*). Жүріңіз олай болса, сөйлесейік... (*Шығып кетеді*.)

## 9-көрініс

Сүлейменов, Сұлтанов, Мақсұт шығады. Мақсұт ортада.

Сүлеменов. Темірбековтер жалғыз бұл институт емес, ана басқа ВУЗ-дардағыларды да шығартамыз дейді...

Мақсұт. Е, үдегіп барады екен ғой...

Сұлтанов. Атамаңыз... Не істейміз енді? Өздеріне қарсы материалдарды біз де жинап жатырмыз... Бірақ онымен өндіру қиын.

Сүлеменов. Осыларға тыю салып, өздерін реті келсе осы орындарынан тайдырып жіберсек, мына институт түгел қолға шығуға болады... Ар жағындағы жұмыс көп емес.

Мақсұт (*ойланып*). Ә, онда бұларды материалын көбейтіп, жолдан алып тастау керек екен. Осы күнгі үлкен әдістің бірі осы. Бұны мұндағы ұлттар өз белсененділеріне тегіс қолданады: Қалайда бір-ақ нәрсені мықты ұстаныздар: алыспа, алыссаң – ұстаған жерде қолын, тістеген жерде тісің кететін боп алыс (*Батырша шығады*.)

## 10-көрініс

Асығып жылдам басып келіп

Батыша. Әй, есіттіңдер ме? Сабырды жаңа арестовать етіп алып кетті?

Сүлейменов  
Сұлтанов } Арестъ?!. Арестъ?!.  
}

Мақсұт. Ә, келді ме?.. Енді кімге келер екен? Жә, олай болса тарайық (*Осыдан соң ерсілі-қарсылы кездесу. Батырша Сейткерейге кездесін, “арес”, “Сабыр” деп әкетеді. Сыдыққа*)

*Сүлейменов, студенттер бір-біріне “Сабыр... Сабыр... ареске... ареске...” деген сөздер шио-қиу айтылып, бақша ішінде жүрістер шашаңдал, судыр-судыр өсек-сыбыр құжынаиды.)*

**Мақсұт** (окшау жалғыз тұрып, басын шайқап). Ғажап! (Айналага қарал.) Жан-жақтың бәрі!.. Осы тоғай іші түгел су-сылдап тұр ма, не өзі? Іскеңра ма, әлде нетеді? (Тоқтап.) Жақсы белгі ме?.. Жаман ба?.. (*Салбырап ақырын басып шыгады.*)

## АЛТЫНШЫ СУРЕТ

Түн. Кеш мезгіл. Қала бакшасының ішіндегі ашық ресторан. Жарыктар күшті. Бір жақ бұрышта ресторанның кішкене ашық саҳнасы. Айналаны коршай біткен ағаш. Жағалай жасыл шарбак. Ортада үлкенді-кішілі гүл ағаштары. Ақ қызылт түсті розалар, қызыл-күрең және ақ түсті астралар. Ен көрнекті ортада үлкен-үлкен пиондар. Гүлдердің көбі ағаш шелектерге орнатылған... Бұл ресторанның саҳнаға жақын бұрышы. Ақ жаулық жабылған екі үстел фана көрінеді. Айналаларында орындықтар. Жасыл шарбактың бір есігі залға қарсы. Екі үстелдің біреуінде Батырша. Сейткерей, екіншісінде Жәлел, оның қасында биши қызған қызы... саҳнаға шығатын киімі бар... Шымылдық ашылғанда Сейткерейлер астарын ішіп болып қалған. Сыртта көп дауыс “бис”, “бис” деп қол шапалақтайды. Жәлел мен қасындағы қызы да қағады. Саҳнаға әнші қыз шығады. Пианиномен “Минуточка” әнін жырлайды... Жұрт тағы қол соғады...

### 1-көрініс

Дауыстар. Червонная, Червонная!! Просим, просим, Червонная!

**Биши қыз** (басын ұстап). Еще раз?! Ой, не хочу! Ни-ни!

**Жәлел** (қасындағы қызына қарсы қол шапалақтап). Простим, просим! Аду, Аду!

**Биши қыз** (қыланып). И вы хотите этого, Желял Жафарович!

**Жәлел** (қол қағып). Ну, как же, как же! Ха-ха-ха!

**Биши қыз** (тұра беріп, қылымсып). Разве я могу отказать, если вы хотите!

**Жәлел**. Огня, побольше огня! Ада! Знаете, вы меня чаруете в такие моменты! (*Күледі. Қыз кетеді... билейді... билеп жүріп*

*оркестрге “ча-а-щ-щ-е” деп айгайлап қояды. Жәлел оған күліп, қол ұра тұрып, Батыршалар үстеліне кетеді.)*

Ж ә л е л. Білесіз бе, уақытында Баше сақауды Англия йеге таңдаған?

Б а т ы р ш а. Иә, неге?

Ж ә л е л (*күліп*). Просто, ол тәжік! Ал, Ауғанның біз Жактағы көршісі тәжік... Ананы әдейі сондай бетке көрініске шығарып, біздің тәжіктерге шырға қылмақ саясаты еді...

С е й т к е р е й. Е, ол ана арабтың, ауғанның надан руларына карсы ем болған шығар... Бізге онысы қона алмайды... (*Күліп.*) Онысымен біздің тәжікті ала алмайды, білдің бе, Англияңыз...

Ж ә л е л. Ә, оны кім біледі?.. Олай деп ғана қойманыз. Бұ да зор саясат, шырықты терең зерттеуден алынған тәжірибе!.. (*Қызы билеп болады. Қасына келеді. Әниң қызы да келеді. Жәлел тұрып, екеуін екі қолтығына алып, кетуге айналады.*)

Б а т ы р ш а (*күліп, Жәлелге*). Кайдан тізіп алғансыз?

Ж ә л е л (*күліп*). ha, менің сіздер күтпеген талай таныстарым болады (*Қоштасып кетеді. Шыға бергенде Мақсұт кездеседі. Жәлел оралып амандасады.*)

Ж ә л е л. Жаңа жеттіңіз бе? Мен тосып отырдым!

М а қ с ұ т. Иә, кетеміз бе бұл жерден?

Ж ә л е л. Кетейік, жүрініз.

М а қ с ұ т (*әйелдер туралы*). Мыналардың не керегі бар?

Жәлел (*күліп, таныстырып*). Жүрініз, о, бұлармен болу жақсы болады. Сөйлесе береміз! (*Мақсұт бір қызды алады, кетіседі.*)

## 2-көрініс

С е й т к е р е й (*жүргүрге ыңғайланнып, ақша төлең болып*). Біртүрлі хабары көп, білмейтүғыны жоқ...

Б а т ы р ш а. Мен білмеймін әйтеүір қалай екенін, жүрістері анау! Мақсұттар әне.

С е й т к е р е й. Құданың құдырыеті, өзі бір шет жүрттың шпионы сияқты әсер етеді маған.

Б а т ы р ш а. Е, қой, өзбектің басты кісісімін деп жүрген жок па?

**С е й т к е р е й** (*kүлін*). Мен эйтеуір аяқты тарттым өзінен!..  
(Шығып кетіседі. Музыка.)

### 3-көрініс

Рақыш, Сыдық. Рақыш көңілді, жеңіл басып кеп, бір үстелге Сыдыққа қарсы отырады. Жоғарғы жағындағы сирень гүлінің бұтағын қолымен басып кеп іскең, артынан Сыдыққа ііскетеді. Сыбырласып, құліп, кейде құлғен бойларында шалқайысып кетеді. Сыдықтың қолы бұның үстел үстіндегі қолын сипайды.

**Р а қ ы ш** (*кулін*). Менің күйеуім, білесіз бе, қандай болу керек?

С ы д ы қ. Иә, кәні, айтып көріңіз.

**Р а қ ы ш.** Ең алдымен атағы, салмағы бар қоғам қызметкери болсын (*Кұбылып құледі*.)

С ы д ы қ. Иә, ортақшыл болуға бола ма, күйеуіңізге?

Р а қ ы ш. Әлбетте, олай болса тіпті жақсы.

С ы д ы қ. Және?

**Р а қ ы ш.** Және? (*Toқтанаңқырап*.) Бір жағынан светский адам да болсын.

С ы д ы қ. Ортақшылға мына шартыңыз ауырырақ болмаса не қылсын? (*Kүлін*.) Онда үйымсыз лайық болмас па еді?

**Р а қ ы ш** (*торыққан пішінмен*). Оларда күш-салмақ аз, өздері жалынышты ғой (*Kүлін*.) Удобный күйеу шықпайды ғой дейім.

С ы д ы қ (*қоса күлігі*). Жарайсыз... жарайсыз (*Toқтап*.) Жә, сізге күйеуге мұншалық есеппен тиу мәселесін кім түсіндірді? Соны айтыңызшы.

**Р а қ ы ш.** Кім түсіндірсін, өзімдей өзге оқыған эйелдер, оқыған қазақ қыздары... Солардың күйеу таңдауын, өмірін байқап, сынап көрмеймін бе? Және Сара жеңгей, Гулялар да жақсы сабақ бере алады. Сіз оны білесіз бе?

С ы д ы қ. Білмесем де сеземін.

Шарбакты айналып келе жатқан үш жігіттің бастары көрінеді. Бұлар есіктен кіріп, мыналарды көріп тоқталандайды. Сүлейменов, Сұлтанов және ұн демес студент, үшеуі де мастай.

## 4-көрініс

Сыдық (куліп амандасын). Иә, қош келіпсіндер, балалар!

Сүлеменов. Сыдық ағай, рұқсат па сіздерге қосылуға?

Сыдық. Е, келіндер... келіндер... (*Келіп отырысады, тегіс жазғы жақсы киіммен.*)

Сұлтанов (куліп). Айыпқа бұйырманыздар, біз кішкене ішіп алдық...

Сыдық (куліп). Иә, бұйырмаймыз, бұйырмаймыз... Қорық-пай-ақ қой. Солай емес пе, Рақыш?

Рақыш (куліп). Білмейім.

Сүлеменов. Мына жерден өтіп бара жатып, жаңа Мақсұтқа кездесіп сойлесіп ек, содан сіздерді көріп әдейі келдік. Бәріміздің толып жатқан шеріміз бар... Сондықтан ішінкіреп жүрміз (*Даяши бөтелке, стакандар қояды. Сыдық құяды, ішіседі.*)

Сыдық. Шер... не қылған шер? Еш нәрсеге шерлену де, впечатляться ету де керек емес...

Сұлтанов. Біз де оншалық салбырап жүргеміз жок. Жалғыз емеспіз. Бірқатар шәкірттің ішкі настроениесі біз жақта... Жаңа да талаймен сөйлестік...

Сүлеменов. Өйткенімен көбі көріне алмады ғой бүгінгі мәжілісте. Есіттіңіз бе? (*Сыдыққа.*) Бүгін кешке шейін жалпы студенттер жиылысы бол, әнеугі тізімдегі 10-ымызды чисткамен шығаратын қаулы жасады... Жасатқан Есен, Темірбеков, Қадишалар... Өзіміз тәуір-ақ айтыстық...

Сұлтанов. Бірақ, тәуір студенттің көбінің бұғып қалғаны рас. Бой көрсете алмады...

Сүлеменов. Енді не істейміз? Өстіп басқа өрлете береміз бе? Жоқ, бір қайыру бола ма бұларға да... Не айтасыз?..

Сыдық. Саспаңдар... Сендердің мәселененді де, олардың мінезін де кіндік алдына қоямыз.

Сұлтанов. Соған мезгіл әбден жетті енді...

Сыдық (куліп). Жалғыз-ақ сендер жікшіл болып кетпендер, тегі... Өздеріңнің жайларынды және ана басқарушылардың мінездерін шәкірттер арасына ашық қойып, ашық сөйлендер...

**Сүлейменов.** Білеміз әйтеуір, бұлардың ісі тереңдеп барады. Тіпті осындағы бәрлеріңе қарсы харакет қылып жүр Темірбеков.

**Сыдық.** Истесін. Қайта сондайларын ашындар. Онда жікшіл олар болып шығады. Солай өз қаруын өздеріне қарсы төсендер... Ал, біз үшін сендер қауіп қылмаңдар (*Куліп*.) Құдай сактар...

Қадиша, Есен, Темірбеков кіреді. Қолдарында папка, портфельдері. Түстері деловой. Білектері сыйбанулы. Жұмыс істеп, шаршап шыққан кісінің ажары бар. Орын қарасып тұрады.

## 5-көрініс

**Сұлтанов** (*бұларға қарап, мастиау қозғалыспен*). Э, ә, қош келіпсіздер... Темірбеков, міне, мына жақта бос орын бар.

**Сыдық.** Иә, мұнда, мінеки, бос орын бар, келіңдер, Есен!

**Есен** (*қозғалып*). Дұрыс, отырақ отыра салайық. (*Оттырысады. Анау үстел ішін-жесен жетады. Мыналарға даяши сыра, закуска әкеледі.*)

**Сұлтанов** (*ішін алып, Сүлейменовпен ымдастып, Есендерге сұрлана қарап*). Е, Темірбеков, қалайсың?

**Темірбеков** (*салқын жузбен*). Ие, не демексің?

**Сұлтанов.** Не, дейін? Жәй әншейін күйінді сұраймын. Үлғи тұтандып тұрасындар-ау.

**Темірбеков.** Ұқпаймын мен ондай сөзді. Ізденип отырсың ғой өзің!

**Қадиша.** Тұтандып деген не деген сөз? Соқтығу ма бұл?

**Сұлтанов.** Іздену, соқтығу болушы ма еді біздей кісіде? Сендердің беттеріңе кім шыдасын!

**Сүлейменов** (*сөзін бітіртпей*). Қолдарың қанданып, ауыздарың майланып тұрган жоқ па?

**Есен** (*Сүлейменовке*). Азамат, ішсең бетіңмен іш. Мынандай қисынсыз жерде қалай болса солай сейлеме!

**Сүлейменов.** Иә, не бола қапты? Бұл жерде бөтен кісі жоқ!

**Есен** (*жылдам*). Кісі болсын, болмасын (*Қатаңдау*.) Немене елдегі атқамінердің бұралқы сөзін әкеп отырсың бұл жерге!..

**Сұлтанов.** Атқамінер... бұралқы... Солай деу үшін әуелі өзің аман ба екенсің сондайдан. Оны да бір байқау керек-ау, тегі.

Сыдық. Қой, ондай керексіз, жайсыз сөздерге барыспандар (Даяши келеді, ақша төлөп жатады.).

Есен. Жок, тоқтатпа, айтсын, айтып болсын. Иә, ағыт әр жерден жиып-тергенің болса...

Сүлеменов. Жиып-теретін біз емес, сендерсін, әркімді сауырлап, күшп, тың тыңдал...

Қадиша. Сенің ниетің: еркіне жіберіп, шәкірттер арасын бұлдіртіп қойса дейсің ғой... Біз үйткізе алмаймыз.. Әрине, қуамыз...

Сыдық. Қойсанышы, шырағым, сен...

Темірбек. Неге қояды? Қоймайды (*Сүлейменовтерге.*) ВУЗ-дан қумақ түгіл, басқа жерлерден де аластап шығарамыз.

Сұлтанов. Адырағал... өстіп құтыра берем дейтін шығарсың. Аяғың аспаннан келіп қалып жүрмесін...

Қадиша. Мыналар бүгін соқтығуды тілеген екен!..

Есен (*устелді қатты қазып*). Соқтығып қара... Білемін мен сенің сырынды. Төркінінді де танимын. Сүйенішің бар шығар сеніп жүрген... бірақ ол ініңде де су құйылады. Кеңес өкіметі ешкімді де бос шолжандатпайды, ейтіп.

Сыдық (*сұрланып*). Ол не деген сөз? Не жұмбағың ол? Өзің талайды қағытып отырысын ғой?!.

Есен (*орнынан тұрып*). Қағытамын. Керек болса міне, шынын да айтамын (*Қолын Сыдыққа созып нұсқап тұрып.*) Мыналардың бәрін кеңес тәрбиесінің жолынан тайғызып, азғындыққа жеткізген міне сенсің, Хасенов? Институттың ісшіл, дұрыс тіршілігі бұзылды. Соған кінәлі сенің мінезің, сенің теріс салт-санаң!

Сыдық (*тұрады, өзгелер де бірге тұрады*). Ей, жолдас, сандырактама. Қазақтың игілігіне арналған істі Хасенов өмірінде бірде-бір рет бұзып көрген емес. Ол бар қазакқа мәлім. Сенің оттаған сөзің керек емес. Мен сенімен салғыласуды бойыма мін деп санаймын, білемісің? Сондықтан сөйлеспеймін де сенімен!

Есен (*кекетін*). Иә, саған ұсынса қол жете ме? Сен ірісің ғой! (*Ол устелді саусағымен қатты қазып.*) Жетті. Болды енді. Институт іші сенің мінезіңнен сайлау басына айналды. Мектеп ылғи күбір-күбір, жыбыр-жыбыр пәле ұясы, контрреволюцияның

мекені болды. Қанатыңың астында кімдер жоқ сенің?.. Танымайтын, сезбейтін шығармыз? Жетті... ертең мен білдіремін кіндікке осының берін.

Сыдық. Мен сендейдің сандырағына жауап бермеймін, бергім келмейді. Сен түгіл сенен зорын да менсінуім екіталай, білдің бе? Ә, сенің жазбаған доносың гой... Әрине, сендер соны істемей, нені істейсің? Исте, істе... (*Жүре береді, қасындағылар бірге кетеді.*)

Есен (ұмтылып). Ой, дұшпан! (*Қасындағылар ұстап жібермейді. Ұйқы-тұйқы.*) Дұшпан... (*Сыдық естіп бара жастады.*) Дұшпансың сен! (*Жолдастарына Сыдықты нұсқап тұрып.*) Мине, жаулықтың жуан, терең тамыры!..

Шымылдық.

## ЖЕТИНІШ СУРЕТ

Институт клубының бір бөлімі. Бұнда жиналыс. Сахнаның жартысы, клуб сахнасы. Онда жиылдыс басқармасы: Есен, Қадиша, Әбіш, Оспанов. Оң жакта, төменірек – залдың бір шеті. Қатар-қатар орындықтарда оқушылар. Арапарында, алдыңғы қатарда Лала мен Мұсілім. Екінші қатарда отырган Сыдық, Максұт, Батырша, Сейткерейлер де көрінеді. Авансценаға жақын трибуна. Шымылдық ашылғанда Жағыпаров Фани сөз сөйлеп тұрады.

### 1-көрініс

Ған и. Иә, біз қазір шынның шыны, сынның сыны айтылып, сырдың да сырлы ашылатын ұлы өткелге келдік. Фасырлар, тарихтар бойына тамырын терең жайған, терең көмген тәртіпке селдей соққыны жасамақпyz. Қазақстан топырағында бұл азиятщина, жабайылық, надандық, қараңғылық тамырына балта шабу... Алып қадаммен, берік, нық басқан қадаммен ғана біз ескіліктің бәрін серпіп тастанап, жаңа өмір, жаңа дәуір – социализм заңына бет түзейміз... Ауылдағы капиталшылдық, ұрушылдық, бектік, байлық тамырын қырқамыз... Бұл ұлы кезең біздің ішіміздің сұрыптаиды. Алдына сенбеген, артын қимаған, қындықтан корықкан қобалжуы көп, тайғақ дос бізben болмайды. Осы іздену, тартысу, киналу арқылы жаңа күнге өтемін деп өзіне-

өзі сенген, пролетариатты ісімен сендірген адам ғана бізben ереді. Қобалжұшылар партияда болсын, жастар ішінде болсын, өзгеде болсын, енді бізден айрылады. Жабысам десе де жабыса алмайды. Жыртылып айрылады. Міне, осында заманда сондай майданның азаматы болады деп тәрбиелеп келе жатқан еңбекші, кедей қазақ жастарын әлдекімнің жетегіне, арабауна бере алмаймыз біз... Алдаймын, адастырамын дегенді кім болса да аластаймыз, куамыз... Білеміз біз, ондайдың бәрі сендерге келгенде өтірік қамыққан, қайғырған боп келеді. Қазақ үшін қан жылап, тұн үйкесін төрт бөліп жүрген кісім боп келеді.

Ұлтшыл, үйымсыз барсың, ұлтшыл жастар және ұлтшыл ортақшылдар барсың... Иә, бұл жасырын емес... Білеміз барсындар... Міне, бүтін партия, өкімет атынан айтамыз: болды енді, ол сияқты ертегі заманның жырлары. Тұтынғаның сол болса сен жаңағы азиятщина, жабайылық, реакция тобындасын... Өзің не десен үй де, бірақ объективно, тарихша сен сондасың. Алға бастаған өмір, тарих ұранын костау орнына, отрицать ету сенің бар мазмұнды ашады... Енді міне, айтындар, кімдіксіндер? Мінгірлемей, беттерінді ашындар. Біздік болған бізben, біздік еместерің шық, шығасың қарсы бетке (*Қолындағы запискалардың жоғары көтеріп*.) Міне, маған берген запискалардың кейбірінен көріп отырмын, кейбір жастарды осында ұя салған дерптада адастырған, қаңғытқан көрінеді. Білесіндер ме, мұнда төңкеріс дүшпандарының сөздеріне шейін сөйлеп отырғандар бар. Кім сөйлетті, кім адастырды, не деп адастындар, – қазір ашып айтындар... Бұғып қалам, білінбей қалады екем демендер... Мұндағы жастар бар... Сол жастарды бастаған, атағы болмаса да пролетариат ісіне, партия ісіне тазалығы, беріктігі күшті болған жолдастар бар. Солардың көзі бәрінді де көреді. Табады... Атағы, аты бар асқақ жау біздің ол жастарды елеусіз, атақсыз, тәжірибесіз әлдекім деп санаған шығар. Бірақ біздің партияның, большевик партиясының: қатардағы, құба төбел көптің бірі боп жүрген адамдардың ішінен, мықты жауға “табандап ұрып тап жығатында” нық соққы, большевик соққысын бере білген адамның шығуы қандай жақсы!.. Қандай белгі!.. Біле білсе біздің күшіміздің қандай берік, сенімді күш екенін соның өзі де

танытуы керек. Пролетариат тобының әрбір звеносы пролетариатша, болат, құрыш екенін соның өзі де сездіруі, таныстырыу керек. Иә, рас... Бұның өзі де сабак жатқа... Жауға... Оған қарсы сенің кейбірінің сеніп жүрген күшін бар шығар... Бірақ ол сендер көріп жүрген күштің бәрі бізбен, партиямен ғана күшті... (Қолымен үстелді қағып.) Егер партия жолынан жырылып, қиқақтап көрсін. Күшінен, түсінен не қалар екен?

Біз мұнда үлкен тазарту жүргіземіз... Ол тазарту бастан аяққа дейін болады. Институттың бүгінгі тірелген тығырығы еріксіз соны керек қылады. Бұл тығырық терең тамырлы көрінеді. Осыған қарай талайдан бұрмалап әкеle жатқан, сендерге белгілі де, белгісіз де, көрінбей істейтін де, қыңыр-соқыр күштер болған көрінеді. Енді соның бәрін тазартамыз... Ашындар, ат салысындар... Өз міндерінді сонымен түзендер... Алдымен сөз сендердікі, адасқан жастар!.. (Тоқтайды. Қол шапалақтау. Орнында бір тұрып, бір отырып, Лала көп шапалақтайды. Фанига бейілін көрсетуге тырысады. Басқарма өзара сөйлеседі. Фани барғанданда барлығы бір нәрсені айтЫп, Фани мақұлдайды.)

Е с е н. Жолдастар, Фани жолдастың баяндамасы да, сұраптар, запискалар бойынша берілген жауабы да осымен тамам болды. Сейлемін деп жазушылар саны 90. Енді басқарма айтысқа кірісуден бұрын он минут үзіліс жариялауды мақұл көреді.

Д а у ы с т а р. Дұрыс... дұрыс...

Е с е н. Қарсы кісі жоқ па? (“Жоқ”, “жоқ” деген дауыстар.) Олай болса он минут перерыв! (Залда, басқармада да қозғалыс. Тұру, жүру. Сыдық Фанига жақындаиды. Фани қасынан орын көрсетеді. Сүлейменов, Мақсұт оқшауырақ.)

С ү л е й м е н о в. Бізге шығу керек пе, жоқ па? Сөйлесек қайтеді осы?

М а қ с ұ т. Жоқ, керек емес. Шиленістіру қажет емес.

С ү л е й м е н о в. Батыршаларды шақырыпты Жағыпаров сөйлеспек.

М а қ с ұ т. Солай ма? Ендеше (*кулін*) қатасын мойнына алып, солар сөйлеуі керек. Сейткерей сөйлесе тіпті шынын айтар. Өзгеріп жүрген кісі фой. Тыңдайық, не қызық болар екен! Тыңдай беріндер!

## 2-көрініс

Ф а н и (*bір записканы Сыдыққа беріп*). Міне, қарашы мынаны... Бұның аты не?

С ы д ы қ (*алып жатып, салқындау*). Немене, не депті?

Ф а н и. Не дегені сол... Қазақстанның ағылшын отарынан не айырмасы бар, хатшының ағылшын жандаралынан не өзгелігі бар дейді? Міне, не үйренген оқушыларың! Мұны не деп ақтайсың?.. Айтшы, кәні?

С ы д ы қ (*қарап шығып*). Ең әуелі мұндағы жастың бәрі бала емес. Қөшшілігінің әр алуан жап-жақсы дайындығы бар. Өздерінің әр нәрсеге сыны, шарты бар қоятын.

Ф а н и. Ие, сондықтан?

С ы д ы қ. Сондықтан бар сөзін үйретінді деуің орынсыз!

Ф а н и. Қайдан алды бұл пікірді? Бұл настроение неден туды?

С ы д ы қ (*таңданған бол*). Айналадағы өмірден алған шығар. Қайдан алушы еді? Сендер бірбеткей, ойланбай, арттарыңа қарамай, бұрап, майлап қойған машинадай, бұйырған бетпен шауып келесің. Бірақ осы ойланамысыңдар?

Ф а н и. Иә, партиядан қыңыр жайылатын ойды неге ойла-майсың дейсің ғой? Әйтпесе Хасенов те, хасеновшілдік те болар ма еді?

С ы д ы қ. Эрине, жоғарыдан айдар тағып беріп, осының артынан қалма деген соң, сен сенімін актамасқа болар ма? (*Әбіш келіп тыңғайды*.) Бірақ ат қоя білетін сен ғана екем деп ойлама. Өз атың кім сенің, білемісің?

Ф а н и. О не деген сөз? Ашып айтшы, кәне?..

С ы д ы қ. Осы орынға отырып, дәрежеге ие болып көтеріл-геннен бері қарай үлкен мәселеде бірде-бір өз пікірің, өз бетің болып көрді ме, осы? Сондайың болса, соны жарыққа шығарып, атап тартысып көрдің бе? Олай болса сенің атың кім болады?

Ф а н и. Ата, айт... мен сендей өз бетімше байышыл, ұлтшылдар пікірін тасымаймын. Өтірік айтпаймын... Айтсам партиямен бірмін. Партия макұлдаған пікірді айтамын.

С ы д ы қ (*кеекетін*). Яптырай, не қылып ғана туа қалған десенші? Партия жолынан бірде-бір уақыт не артық, не кем

түспес болар ма? Бірақ сонда шын ұлken, шын іргелі мәселені сенімен сөйлесе ме әуелі... айтып көрші?

Г а н и. Ә, бәсе, солай сөйле... менің сенімен де сөйлесуім керек еді. Жақсы аштың арманыңды... Сен ұйым адамдары, ұйым тәртібі туралы жау айтатын сөзге көшкен екесің. Бетіңен жарылқасын... Енді, біл бірақ, сенің жолың ашық залалды... айқын жаулық жолына ауысыпты (*Записканы көрсемін.*) Келген, келтірген нәтижен міне... Сенімен кімше сөйлесу керек... ашылды...

С ы д ы қ. Аяма, қорқытам дейтін шығарсың. Шырағым Хасеновтің ол үйренген қоқайы... Ондай сөз сағанғана құбызық...

Г а н и. Эрине, сенің жақсы мен батырың ұйым адамы, еңбекші жоқшысы болмасқа керек. Білеміз... Қайта кім соларға қарсы болса, соны батыр дейсің. Рас, біз ондай емеспіз. Ол сандырақтан кеткеміз... шүкірлік. Онда қазактың саналы еңбекшілі, бағыты дұрыс партейці де кеткен бұз күнде... Қазір дерттен арылып келеміз. Сен қалсанған соны мақтандырылған шығарсың, бірақ игілікке қарай сен көп емессің?.. (*Әбішке қарап.*) Солай ма, Әбіш? Сен не дейсің?

Ә б і ш. Маған Сыдықтың бұл пікірлері жат. Макұлдай алмасақ керек.

С ы д ы қ (*Әбішке*). Ә, солай ма? Солай шығар, әрине...

Ә б і ш. Әрине, бұлай деу адасу, шектен асу.

С ы д ы қ. Айтартсың... айтартсың... (*Faniga.*) Бірақ сыншылымыз кейінгі өсетін жастар, кейінгі партейщтер болар. Олар сендерғана соғылып шыққан қалыпқа соғылып шықпас.

Г а н и. Ә, дәмеміз алыста... әрине...

С ы д ы қ. Мезгіл пісіріп, толтырып шығарсың соларды. Сонда талай сені мен біз сияқты асылдар қайта бағаланар... Сонда көрерміз...

Г а н и (*куліп*). Партиец деп бояған боласың. Одан да шыныңды-ақ айтсаңша. Ұлтшылдар тарихшысы болса осы заманның тұрғысы мен емей кім дейтін сенсің гой... Бірақ біз тарихтан жеке орын аламыз деп мақсұт қылмаймыз...

Ескерткішім еңбекшінің, партияның бірігіп тұрғызған ұлы дүкені болса, бізге мақтан да, бәйге де сол (*Батырыша, Сейткерей шығады*.) Жарайды біз бір-бірімізге қандық қой. Бұдан басқа сөзің жоқ қой?

Сыдық. Жоқ...

Фани. Ендеше, тоқтайық...

Сыдық. Тоқтатсан тоқтат!... (*Сыздынып жалғыз кетеді*.)

### 3-көрініс

Фани (*Батырыша, Сейткереймен амандасады*). Иә, мен сіздердің екеуіңізбен де сөйлеспекшімін.

Барташ. Иә, бізді жаңа сіз керек қылады деген соң келдік.

Фани. Мұндағы жайды сіздерге қайталап айтудың қажеті жоқ. Сіздер бұрынғы алашорданың басы қып жүрген адамдарының бірісіздер. Соны көре-біле тұра біз сіздерге мүмкіндік бердік. Жағдай жасадық... Ол сын еді... Және пайдалы іс істей алса істесін деген сенім де еді... Ал, бүгін мынандай үлкен іс шықты. Жұртшылық қозіне сіздер бұдан оқшаша тұрған кісі бол саналмайсыздар. Ол мүмкін емес... байланыстысыздар...

Сейткерай. Қалайша, немен байланысады? Тағы көленкеге қарап тон пішу ме, жоқ дәлел бар ма? Әлде біздің жайымызға келгенде дәлел деген керек емес болады ма?

Фани. Өйтіп ақталу сізге де дағды болған шығар. Бірақ онымен ақталып, аршылып кету қыын. Сөздің қысқасы...

Барташ. Иә, бізден не тілейсіздер, соны айттыңызышы?..

Фани. Октябрь төңкерісінен бері 11 жыл болды. Содан бері сыртпен сыпайы кісі болып, ішті бөлек салып жүрген еп пен айла, мақта мен білте дегендердің өрісі бітті. Енді бетті ашасыз. Шындыы айтасыздар... өздеріңің кеңес ісіне кіріскеннен бергі: жалпы бағыттан басқа бол, өздерің бол тығып, тығылып, қарсылық істеп жүрген жайларынды айтасың. Бұл күнде сол жаңағыдай бар Қазақстан жұртшылығына мәлім жүрістерінді теріс деп түсінесіздер ме, жоқ па? Түсінсеніздер, соның төңкеріс үшін теріс, залалды мінез, залалды настроение екенін ашып айтасыздар... жараймысындар... бармысындар осыған... жоқпышындар... соған қазір ашық жауап керек...

Сейткөрөй. Бұл шарт қой... Олай болса ашып айтарсыз, істелмесе не демексіз?..

Гани. Истелмесе біз өз қорытындымызды жасаймыз. Бұл шарт, бірақ сауда емес... Біздің сіздермен бұл соңғы сөзіміз... Және бұған келтіріп отырған сіздердің іс мінездеріңіз. Ең акыры міне, мына бүгінгі институт мәселесі... Кәні, не дейсіздер? (Батыршага.) Мысалы, сіз не дейсіз? (Есен келіп тұрады.)

Батырша. Сіздің бізге ғана қадалғаныңыз қалай? Тіпті ұлтшыл біз емес (*Өтірік күлін.*) Осындағы өздеріңің коммунистерің десек не дейсіз? Ал, тіпті (*Күледі.*)

Гани (*салқын*). Ол өз бетімен. Қазір сөз сіздер туралы.

Батырша. Олай болса шынды айтайын. Мен өзіміздің бұл сөзіңізді дұрыс көрем. Тіпті осы жүрттың жаласы ылғи алдымен бізге жабылатын болса (*күлін*), одан да солардан аулақ болам... Тек сұрайтыным: бұдан соң не айтсандар, өзім істеген істі айтиңдар... Мен жасынды да, коммунисінді де білмеймін (*Күлін.*) Тегі, осы не өзі? Кім ұлтшыл боп шыкса соның түбі біз боламыз да отырамыз... Міне, мен айтамын енді... бірақ ендігәрі ұлтшылдарынды менен аулақ тарт (*Күледі.*)

Гани. Дұрыс... қазір соныңызды сөйлейсіз ғой онда?

Батырша. Қазірге тым тығыз болды ғой... Дайындалуым керек еді.

Гани. Дайындалу қанша қажет?.. Сөйлейсіз... дұрыс па?

Батырша. Дұрыс...

Гани (*Сейткөрөйге*). Кәні, сіз не дейсіз?

Сейткөрөй. Мен не дейін. Мына кісі сөйлемек болды ғой... сол жетер...

Батырша (*кулін*). Жоқ, мен сен үшін сөйлемеймін... Менен аулақ, шырағым...

Сейткөрөй. Жоқ, қалжында маңыз... Шын айтам, әрқай-сымыз бірдей исповедоваться ете бермей-ақ қояйық та...

Батырша. Жоқ, мен де шынын айтам, өз сөзінді өзің айт (*Өтірік күлін*) Өзім топ деген жаладан құтыла алмай жүргенде сенің мынауың бір пәле ғой, жаным.

Есен. Е, солай, өзіңізге ермей бұлтақтаймын деген болса, жырып тастаңыз...

**F а н и** (*Сейткерейгө*). Кәні, не дейсіз?

**С е й т к е р е й.** Менің бұл шәкірттерге адал, таза қызметтеп басқа жазығым жоқ. Соңдықтан бұл жерде шығып, жоқ қатаңды мойыныңа ал деу орынсыз деп білемін.

**F а н и.** Сіз қияламай, анық жауап беріңіз...

**С е й т к е р е й.** Анық жауап болса, мен бұл жерде сөйле-меймін. Сөйлесем Қазақстанда болатын өлкелік съезд, конференциясының бірінде сөйлеймін. Жалпы ұйымсыз оқығандардың, соның ішінде өзімнің де бұл күнге шейін болған мінез, ісіміз туралы жаңа көзқарас, жаңа сыным бар. Соны жүртқа түгел естілетін қылып, толық айтамын.

**Е с е н.** Ол керек болса, уақытында оны да айтасыз. Қазір мұнда да керек. Онда айтам деп бекінгенде енді мынадан қаша-сыз ба? Бұл түсініксіз ғой.

**F а н и.** Сіздердің тіл емізулеріңіз жетсе керек осы. Толқуы-ныз – бетті ашпау... Оныңыз да бүтін бізге қосыла алмағаны-нызыды көрсетеді. Не дейсіз?..

**С е й т к е р е й.** Жоқ, шәкірттер алдында сөйлей алмаймын. Бұнда кінәлі емеспін.

**F а н и.** Солай ма?

**С е й т к е р е й.** Солай... Аяқтағы суға ағып өле алмаймын.

**F а н и.** Е, оны көрерміз... (*Сөзді тоқтатып, Есенге.*) Кәні, жаңағы жолдастар бар ма, сөйлесейік! (*Сейткерейлер тұрып кетеді.*)

#### **4-көрініс**

**Е с е н (сол жаққа қарап).** Ей, жолдастар, бері келіндер! (*Әбіш, Оспанов, Қадиша, Темірбеков шығады.*)

**F а н и.** Жә, жолдастар, қазір біз біраз сөйлесіп алайық... Мәселе осының берінен шығарылатын қорытынды мен жаңа адамдар туралы...

**О сп а н о в.** Иә, шет жағасы шешілді ғой өзі...

**Е с е н.** Шет жағасы емес, бәрі де шешідці.

**F а н и** (*Устелді қарындашпен тықылдатып*). Сөздің қысқасы: біз директорды түсіріп, орнына әзірше мына Әбішті

қалдырамыз... Жиылыш ашылған соң бұл естіртіледі. Екінші: жастар ұйымының хатшылығынан Малдыбаевты шығарып (бәрі Қадишаға қарайды), Қадиша жолдасты ұсынамыз... Ә, хатшылығында баяғы Есен өзі қалады. Оспанов директор орынбасары, Темірбеков әрі бюро мүшесі, әрі бар институттың әр жерінің керекті пресі (бәрі қулемді) болады. Солай ма, жолдастар?

Қадиша. Солай. Ал, тазарту туралы қалай болмақ? Ол жайынан не айтылады?

Фани. Тазарту: әнеугі бұдан шығарылған алты шәкірт, онан соң үлкен тізім бойынша өзге ВУЗ-дан 10 студент тазартылады...

## 5-көрініс

Малдыбаев келеді. Бұлар оған қарап тоқтайды.

Фани. Иә?

Малдыбаев. Мен осы жиылышқа біраз сөз айтсам деймін. Соны сіздермен согласовать етсем деп ем.

Есен. Иә, не айтпақ ең?

Малдыбаев. Мен қаталастым... Мына Хасеновтің әсерімен ұйым жолынан алыстаңқырап, адасып кеттім... соны мойныма алғым келеді...

Қадиша. Ә, солай ма? Мен сенің мінезің туралы бәрібір сөйлемекшімін қазір. Кеш те болса есіңе түскен екен...

Темірбеков. Сейлекені теріс болmas... Айтсын тыңдайық (Өзгелерге қарайды.)

Фани. Сейле, жарайды, тыңдайық. Сенің мысалың бұл жүргітка жақсы сабак болуы керек.

Малдыбаев. Білгенімді айтпақшымын өзім де ...

Фани. Жарайды... жарайды... Онда сейлейін... Не айта-тыныңды өзің біл. Біз нұсқамаймыз... Иә, әзірше... (Тоқтайды. Малдыбаев кетеді.)

Қадиша. Жә, осымен қатар мұндағы ұлттыл ұйымсыздар туралы да бағыт беру керек қой.

Спанов. Онан соң жаңағы Малдыбаевтай болмасада, (күліп) ол өзімен кетсін, түрсіз, (Әбішке қарап) отағасы,

шәкірттердің сізге қарап та біраз бексе басты болғаны бар-ая... Сөздің шыны керек те, мәселенки. Соңдықтан сіз де біраз өз жайыңыздан выступатьтау дұрыс болмас па екен?

Ф а н и. Рас айтады. Әбіш, сен ең болмаса барлық уақиғаға салғырт қарап, шабандап қалғансың.

Қадиша. Ол рас... Сөйлем ету керек.

Е с е н (Әбішке). Иә, оны жүртқа айтқызбай, өзің істеу керек.

Темірбеков. Бұл қажет.

Әбіш (басын изеп, салмақпен). Білемін. Мен оны өзім де ойлад жүрмін.

Ф а н и. Сол... (Тоқтап, Қадишаға.) Ал, анау ұлтшылдармен бұндағы ұлтшылдық, байшылдық туралы бәріміз де сөйлейміз. Әлгі Батырша сөйлемек, ол сөйлесін. Бірақ шын ниет жоқ. Кұлық. Бәрібір онында құны шамалы. Тегі, бұлармен құдалық сөйлесе беруді тоқтатармыз.

Қадиша. Рас... Жетті, осылармен арбаса беру.

Е с е н. Тұбі дұрысы сол шығар.

Ф а н и. Әзірше беттерін ашып, істерін жастарға әйгілең беріңдер... Жә! Енді осымен тоқтаймыз фой.

Е с е н. Болды енді... Меніңше басқа сөз жок...

Ф а н и. Кәне, аш олай болса қайтадан жиылсызынды.

Е с е н (қоңырауды шалдырлатып қагады). Жолдастар... жолдастар... орындарына, жолдастар! (Алдыңғы қатарға жұрт отырып жетады. Қоңырау.)

#### ШЫМЫЛДЫҚ

### СЕГІЗІНШІ СУРЕТ

Сахна екі қатар. Жоғарғысы күн түсіп тұрған үлкен балкон. Жиегі перила. Төменгі қатар кішілеу коридор. Институт үйінің бір бөлімі. Жоғарғы балкон бойында қызулы, көңілді жастар. Топ-топ болып күліп, ойнап, ән салысып, ерслі-карылы өтеді. Үстерінде мейрам киімдері. Анда-санда пионерлер топтары да өтеді. Бұларға комсомол жастары бастық. Төменгі коридордың жоғарғы жиегінде әндептің журіп, ұрандар жapsырып жатқан комсомол қыздар, жігіттер топтары бар. Бір шетте жұпның киім киген Оспанов бояуымен ұран жазып жатыр. Анда-санда Темірбеков, Қадиshalар да келіп, ұран жapsыруға

жәрдемдесіп кетеді. Ұрандар бірінші май мейрамының. Балкондағы жастардың барлық қозгалысында 5-суреттегі көрініске қарсы шын үлкен ынтымақ, бірлік, қуаныш көрінеді. Шымылдық ашылғанда біразға шейін астынғы коридор бос. Аздан соң Сұлейменов, Сұлтанов шығып, анырып тұрысып, ақырын кубірлеседі.

Екінші жақтан (төмөнде) Батырша, Сейткерей шығады.

## 1-көрініс

С е й т к е р е й (қол ұстасып амандастып, *Сұлтановқа*). Иә, комсомолға қайта ал деп арыз бермек емес пе ең, бердің бе? Не деседі?

С ұ л т а н о в . Берген болып ем (*Күлін.*) Алмаймыз дейді.

С е й т к е р е й . Е, кіндікке арыз беру керек. Іздену керек қой. Құр не шығар деп қала бермей, тартысу керек емес пе?

С ұ л т а н о в . Соған тіпті жабыса бермек ниетім де жоқ. Шынына келсек (*қозгалып*), осы күнде ойымыз қайта басқа жакта... Сіздермен сөйлесейік дегеніміз соның жайы.

Б а т ы р ш а (*Сейткерейге*). Сен қаламысың? Мен кетемін (*жүргүре ыңғайланаңды.*)

С е й т к е р е й . Жо, мен кетем... Кішкентай тұра тұрсаңызышы...

С ұ л е й м е н о в . Біз сіздермен аз сөйлеспекші едік.

Б а т ы р ш а . Не сөйлесесіндер? Не сөз болушы еді?

С ұ л т а н о в . Болады ғой азын-аулақ сөз. Үркесіздер ме өздерініз бізден? (*Күлін.*) Қалайсыздар?

Б а т ы р ш а . Ой, шырағым, бұл күнде ондай сөзді не қыласын. Тіпті үркетініміз рас... Қөрмеймісің? (*Жалтақтап*) Сендермен енді сөйлесуге де болмайды тіпті. Өздерің білесін ғой...

С ұ л е й м е н о в . Е, құдай-ай, солай еken деп өле қалайық па? Бізді бәрібір сіздерге байлады. Біз қаша алмаймыз. Бұрын да қашқан емеспіз. Бізге қашпаған соң сіздер қашасыздар ма?

Б а т ы р ш а . Қашу бәріміз үшін керек, білдің бе? Қашпағанда не таптық? Табасың қәні, айтшы? Кешегі институт жиналысында мені сөйлеткенің бе? Айттар сөзім бе еді сол менің? Табысың сол ма?.. Не боп, не боп барамыз?

С ұ л е й м е н о в . Е, ол табыс болмаса да, залал емес... Тіпті де залал емес... Несі бар?

С е й т к е р е й. Жок, бұның бәрі олай емес... Впрочем, қалайда артық сөзге жол бермейік, тегіс сақ болу керек. Ол рас. Одан бәрі де жасырын бірдене істеп жүрген кісі жок. Мен солай деп түсінемін. Сондықтан, эрине, таныстықтан қашуға болмайды...

С ұл т а н о в . Біз құр ғана таныстық емес... Сіздерді бұрынғыша саяси басшымыз, сол мағынада ағамыз деп білеміз. Және сөздің шыны, қазіргі айтпағымыз тіпті солардың жаласын ақтайық дейміз.

Б а т ы р ш а (*жылдам*). О не деген сөзің?

С ұл т а н о в . Ол мынау: біз әзір азбыз... Бірақ...

С е й т к е р е й (*күлін*). Аз болғанда үшеу-ақпызы десенші.

С ү л е й м е н о в . Жок, бар шығар, табылар тағы да!..

С ұл т а н о в . Иә, аз болсақ та біз сияқты наразы жастардың пікірін, көзқарасын бір араға жиып, жүйе жағына негізделп, дәлелдеп, түп бағытымызды айтып, бір саяси бет белгілемекпіз. Осыған не дейсіздер?

Б а т ы р ш а . Шырағым, сен не айтып тұрсың өзі? Мен ұқпайым ондай сөзді...

С ү л е й м е н о в (*састай, салқын*). Қалайша дейсіз? Бүгін ұқпай қапсыз. Кеше ғана емес пе еді, осы дәл сіздің мынау Сұлтановтарды жақсы жігіт деп мактағаныңыз?

С ұл т а н о в . Ол ғана емес. Сөздің шынына келсек, мен осы настроениені сіздерден алдым. Осы бағытым сіздердің сөздерінізден туған бағыт десем не дейсіз?

Б а т ы р ш а . Қой... қой... шырағым... Тіпті мына жастар қалайсындар сендер өздерің?

С ү л е й м е н о в . Япырай, олай сөйлеспейік те!.. (*Калтасынан қаттылау қагаз шығарып алып, Батыра, Сейткереіге ұсынып*) Міне, осыны оқып, пікір айтыңыздаршы.

Б а т ы р ш а (*шошынып*). Бұл не?

С ү л е й м е н о в (*састай*). Бұл әлгі мына Сұлтанов айтқан!..

С е й т к е р е й. Қой, мыналарың не?.. Пәле ғой, шырактарым, мыналарың.

Б а т ы р ш а . Жоғалт... жоғалт. Шашпаң (*Tan беріп қагазга, Сүлейменовпен тартысып, бір шетін қос-қолдан уқалап*.) Ендігі қалғаның жазылған документ беру ме?!

**Сұлтанов** (*Tan беріп Батыршаның қолынан ұстап*). Е, қойыңыз әрі... (*Қағазды босатып жүзүп алып*.) Сіз тіпті көленкенізден қорқатынға жеткен екенсіз...

**Сүлейменов** (*басын шайқап құліп*). Ә, өз жемісіңіз бұған жеткенде у көрінді ме? Бірақ осымен бізді жемдегеніңізді не етейік!?. Калечитъ ету ме еді ниетініз?!

**Батырша.** Мен мұндай сөзге жоқпын. Айтқаным жок, мінеки... Егер сөйлесем десе мына Сейткереймен сөйлесе беріндер... (*Кетуге ыңғайланаады*.)

**Сейткереій** (*куліп*). Токтаңыз... тоқтаңызышы... (*Ананы тоқтатып, өзі де журуге ыңғайланаып*.) Сендер үркітіп жібердіңдер гой (*Батыршага*.) Бір минут, мен де сізben бірге кетем... (*Жастарға*.) Сендер бұндай сөзді қойындар... Бұл негізінде орынсыз, теріс. Біз, әрине, сендерге сенеміз, сондықтан айтамыз бұл мәслихатты да. Бұларың қай жағынан болса да ылайық емес...

**Батырша.** Жүр... жүр енді... Менің бір асығыс жұмысым бар...

**Сейткереій.** Ал, кеттік (*Жастарға*.) Иә, солай, шырақтарым (*Ekeyi де кеміп бара жатады*.)

**Сұлтанов.** Жарайды... жарайды... (*Сүлейменовке*) Сенген қойым сен болса-а-ң... (*Іскырады*.)

**Сүлейменов.** Осыны да “аға, аға” деп, пәленнің бастығы, пәлендей атағы деп кісім қып жүрді-ау... Не қасиеті үшін?.. Жұмбак (*Ekeyi де үндеңей тұрысады. Дағдарыс*.)

## 2-көрініс

Балконға Темірбеков, Қадиша шығады. Маңайларына бірталай жастар олады. Арттарынан шұбылтып коса еріп жүрген Лала, Мұсілім енді Қадиshalарға келеді.

**Лала.** Бұгін Сыдық Хасенов кеткелі жатыр екен!

**Мұсілім.** Иә, жұрттың бәрі-ақ тастап кеткен көрінеді. Өзінде де бұрынғы нағызыздықтың бәрі қалыпты...

**Лала.** Как же.

**Қадиша** (*Mұсілімге*). Олай болса сіздер қайдан білдініздер?

**Лала** (*жылдам*). Біз жаңа Рақышты көріп едік... Сол айтты.

Темірбеков. Жұрт тастапты дейсіндер... Рақышты  
кайтесіндер?

Мұсілім (*күліп*). Эй, білмейім, ол да қанша барқадар  
тапты екен...

Темірбеков. Е, не бопты?..

Мұсілім. Есітерсіндер. Онша көңілді хал болмаған-ау  
дайім!..

ЛАЛА. Қойшы, Мұсілім! Сплетня айтқан кісі сияқты боп не  
керек!

Мұсілім. Жоқ, мен әшейін кеткелі жатқанын айтам...

ЛАЛА. Ну, кетсе скатертью дорога. Бізге не керек.

Мұсілім. Өзінің ісі контрольный комиссияға беріліпті рой...

ЛАЛА. Ну, айттым рой, скатертью дорога! (*Қадишиага*) Кәні,  
енді болсаңыздаршы, жүрейік те демонстрацияға...

Қадиша. Қазір, қазір, жолдас Лала... Е, бәсе, осыны  
аityңыз. Бірак ана Оспанов бір ұранды бітіріп бола алмай жа-  
тыр... (*Лаладан басқалары ұранды алып шығып кетеді*.)

ЛАЛА (*жүгіріп үлпілден Оспановтың артына келеді*). Қашан бітер екен лозунгіңіз!?.

Осанов (*артымен құбылып, артисие*). Бітер еді сіз  
вдохновить етсеніз...

ЛАЛА (*қиналып қүліп*). Қойыңызды, сіз тіпті ылғи өстіп  
тұрасыз мені көрсөніз (*Жақындаиды*.)

Осанов (*бұрынғыша құбылып*). Білесіз бе, сүйтіп кетем  
тіпті...

ЛАЛА. Бітіріңіз (*Жақындаап, ишігына ентелеп*.) Бітіріңіз енді...  
Однако, сіз қандай жақсысыз!..

Осанов. Қо-о-йыңызды (*Шұғыл бұрылып, кисточкасын  
Лаланың бетіне жағатындағы былғалактатып, мұрнына төсеп*.)  
Любить қыламысың? Сүй!..

ЛАЛА (*қиласын шалқалап*). Ах!.. Сіз неткен тентек.

Осанов (*омыраулап*). Сүй... мұрнымнан (*Төсейді*.)

ЛАЛА. Милый! (*Шап етіп құшақтап, бетінен сүйеді*.)

Осанов (*жұлқынып, теріс айнала беріп мазақтап*).  
“Милый”, ой, тұрсіз! (*Қадиша шығады. Лала жүгіріп кетеді*.)

О спан о в (Қадишиага). Ал, ұрандар бітті. Мен үйге барып киініп, майша киініп, директор-миреекторлар бол-болса алдымасалып, сендер шыға бергенде қосыламыз.

Қ а д и ш а. Жарайды... (Kemicedi.)

### 3-көрініс

Төменде, алғашқы екі жігітке Максұт келеді.

М а к с ұ т. Иә, жайларың қалай? Оқшауланып қалыпсындар ғой өздерің? (Күледі.)

С ү л е й м е н о в. Оныңыз рас... Жалпы күй сондай болса, оның үстіне жана Батырша мен Сейткерейді көріп, онан сайын қарнымыз ашып қалды...

М а к с ұ т. Е, олардан не шығушы еді, тәнір... Бір нәрсе күтулерін өзі балалық қой. Маған айтқан сөздерінді де айттындар ма оларға?

С ү л е й м е н о в. Иә, солайлау деп едік.

М а к с ұ т. Тегі, сол жазба белгіні жасауларың қата... Керек емес... бұрын да айтқамын.

С ұ л т а н о в (қалтасынан шығарып). Өзін оқыдыңыз ба?.. Таныссаңыз қайтеді?

М а к с ұ т. Жарайды, кейін. Әзірше өзінде тұра тұрсын. Иә, олар қорқатын шығар...

С ұ л т а н о в. Ат-тонын ала қашады.

С ү л е й м е н о в. Қорыққанмен жан қалады дейді ғой.

М а к с ұ т. Мен басқа қазақ болмаса бұл жүрген ұйым-сыздарыңың ішінде көніл тоятын кісі тапқаным жок. Шын саясат адамы жок. Ондай адам, ондай топты уақыт туғызады.

С ү л е й м е н о в. Е, сондай уақыт енді туған, болған жок па?

М а к с ұ т. Бәсе, болса өзгеге сенбе, сондай қасиетті өздеріңнен тап, өздеріңнен туғызындар... білдің бе? (Бәрінің бастары түйиседі.)

С ү л е й м е н о в  
С ұ л т а н о в } Иә, иә, рас.

Сахнаға әскери сұр киім киген үш кісі шығады.

## 4-көрініс

Мақсұт (олардың көрген жерден Сұлтановқа). Жырт!..  
Жытыр!..

Сұлтанов алып жырта бергенде үшеудің біреуі келіп қолынан ұстайды да,  
Максұтқа бір қолымен ордер береді.

Әсекер и. Сіз ғой, Қарпықов?

Мақсұт. Бәсе, осылай болса керек қой. Иә, мен! Не  
бұйырасыз?

Әсекер и (ордердің көрсетін). Оқыңыз!.. (Сүлейменовке.)  
Сіздің фамилияңыз кім?

Сүлейменов. Сүлейменов!

Әсекер и. Сұлтанов сіз бе?.. (Анау басымен белгі жасайды.) Міне, олай болса. (Екеуіне екі ордер береді. Сұлтановтың қағазын алып, қалтасына салады.)

Мақсұт. Дұрыс... Пәтерімізге баrasыздар ма, жоқ па?

Әсекер и. Ол кейін... әзір жүріңіз!

Үшеуін де алып шығып кетеді.

## 5-көрініс

Балконда Темірбеков, Кадиша, Оспановтарға Лала, Мұсілім жақынданап  
келеді.

Мұсілім. Жаңа бір әскерлер Мақсұт пен Сүлейменов,  
Сұлтановты сұрап жүр...

Лала Г... П...У... формасы бар үстерінде.

Темірбеков. Е, олай болса жаппақ шығар... (Бірталай  
жастар, пионерлер сахнага шығады.)

Лала  
Мұсілім }      Койшы, қойыңызышы...

Қадиша. Е, несі бар еді? Дұрыс... барсын, ұлтшыл  
оқығандардан шынымен біржолата отказаться ететін уақыт  
жетті... Біз жаңа өмірдің жаңа адамын, жаңа оқыған ғалым,  
жаңа маманды оларсыз өзіміз жасаймыз... (Жастардың көрсетін)  
Мыналардан жасаймыз.

Темірбеков. Ал, кеткен кете берсін. Біз (*арттагы пионерлерді көрсетіп*) жаңаның мына уыз көк балдырганымен өзіміздің күншуақты бірінші майымызға барамыз... Қуанышмызды карсы аламыз... Қамданыңдар... (*Бәрілері жеселікпен жеңіл басып жөнеледі. Арттарында Мусілім, Лала салбырап қорқып тұрып қалады.*)

### Шымылдық

### ЭПИЛОГ

Сахна ұзын террас. Шет-шеттерінде бірен-сарап жемістің ағаштары (шабдалы, сирень.) Террас шарбагының екі жақ шетінде бойлап шыққан шырмауық. Залға қараған беттерінде қызғылт гүлдер. Террастың артқы қабыргасы терезелер, есіктер. Терезелер шілтерлі. Алдарында құмыраға өсірген, гүл вазаларына орнатылған әр алуан гүл, букеттер. Терраска үш пәтердің үш есірі шығады. Сыдық, Әбіш, Есен пәтерлері. Оң жақтағы есік Есендікі, ортада Әбіш, сол жақтағы Сыдықтікі. Әр есіктің жанында ақ асжаялық жабылған кішілеу үстелдер. Айнала екі-үштен орындықтар. Әбіш пәтерінің тұсындағы орындықтар тоқыма. Бұлардың ішінде, Есен үй жағында тоқыма качалка да бар. Шымылдық ашылғанда Әбіш качалкада газет оқып отырады. Есен пәтеріне тиісті үстелдің жанында залға сыртын беріп, сөнді аппақ күй киген адам аяғына бәтенекесін киіп жатады. Біреуін киіп, екіншісін бір аяғының басына іле беріп, үстел үстінде жаткан газетке көзі түседі де, соны бетіне алып, сырт қараған бойында отырып оқып қалады. Аздан соң ортанғы есіктен Гуля жүгіріп шығады. Шашы, тұс-козғалысы асығып, үріккендікті білдіреді.

### 1-көрініс

Гул я (*есіктен атып шығып, айналага жалт-жұлт қарап, Әбішті тауып*). Әбіш! (*Жылап.*) Білдің бе не болғанын?

Әбіш (*састай*). Иә, не бопты?

Гул я. Сейткерей жездем мен Батыршаны жаңа арестовать етіпти.

Әбіш (*қолымен белгі қын*). Ыш-ш-ш!.. Болды, тоқтат, тілеуінді берсін... (*Теріс қарап отырган жігіт тыңдайды.*)

Гул я. Керегі жоқ сақтығының... Бұл қорқақтық! (*Жылап.*) Сара тәтем кеп жылап отыр.

Әбіш (*нөрвіленін*). Сақтығың не өзіңің? (Гуля қарайды.)  
Токтат, тыңдағым келмейді оның жәйін, білдің бе?

Гул я. Не дейсің, Әбіш? Жездеме, маған істеп отырған мінезің  
осы ма? Қалай едің?

Әбіш. Не тілейсің өзің? Не сөйлеп тұрғаныңды түсінемісің  
толық?

Гул я. Жарайды... Ең болмаса Сара тәтеме жұбату сөзің де  
табылмай қалғаны фой... жақын-ақ екесің...

Әбіш. Оныңды әсіреле тыңдамаймын. Айтушы болма маған  
бұл сөзді!..

Гул я. Неге, не бола қалды? Не болған өзіңе?

Әбіш. Әйелімсің, сөйлеспей болмайды... бірақ екеуміздің  
арамыз бітеу, меніреу қабырга фой, тегі (*Кекетін*.) Не бола қалды?  
Сенше бола қалды ғана фой... Ежелден, ертеден Сейткерей кім,  
мен кім?.. Әлде екеуі бір кісінің қыздарын алды, болды деймісің?

Гул я. Е, тіпті өзің-ақ судить еткелі тұрсың фой? Не үшін?

Әбіш (*қатал*). Менің сотым емес... Бұл құшті сот, тарих  
соты...

Гул я. Соңғы уақытта не істеп еді? Не кінәсі бар еді?

Әбіш. Рас, соңғы уақытта онда іштей бізге қарай толқу бар  
еді. Бірақ істе сыйылып шыға алмады. Бұрынғы машиғында  
қалды. Ана керексіз меніреу тобынан үзіліп кете алмады... толқу  
ғана...

Гул я. Оларды жек көруші еді фой... Тым құрмаса сонысын  
білуші ең фой!

Әбіш. Іштей, онысы да іштей ғана шығар... Міне, енді  
барлық басқан із, жүрген жолдың айқын, әділ, қажет нәтижесі...

Гул я (*жылап*). Не болады?.. Не болады енді...

Әбіш. Онысын өздері біледі... өз ішінен құш, сенім тауып,  
перелом жасауға жараса, сындырып қайта жасағандай: шығысы –  
батыс, батысы – шығыс болғандай өзгеріп, пайдалы бол шығуға  
жараса, кеңес соты жау туғызуға отырған сот емес.

Гул я. Сол-ақ па? Барың осы ма?

Әбіш. Сол... Впрочем, оның жайындағы сөз осымен бітті...  
Енді біржолата додар...

Г у л я. Әбіш, не дейсің? (*Жылап*.) Япырай, мен қалай қаталасқамын сен туралы.

Ә б і ш (*террас шетіне кеп, бір шетке қарап*). Болды енді... Бітті сөз...Онан соң әне бір Жәлел деген келеді... Айт, ашып айқын ғып айт, мен принимать етпеймін... (*Есеннің пәтеріне кетеді. Отырган жігіт мақұлдағандай басын изейді*.)

Г у л я (*жсалғыз*). Қысылғандағы... (*жылап*) жақын... Не қылған қаттылық! (*Отырган жігіт сыртымен үнсіз ақырын күліп отырган жайын көрсетеді*.)

## 2-көрініс

Жәлел шығады.

Ж ә л е л (*жынысын тұрып Гуляга иіледі. Гуля салқын, зорға амандасады*). Әбіш әфенді үйде ме екен? Көптен көрмеп ем. Бір жұмысым бар еді.

Г у л я. Жок, үйде жок...

Ж ә л е л (*жынысын тұрып*). Иө, Сейткерей әфенді де алынған ба? (*Күлін*.) Основательно, основательно басталған бұл тазарту...

Г у л я (*ашууланып*). Иә, немененізге мәз боласыз? Мазақ па?

Ж ә л е л (*күлген бойында*). Ә, ғафу етіңіз... Юсуф кари да арестовать етілген!..

Г у л я. Маған оның бәрібір! (*Теріс қарайды Жәлел күлген бойында ііліп шығып кетеді*.) Табалай ма өзі?.. Мазақ ете ме?.. Оңбаған!.. (*Бұрқырап, ашулы басып үйіне кетеді. Отырган жігіт басын шайқап, “ха-ха-ха” деп күледі*.)

## 3-көрініс

Сыдық пәтерінен есікті қатты ашып, Рақыш шығады да, ренішті, ашұлы жүзбен есікті жаппай, үйдің ішіне сөйлеп тұрады.

Р а қ ы ш. Қайтіп қана ұялмайсыз? Мен ғажап болам...

С ы д ы қ (*көрініп, есік алдына кеп, састай*). Дауыстамаңыз, Рақыш, естіп қояды мыналар...

Рақыш (*қатты*). Керегі жоқ маған... Мен сізді аяп, күтіп болғам... Білсін қайта жүрт.

Сыдық. Рақыш, Рақыш! Мен сізге ренжимін. Ойланыңыз не айтып тұрғаныңызды... Нені білсін дейсіз?

Рақыш. Сіздің қиянатшыл, опасызыдыңызды білсін деймін...

Сыдық. Ол ауыр сөз... Оны айту ерте шығар, әлде... Қайдан білдіңіз... Өзіңіз үйге кіріңіші... (*Қолынан ұстамақ болады*.)

Рақыш (*қолын тартып*). Ұстамаңыз... жетер енді.

Сыдық. Неге айқайлайсыз? Сізге не болған өзі? Маған жолға қамдану керек. Уақыт боп қалды. Кіріңіші үйге! Мен сейлесіп кетпекпін сізбен...

Рақыш (*қиналып*). Не сойлесуге, не айттысуға болады енді сізбен? Не істедіңіз? Не істедіңіз?..

Сыдық. Не істеппін!?

Рақыш. Не іstemедіңіз... Алдадыңыз. Кетіп, қашып баrasыз енді.

Сыдық. Мен әйелім, балам барын айтпап па ем сізге? (*Toқтан*) Сонда да...

Рақыш (*қатты*). Немене сонда да?

Сыдық. Сонда да айрыламыз деп тұрмын ба бүгін?

Рақыш. Солай демей не дедіңіз? Ісіңіз нені көрсетіп тұр?

Сыдық. Мен ойланам деп ғана айттым... Сіз неге аяғына шейін тындармайсыз?

Рақыш (*жылан*). Не қалды енді сізде тындарлық?

Сыдық (*қолынан алып сипап, үйге таман апара жасып*). Жүрініз, үйге жүріңіші, сойлесейік... Мен бұл күйде қалдыра алмаймын сізді... Аяймын.

Рақыш (*тез өзгеріп, салқын, қатаң, кекеткен жұзбен*). Ә-ә-ә, солай дейсіз бе енді? Мейірімді кісінің маскасын кимексіз ғой. Жоқ, мен жанашуды керек қылмаймын. Мен сізді танып болдым. Кетерде бір-екі ауыз жылы сөзге нем кетеді деп, сонымен ерітіп кетпексіз ғой! (*Суық күліп*.) Мен неге жылайым әлі... Аярлық, кимастық еш нәрсе де жоқ... Міне, ақымақтық (*Салқын*.) Жә, хайыр (*Қолын береді*.)

Сыдық (қолын алып, жібермей). Жоқ, кетпеніз... Мен қимаймын сізді...

Рақыш (қолын тартып алып). Жоқ, болды... Жетті... Қош (Жылдам басып жүріп кетеді.)

Сыдық. Рақыш! (Артынан бір-екі басып.) Рақыш!.. (Анау кеміт қалады. Сыдық ойланып тұрып қалып, баулау.)

Все, что мило,  
Все мимо, мимо...  
Впереди  
Неизвестность пути...  
Незабвенно, неизгладимо,  
Неповторимо,  
прости!<sup>34</sup>

Солай ма? Солай емес пе? (Тағы кейін басып.) Солай ма, солай емес пе? Ә, контрольная комиссия, партследователь!?. (Үйге кіріп кетеді.)

Отыраған жігіт. Уа, дариға! Блок... ха-ха-ха!

Бұрынғыдан катты күледі.

#### 4-көрініс

Гуля шығып, ойланып отырып қалады. Құрсінеді. Аздан соң извозчик кіріп, Сыдықтың чемоданын алып шығады. Артынан бір түйіншекпен Сыдық өзі.

Гуля (көріп, бұрылып тұрып). Ә, жүрдіңіз бе? Уакыт, жағдай өзіңізге мәлім, лайықты ретпен шығарып сала алмадық...

Сыдық. Жо-жоқ... бәрі мәлім ғой... (Toқтап.) Әбіштің өзін көре алмадым. Бірақ бәрібір сізге айтып кетейін... Мен осында көрген барлық қауымның ішінде аз ренжісем Әбішке ренжімін. Мен өзіме туыстас көруші ем. Олай боп шықпады. Соңыма түскендердің басы болмас да, солардың тобына кетті. Мен жеңілейін... бірақ менімен бірге не жеңілді? Кім тоналды?.. Сіздердің айзыңыз қана алар ма екен соған...

Гуля (жылап отыра кетін). Әй, жездемді де ол аямайды (Жылап қалады. Сыдық “хайыр” деп кетеді. Гуля да үйге жүгіріп, кіріп кетеді.)

## **5-көрініс**

Отырган жігіт “ха-ха-ха” деп күліп тұрып, халыққа бұрылады. Ол Оспанов.

О сп а н о в (*кулген бойында декламациямен*).

О, Клим!  
Дела твои велики.  
Но кто их хвалит.  
Родня да два заики.

Ха-ха-ха... (*Toqtam.*) Жә, осыны мен қазақшалайыншы!  
(*Ойланып, қолымен жест жасап, ілгері басып.*)

Па, шіркін, Клим!  
Ісіңнің сенің толысы-ай,  
Бірақ мақтанышы кім?  
Туганың екі кекеш болыс-ай!..

Ха-ха-ха... (*Қолымен кеудесін қағып.*) Күреп жіберсе, бізден  
бәлки ақындығыңыз да шығып кетер... білдіңіз бе... Ха-ха-ха...

Бұл күліп тұрғанда Есен, Әбіш шығады. Екеуі де майша жақсы киінген.

## **6-көрініс**

Ә б і ш. Сен немене жалғыз күліп тұрғаның?  
О сп а н о в. Жәй, осында террасы да, гримасы да...  
Е с е н. Өзің өлеңмен сөйлейсің ғой тіпті...  
О сп а н о в. Иә, бүтін бізге үйқастар қызығып тұр... (*Kulisedi.*)

Е с е н (*Әбішке*). Иә, сонымен институт тіршілігінің  
тұлегендей өзгеріп, серпіліп, тазарып, ісшіл боп кеткенін  
көремісін...

О сп а н о в (*аяғын сарт еткізіп, өзін көрсетіп*). Учебный  
частьке рапорт беруге рұқсат етінің: апрельде сабакқа келу  
100 процент, бір кешігу, бір прагулсыз. Қоғамдық міндеттерді  
атқаруда екпінділік... Комсомол белсенділігі үш есе артты. Оқу  
белгілері бұрынғыдан жағалай 30 процент көтерілді... Оқушылар  
арасында қағысу, дау-шағым біржолата жойылды.

Е с е н. Міне, тәжірибе де нәтиже!.. Әсіресе осыларды өсіре, асыра отырып, өзіміз де өсеміз...

Ә б і ш. Дәл айттың... Жеке басымызда әлі сыналмай, қалмай келе жатқан бірталай орасан міндет бар... Содан арыламыз... (*Топтың әні, пионерлер барабаны, музыкасы естіледі. Ән қазақша.*)

Е с е н. Шықты, міне, институт! Ал, жүрмейміз бе?

О сп а н о в (*тыңдал тұрып*). Ақырын айтады... Солай ма екен? (*желтінін, шырқап әндемін.*)

Е-ей, шырқап сал...

Е-хе-ей, шырқап сал

Қадірлі майдың әніне!..

(*Бәрі қулеуді.*) Солай айта ма екен, тұрсіз?

Ә б і ш. Ал, кірдік тобына, ердік соларға!.. (*Үшегі де жүре береді.*)

Шымылдық.



# ТАС ТҮЛЕК

4 актілі, сегіз суретті пьеса

*1935 жыл, июль–август*



## **АДАМДАРЫ**

1. А р п а б а й – 55-те }  
2. Е с б и к е – 50-де } Кондыбайдың батырактары.  
3. Қ а м б а р – баласы. Байдың жылқышы болған. Жасы 18-де.  
4. К ә м ә ш – қызы. Жасы 16-да.  
5. Қ ұ с б े к – Кондыбайдың жақын туысқаны, Кәмәштің күйеуі. Жасы 18-де.
6. А л а т а й – Арпабайдың жиені, кедей баласы. Қамсомол, о да Кондыбайдың ауылында машылықта болған. Жасы 16-да.  
7. С а п а р – бай ауылының биешісі болған. Жасы 16-да.  
8. С ө л к е б а й – қойшы, жасы 20-да.  
9. Б ө л т і р і к – байдың пішениші, шөп машинасын жүргізеді. Жасы 19-да.  
10. А л т ы н – Сөлкебайдың карындасы. Жасы 16-да.  
11. М е с – жылқышы. Жасы 19-да.  
12. Т о п а й – Бөлтіріктің қатыны.  
13. Ш ә к е н – Кондыбайдың қызы. (Өзгелеріне басында басшылық етеді. Бойы кішкентай арықша.) Жасы 17-де.
14. О м а р – азғана окуы бар қаладан келген қамсомол. Жасы 18-те.  
15. Н ұ ғ ы м а н – конфискеші өкіл, кіндік өкілі. Жасы 35-те.  
16. К о н д ы б а й – Конфискеге ілінген бай.  
17. С ы б а н б а й – Кондыбайдың бір туысы, шабан.  
18. Н ұ р б а й – о да шабан.  
19. Ә ш і м – ұлтшыл, оқыған жігіт. Жасы 30-да.  
20. С е р г е й е п }  
21. М и т ی } – қамсомол ячейкесінің хатшылары.  
22. Ш у а ш б а й }  
23. Е н с е б а й } – ел қазактары. 40-35-те  
Ш а б а н д а р, ұ р ы л а р.

## АКТ

### 1-көрініс (1-ші сурет)

Бай үйі, үйдің іші бұрқырап жатыр, ортада ұлken сандық, аузы ашық. Ішінен оқалы шапан, ішік көрінеді. Айнала кілем, шағи, дүрие тәртіпсіз үде әр жерге тастай салынған сияқты. Ушеуі де шымылдық ашылған соң (Құсбек, Әшім, Сыбанбай) кіреді.

Әшім (жолдан жаңа келген кісінің түрінде, қолында қамышы, басында шіләне, үстінде жұқа шатан). Жүргізіп те жіберді ме? Қап, Қондекене амандаса алмай да қалдым-ау?

Сыбандай. Қарағым, несін айтасың, қолды-аяққа тұрғызбай дедектетіп, бір-ақ әкетпеді ме? Ағайын ортасының күты еді. Қажы баласынан қалған ұлken діңгек Қондекем еді. Кетті ғой елдің басы. Құт шайқалды, ел дүние шашылды міне! Табар ақылың бар ма? Жоқ па?.. Қондекенің сенгені сен екеуің емесспен?

Әшім. Ағайын, туысқан қайда? Неге ізденбедіңдер? Өз басы болыс болмаған адам деп неге айтпадыңдар?

Сыбандай. Әшеке-ау, болды ма оған? Көрнеу шығып, айдалмасын деп айтуға бірде-бір кісі жарамады ғой.

Әшім. Кедейге айтқызыбайтын ба?

Сыбандай. Кедей дейтін кедей қалды ма қолымызда? Кенес-кенес деп құлағына сініріп тастамады ма баяғыдан? Кенес кедейдің кенесі, билік сенікі, дүние сенікі, жалғыз-ақ жолында кедергі болып тұрған осындай бай, жуан деп кедейді үгіттегелі қашан?

Әшім. Е, ал оның несін айтасың? Соған бар кедей елігіп-ақ кетті ме? Бәрінің көзі ашыла қап па! Олақсындар ғой! Шырғаласа, торый білсе қақ осы ауылышыңың өзінен, осы малшы, жалышынан-ақ таппас па едіңдер жоқшыны?..

Сыбандай. Ойбай, малшы-жалшыны атамаңыз, қызыл көз пәле боп шыққан солардың өзі емес пе?

Әшім. Қойшы, өкіл зорламай, солардың өзі-ак шықты ма?

Сыбандай. Ылғи осы ауылдың талай жылғы құл-құтаны... әсіреле бір, жастары шетінен жылқышы, биеші, қойшы-қолаң еді.

Әшім. Оларды кім еліктіріп жүр?

Сыбандай. Осында қамсомол болып журеді екен ғой, әлгі бір Қамбар деген жылқышы. Сол бәрін бастап жүрген.

Әшім (*Құсбекке*). Мұнда қамсомол бар ма еді? (*Құсбек үндемейді.*)

Сыбандай. Қосшы, қамсомол бар, бәрі де қаптап кеткен емес пе? Мынау бесінші ауылда ұясы бар екен ғой соларыңың?

Әшім. Е, Қамбар боса, мына Құсбектің жақыны емес пе?

Сыбандай. Е, бәсе, бәсе соны айтам-ау енді. Қарындасты мына Құсбектің қалыңдығы. Енді осы бала бой сағаттамай ізденсе, міне Қамбарлармен сөйлессе (*қалтасынан қағаз шығарып*), сонымен мынау пргауарға жалшы-жақыбайдың пргауарын қоса тіркесек.

Құсбек. Бұның не? Қайдағы пргауар? (Әшім, бәрі қараідьы.)

Сыбандай. Бұл ауыл кеңестікі.

Құсбек. Ол неғып берді?

Сыбандай. Барды салып, ігі жақсы боп жабысып жүріп алмадық па. Бірақ осыны бергенін біліп барлық қосшысы қамсамолы жабылып, мынаған қол қойған ауыл кеңесті орнынан жұлдып тастанды (Әшімге.) Ал осымен ізденсек іс бола ма?

Әшім. Неге іс болмасын?! Бұған жаңағы айтқанды кедей пргауарын қосса, тіпті жақсы болар еді. Сол екеуімен ізденіп біреу жол жүрсін, ұзақ жол жүрсін. Анау Қызылорда, одан ары тіпті Мәскеуге, Қалининнің өзіне барсын. Ис сол.

Сыбандай. Міні-міні байдың айтқаны да осы ғой, сұра деген ақылды осы ғой. Ал енді осымен байдың ізденіп жол жүрсін дегені мына Құсбек бала еді. Бұдан басқа жол жүріп, жөн білерлік ешқайсымыз жоқ.

Әшім (*Құсбекке*). Қазақ малының тұқымын құрту ғой бұл іс. Момын шаруа, енді қаңғып кетіп бара жатқаны мынау, мұны

іздемей болмайды. Кіндіктен, Мәскеуден осы жайды айтса жол табылуы мүмкін. Мен ондағы кісілерге хат берем. Сен ізден. Және мұндағы ана жастарына да салмақ сал.

Құсбек. Жоқ, мен бұл жолға жүрмеймін... Бармаймын!

Сыбандай. Шырағым! Қондекенің сенгені сен едің, бір жолға ісінді аяйын дедің бе? Бұл не қылғаның?

Құсбек. Өзгеге де тіршілік керек. Бір кісі кетті деп, қойша шұбыра қырылушы ма едік бәріміз соның соңынан?!

Әшиим. Сенің не есебің бар? Бұл не дегенің?

Құсбек. Дегенмен сол, қанпескеленген байды жақтап, қайтып ел бетін көре алмайтын қара бет болайын ба?

Сыбандай. Е, өйдегенше, одан да ана желіккендерге қосылып, сен де қамсамол болсаң еттің.

Құсбек. Болсам болам! Бере тұршы әлгі пргауарынды (Сыбанбайдың қолынан алады да.) Кеткен бай кетті. Енді түк те өнбейді. Жаманатты болатын, соның ығында өлеңтін ақмағың жоқ. Мә сенің пргауарың (дал-дал қып жыртып, лақтырып тастайды.)

Сыбандай. Ойпыр-ау, ойпыр-ау! Сығыр мұндар, ел десем жау ма едің. Жоқ, құтырып кетіп пе ең әлде, байдың жар дегенде жалғыз жақыны!

Әшиим (Сыбанбайды). Тоқта, шығын қылма! Байдың қамын басқа жерде, басқамен сөйлес (Құсбекке кекетіңкіреп). Жолың болсын, шырағым!..<sup>1</sup>

Құсбек. Сізден ақыл сұрамаспыш.

Сыбандай (есікке таман барып.) Ой-бой, әлгі құтырған малшылар келеді екен, жүріңіз, Әшеке, кетейік. (Әшиим есіктен қарайды.)

Әшиим. Ылғи қарсы шыққандар ма осылар?..

Сыбандай. Жүріңіз бұл әлгі Қамбардың сонына еріп, Нұғман өкілдің қасынан шықпайтын ылғи өнер таптық деген жастары. Көп кедей тағы бар. Олар ана жақта мал үлесіп, иелік жөргесіп жатыр. Соған мұның... (Кетеді.)

Құсбек. Аулақ кетші бәсе, жабыспай (Бір бөлек кетеді.) (Тыстан кедей жастар дабырлан, сөйлен кіреді.)<sup>1</sup>.

## Көрініс

Қамбар, Бөлтірік, Қемәш, Топай, Алтын кіреді.

Қ а м б а р (*Бөлтірікке*). Қэнпеске деген осы екен, ә?..  
Қондыбай байды өрен-жаарынмен...

Б ө л т і р і к. Тамыр-түбірімен де...

Қ а м б а р. Әп-сәттің ішінде жұлды да әкетті, ә?!.

Б ө л т і р і к. Сайтаның бір-ақ қақты. Кеңес-кеңес болғалы қайратына көзінді әбден жеткізген, айызыңды шын қандыратын іс осы болды, ә, Топай! (*den Tопайға қарағанда, өзгелері құледі*.) Бұ да осал демендер, кесеудей қара қолын бай айдалсын ба деген жерде көтеріп-ақ алды-ау сорлың.

Т о п а й. Қашан?..

К ә м ә ш (*өзгелермен бірге құліп*)<sup>2</sup>. Ал Бөлтірік, бәсе, Топайдың өтірікке жайы жоқ ол.

Қ а м б а р. Бәрекелде, байының құлметін қатыны ашты деген осы да! (*Күліседі*.)

Б ө л т і р і к (*қолын созып мазақтап көрсөтін*.) Осы сөйтіп, битіп, мені тіпті иығынмен қағып, созып тұрғаның қайда еді? Көзі ашылған кедей қатының біз боламыз деп?..

Т о п а й. Өй, жаның шықсын (*Өзгелері құледі*.) Тіпті өтірік.

Б ө л т і р і к (*өзгеріп, мазақтап*). Өй, аруақ атсын, аруақ атқыр. Үйдегенше көзім ашылғаны рас, сүйттім десенші, аруақ атқыр.

Т о п а й. Көзі ашылды деп жас күшік қой деймісің?

Б ө л т і р і к. Ойбай, соп-сопақ болған байғұс. Топай деген атың құрсын сенің, түйіліп тұрған<sup>3</sup>.

Қ а м б а р. Ал, бай кетті. Ел, дүние қалды. Енді қайтеді екеміз, бұл, ә!? Арқа-басымыз бір-ақ босап, әншейін еру болдық та қалдық-ая, өзі..

А л т ы н (*Қемәшқа*). Айтты-айтпады, өзі бір түрлі қазір қөшкен сияқтымыз ба? Еру сияқты ма?

К ә м ә ш. Бәсе, о несі екен? Бір салық салған ауыл сияқты ма? Бай-бәйбіше енді болмайды дегенге көніл сенбейді тіпті, о несі?

Б ө л т і р і к (*есік жаққа барып, қайта ұмтылып*). Қамбар! Қемәш! Сендердің әке-шешелерің келеді екен. Тұра тұрындар, бір састырайын.

Байдың ішігін киіп, төсекке жантайып теріс қарап жата қалады. Өзгелері босағада, Арпабай есікке жақындей бере<sup>4</sup>.

Б өлтірік (*даусын жуандатып, өзгертіп, бай даусына салып*). Уай, Арпабай!.. (*Арпабай сасып қалады. Қалт тұрып қалады. Артындағы кемпірін ұстай береді*). Қамбарга қарайды. *Ол мұлайім... Қыздар теріс айналып, шиді жасалап жұмыс істеген болып жүр.*) Уа, жылқыны суардың ба?

А р п а б а й (*сасып қан*). Ойбай, әлі суартқан жоқ едім, бай! (*Қалбақтайды.*)<sup>6</sup>

Б өлтірік. Уа, жау алғыр, неғып жүрсің әлгі күнге? Бар, түгі, суар. Уа, биені байлат, шапшаң, ой, қарғыс тигір өңшең (*Арпабай айнала береді.*) Уай, Есбике!

Е с б и к е (*сасқалақтап*). Көтек-ая, әлі кетті дегені қайда, түгі? (*Дағдарып Қамбарга қарап, ернін сылт еткізеді. Қамбарым жасап, әне жастыр дегендей қылады.*)

Б өлтірік. Уа, дәрет су жылыттың ба, кемпір, шайың қайнады ма?

Е с б и к е (*қорғаншақтап*). Қайнаған жоқ еді, бетім- ау, енді не деймін? (*Шәүімге ұмтылып, Қамбар, Қамәшті қағып қан.*) Тұршы былай арман. (*Ернін сылт еткізеді, Қамбарлар күліп жібереді, Бөлтірік сақылдан күліп атып тұрады, кемпірдің қолында шағул.*) Ой, жүтірмек өңшең, арқа басым айқайы мен ызғарынан жаңа босады ма десем (*аналарды қуып ұрып жүріп*), зәремді алғаны несі өңшең қанғырған неме! (*Күлкі.*)

Омар кіреді, қасында Құсбек, Мес, Алатай, Сапар бәрі алқа-қотан жинала береді. Омардың қолында көп кінешке<sup>7</sup>.

О м а р. Ал, кедей-батырак! Бай кетті. Арқа-басың босады. Енді тіршілікке де, кеңес дүниесіне де өздерің иесің.

Б а т ы ր а қ т а р. Уа, айтқаның келсін, жолың болсын! Дегенің келсін!

О м а р (*кулімсіреп, даурықты басып*). Тұра тұрындар, жолдастар. Сендер бәрің де байды қуарда, нағыз кедей табы болып бірігіп еңбек еттің, таптық санасты ашылған деген осы болады. Енді ұйымдасу қажет. Бәрің де жассың, қамсомолға арыз да берісіп едіңдер. Міне, енді сендерді тегіс қамсамол алды. Әуелі соны білдірем.

Б а т ы р а қ т а р:

- Бәрекелді!
- Да, жарайсын!
- Е, бізді алмай, кімді алушы еді.
- Боламыз, боламыз қамсамол!

О м а р . Жолдастар! Үйірмелерің мына 5-ауылдың үйірмесі, соның есебінде, соның мүшесі боласындар. Енді кешікпей барып кнежкелерінді алындар.

Д а у ы с т а р:

- Е, Қалдыбай фой.
- Қалдыбайға мұше екеміз ғой.
- Қалдыбаймен бір мүшеде... дұрыс-ак.

О м а р . Қамбар, мә кнежкен, екі айлық взносын төленбеген екен, мен төлеп алып келдім. Ендігәрі салақ болма.

Қ а м б а р . Салақ болайын деген кісі бар ма, жаным-ау. Мынау бай малын қайда тығып, қайда қашырап екен деп соны аңдудан мұршамыз келді ме? (Кнежкесін тізесіне қойып отырганда Есбике қолына алады. Қамбар түсін өтірік сұтын.) Қой, апа! Не қыласын? Қартайғанда қамсамол екен деп шатак қыла береді!..

Е с б и к е . Ибай, көтек! Мә, ендеше (лақтырып жібереді, жұрт ду қүледі), қолым ұшы тиіп кеткен екен, о несі екен?!

Қ а м б а р . Қашан, ұстадың ғой, құдай қанеки!

Е с б и к е . Ибай, аулақ пәленді қашан ұстадым?

Б ө л т і р і к . Куә бар ғой, мен де көрдім. (Өзге дауыспен.) Пәле қып конфескелеп жүрмесе игі еді? (Жұрт қүледі.)

Е с б и к е . Тәйт арман, өңшең жүгермек, қара бұны, бірі бастап, бірі қостап!

Қ а м б а р . Е, кедейдің басы біріккенін жаңа біліп пе ен?

Е с б и к е . Ие, жетістіңдер ғой, ана байды сөйтіп, қара орны хан тағынан аударып жетісерсін, түге!

Б ө л т і р і к . Ой-бай, бетім... Өзі бай-құлақтың құйыршығы ғой, өзі мынау.

Е с б и к е . Омай... Адыра қал... (Жұрт қүле береді.)

Қ а м б а р . Қой дейім енді, жылы жауып қой мұны.

А р п а ба й . Е, тәйірі, не қыласындар, сол кемпірдің қоясын шығартып...

Омар. Жә, жолдастар, мен сіздерді тәртіпке шақырам, келіндер, мәдениетті жұртша тәртіпті мәжіліс өткізейік.

Мес (қасындағы *Бөлтірікке*). Өй, осының тілі қалай еді өзінің. Ұғамысың осының сезін?..

Бөлтірік. Білмейім, толайым жылда осындағы қазақ көрген емен ныспы! Мадақият, аттақият дей ме немене? Сен ұқтың ба өзі? (*Қамбарды түртеді*.)

Камбап. Қой енді, дұрыс тыңдандар.

Мес (*Қамбардың нұсқан*). Ой, ол кепір қоят деймісің? Бәрін ұғып отырған шығар.

Камбап. Оннан бірін ұқсан да осының сезінен дәмді сөз жоқ.

Омар (*Сөйлем тұрьып*). Бай-қулақты қанфесқауант ету ауылдеревнеде классоби барбаның дамуын көрсетеді.

Бөлтірік. Уай, Омар! Осы өзің бізге сөйлеп тұрсаң осы өзіміздің қазағымыздың жалпақ қара тілімен сөйлеші, түге. Жоқ, жалғыз біздің Топайға сөйлеп тұрсаң, онда өзің біл, оның ұғатыны рас! (*Жұрт қүледі, Топайды қарасады*.) Бірақ, әттең, тілмаш болатын да шығып кеткенін қарашы.

Құсбек. Қой енді, айта берсін, сезін бөлме.

Дауыстар:

– Ие қойындар.

– Тыңдандар...

– Тыңдандар...

Арпабай. Не десе де әйтеуір кедейге жақсы айтып жатыр. Тек отырмайтын ба, түге?

Омар. Міне, енді күндерің туды, ұйымдастындар... Байды аластан айдадындар. Ендігі тіршілікті қалай, қалай ойлайсындар?

Қамбар атып тұрып келіп кебежені сүйреп әкеп ортаға қойып, үстіне шығып ап.

Камбап. Жолдастар! (*Mes пен Бөлтірік қүледі*.) Тәлкекті қойындар, жолдастар, батырактар... Әңгіме енді қайда барамыз, не істейміз, кім боламыз деген ғой. Соны шешіп алайық (*Toқтап қалып орнынан түседі*.)

Мес. Болғаның со ма?

Құсбек (Күлін.) Шешеді-ақ екен мына шешен! (Кәмәшиқа.)  
Сен шық, сен сөйле, әйел тендігі фой.

Кәмәш. Е, шықса несі бар екен?

Бірак шыға алмайды. Алатай шығады да, қып-қызыл бол үялады.

Мес. Ал сөйле, о несі екен?

Алатай (тоқтап тұрып, жұрт күле бастағанда). Сөйле-се, құр батырақ болып қалмайық... Өнер табайық.

Мес. Е, бәрекелде айта бер, айта тұс.

Алатай (тұрып қап). Мен болдым! (деп ата жөнеледі.)

Омар. Бәрің де айтындар, іркілмендер. Бірігіп отырып алдағы мәселелерді шешіндер. Іркілмендер, жолдастар! (Жұрт үндеспейді, аздан соң Әолтірік турегеліп кебежеге шығады.)

Бөлтірік. Омар айтқандай мен де орысшылайын.

Камбар. Е, сен кәпір қандайсың.

Мес. Пәле, бұл ма? Бұл ағып кетеді, кәні айт, айт.

Бөлтірік. Уа, мұның өзі боғалам қауарит қой өзі. Батырақ, батырақ дейсің, так осы Құсбек те батырақ па? (Жұрт аңырақалады.) Ал неменеге бақырайдындар. Соны айтам...

Кәмәш (ыза бол). Батырақ болмаса жердің үстінде жұрмесін деп пе, болғаның бәрі жалғыз батырақтан ғана бол пе екен?

Есбике. О несі, түгі, Құсбектен қайсың әулие едің?..

Бөлтірік. Жоға, әшейін, ана қанпескеленген Қондыбай байдың жақыны еді, дегенім ғой (деп түссе береді.)

Камбар. Е, айтындар, жігіттер, ондайдың бетін ашып сөйлендер, біздің үйдің, мына Кәмәштың күйеуі екен деп іркілеміз бе? Байдың ағайыны екені рас, жасырайық па, міне, өздерің біл, оргамызға аламыз ба, жоқ па?

Кәмәш (орнынан). Өйтіп жағынбай-ақ қой, сен де мүйіздейін деп пе едің Құсбекті?

Алатай. Жоқ, жолдастар! Ол бізге қосылған, байға ерген жоқ.

Камбар. Айтындар, бәрің де айтындар. Мен мына өзіме сыры мәлім, мына Местің жайын айтайын деп тұрмын.

Мес. Е, мені қатыныңың қойнынан суырып алып па ен?

Қамбап Жоқ, әлгі неңді айтам, ұры болғаныңды айтам. Таза кедей, таза батырак бір сәрі, ал мынадайдың өзінің ең болмаса басын ашу керек қой. Білсін кенес. Әлі осы жасыратынымыз бар ма кеңесімізден?

Бөлтірік. Бәрекелде, айт, айтылсын.

Мес с. Ой, тәйірі, торы жабағыны айтамысың? (*Жүрт күледі*.) Байдың малын қорғайын деп пе едің? Ол күнде байдан кегімізді сөйтіп алмағанда қайтушы ек.

Қамбап Е, соның аты да ұрлық та, бәрі бір...

Мес с. Ой, езуінді... Қайдағы жау, бай жапқан жаланы жауып отырғаның маган. Сен өйтіп өткенді қазбалап, қас жамаңы қасындағысын қарақтайды деме, білдің бе? Менің кешегі еңбегімді айт, айтқыш болсан.

Арпабай. Бәсе, соны айтсаншы. Азуы алты қарыс байыңа алдымен қарсы шыққан Мес емей кім еді?

Алатай. Мес нағыз қара табан батырақ, өжет батырақтың өзі, езімізді жетектеп жүрген осы.

Құсбек. Бәсе, мұндай жерде шатақ сөйлемеу керек, жолдастар біреуге анауың бар, мынауың бар дей бермей, өзіне қараша керек. Кеңеске істеген адал еңбегіне қараша керек. Кешегі Қондыбай байдың жауыз екені рас. Ағайын десендер де, біз екеш, біздің де қанымызды сорған еді. Сол байдың тыққан қазынасын Мес болмаса кім табар еді? Соны көпе-көрнеу бай кетпей тұрғанда ашып берген, бар коймасын ақтарған Мес емей кім еді? Батырақ деген, кенес досы деген осындаі іспен көрінеді. Байдың құрттайық дегеннің бірі осы Мес екеуіміз болатынбыз. Енді бүгін кеп қияс сөйлемендер, жолдастар, ол жанға бататын сөз.

Алатай  
Арпабай  
Есбике }      Уа, дұрыс, қарағым, дұрыс... Сөзің жөн, айтатын жөні бар, дұрыс.

Қамбап. Ал енді, олай боса, бағанағымызға қайта келейік, қайтеміз? Ал не істейміз, қайда барамыз? Осы мал соңында баяғыша жүре береміз бе? (*Нұғыман кіреді, бәрі тұрып орын беріседі*.)

## Көрініс

Нұғыман. Е, не десіп жатырыңдар, жолдастар?

Артабай. Тілеуің бергір, мына кісінің өзі де келді ғой. Уа, мына көп суырың ін қазам деп қазалмай жатыр. Жөн нұсқап, жол көрсет мыналарына, қарағым Нұғыман.

Бөлтірік. Ағай, анау өзі егде тартқан кедей-жалшы өз бетінше орналасып жатыр ғой<sup>8</sup>. Біз мына өншеу жас, ішімізде тіпті мына Арпакен, мына отырған Есбике шешеніз де бар (Жұрт қүледі.) Жоға деймін бұлар бәріңен хас әлі, түге. Осы бәріміз ылғи жас боп кеңесіп отырмыз. Мал соңында қалмай, басқа бір өнер іздесек дейтініміз бар ішімізде. Мына Омарды соған шақырып ек.

Нұғыман. Е, бәрекелде, оларың ақыл-ақ, олай болса өнер ізде, оқындар. Кеңестің шын жақсы азamatы оқыған, саяси сауаты ашылған, көзі, қарақты адам болу керек.

Қамбар. Ие, соны енді талап қылсақ дегеніміз бар еді. Кеңес өзіміздікі, құніміз туды, тіршілікке өзіміз иеміз. Енді кеңестің жарық дүниесіне өрлеп көзімізді ашсак дейміз.

Нұғыман. Ендеше, неменесі бар? Оқыым деген кедейге жол ашық. Мысалы, мына Қамбар, анау қарындастарым: Алтын, Қемәш, – бәріңіз оқындар<sup>9</sup>.

Бөлтірік } Жоға тіпті, бәріміз, бәріміз де ізденсек  
Мес } дейміз.

Нұғыман (*көтеріліп*). Уә, ендеше, тіпті нұр үстіне нұр. Бұларың бір жақсы ниет екен. Ендеше, бәрің бірдей білім алып, көздерінді ашып алыш келіп кірісіндер. Кеңесіне сүйеніп, өмірде өзімізге өз талабымызben жол саламыз. Қыынға жетеміз деп аттанаңдар.

Омар. Мен айтсам, былай ма деймін (*Баптанып сөйлей бергенде.*)

Бөлтірік. Ой, Омар, осы сен өз сезінді қоя тұрып, осы біздей кедей-батырақ, кешегі өңшең жылқышы, биеші, ана Сөлкебайдай қара табан қойшы, пішениші сияқтыға Елен жолдас осындауда не айтқан екен, соны бір айтшы бізге...

Даустар. Иә, иә, соны айт, бәсе соны сұрандар. (*Omar бөгелеңден қалады.*)

Нұғыман. Ленин жолдас Октябрь төңкерісін жасағанда: еңбекші бұқара қорғанбай өз сыбағасын алуға ұмтылсын. Төңкеріс те, билік те сонықі, тіпті әрбір ас пісіруші қатынға шейін үкіметті қалай менгеріп, қалай басқаруды үйреніп алсын деген.

Бөлтірік (*жұрттың “бәрекелді, ой аузыңнан айналайын” деген қостауларымен қатар*). Бәрекелде, оныңыздың дәл өзі де бар бізде. Анау отырған Есбике сол ас пісіргіш қатындардың дәл өзі.

Нұғыман. Ол кісі болса соған және де мынау отырған бәрінде де арналған көсем сөзі сол. Бірің окуға барсаң, бірің әлде өндіріске баарсың, ол да бір үлкен қазан, көздерінді ашады.

Сапар, Сөлкебай, Топай кіреді.

Қамбар. Міне, бәсе, жол мен жөн деген осы да. Өңшең тепсе темір үзеді деген жаспыш? Қаранды болып неге қаламыз?

Мес. Бәсе, айналышың жегендей, сол байдың уағындағ ошактың үш бұтын құзетіп отырамыз ба?

Бөлтірік. Бәсе, тіпті қыынға басамыз. Женеміз. Аламыз сибағамызды. Жаңа мына ағай айтқандай аттанамыз (*Бөлтірік Сөлкебайға қарап*.) Жә, мынау қайтеді екен? Уә, Сөлкебай, біз мынау Алматы, сонау Мәскеу сияқтыға аттанып өнер табамыз дейміз. Сен ересің бе, не дейсің?

Сөлкебай. Уай, аулақ жүрші өзің, тәлкегің керегі жок (*Жұрт күледі*.)

Алатай. Ай, Сөлкебай, анау күнгі арызбен бізді алыпты. Енді ана бесінші ауылға барып кнежкені алып қайтамыз.

Сөлкебай. Кнежке? Ол неме жарайды?

Мес. Шай-қант аласың (*Жұрт күледі*.)

Алтын. Қойшы әрі, қағыта бермей шеттеріңнен!

Мес. О несі екен! Қамсамол. Бәрімізben бірдей қамсамол боласың? Соның кнежкесі, оқисың енді.

Сөлкебай (*таңдайын қағып*). Жоқ! (*деп басын шай-қайды*.)

Бөлтірік (*Топайға*). Эй! Сені окуға жібергелі жатырмын.

Топай. Иә, өзің-ақ оқып карық болып ал.

Бөлтірік. Бәсе байқысың, бұ да бір оптарой Сөлкебай (*Жұрт күледі*.)

Нұғыман. Эй, жолдастар! Сендер дұрыстап үғындырыңдар. Оку ешкімнен үрікпейді. Кеңес окуы шын кедей жалшының окуы.

Бөлтірік. Соны айтып отырмын ғой, бұл аруақ атқырға! Эй, (*den an Қамбар мен Меске*) әлгі баяғыда Қондыбайдың баласы оқыды деген школдың аты не еді?

Қамбар  
Мес } Семнажиа, кемнажиа... Кемнажиа...

Бөлтірік. Ие, ие, кемназия.... Сол кемназияға жіберем. Песір боласың. Әшейін сұнқылдатып арыз жазып отыратын баяғы Шодырша.

Құсбек. Барам де, Топай. Сен жібермей-ақ барамын деші соған.

Кәмәш. Барса несі бар екен, бәріміз де барамыз (*Topai да еліккендей болады*.)

Қамбар (*Сапарға*). Мына жұрттың бәрі де бір үлкен талапқа мінді. Бұл бай кәнпескелеуден де нәрлі деседі. Осыны ниет қылып отырмыз, оку. Оны сен не дейсің? Жүресің бе бірге?..

Сапар. Әліпті таяқ деп білмейміз, біз оқып жеткенше қашан? Не өнеді ғой дейсің?

Қамбар. Жоқ, талап қой, бәріміз де өзіндей, ең болмаса шала сауатты болып қайталық, жүр, барамыз, міне...

Сапар. Енді сомадай болғанда не шығар дейсің?

Нұғыман. Олай деме, шырағым, қырыққа келіп оқып та данышпан болғандар бар.

Сапар. Эй, біз оқып маньытпаспыш, ал жазсан жаз!..

Бөлтірік. Қарашы өзін, көшке мінетін көлік сұралғандағысына салып кергіп отырғанын (*Жұрт күледі*.)

Құсбек. Ой, қойындаршы осы сендер ажуалағаныңды. Сөлкебай, Топай, Сапар бәрінің тауын шағатын осы қылықтарың сендердің! Немене, ылғи қылжақ қыла бересіндер?

Кәмәш. Бәсе, тіпті сендерден басқа да тіл, жақ жоқ дейсіндер ме?

Алтын. Ие, тіпті жұртты ылғи шетінен қағытып. Өздері бір қара суды теріс ағызып отырғандай.

Омар. Рас, бұл сөздің мәні зор. Қамсамолсындар, енді қамсамолдық дисциплина деген бар. Соны...

Бөлтірік. Ал, тағы бірденені айтты (*Нұғыманға*.) Ағай, осыған айтып қойыңызы, тіпті сөйлей бастаса болды, тақ әнеугі мына Мес үйреткен асау қара тай сияқты, бір жағына сынар езу-леп ылғи біз ұқпайтын бір қияға алып қашады да кетеді.

Омар. Қамсамолдық тәртіпті айтамын. Біріңе-бірің жақын жолдасша қараша керек. Ол жағына басынан қырағылық керек.

Бөлтірік. Бәсе, ал, ендеше, тәртіп-кеертіп деп кеп қырағылық дейсің. Дұрыс-ақ босын. Ал, өзінді ғой, осы біздей жастарды үйыстыр, баста, қырағы боп, таза үйыстыр деп жіберді. Олай боса, сенің қырағылығың қайда? Анау күні о да болады деп, Шәкенді алғаның қайда? Байдың қызын қамсамолға алғызып, әне... енді бүгін аузыңды аппақ қып әкесімен бірге кетті де қалды<sup>10</sup>.

Дәл осы кезде Шәкен кіріп келеді. Кебежеге шығып сөйлеп тұрған Бөлтірік оған сырт қарап тұрып көрмейді. Жүргт тегіс анырып Шәкенге қарап үмтүлғандай болады. Есбике, Арпабай аймалап құрметпен қарсы алып жатады. Барлық жүрт соған үңілген<sup>11</sup>.

Есбике. Е, айналайын-ай, келе ғой, Шәкен!

Арпабай. Қарағым, ермей қапты-ау мынау. Келе ғой.

Бөлтірік (*бұрынғыша сөйлеп береді*). Шәкен деген ол әшейін сені мазақ етіп, бұлғақтап жүрген байдың ерке-тентек қызы емес пе? Соған сеніп ... Оны да қамсамол деп...

Мес. Е, тағы айта түс, шешен дейім тіпті өзі!

Бөлтірік. Міне, енді қамсамолдың кәдірін түсіріп (*өзгелері күліп отырады*.)

Мес. Ой, аруақ атқыр<sup>12</sup>, артына қара (*жүргт жасабыла күледі, Бөлтірік артына бұрылып таң қалады.*)

Бөлтірік. Ойбай, Шәкен!

Шекен (*Өзгелердің үйрілгенін елемей мынаны тыңдал тұрған күйінде*). Омай, адыра қылғын тентіреген...

Бөлтірік. Е, бас-аяғыңды шымқып әкетіп еді ғой. Қайдан білейін.

Шекен. Е, мен құндақтағы бала ма едім? Ермедім, қайтып келдім. Ал, міні, енді әке-шешем де, үйім де жоқ.

А р п а б а й. Қарағым, Шәкен, дұрыс-ақ. Тіпті биттей күнінен бері барлық үй-ішінен бұның міnez қалпы ала бөтен төтенше еді. Қылғаны-ақ байға... Осының тіпті мақұл, балам<sup>13</sup>.

Е с б и к е (*biresе шалына, biresе Шәкенге қарап*). Бала қып алайық өзіміз. Қарағым, ана Қамбар, Кәмәшпен бірге өзімің балам бол, айналайын (*Ekeyi үйіріле береді, өзгелері аң-таң*.)

М е с. Сендер кургейлеп жатырсың-ау... Бірақ Шәкен өзі бетке айтқанды жақсы көретін. Мен айттайын. Тақ осы кісі содиядан сәлем хат алып, сонымен келген болар<sup>14</sup>.

Қ а м б а р. Ал, содияң бай қызын алудан қорқып жылысқан болар. Өзі тіпті, Мәскеу кетіпті дейді содияң. Ал, ендеше<sup>15</sup>!

Ш ә к е н. Мәскеу түтіл марғау кетсін (*Жұрт күледі.*) Соны іздеп келуші ме едім?

Құс б е к. Ойбай, бұл тентектің қолынан не де боса келеді.

Б ө л т і р і к. Ал енді, жаным, жөнінді өзің айт, ендеше. Мына жүрт жорамалдағанмен таба алмады ғой, көріп отырсын.

Ш ә к е н. Сендер кім босаң, мен де сол болам. Сендер көргенді мен де көрем (*Жұрт дағдарын қалады.*)

М е с. Мәс-саған! Сен бай қызы, біз батырақ, сорпамыз қосылmasа қайтеміз?

Ш ә к е н. Бай қызы деген сөз адыра қалсын. Тәрбиесін кеңес, мені де адам қылсын. Соған келдім.

Б ө л т і р і к. Сөз-ақ-ау дейім осынысы (*Жұртқа қарайды, Сөлкебайға.*) Сен қалай қарайсың, айтар сөзің бар ма? Қарсы емеспісің? (*Сөлкебай ыржсандағ күле береді.*) Әй, қарсымысың дейім? (*Сөлкебай таңдаітын қағыт, басын шайқап күледі.*)

Н ұғ ғ ы м а н. Жолдастар, дағдаратын дәнене жоқ. Қарындасымдікі тіпті дұрыс, бұрын да өзі қамсамолға алынған екен. Енді міні өзі тіпті сыннан етіп келіп түр ғой. Бұнысы өнер. Орталарыңа алындар. Батырақпен бірге о да тәрбие алсын.

Қ а м б а р (*Шәкенге*). Жарайды, бірақ қамсамолдық деген үлкен сын. Біз көп сынайтын кісіміз. Сол есінде болсын<sup>16</sup>.

Д а у ы с т а р. Дұрыс, мақұл, Қамбар дұрыс айтады. Жақсы келдің... Жарайды мұның (*Шәкен Алтын мен Кәмәштың қасына барып, сөйлесіп тұрады.*)<sup>17</sup>

Бөлтірік. Ал, жолдастар, енді жаңағы ниет – ниет қой.  
Өнер іздел аттандық қой, енді тегі. Солай ма?

Дауыстар. Аттандық, тәуекел.

– Жөнелеміз... Ізденеміз.

– Жолымыз болсын.

Нұғыман. Жарайды, жолдастар. Міні, бұларың талап-ақ.  
Тегіс енді пісіп-қатып, жақсылап өсіп, кеңестің табанды, жойытпас азаматтары болып келіндер<sup>18</sup>. Жалғыз-ақ уәде сол болсын.  
Әбден толып болған соң, тізеге-тізе, білекке-білек қосып, осы жерге бірге қайтып кеп, бірге істендер. Ал, жолдарың болсын.

Дауыстар. Уа, айтқаның кесін, бірге келеміз, дегенің болсын, ағаке. Уәде сол болсын. Талапты ерге нұр жауар.

Камбар. Қайта оралып кеп, дүниесін бір жаңыртайық.

Дауыстар. Жөнелеміз ілгері. Ал қамданындар...

Камбар (әке-шешесіне). Ал, кемпір-шал, сендер де қамданындар, Кемәш те жүреді.

Ебике. Е, не дейді, сығыр! Мана ғана байды айдалап, енді өзіміз де айдаламыз ба!

Барлық жастар (*Шулап, қамап*). Жок, жүресіндер, бәрімізге бір әке-шеше керек емес пе? Өлтірмейміз сендерді. Мына бәріміз балан, сендер әке-шеше, жүріндер!

Құсбек (*Арнабай мен кемпірге*). Өзге болмаса да Кемәшпен мен барамын, басқасына сенбе, екеуімізге сен. Өзім асырайын.

Арпабай (кемпіріне). Уа, ілгері басқан жасты кейін басқан кәрі тоқтатпасын, кел, кемпір, біз де кеттік. Жол болсын (*Шүкүлкі, қуаныш*.) Илани аумин.

Шымылдық

## БІРІНШІ АКТ

### ЕКІНШІ СУРЕТ

Сахна жана салынғалы жатқан үлкен зауыт, үлкен дүкен орны сиякты. Эр жерде тәшке, нәселке, үйілген топырак. Жұрт үлкен ор қазып жатыр. Ұзынша терең жар. Қатлобан ішінде істеп жатқандардың бастары ғана көрінеді. Еркектер осы жұмыста, әйелдер: Шәкен, Алтын, Топай және Сөлкебай солармен бірге нәселкемен топырак тасып әкетіп жүр. Топай мен Сөлкебай бір істейді. Құсбек жоғарыда десятнік.

## Көрініс

Күсбек (*төмөндегілерге*). Ал, тастап, тастап жіберіндер, бітіп қасын сонымен (*аналар қыза-қыза топырақты лақтырады*), е, солай, солай! Бәсе, істейім дегенде біздің бригад жұмыстың тас-талқанын шығармай қоюшы ма ед, тәйір деген! (Әйелдер келгенде.) Кәне, кәне, Тағы біраз апарып тастандар, бітіп қалды (Әйелдер даяр нәселкені алып кетеді, ереккөтер курек, қайлаларын сыртқа лақтырып тастап, артынан өздері де бірі артынан бірі шығады. Қамбар, Бөлтірік, Мес, Алатай, Сапар, Арпабай мен Есбике азық әкеле жсатады)<sup>19</sup>.

Арпабай. Осының нормасы аз ба? Жоқ, біздің балалардың ісі ширақ па? Тағы бітіріп тастапты-ау!

Есбике. Несі аз босын. Көрсөнші, мына ен дала қып-қызыл тас еді... әлем тапырағын шығарыпты-ау, туу, қарақтарым-ай!

Арпабай. Ана жақтағы бригадтар мықшындарап елі жарымын да бітірген жоқ.

Бөлтірік. Е, тәйір деген, бізге жұмыс шыдаушы ма еді, не айтып отыр өздері.

Мес. Тек Қамбардай жігіттің бағы ашылмай жүрген де бай жаншып!

Есбике (*ернін сылп еткізіп*). Сөзіңе болайын.

Бөлтірік. Ал бітірдік, бітірдік, бірақ осы істеп жатқанымыз не екен өзі?<sup>20</sup>

Алатай. Бәсе, мен де осыны бір сұрайын деп ем... Өзі осы істеп жатқанымыз не өзі?

Қамбар. Станса... станса. Үлкен үй салынады мынаған.

Алатай. Ал сонда мынауымыз несі болады соның?

Бөлтірік. Бәсе, өзі құдық па? Көр ме? Арық па дейім өзі.

Мес. Ай, шіркін, қараңғылық-ай, істеуін істеп ап, енді ит көрген ешкі көзденіп тұруын, түге. Әнене, бұралап келеді, әні содан сұрандар.

Прораб шығып қарайды, өлшейді, дұрыс деп басын изейді.

Бөлтірік. Эй, жолдас бұралап, мынауымыз не, бұл өзі, Местің көрі емес пе? Олай болса мынау сияды, енді қазбаса да болады (*Жүрт күледі*.) Бұл не нәрсе, штакой!?

Пропраб. Котлован, котлован это.

Кетіп қалады.

Мес (Бөлтірікке). Ал, қарық болдың.

Алатай. Немене деді?

Мес. Көк табан, көк табан! – дейді, ал (Бәрі аңырысады.)

Бөлтірік. Өй, көк табан десе мұнда мән бар екен. Осының асты сыз, су. Әне шығайын, міне шығайын деп қылқылдан түр езі.

Алатай. Күз тақап келе жатқаны мынау.

Мес. Су шықса келіседі екеміз.

Құсбек. Табандыңнан су шығады, мұз боп қатады.

Мес. Сонда көк табан боласың де. Жарайды, жетіскен екенсің, Бөлтірік.

Бір жақтан бос жүрген Кәмәш шығады, екінші жақтан Шәкен, Алтын, Топай, Сөлкебайлар келеді, отырысып тамакқа кірісе бастайды.

Арапабай. Аты қалай жаман еді кәпірдің.

Есбике. Табандарыңнан сыз өтіп ауырып жүрер ме екен қарақтарым.

Мес (Topay мен Сөлкебайдың алдына азықты бір боліп қойып). Мә, екеуің бір отырсың. Топай, енді Бөлтірікке пысықрып та қарама, не де болса осы Сөлкебайыңмен көр. Анау, әбден жалынып, жалпы етек болғанша жотаңды көрсете бер, әшейін<sup>21</sup>. Өз еңбегін, өз табысын, жалынарың жоқ. Бөлтірік кәпір ыржандалап құр қол жаулық қылғаны болмаса. Қатын кәдірін біле ме? Ақырын жүріп, андан басып көңілінді түшіндіретін Сөлкебайды (Topay, Сөлкебай күле береді.)

Сөлкебай. Ал, “ойын түбінен от шықты” деп Топай екеуіміз осыңа иланып қалсақ қайтесің?

Мес. Е, илаһим сол болсын. Аузын аппақ қылышындар тек.

Топай (кулін). Бәсе сол керек.

Мес. Міне-міне. (Екеуіне қарап иіліп, Topайдың тақымын қысып.<sup>22</sup>) Өздерің де үй ішінен үй тігіп, икемдескенсіндер ме дейім тегі (Analар күледі.)

Бөлтірік (*Меске*). Әй, аруақ атқыр, пәле іздемесен ішің кебеді ғой сенің. Мынау екеуін қалай-қалай телисің өзің, менің көзім тіріде?!

Қамбап. Бөлтірік, тегі, сақ болғайсың. Мынау кәпір үйіріп әкетіп бара жатқан көрінеді, тәрізі.

Шәкен. Е, Сөлкебайдың басы кімнен кем екен! (*Күлін*.) Бостандық Сөлкебай мен Топайға бұйырман па?

Бөлтірік. Бұйырса бұйырсын-ау, тек сирағы қырқылып жүрмесін Сөлкебайыңың.

Топай. Ие, далада жатқан сирақ бар деген. (*Сөлкебай күле береді*.)

Мес. Е, бәсе, мен болсам Бөлтірікке шын көрсетер ем.

Бөлтірік. Ал енді көп ауыз біріксе, бір ауыз жоқ болады, мен қойдым.

Шәкен (*Күлін*). Ойбай, орын босаттың ба, жарықтығым-ау?

Бөлтірік. Қайтейін енді, басу айтады десем, өзің де солар жаққа шығып кетіпсің. (*Кемсендеген бол*.) Далада қалғанымыз да енді, міне, ку тізені құшақтап, бізге кім көзінің қырын салсын. (*Шәкен күледі*.) Шәкентай, енді, өзің қолың ұшын созбасаң, су түбіне кеткені де енді Бөлтірік сорлының.

Шәкен. Жоқ, өйтіп жанындағы жолдасынан жағаласпай айрылатын жігітке жәрдем ету арам. Саған істеген достықтың өзі бір бос шығын. (*Қамбар келеді*.) Солай емес пе, Қамбар? (*Қамбардың тізесіне шынтақтайды*.)

Мес (*Бөлтірікке*). Ал, бәлем, Топайды арзанға сатып жүргендегің сол еді. Жат сол сыйынмен.

Қамбап. Шәкеннің төрелігі әділ емес пе? (*Шәкенге*.) Міне, бәсе, сүйесен осы біз сияқты сыналмаған жасты сүйе.

Шәкен (*бұны ауызга қағып*). Қой енді сен де, Бөлтірікше барынды жарыққа салмай, ана үлкен кісілерді көремісің, ұят-ай.

Арпаба. Қарақтарым, жасқанбандар бізден. Біз байғұс қуанғаннан басқа не дейді дейсін.

Есбике. Жатсам-тұрсам тілегім со да, айналайын, өмір жастарың ұзақ болсын тек.

Шәкен (*Қамбар қасынан атын кетін*). Қараши сақтан-саққа мінгізіп әкетіп бара жатқандарын. Саған жолағым келмейтіні осы. (*Жөнеліп Құсбек, Қамәштар тобына барады*.)

Қамбар (әке-шешесіне жақында). Қайдағыны қайдан шығарып аласыздар осы. Орынсызға килігіп.

Есбике. Қарағым-ау, ұялғанмен ата-ененің жоралғысы ғой. Бетім-ау, ұялады-ау, өңшең жаман неме!

Мес. Иә, өзің әдейі сөйтіп беттерін аша бер. Еркіне қойма, түге... О несі екен, жаман немелер?..

Қамбар. Қойши, әй, сен. Шын деп ойлайды. (Есбикеге.) Осы сендер не айтып жүрсіндер өзі. Ешкімнің ойында дәнеңе жоқ, әшейін құдай аманат, өздерің бірдеңені жаңынан шығарып ап, бұ не, бала боп кеткенбісіндер?

Мес. Иә, көнгені-ақ оған Есекенің.

Есбике. Иә, болғаным-ақ... Куанғанымды көпсінген несі, жасық неме.

Мес. Ал, тіпті наизасын турал-турал салсын Есекен.

Есбике. Өл де маған.

Қамбар. Уа, көр сыйбан, дәнеңе жоқ, ойбай.

Есбике. Жә, аулак, сөзің керегі жоқ.

Қамбар (қолын бір-ақ сілкін жөнеліп). Міне, қызыл көз пәле көрсөн.

## Көрініс

Бір топ жұмысшы келеді. Бұларды бастаған Шуашбай, Еңсебай.

Шуашбай. Е, әй, Уай!.. Мынау солар ғой.

Еңсебай. Әй!.. Тұра қалындар, осылар сол... Уай, бері тартындар... Әй, ей! (Жүріп бара жатқандар тоқтайды.)

Бөлтірік (тұрып татырақтап, мазақтап). Әй... Өй... Құр жануар. Құр!.. (Лықылықтай аналармен қарсы тұрып аңырысады.) Немене? Қашаған күып келемісіндер? Көрсетші өзін біздің Қамбарға, тарпа бас салсын. Бұл қашаған күыш...

Шуашбай. Уа, қой-ой тәлкегінді, біз сендерді ізден жүрміз.

Қамбар. Е, біз болсақ міні, тіпті тып-тыныш жатырмыз ғой жусап, немене сонша даурыққандарың?

Бөлтірік. Әй, өздерің сөйтсе де, мал біткен ауылдың адамысындар ма дейім.

Шуашбай. Е, тәңірі күрдымынан сақтасын.

Бөлтірік. Онда, тегі, жылқыларыңың тұқымы қашаған келеді екен-ау, ә?!

Ең се бай. Е, оны қайдан білдін?

Бөлтірік. Жоға дейім, тіпті әккі боп қалған адам сияқты тәрізді де.

Мес. Е, рас, жылқысы қашаған ауылдың адамы даурықпа, қау-көрік, көкірек келетін рас.

Ең се бай. Жігіттер, сендер ерігіп отыр екенсіңдер.

Қамбар. Еріккеннен сақтасын, алдымызда түрған жұмыс мынау? Неге ерігейік.

Шұашбай. Е, ендеше, немене жылқы-мылқы деп қолға алғандарың.

Бөлтірік. Е, жай, шаруаның мұңзы ғой. Біздің де басымыздан кешкен еді.

Ең се бай. Бәсе шаруаның мұны боса мұның. Біз сендермен осы шаруаның мұнын сөйлесейік деп келдік.

Шұашбай. Қазақбайдың баласы екеміз. Мына біреу бір тар жерде кездескен екеміз. Тегі, осы қазақ боп бірігіп, ынтымақтасып алмасақ болмайтын тәрізді.

Бөлтірік. Жарықтық, со кісіде де арман бар ма екен, осы, ә?..

Ең се бай. Кімді айтасың?

Бөлтірік. Әлті, әкемізді айтам-ау, бір әкенің кіндігінен 20-30 екеміз-ау өзіміз.

Қамбар (*Арнабайды нұсқап*). Әкеміз мына кісі ме деп жүр ек, шын әкеміз жаңа табылды ғой (*келгендерге*), е, тілеуің бергірлер, ал қане сөйлендерші!

Шұашбай. Сөйлесе жігіттер, осы араға аштықтан келгеніміз жоқ. Пайда табамыз деп келдік қой. Сендер жақсы біриғат деп мактау алыпсың!

Бөлтірік. Ендеше, танысайық, осында бір сөзі көп жалқау біригады бар деп еді. Толайым, сөз әлпеттеріне қарағанда сол сендер екенсің-ау!.. Ал, әлік-сәлем.

Құсбек. Қой, қылжақты қойсаңшы, айтайын дегені көптің жайы сияқты ғой.

Шәкен (*Бөлтірікке*). Қайдағы бір кісі сыйлап көрмеген бейбастақтың мінезін өнеге қылады екен өзі.

Бөлтірік. Ойбай, ал, құдаша, біз қойдық. Осы кісілер, мен білсем Қондекенің сүйек шатысы, ал енді тұр... Қам қыл... Үй тіктірейік пе әлде?

Шәкең. Өй, сөзің бар босын.

Шуашбай (*аңырып Шәкенге бір, Бөлтірікке бір қарап*). Шырактарым, Қондеке дегендерің Қондыбай бай ма?

Құсбек. Иә, мына, Шәкен соның баласы ғой.

Шуашбай (*Шәкенге*). Алда, қарағым-ау, рас-ау. Әкесінен бір бала жырылып қалыпты деп естіп ем, сол сен бе ең? Қарағым-ау, мен нағашың ғой, білемісің. Алда, айналайын-ай!

Еңсебай. Ойпырм-ау, қарағым-ау, бұз неткенің өстіп тас тасып, табаның тиіп. Бұл қорлыққа неге келдің, шырағым-ау! Әттең, шіркін дүние, қарашы енді мынанды...

Шуашбай. Қарағым жиенім-ай, ернің кезеріп, иығың талып неге кеттің мұншага (*Шәкен жылан жіберіп, отыра кетеді*.)

Алтын. Ой, Шәкен, бұл не, әлі біз не босақ сол боламын дегенің қайда, бәрекелде!

Қамбап. Шырағым, Шәкен! Үіктиярың, бізге ергенің рас боса, біз не көрсек соны көресің дегеміз кедей. Еңбекші жолы еңбек жолы. Жаюлы мамық төсек, құрулы шымылдық бар дегеміз жоқ-ты. Бұл немене?

Шуашбай. Әттең, қор қылған дүние-ай, есіл бала, қарашы!

Шәкең (*тізесін жиынап*). Қойышы ері, сен мыстан кемпірше жамбастамай, Қамбар! Рас, дұрыс айттың, менікі бір әшейін акымақшылық.

Еңсебай. Көрген соң шыдай алмағандық қой біздікі.

Бірінші жұмысшы (*Шуашбай мен Еңсебайға*). Уай, Шуашбай, Еңсебай! Сен екеуің де езе береді екесің өзің. Не акыларың бар?

Екінші жұмысшы. Бастаймыз деп алып осы жұртты әбден жел буаз қып бітірдің-ау осы екеуің.

Үшінші жұмысшы. Не бітірген жұмыс жоқ, не байлау, тұрақ жоқ. Қуғандарың ылғи бос сөз.

Шуашбай. Уа, тұра тұр, түгі!.. Айтайық та енді міне.

Қамбап. Қане, айтшы, не демексің?

Шуашбай. Демегіміз мынау. Осында істеп жатқанның көптен көбі қазақ екен. Бір арадан сөз шығарып, тегіс бір бас, бір тас болып ап, мынандай бір шарт қояйық дейміз.

Бөлтірік. Иә, бәсе, соныңа келші.

Шуашбай. Келсем, біріккен көптің сөзі ғып, ең алдымен мынаған азығынды күшайт дейік, екінші, нормынды азайт дейік, қазақ жұмысшысы мұндай нормынды істеп көрмеген дейік. Дәл осы арада сендер ылғи үлкен нормыны тап етіп, деген уағында бітіре қоятын боп, біраз кедергі жасап тұрсын... Одан сендер іркіліндер. Мына көп үшін, көптің ынтымағы үшін дейім.

Бөлтірік. Иә, бақырым-ай!.. Уау, әнеу күні тамақ аз дегенде күшайткен жоқ па оны?

Ең се ба. Күшайткенмен жұмыс қынданап барады ғой. Оны қайттік? Міне, қып-қызыл тас.

Қамбап. Өзге жұмысшы болса, тамақ жетсе болады, жұмыс қын деп жыламайды.

Бөлтірік. Бізді айтсаңшы, тамақ деп бір жылаймыз да, жұмыс ауыр деп екі жылаймыз. Уай, шіркін, туғызған әкемізге болайын, жарықтық сол кісінің өз тұлғасын көрер ме еді бір. Е, айта тұс тағы.

Шуашбай. Сонан соң мына қаперетібіне, нан ләрөгіне, сталабайларына басшы қып, мынау осы жұмысшы арасынан шыққан қазақты қояйық... Е, пайда болса, қазақ баласы көрсін, өзіміз көрейік.

Бөлтірік (*Шуашбайга*). Уа, соған осы сен болсаң қайтеді?

Шуашбай. Е, бол десендер көп үшін несі бар!

Ең се ба. Ана рабошкоміндегі қазақ осындағы ылғи бөгет бол қыңыратқи беретін көрінеді. Оны орнынан алғызып, тағы өзіміздің біріміз болайық.

Бөлтірік. Ендеше, оны саған берейік, ол қалай болады?

Ең се ба. Е, ақылдасайық дегенім содағы, пайда көрсек өзіміз көрейік, алдымыз сөйтсе, артымыздагы мына қалың қара жұмысшы да қарап қалмайды. Міне солай емес пе?

Қамбап. Ал енді осыған қостаушы жиып жүрсіндер ғой, солай ма?

Шуашбай. Бәрекелде, міне, міне... сендер жақсы бригаді екесін, алдымен сендер сөз коссаң тіпті абзал болар еді.

Қамбап (*өзге жұмысшыларды көрсетін*). Мыналарды осы дегендеріңе ертіп алғандарың ба? Уай. Сендер не дейсіндер, жігіттер?

Бірінші жігіт. Өй, білмейміз, әйтеуір мыналар осының түбінен жақсылық шығады дейді.

Екінші жігіт. Кімге пайда, кімге сор екенін кім біліпті. Әйтеуір осыған бар қазақ жұмылды дейді мыналар.

Қамбап. Олай болса, ендеше, жігіттер, сандалмандар, білдіндер ме? Мұнда ата қуатын дәнене жоқ. Осы арада партия, қамсамол, рабочком бәрі бар, бәрі де кеңестің көзі. Сенің де қамқорың солар, мұңың болса соған айт. Қөсегенді мыналар көгерпейді (*Шуашбай мен Еңсебайды нұсқайды*.) Не де болса сол кеңесіңе жабыс (*Өз кісілеріне*.) Ал, біздің жігіттер, сендер не айтасыңдар?

Бөлтірік. Мен тек осы құдалар кит кимей-ақ қайтса екен деймін осы біздің ауылдан.

Құсбек. Қазақ боп бірігейік деген тегі теріс сөз емес-ау, осы.

Мес. Бәсе, құр құтаспен алысқанша, сондайдың біріне біз де ілінsek қайтушы еді?

Сапар. Уай, қойши әрі, сол бықсымаңдан аулак, керегі жоқ.

Сөлкебай. Таза еңбегіміздің өзі артық.

Шуашбай. Бізді айтасың, сендердің аранда да бізше сөйлейтін табылатын фой түрі.

Қамбап. Табылмайды бізде ондай. Егер болса ол біз емес болғаны.

Еңсебай. Е, жалғыз біз дейтін шығарсың (*Тұрын кетуге айналады*.)

Бөлтірік. Е, құдай, жалғыз болмассың, табылар... Болар. Толайым бас алып, құлақ тігісіңен шошып ем. Тамам қаранды жұмысшыны алдыңа салып алып, Сөрекінің өгізін айдағандай қып: “хай-хой”, – деп жүрген. (*Қамбарға*.) Қамбар, байқадың ба мына жұмысшыларды, мына бәледен құтқармай болмайды екен. Мынаны Сергеевке айт, ә...

Қамбап. Мен өзім де соны ойлап тұрмын. Былықтың мұнда да ілесіп жүргенін көремісің (*Ketedi*.)

Бұл топ тарай береді. Бөлгірек Құсбек, Алтын, Алатай тобы қалады.

Құсбек (*Кәмәшқа*). Сен енді жұмысқа кіремісің, жоқ па? Осы өзіңдей жүрттың бәрі істеп жүргенде жалғыз ерке сен бол жүре бергеннің не лайығы бар?<sup>23</sup>

Кәмәш. Қойшы, бір емес, екі емес.

Құсбек. Екі емес жүз айтам. Исте жұмысты.

Кәмәш. Аш-жалаңаш жүрген жоқсың ғой. Жетіп жатыр анау өзгенің істегені де.

Құсбек. Сөз-ақ, мойнына мінейін деп пе едің өзгенің.

Кәмәш. Е, байғұс, ауырлайын деген екенсің ғой. Ендеше (*Алатайды құшақтаңқырап*) өзімнің жиенім Алатайым-ақ асырайды. Солай ма, қалқам?

Алатайды аймалап, Құсбекке сырт қарап кетеңі.

Алатай. Кәмәш! Мен сенен еш нәрсемді аямаймын! Білесін, бірақ...

Кәмәш. Бірағыңың керегі жоқ, айттың болды. Өзгенді қоя тұр.

Құсбек (*соңынан ыза бол қарап тұрып, Алтынга оралып*). Алтынжан, мына кісі кәдірін, сөз кәдірін білмеген деген не деген қыын еді. Мұндаиды көріп пе едің?<sup>24</sup>

Алтын (*қызыарып, сыйырлап*). Құсбек, сіз кісі ренжітуге киярлық кісі емессіз ғой...<sup>25</sup>

Құсбек. Қалқам-ай, қадір білетін сен ғанаңың ғой. Жанға майда тигені-ай мына сөзіңін.

Алтын. Білеміз тіпті Кәмәштың не ойлайтынын. (*Кәмәш жалғыз қайта оралады, қарап тұрады*.) Сізben тату-тәтті болған аз ба кісіге.

Кәмәш. Әй Құсбек, жүр үйге, шәйінді іш (*Құсбек қарамайды. Алтынмен сырттай береді*.)

Алтын. Не арман? О, не дегенің?

Құсбек. Не көріп жүргем мен бұрын. Көзімді дер кезінде шел қаптаған ба деймін.

Алтын. Үққам жоқ. Ау, Құсбек, осы сөзінді.

Құсбек. Ұғайын десең қыын ба? (*ундеспей қарасады*) Соны айтам.

(Кәмәш жетіп келеді. Алтын ұялып тайки береді.)

Кәмәш (*Құсбекке*). Сенің не ойлап жүрген ойың бар? Мынауың нең!?

Құсбек к. Қой, тек. Осы екеуіміз аз сөйлесейікші осы!

Кәмәш (*Құсбектің қасына кеп, жабыса түсін*). Жаңым-ай, не дейсің!? Мынауың бір сұық сөз ғой.

Құсбек к. Жаңа “Жұмыс істе”, – дегенімде сен де келтесінен қайырдың ғой. Менікі де – сол. Болды.

Кәмәш (*Жалынып*). Құскетайым, кеше гөр ендеше!.. Мен жаңылған екем... (*Кеудесін ұстап*) Апыр-ай! Жүргегі құрғырдың ауызға тығылып тұрғанын қарашы. Мен жаңағы қызбен тату тұрғанынан жаман шошындым ғой.

Құсбек к. Өзіңнен, не көрсөң де, өзіңнен болады.

Кәмәш. Жарығым, ендеше, “қыл” дегенінді қылайын. Көнілінді бұзып өкпелеме енді.

Құсбек к. Көрейік... (*Журе беріседі. Қарсыларынан Қамбар, Бөлтірік бар, барлық жұрт қайта шығады. Бұрын сахнада жалғыз Сапар ғана шығып жатқан*).

Сапар. Бұл не өзі, сохозға бардық, онда тұрмадық, шойын жол барып ек, одан кеттік, енді мынаған байыздан ек, бұдан тағы сусып... Кетпейміз, түге (*Жұртқа қарайды, қостаушы серігі жсоқ*.) Мен өзім осында қалам.

Арапабай (*күрсініп*). Е, ата қоңыс мекенінен кеткен не оңсын. “Қырсықкан ит қыңыр жүгіреді” деп, ежелден ісі оңып көрмеген саяқ сандырақ едік.

Есбике. Енді, міні, туып-өскен жерден кетіп, жел қуған қанбактай ауып жүргеніміз.

Бөлтірік. Иә, қан қазынаң қалып еді сонда.

Арапабай (*ашуланып, тепсініп*). Атаңың басы, сонда өстіп артым жер іискемей жүр ме еді?.. Өндіріс-өндіріс деп өндіршегің созғаның осы емес пе еді, түге?..

Прораб шығады, қасында бір орыс.

Прораб. Міне, қамсамол бригадасы, шетінен жақсы істейді. Жалқауы жоқ... Жақсы бригад..

Бөлтірік. Жаман бригад... Бұралап, сен білмейсің, біздікі жаман болды қазір.

Прораб. Неге-неге жаман?

Бөлтірік. Біздікі бошал болады қазір, кетеді қалаға, Алматыға.

**Прораб** (*өтө беріп*). Жок, сен қалжындастың, жақсы... Сөйлесеміз.

**Бөлтірік.** Иә, сөйлескеніңе Қамбар болайын ендем осылай деп түр.

**Арпабай.** Тұрлау жок, байып жок. Жел қуған қаңбақ, түге. Әйтеуір іздеген соң, іздету ғой. Өрлей берің.

**Алатай.** Бәсе, тіпті құр тاماқ тоқ екен деп, қаламыз ба осында.

**Бөлтірік.** Олай боса, “Осы тоқсан бір оқ, бір өндіріс бар”, – деп еді ғой: осының екеуін бірдей қосып, өндіріп оқықшы. Келіндер, жігіттер. Келіндер, Арпеке, Есеке. Пактаспайық. Кел кетейік (*Бәрі кеткендей ыңғайлана береді.*)

**Камбар.** Ендеше, тағы кетеміз де, болды сол (*Сергеевке*) Сендер біздің орнымызға жұмыскер тауып, бір бригады сайлап алындар, сол табылған соң біз кетейік. Онан соң өзің бізге қалай беттеу керек? Қандай оқу лайық, соны жақсылап айтып бересін, бола ма? (*Сергеев макұлдағандай басын изейді.*)

**Сергеев** (*Сапарға*). Но, жарайды, бұлар қайда барса да біздің кісі ғой, барсын, оқысын, ол да жақсы. Ал сен екеуміз мұнда қаламыз. Но, ешкімнен кейін қалмаймыз. Бұларға біздің комсомолский ячайкемен жақсылап документ бересің. Сен бұнда жаңа бригаді жаса да, өзің бригадир бол, жарай ма?

**Сапар.** Болды. Байлау сол. Мен өндіріс қазанын сүйдім, қалдым осында (*Жолдастары құшақтайды. Көңілі, пішиңі бірбіріне жол болсын айтқан сияқты.*)

**Шекен.** Әйтеуір ізденген соң ғой, өрлей берейік ендеше осылай.

**Бөлтірік.** Олай болса осы Нұғыман бір оқу, бір өндіріс деп еді ғой? Осының екеуін бірдей қосып өндіріп оқықшы. Келіндер, жігіттер! Келіндер, Арпеке, Есеке! Тарпактаспайық бұл жерде, кел кетейік! (*Бәрі көнгендей ыңғайлана береді.*)

**Мес.** Уай, ал кетуін кетейік, сонда осы біздің атымыз кім екен осы. Біздейді не дейді екен.

**Құсебек.** Летон-летон, қаңбақ-қаңбақ (*Мес екеуі күледі.*) Қамсамол-ақ екенбіз. Ой, пәле.

**Камбар** (*ыза бол*). Қойшы әрі... Бәлем, енді көрерсің! (*Сөлкебай, Топай одан әрі Бөлтірікпен тұрып қалысады.*)

Шымылдық

## **ЕКІНШІ АКТ**

### *ҮШІНШІ СУРЕТ*

Үлкен мектептің жатақханасы, жақсы, жарық, кең бөлме. Қабыргаларында көсемдер суреттері. Карталар. Диаграмдар, үйдің бір жағы қатар тұрған 6-7 тесек, жігіттер орны, 2-3 стол. Бір жақ бұрышта биікше – шар сияқты кең төсек, Арпабай мен Есбике орны. Төріне таман қайырылып жиылған текеметше, көнелу көрпе-жастықтары бар (Жатақханаға Құсбек, Өшім кіреді).

Әшім. Мәселе солай. Жұрттың бәрі комсомол емес те, игіліктің бәрі коммунистке байланып тұрған жоқ. Салт-сана дейді ғой. Салт-сана бізде де бар, ол осындан құралады. Айналаңа қара, ойлан. Осы таяқ кімге тиіп жатыр? Құр бас амандыққа мәз болатын уақыт емес. Сені онсыз да тұртпектемей қояр деймісің!

Құсбек. Комосомолмын, әншейін болса бір сәрі. Жауаптылығы қыын ғой.

Әшім. Ендеше, бас сондайға керек, білдің бе? Өзінді неге ұстай бересің? Кісі жи, жолдас тап. Осының бәрі кедей-батырақ емес пе? Сал соларды ақылыңа. Оп-онай топ боласын.

Құсбек. Оларға топ болайық деп шетін ашқан соң бітті емес пе?

Әшім. Иә, рас, топас түрде қойма мәселені. Бастарын құрайтын істер, ұсақтан да, онайдан да табылады.

Құсбек. Олай боса, бұнымыз істеліп келе жатқан жоқ па?

Әшім. Бәсе, жалғыз-ақ осыны сен өзің үлкен есеппен алысты болжап істе дейім (*Алтын кіреді, мынау тез өзгеріп бір хатты беріп.*) Міні, осы бір хат саған тиісті екен. Адресі де бар. Енді тауып ал осы жақыныңды... Ылғи сені сұрап жазады. Онан соң біздің үйге келіп жүрсендерші. Мына қарындастым да біздің елдікі ғой. Келсін, ерте кел, жарай ма?

Құсбек. Жарайды, барса... (Әшім, Құсбек шығып кетеді.)

Кешкі мезгіл, столдарда көк абажурлы электр лампы. Жастар келеді. Бір үстөлде Бөлтірік, Мес, Қамбар, Шәкен отырады. Екіншісінде Сөлкебай, Алатай, үшіншісінде Топай мен Алтын және Құсбек. Бәрі де сабак әзірлеп жатыр.

## Көрініс

Бөлтірік (*оқып-жазып отырган кітап-қағаздарын жиып жатып*). Бұл есеп байқұс, бізге ауыр емес өзі...

Қамбап. Бұны оңай-ақ женіп келеміз. Әкпел енді орыс тілін (*Басқа кітап-қағаздарын алысады.*)

Мес. Бәсе, соны айт. Ай, қыны со болып түр-ау!

Бөлтірік. Қын да боса соны жеңбей күн жоқ. Айта берсөң орыс тілінсіз бізге мәдениет жоқ, білдің бе?

Қамбап. Шырагым-ау! Ленин мен Сталинді өздері жазған тілінде оқып түсінбеген соң күн қараң емес пе?

Бөлтірік. Эй, тауып айттың? Обалы қаніки, мұнысы сөз-ақ (*Митя кіреді. Бөлтірікке жақындаиды.*)

Қамбап. Ә, Митя, кел міне отыр. Мына біз сабак әзірлейміз, тында.

Митя. Нока, мен көрейін.

Бөлтірік. Қөргенде осы саған айтатын бір сөз бар. Ол сенің әшепкең, білдің бе.

Митя. Қандай, немене ошибке?

Бөлтірік. Міне, біздің қатшымыз, осы жердегі саяси басшымыз сенсің. Ал, біз міне тамам батырақ, орысша білмейміз. Кеше комсомолдың жалпы жиналысында орысша сөйлейін деп ұмтылып-ақ едім, сейлей алмадым. Қашанғы мен үстіп жүрем? Сен не қарап жүрсің? Тіл сенікі. А, біз сенікі жолдас. Өзің білесің де, біз білмейміз. Міне, сенің әшебкең, вот қалай!

Митя. Но, оқы жақсылап, білесің. Білмесең жаман болады. Жақсы оқысаң білесің, ал жаман оқысаң білмейсің, онда комсомол ұрады сені.

Қамбап. Ал, бәсе, сонда енді бізді сабатып қойғаның ба?

Митя (*басын көрсетін*). Міне. Сал басты да... Мен де латыншаны аз білем. Қазақ тілінің грамматикасын білмеймін. Оған кім виноват?

Бөлтірік. Оған ба? Оған мына Қамбар виноват болсын. Памагайт етсін ол. Оқытсын.

Қамбап. Білмесе қайтейік?

Бөлтірік. Білмесе жаман оқыған болады, онан соң комсомол мұны ұрады. Ұрамыз міне (*кулki*.)

М е с (Қамбарға). Ал олай болса “сторожды” скланайт ете ғой.

(Қамбар сыдырта жөнеледі. Жалғыз-ақ винительный падеж-ге келгенде тоқтаңқырап тұрып). “Сторожа”.

М е с. Тоқта, шатастың.

Б ө л т і р і к. Бөгеме, шатасқан жок.

М е с. Уай, кәпір-ай, “стол” бенетелнейде де “стол” болады. Можысский рот. Е!

Ш ә к е н. Е, болса е... Адошовленныйды қайтесің?

Б ө л т і р і к (Меске). Ол сендей өлік қой деймісің? Өзі тіпті колхоздың сторожы болса қайтесің. Өлі үстелмен теңеп садағасы кеткір, жаман кәпір!

М е с. Ал қойдық.

Қ а м б а р (тазы да сартылдатып жөнеледі, көптік түрдің родительный падежіне келгенде). Сторожей!

Б ө л т і р і к. Жаңылдың, Старажов.

Қ а м б а р. Сторожей.

Б ө л т і р і к. Старажоп.

Ш ә к е н. Ножей...

Б ө л т і р і к (болмай). Сторожов – ножов, Шәкен.

М и т я. Ана Қамбар, Шәкен дүрыс айтады.

Ш ә к е н. Мә, болмасаң! (Кітапты көрсетеді.).

М е с. Ал болмайды, бұл болса текедей тіресіп, енді не бетінді айтасың?

Б ө л т і р і к. Ал мақұл, мақұл, көп ауыз біріксе бір ауыз жок болады. Мен дауласпайтын кісімін (Кітапқа қараң бастайды.) Ал “кровать” қай рот? Айта қойшы?

Қ а м б а р. Қай рот екен бұл?

М е с. Мужской.

Б ө л т і р і к. Қисынға қарағанда бұл женский.

Қ а м б а р. Эй, осы не рот тұрады да, не мен тұрам. Бір пәле енді.

Ш ә к е н (Бөлтірікке). Қандай қисынды айтасың?

Б ө л т і р і к. Кровать деген белгілі енді, эйел жағына, мына Шәкендерге таңсық нәрсе ғой. Қайда бір Мес сияқты кү тізесін құшактағандар болмаса кім даулассын! Кровать енді ол женский тіпті енді.

**Шәкен** (*kīmatqa қарап*). Путь ше, оның да аяғы мягкий знак.

**Қамбар.** Путь па? Ал, оны не дейміз? (*Бөлтірікке.*) Бұл кімге тандық.

**Бөлтірік.** Ал жарайды, Шәкен! Оны да сен ала ғой. Тіпті енді буынсыз жерге пышақ салған екенсің. Қайтейін, оны да бердім саған. Женский!

**Шәкен** (*kүліп*). Ал “Ленинский путь” дегенге не дейсің?

**Қамбар.** Ой, ендеши, бермейміз (*Бөлтірікке.*) Не дейсің?

**Бөлтірік.** Буынсыз деп айтып ем ғой.

**Мес.** Уай, байғұсың-ай!

**Бөлтірік.** Енді Ленин жолы әйел жолы дегенге Шәкеннің тіпті өзінің де аузы бармас.

**Қамбар.** Азар бүгін.

**Шәкен** (*kүліп*). Е, тіпті өре тұра келдің ғой бәрің бірдей (*Бөлтірікке.*) Осы ротқа келгенде сен өзің басбұзарсың тіпті, білдің бе? Саяси қате жасайтын кісісің.

**Мес.** Ол жағын жазып қой. Баяғы ескіге салады тіпті.

**Бөлтірік.** Ал олай десен, мен тіпті шалқамнан түсем. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. Тіпті осы тілді алғашқы шығарған дүмшे молда бар ма?

**Қамбар.** Молда емес, халық шығарған.

**Бөлтірік.** Кім шығарса да, осының кей жерінде накұрыстық та бар.

**Мес.** Ол не дегенің?

**Бөлтірік** (*kīmatты алып отырып*). Ал мына кровать дедік, ол көпе-көрінеу енді женский болып тұр. Ал “стол” міне, үстел басы еркек болған, қызметі. Енбегі сонда, оның можский болғанына міне Шәкен де таласпайды. Ал мына бір “семя” дегенді алайық. Ол ұрықтың средний рот болуы о да макұл. Өзі өлі ұрық – екінші нәрсе, еркек жағына кете ме, әйелге кете ме, құдай білсін. Ал енді ол-ол болса, мына “доскы” тұр. Осы неге женский? “Карандаш” можский болғанда, “рошка” неге женский?

**Шәкен.** Аяғына қара.

**Бөлтірік.** Аяғына қарама, миға сал... Сөдиені қайтесің? (*Біраз үндеңей қалысады.*)

Қамбар. Қой, бақасты қой, уақыт кетеді. Өзінің барлық сөштестенниң қарадық қой?

Шекен. Қарадық, келіндер енді, жазайық. (*Бәрі де үндеңей жазуга кіріседі.*)

Алатай (*орысша өлең оқида*, *Сөлкебай тыңдал отыр*).

Буря мглою небо кроет,  
Вихри снежные крутя.  
То как зверь она завоет,  
То заплачет как дитя.  
То по кровле обветшалой  
Вдруг соломой зашумит,  
То как путник запоздалый  
К нам в окошко застучит...

Сөлкебай. Ал енді сен осы араға шейін тыңдал отыр. Ағаң бір жатқа айтып шықсын. (*Айта жөнеледі, тілі ылғы қате.*)

Бойра мығлой нибо қыройыт  
Пихри снежным құрута  
То қақ ізбер ана забойыт  
То заплашіт қақ дета  
То па креплем абешшалым  
Ыбдрок саламай зашомит  
То қақ петнегім запаздалым  
Қынам пакошка застошиш.

Құсбек күледі.

Құсбек. Алда құдай! Әй, мойнын, мойнын үздің, ақырын-ақырын (*куліп мазақтап*), би қырий!!

Алатай (*қарап*). Анау күліп отыр.

Сөлкебай. О... Күлкісі көмір болсын. Оған Сөлкебай қыңқ етпейді.

Құсбек. Жаттап жүргенің өзі баяғының бай ақыны.

Сөлкебай. Иә, арамза молда дін бұзар... Ескі мұраны біл деп Ленин өзі айтқан комсомолдар съезінде. (*Алатайга*.) Мынаның сөзінің өзі де жік-жігімен түсे ме деймін өзім. Шіркін, жақсы өлеңге жаным құмар.

Қараңғы түнде тау қалғып,  
Үйкүға кетер балбырап.  
Даланы жым-жырт дел-сал қып,  
Тұн басады салбырап,—

деген ақындар ғой бұлар.

А л а т а й. Бүгін өзің тым шабытта екесің, өлең шығарасың ба дейім өзің тіпті!

С ө л к е б а й. Үндеме, бала, ағаңның ыстығы төрінде (*Tұрып Топайға таман аяқдан*.)

Сыр сандықты ашып қара, ашып қара сырласым.

Сым пернені басып қара, басып қара, жырласын, дейді-ая, — сорлы ақын!

Т о п а й. Уа, қоя тұршы (*Қаламын ұстаган бойында*.) Осы есептің скопке дегеніне келгенде қалт тұрамын да қалам... Құрып қалғыр...

С ө л к е б а й. Тоқта, тоқта, оқып қарайық (*Үңіліп қарап, оқып*) 50-ден алу скопке, екі жерде он жеті скопке жабылады. Қосу бес! Ә, мұның мысалы мынау: Елу қозы қоздаған екен. Соның 17 пар қозысы егіз, осыларды әуелі есептеші, егіз қозы нешеу?

Т о п а й. Ал, 34.

С ө л к е б а й. 50-ден шығарсаң нешеуі қалады?

Т о п а й. Ал, 16.

С ө л к е б а й. Соған енді тоқты қоздаған 5 қозыны қос.

Т о п а й. 21 болды ғой...

С ө л к е б а й. Болса бір мән бар, бері жүр, Топеке.

Екейі сөйлесіп оңашарак кетеді, олар кеткенде Құсбек Алтынға оралып, бірдемені көрсетіп сөйлесіп жатады. Алатай бұларды көріп, қызғанғандай киналып, сабағын тастап бір тұрып, бір жүріп, тынышсызданып кетеді. Көзін алмайды.

Қ а м б а р (*Шәкенмен оңашарақ*). Бетіміз түзелді-ая дейім осы, Шәкен, қалай ойлайсың?

Ш ә к е н. Түзелді емес, түзелдік десенші.

Қ а м б а р. Иә, болды, болды енді, тіпті жағалай солай болсаши.

Шәкен. Не деп жамбастап келесің?

Қамбар. Көнілдегі бір мұратты айтам-ау (Үндеспейді.) Не дер едін?

Шәкен. Жоқ, әзір окудан басқа мұрат жоқ. Өзгені ойласпайық та және осыны сенен сұрайын, қозғама.

Қамбар. Мұлде ме?

Шәкен. Боса белгі өзімнен босын.

Қамбар. Болмаса нетейін?

Шәкен. Болмаса тәйір деген өлуші ме еді? Көрген-баққаның Шәкен болып па? (Кітаптарына қайта қайырылысады.)

Құсбек. Қалқам Алтын, осы ұялшақпышың, жоқ әлде көңіл жыртқың келмей ме. Неге ылғи тайқи сейлейсің?

Алтын. Тіпті ешбір сөзге орны жоқ. Құрдан құр немене? (Қазағза қарап.) Әй, сенің мынауың бір шатақ өзің ғой! Бұйайдан шыққан?

Құсбек. Неге орын жоқ? Неден іркілеміз?

Алтын. Жоқ, сен оны қой, мынаның жөнін айтшы!

Алатай (қызығанып, жақында кеп ұялып). Алтын! (Анау ұйылғанды сөз таба алмай қап.) Сабагың бітті ме?

Құсбек. Біткен жоқ. Өзің бітірсен, жүре бер (Алатай ұялып кетіп қалады. Анадай барып қарап тұрады.) Шынымен бәрі сол-ақ болғаны ма?

Алтын. Қой, шырағым, мен Кәмәшты сыйлаймын, досым. Сен анаған неге жауап бермейсің?

Кәмәш (kіріп келеді, сыртқы киімдерін тастап, Алатай қасындағы айнага кеп қаранып, сыланып). Япрай, бір қызық сурет екен. Бір қыз бен бір жігіттің сыры (Алатай тыңдамайды. Аналарға қарай береді.) Саған айтып тұрмын. Ойпыр-ау, ғашық деген сиқыр-ау өзі, тыңдашы! (Алатай аналарға қарайды.) Немене сен? (Өзи де аналарға қарап қалып, тұтанаңып.) Е, анау ма еді? Қарашиб тұгі, аузына аузы жабысып отырғанын ғашықтарша.

Жылдам басып қастарына жетіп келгенде Құсбек тұра береді.

Құсбек. Ә, сен келдің бе? Ойын көрдің, ә?

Кәмәш. Иә, келдік, араннан көк тікен болып қадалып, бөгет шығардым ба әлде.

## Көрініс

М и т я (*аңырып Қамбарға кеп*). Не, оқуларың болды ма?

Қ а м б а р. Ие, немене?

М и т я. Боса, жолдастар, міне қандай вапрос. Бері келіңдер (*Барлығы бір арага жиылады*.) Сендердің бәрің комсомол және бүгін кешке жиылыш, бұл мәселе сонда ашық қойылады. Проработкеге алынады. Қазірде мен сендермен алдын ала сөйлесіп алайын.

Қ а м б а р. Но, кәне, айтшы.

А л а т а й. Бұ немене екен?

М и т я. Қазірде бізде студенттер арасында бір жаман сөздер шығаратын адамдар пайда болған. Сол сөз осы общежитиеде особенный көп болған.

М е с. Ие, қандай сөз екен?

М и т я. Ең әуелі. “Анау құнгі стипендие бөлгенде, қазақ баласы аз сомалы стипендие алыш, үлкен стипендиелерді орыс балалары алды”, – депті. Екінші мануфактура бергенде тағы да “Қазақ балалары жаманын, азын алыш, жақсысы мен көбін орыс балалары алды”, – депті... О немене?.. Осыны айтқан кісіні сендер естіңдер ме, білесіңдер ме?

Б ө л т і р і к. Ол кім екен?

Қ а м б а р (*Митяға*). Кім екен, сен өзің білесің бе?

М и т я. Но... Вот таза, честный комсомолдар болыш мұндайды білсе, өздері айтсын. Кәне... Стипендиенің көбі қазақ балаларына берілген, оны сендер білесіңдер, солай емес пе?

Қ а м б а р

А л а т а й } Конешні, білеміз, ие, өзіміз үлестірдік.

Б ө л т і р і к }

А л т ы н. Орыс балаларынан алса, ылғи жоғарғы курсегілер алды.

С ө л к е б а й. Ондай жоғарғы курсегілерге көбірек белгіленген дұрыс.

Қ а м б а р. Ол бүтіл союзда солай. Бұны бұрмалап сөйлеуші болса ол демагоктер... Кім екен?

М и т я. Ал мануфактура үлестіргендеге сен бар емес пе едін, Алатай?

То пай. Мен де бармын. Ол турасында жаңағы айтқан сөз тегіс өтірік. Алдымен киімі жоқ деп ылғи қазақ балаларына, ауылдан келген батырақтарға бергеміз. Япыр-ай, мынандай да өтірік айтатындар бар еken? Мынау бір зиянкес жау болу керек.

М и т я. Жау боса, жау. Тап жауы бар жерде де бар, білесіндер мә? Бдительность керек деп неге айтады партия? Енді бұл ғана емес, тағы сөздер бар: қазақтың байын конфискеу теріс. Қазақ байы орыстың кулагындей емес еді. Кедейге жақсы еді. Қазірде қазақ байы алынды. Ал, орыстың кулагына тиген кісі жоқ. Бұл да теріс – отаршылдық деп айтады дейді.

Б ө л т і р і к. Ә, солай сок, мынау бір әнді түзегендер еken өзі тегі.

М и т я. Бұл өзі жалғыз студенттер ғана емес, бізге учитель боп кіріп жүрген жат элементтер де бар еken. Солардың арасында жүрген сөз дейді. Соңдай учительдермен байланыс жасаған студенттер бар. Солар кім, оны білесіндер ме, мұнда бар ма соңдай кісі?

А л т ы н (*Құсбекке қарап тұрып*). Ол қай өшетел еken?

М и т я. Әшім Жұманов, тағы басқалар. Солардан тараған контрреволюционный өлеңдер де бар дейді. Қазір бізге де әкеп берді мұның бірін... Міне...

Алтын алдымен барып карап жібереді.

А л т ы н. Әй, Митя, эй, жолдастар! Осы айтылған сөздің көбіне, мен білсем, тақ мына Құсбек жауап беру керек.

Құсбек. Ой, Алтын, сен немене, құтырып кеткенбісің?

М е с (*Алтынға*). Сен, немене, тусіңден шошып ояндың ба, немене сандырақтап?

А л т ы н. Сандырақ емес, дұрыс, комсомол шын айту керек. Әшіммен байланысы бар да осы. Жаңа мына өлеңді мен жаңа осының қалтасынан көрдім (*Құсбекке бір басып*) Айт шынынды, немене сен, не ойлад жүрсің?

Құсбек. Бәлем, Алтын, момын қыз атанип жүріп сен тыңшылыққа шығайын деген екесің. Келтірерсің залал, но бірақ көріп алармын. Менің комсомолдан бөтен ойым бар ма еді?.. (*Өзгелерге*) Сенесіндер ме осыған?

Қамбар (бұған қарай бір басып). Көрсет қалтандагы өлеңді! (*Anau іркіледі.*) Ендеше, Алтындықінің бәрі рас, жалған айтпайды бұл (*Митяга.*) Міне, біздің ортамызда бүндайға араласса, араласатын кісі осы. Тегін емес.

Ме с. Өй, сен өзің не былшылдан тұрсың? Стипендиенің береді дегенді бәріміз де айттық, ал, несі бар екен? Киімді де жүрттың бәрі алмағаны рас, айтса, қайтеді екен?

Бөлтірік. Ендеше, костаушының бірі сен болдың.

Ме с. Қостаса, қайтеді екен, тапқан екесің жауынды.

Құсебек. Қазекендер, мүйіздеуге кіріскең екенсіндер ғой екеуің.

Қамбар (*Митяга*). Мынау Құсбек байдың жақыны, бірақ “өзіне қараймыз, сынмен алу керек” дегенді мен осында кеп окуға түсерде айтқам... Міне, сын... Ө, ол кім болып шықты, көріп тұрсың. Осынысы жетеді. Сал кешке жиналысқа. Аяマイмыз біз ондайды...

Топай. Бәсе, өйтіп арамызға кіріп, жылым құрт боп жайылмасын, ашып салу керек.

Сөлкебай. Е, қалжың деп жүр мә өзі? Мынау тап жауының ісі ғой, былғамасын бәрімізді. Сал, сал мына жиналысқа.

Митя. Ну, болды, мен енді басқаларды анықтаймын. Міне, жолдастар... Сын осы.

Митя кетеді.

Шекен. Сендердің-ақ сынның бітпейді екен осы.

Бөлтірік. Е, саған да ауыр тиді мә, сенің де көмейінде бірдеме тұр ғой өзі.

Алтын. Әлде сен де біліп пе ең? Таза комсомол босаң, айт, міне, шынынды. Көріп пе ең сен әлгі өлеңді?

Шекен. Қөргем... Оның несі бар екен. Жай қалтада жүрген қағаз. Одан басқа не бар?

Алтын. Қоресін де, айтпайсың ғой.

Шекен. Оның несін айту керек сумандап? Ал, жүр бір қағаз.

Қамбар. Жарайды. Біліп тұрып жасырған екесің, кешке онда сенің жайынды да талқыға саламыз.

Шекен. Қате боса алындар, көруін қөргем.

Құсбек. Демогок өңшең!  
Бөлтірік. Сен олай болса, сыртынды ғана бояп жүрген  
жатсың. Бұн не?

Мес (Қамбарларға). Немене, сендер сандырактап?

Есбике, Арпабай кіріп тұрады.

Камбар. Е, осынықі дұрыс демекшіміз?

Мес. Дұрыс оның ашуы... Сендердікі не?

Бөлтірік. Сұрқияланба өйтіп!

Мес. Олай болса өздеріңе жаға қояр. Айтайық, міне, біз де!  
Әне анау тұрган Арпабай, Есбике мынау Қамбардың әке-шешесі.  
Міне, солар да байдың құйыршығы, соларың да айтылсын, ен-  
деше.

Арпабай жакындаپ, тамсанып басын шайқайды.

Бөлтірік. Өй, ұтсыз, қайтып аузың барады, сөйдеуге?

Камбар (Меске). Кәпір, түбің ұры еді, бойыңнан бұзықтық  
кетпеген екен!

Бөлтірік (Меске). Кәпір, сен бұлдірерсің.

Мес (ашумен ілгері басып). Қысқарт енді, ойранынды  
шығарармын. Бұлдіргішті тапқан екенсің. Бәлем, сен Бөлтірік,  
бұлінгенінді білерсің жақында.

Камбар. Жоғалт көзінді арамыздан, бұзар.

Мес. Бақырма, көзінді ашып қара. Мен өзім де сендермен  
бірге болмаймын енді.

Құсбек. Бірін мазақтап, бірін даностап, бірін ақымақ етіп  
өтті ғой жүрттың бәріне сен екеуінің қылығың!

Шектен. Қой, Құсбек, олай шарпыма!

Кәмәш (Жақындаң Құсбекке келіп). Қойшы, Құсбек, не-  
мене сен көріспейтін кісідей?

Құсбек. Аулак, мен енді көріспеймін. Тұрмаймын мұн-  
даймен, не менімен, не ана жауықкан ағаңмен бол!

Кәмәш (Бөлтірік пен Қамбарға). Сендердің мінездерің  
осының бәрі. Бұзық сендердің өздерін!

Камбар. Сөйлеме, бар, ендеше, кет бар соныңа. Жетісерсің,  
акымақ.

Кәмәш. Сен ақымақ.

Арпабай. Кәмәш шырағым, айырылсар болсаң жолың болсын, қияннаттамай кет.

Есбике (*Arpabayga*). Қой әрмен, ө несі екен, балалардың арасына килігіп? Кәмәштім мен Құсбегім менің балам!

Арпабай. Бар, ендеше, сен де кет, көзінді шел қаптап тұр ма?

Құсбек. Болды енді, кетеміз (*Kәmәshiqa*) Жүр бол, жинал!

Мес. Мен де кетем! (*Talqan bop жиснала бастайды. Kәmәsh жиснанып жатыр.*)

Құсбек (*Шәкенге*). Сен де жүр. Тұрғызады деп тұрмысың мұнда. Өлмес күнімізді көреміз.

Қамбар (Шәкенге.) Ал, өзің біл!

Шекен. Мен кетпеймін (*Өзгелер кетеді.*)

Есбике (*Қамбарга*). Не істедің сен бұл? Жақыннан, достан бәрінен ажырап? Тентек сенсің, айырдың мына баламнан. Міне, бәрі кетті.

Бөлтірік (*шалқасынан төсегіне жатып*). Кетсе кете берсің, түгі, өңшең жат.

Сөлкебай, Топай кіреді, олар да жиналатын сиякты. Қипактап, екеуі де Бөлтірікті жағалап, Қамбардың қолын алып қоштаса бастайды. Бөлтірік карамайды.

Қамбар (*таңданып*). Ой, сендердікі не?

Сөлкебай (*ұялып төмен қарап міңгірлен*). Солай болып қалып еді. Еңді сөге-жамандамаңдар.

Шекен. Не айтасындар өздерің? (*Бөлтірік басын көтеріп қарайды.*)

Топай (*Сөлкебайга*). Айтсаңшы езілмей, о несі?

Сөлкебай. Ұят болып тұрғаны. Сөз пісіп қалып еді.

Қамбар. Меске еремісің өзің?

Сөлкебай. Жоға. Е, қарасы өшсін Местің, біздікі бір бөлек.

Бөлтірік. Уай, Сөлкебай! Қораға келген ұры едік. Әрине, мен құтылдым деп, өзің Топайды әкеткелі тұрғаннан аманбысың?

Сөлкебай (*ұялып*). Апрай, енді (*Tопайга қарап, жәрдем тілегендей.*) Топай... Әй... Ә!

Бөлтірік. Уай, аруақ атқыр өңшең (*Сөлкебайға*). Уай, жаңым, алар болсаң өзің жөндеп алсаңшы, ереккеше былай... Жерде жатқан қатын бар деймісін! “Мен енді осыған осылай қолқа салып түрмyn десенші” адамша, е! (*Жұрт, бірі тамсанады, бірі күлерін де, күйерін де білмейді*.)

Сөлкебай (*Топайға ұялып*). Тіпті бетімнен отым шықты-ау (*Бөлтірік күледі*.)

Топай (*ашуланып, Бөлтірікке қарай басып*). Ал, ендеше өзінің асқақ мінезіңнен көр. Баяғы қатын бар деп жүрмісің? Біз, міне, ерлі-қатынды болдық. Ал!.. (*Сөлкебай қолынан тарта береді*.) О несі, езіліп.

Арпабай. О, жасаған...

Есбике. Өңшең жын ба, не өздері, тоба?

Бөлтірік (*есін жишип күліп*). Уа, бәсе, Топекен ер ол. Ал, батамды берейін. О, жортқанда жолың болсын, Топай. Олжаң ылғи Сөлкебай болсын. Ал, бар жөнеліндер, аулақ.

Сөлкебай ұялып қозгалады. Топай Бөлтірікке ыза боп жүлкүнып қап, қатты-катты басып екіленіп жөнеледі.<sup>26</sup>

Сөлкебай (*артына қарап, ұзап барып, басын шайқап*). Ұялмаған бұйыр мағанды алады деп ә, Топеке!

Жұрт мұнайып қалады. Алтын нәрсесін алып, ол да кетуге айналады. Алатай жылағандай болып отырып қалады.

Шәкен (*Бөлтірікке жестіп кеп құшақтай ап*). Япырай, Бөлтірік-ай, не деген азаматсың, қандай мінез істедің, неткен жақсы едің? (*Құшақтап жұлмалайды*.)

Алтын (*Бөлтірікке жалт қарап, аз түрүп қалады. Нәрсесі қолынан түседі*). Япыр-ай, ә?!

Бөлтірік. Сен де кетемісің?

Алтын (*бұган қарап ұмтылып жыламсырап*). Бөлтірік аға! Бір әкенің баласындаи боп ек, Сөлкебай, Топай бір болған екен деп неге кетем, жақынным сендерсіндер, бірге болам (*Шәкен оны құшақтай алады. Екеуі де құшақтасып, бір сәтте жылласып қалғандай болады. Алатай жүсгіріп келіп, екеуін қоса құшақтайды*.) Жындылар, ұятсыздар олар.

**Е с б и к е** (*жылап*). Қайтып, қысты екен, мұндар.

**Қ а м б а р** (*Бөлтірікке*). Сен осы арада қалай өскенсін, жаным-ау (*Арқага қагады, қасына отырады.*)

**Б ө л т і р і к.** Өй, тәйір, өзге мінез істесем мен комсомол кнежкесін қалтаға босқа салып, камбоздың нанын босқа жеп жүрген болмаймын ба, тегі... ә...

**Қ а м б а р.** Бәсе, ескінің бойда қалмайтын бір әдеті осы еді, жесір дауы. Басқа қалай тепті біздің батырақ!

**Б ө л т і р і к.** Олар осал ма? Олар да жаңаның мінезін іstemеді ме? Баяғы болса қашып-пысып ырын-жырың қылар еді. Эншейін ап-ашық, тапа-тал түсте қоштаса келдік деп бір-ақ кепті. Сонда енді мен осал болайын ба олардан? Неге кем түсейін! (*Ойланыңқырап, күлімсіреп.*) Ә, аруақ атқыр Топай, Сөлкебай! (*Қамбар екеуі күледі.*)

**Қ а м б а р** (*Алтынға*). Міне, саған сабақ бір емес, әлденеше.

**А р п а б а й** (*мыналарға сүйсіне қарап*). Қарақтарым, мен таң-тамашамын, мыналарың тіпті іс-ақ, мінез-ақ екен, уа көп жаса!.. (*Кемпіріне.*) Кемпір! Осыдан да үлгі алмаймыз-ау енді, жана деген осы емес пе, міне?

**Е с б и к е** (*жасақтырмай, тамсанып теріс бұрылып бетін жыртып*). Бетім-ау, не деп отыр өзі? Сомадай бол.

Шымылдық

## ТӨРТІНШІ СУРЕТ

Арада бес жыл өтті, екі бөлмелі таза жаксы пәтер. Қамбар пәтері. Отken кафедредегі үлкен үйді арадан фанермен бөліп алған тәрізді. Ауыз бөлмеде Арпабай, Есбике, киімдері калаша, Арпабай көзіне көзілдірік салып, “Социалды Қазақстанды” оқып отыр. Екі үйде де орындық, стол және шкаф толы кітап. Дивандар.

## Көрініс

**Е с б и к е.** Кәзетінде бүгін тиатр бар деп пе, қарашы!

**А р п а б а й** (*қарап отырып*). Қайтейін деп едің мына жердің лайсанында? Қектемгі көтерем сиырдай батып өлейін деп пе ең Алматының батпағына.

Е с б и к е. Е, жарық көшемен қайтармыз. Қайтер дейсің, тіпті бармағалы көп болды өзі! Бар ма екен әнеуігі ақсақ кемпірдің ойыны.

А р п а б а й. “Майдан ба?”

Е с б и к е. Майдан ба, қайдам? Әйтеуір құтты Құсбектің шешесі, япыр-ай.

А р п а б а й. Құсбек демекші, хабар-ошарсыз жоқ болып кетті-ау өздері! Қызыңдан да зым-зия түк белгі жоқ.

Е с б и к е. Кәмәш па? Діні қатты кәпір еді – іздесе өздері іздесін деп қырықтанып алған фой (*аздан соң*). Япыр-ай, дәп сол Құсбектің шешесі. Бай-бай дегені болмаса, қасымызда жүрсе де білмейді екеміз-ау сұмдығын, сумай сүркіяның.

А р п а б а й. Уа, қайсысын айтасың?

Е с б и к е. Әлгі мына ақсақ күнді айтам да! Ойпыр-ай, қастығына шыдамай, нелер айқайлап айтып жіберейін десем балалар бомайды, етегімнен басып, “бұл тиатр, тиатр” деп.

А р п а б а й. Е, сол шарай топтың көзінше айқайды бір салайын деп ем де?

Е с б и к е. Қайтейін, араларына удай тиіп бұлдіріп барады.

А р п а б а й (*куліп*). Онда, қап, бекер істеген екенсін. О, не демек ең сонда?

Е с б и к е. Уа, колхозшы бишара-ау, есің қайда кеткен, уа, сенбе! Сенбе! Ойбай, ол шойнақ қарға, – демеймін бе?

А р п а б а й. Уайт, сорлың-ай, енді де дейсің!

Қамбар, Бөлтірік кіреді, үстерінде жаңа костюмдер, ак жаға, жаксы галстук, колдарында газеттер. Қамбар “Известияны”, Бөлтірік “Правданы” оки кіріседі. Алтын арттарынан, бірге оқып келе жатады.

Қ а м б а р. ЦК-ның мынау тағы бір үлкен тарихи байлауының бірі екен. Мынау өзі тағы бір дәүір болар.

Б ө л т і р і к. Пәлиятадел де! Колхозшы енбекшіні партия санасып, күнделікті іс, құрылыш ісіне қабыстыру. Қаулының мазмұнын байқаймысың?

ЦК даналығының бір ерекшелігі осындай! Бұрын жан баспаған бір тұрғыдан тың бір істі бастайды да, осы істі баразына барғызатын адамдардың бір пародиасын жасайды. Көрерсің<sup>27</sup>.

А л а т а й. О қандай адам?

Б өл т ір і к. Қандай адам? Ойла, міне мазмұнына түсін. Мына қаулы осы енбектің методы қандай адам болуға керек, соны анықтап білдірейін деп отыр. Бұл адамдар бір қызық түрдегі ... (*bір сөз оқылмады*) тілегі бір ортақ партияны паналайтын болуы қатыс.

А л а т а й. Партия мүшесі қай жерде босада бірқалышты партия емес пе? Жақсы партия бар жерде жақсы. Нашар бәрінде нашар.

Қ а м б а р. Олай демес, бала. Сен ойлап көрсөн Бөлтірік әбден дұрыс айтады. Мысалы біздің қызыл әскер оның ішінде граждан соғыс уағындағы политкомдар, ия жалпы политкомның қызыл командиріне немесе мысалы осы партработниктің өзінің долгісі.

Б өл т ір і к. Болмаса мына тіпті жалпы жұмыс қамсамол деген жастардың үлгісі. Ал, осының бәрі бұрын болмаған жаңа үлгідегі адамдар. Ол бір. Екінші соның әрқайсысының айқын тіпті айрықша үлгілері бар.

Қ а м б а р. Соның әрқайсысын осындай долгідегі адам босын деп, алдын созып жастай баулап, анықтап қалыптаң отырган ЦК (*газетті қайта қарап*) мына қаулы ішінде мына политотдел бір жаңа үлгіні партия қызметкері болатынын нұсқап, шешіп отыр.

Б өл т ір і к. Партия ЦК даналығының бір ерекшелігі осындей. Бұрын жан баспаған бір тұрғыдан тың бір істі бастайды да осы істі баарына барғызатын адамдар тусын. Және сондай адамды туғызады.

А л т ы н. Ендеше өзі Қазақстандағы басшылықтың өзгерген кезінде сәтімен дәл келген еken, Өлкенің тез оңалуына себеп болмас па еken.

А л а т а й. Әй, өлкені тым тұралатып кетті ғой мынау перегип. Онай түзеле алар ма еken?

Б өл т ір і к. Қарашы өзін, әбден пессимист болып алған.

А л т ы н. Болмағанда қайтеді? Мынау қыншылыққа қайтып шыдайды кісі?

А л а т а й (*күрсініп*). Өзім оқуға кетем тағы да...

Б өл т ір і к. Уай, күйрек жасық! Барсаң жүре бер, өзіміз енді істейміз, ЦК бет белгіледі, басшылық сенімді. Енді проривтан бір-ак суырамыз, Қазақстанды.

Алтын. Уа, көңілің өссін. Мен өзім Алатайдікі мақұл деймін.

Шәкен кіреді, колында “Правда”, о да оқып келе жатыр.

Шәкен. Қамбар, сені мен (*Бөлтірікті саусағымен нұсқап*) анау екеуінді Крайкомға шакырады (*Қамбар тұрады. Бөлтірік те тұрады.*) Анау астағы телефонға барындар, сонда тосып тұр (газетіне қарайды. *Бөлтірік жай жасалт қарап жақындаиды.* Шәкен бұрылып жотасын көрсетеді. *Екеуіне кнекжесін тапсырады.*)

Бөлтірік (*өтірік ашуланған бол*). Жотасын көрсетіп! Қарашы сезін! Менің атым жоқ па, “анау” дейсің?

Шәкен. Со да жетеді саған...

Бөлтірік. Не бола қапты (*Шәкен бұрылып қараганды*), көзін карашы өзінің мені жүтүп қоятындей.

Шәкен. Не болғанын өзіннен сұра!

Бөлтірік. Сен бе? Сен маған көрсетерсің, бірдемені.

Шәкен. Ендеше, садағам, жоламай-ақ қой.

Қамбар (*екеуіне кезек қарап*). Немене, араз болып қалғансындар ма?

Бөлтірік. Бұл ма, бұл! Құтты бағы нағашы шешесі Текті марқұм! (*Шығуга ыңғайланады*.)

Шәкен. Эй! (*Жұдырығын түйіп, көрсетін.*) Бәлем, тұра тұр.

Бөлтірік. Төбенді ояды тек. Бұл ма, бұл (*кетеді, Бөлтірік қорқып шыққан кісі сияқтанып кетеді.* Шәкен, Алатай, Алтын тегіс күледі).

Шәкен. Өзі айтқандай, аруақ атқыр! Онысы несі екен?

Алтын. Ал, Шәкентай! Бұл оқу болса бітті, енді қайтеміз, не ойлайсың?

Алатау. Ие, Шәкен, бір маслихат берсеңші, айтшы! Өзің қайтесің осы?

Шәкен. Қызмет ше? Енді іске бармайсындар ма?

Алатау. Ойбай, мынау киындықта ма? Ис торықтырады ғой.

Алтын. Елдің мынау жадаулығын көргенде, кісі арасында отырып ас ішіп, киім кие алар ма, жанынды жейді ғой.

А л а т а й. Әлі де оқып-оқып, ширай түссең деймін.

Ш ә к е н. Рас қын-ақ, мен өзім Мәскеуге баарармын.

А л а т а й. Шын ба? (*Алтынға.*) Олай болса, Алтынжан... Енді неде болса бұдан былай екеуіміз бірге болайықшы. Екеуіміз бірге кетейікші енді осы.

Ш ә к е н (*күліп*). Сен не айттың? Оныңды қалай деп ұғалық, қайта айтшы? (*Алатай ұялады.*)

А л а т а й. Оку оқуды айтам (*Аналар күле береді. Бұл жаси береді.*)

А л т ы н. Өзің тіпті ұялшақ бала едің! Тілің шығайын депті ғой.

Ш ә к е н. Бері қарашы, кәніки (*Алатай қарамайды, екі қызы күледі.*)

А л т ы н (*телефонды алып, отырып*). Город, 3-57, ие, ағай, мен ғой, (*Тыңдаң, күліп.*) Оралғысы болды ғой, ендеше, (*Күледі.*) Жоқ, сізден бе? Қашқан жоқпын.

Алатай қызғана бастайды, киналады. Шәкен күледі.

А л а т а й. Кемесар ғой тағы (*Қиналып.*) Бізді не ғылсын!

Бір отырып, бір тұрып, газетті қарап, Алтынның сөзін тыңдаң қойып, газетті бүктеп, алағызып әуре болып жүреді.

А л т ы н. Шын ба? Солай етейін бе? Ал, жарайды, бекінермін... (*Күліп.*) Мейлініз, өзіңізге сенем... жүрермін. Бірге аласыз ғой?

А л а т а й (*тоқтай қап*). Кеттің бе енді тастап?

Ш ә к е н. Θ кім?

А л т ы н. Жәй бір үлкен кісі. Мәскеуде үлкен үністеттің біріне орналастырам дейді, жүр дейді.

А л а т а й (*кекеміп*). Жай кісі екен, жай ғана алып кетем дейді!

Ш ә к е н. Қайтесің, кетесің бе?

А л т ы н. Біраз ойланып алайын деп отырмын (*Қағазға қарайды.*)

Е с б и к е (*Шәкеннің қасына кеп баптанып отырып.*). Қалқам-ау, оқуың бітті ғой осы сенің, осы, ә?

Ш ә к е н (*жынысып күліп*). Иә, оны неге айттың?

Е с б и к е. Қамбардың да оқуы бітті.

Ш ә к е н. Ие, бітті... ал?.. (*Кемпір ұялғандай бөгеледі.*)

Е с б и к е. Енді не болады? (*Шәкенге үңіліп қарайды.*) Не ойлаған ойың бар дейім-ау, қалқам!

Ш ә к е н (*Есбикені құшақтай алып, аузын басып, қуліп*). Не ойлап жағалатып отырғаныңды біліп отырмын-ау. Өтірік деші кәне. Айтпа!..

А р п а б а й (*Есбикені жақтырмай*). Несі бар екен, бірін-біріне теліп осы балаларды. Өз білгендері болар нең бар деймін осы сенін?

Е с б и к е. Жарайды. Ол ақылың өзіңе, қуанышымды көп көремісің. Өзім ойымды айтам балаларыма.<sup>28</sup>

Ш ә к е н. Ал енді қашан айтасың?..

Е с б и к е. Қалқау, енді ұғып отырсың ғой. Не сырларың бар дейім? Мені не қып, қашан қуантасындар дейім да...

Ш ә к е н (*өтірік қылымсыған бол*). Япрай, тағы анауым де... Үлкен кісісің ұялам...

Е с б и к е. Ойбай, ойбай-ай. Жаман немелер-ай! Күндерің сонымен өтті-ау.

Ш ә к е н. Қайдагыны айтып ұялтасың өзің...

Е с б и к е. Қарағым-ау, Қамбарға да өзім айтамын... Не қып жүрсің өзің түге дейін оған.

Ш ә к е н (*ұялған бол теріс қарап құліп*). Қамбардың өзі ғой (*Бетін баса қап*.) Қойшы, тәйірі. Ұят... Жай айтам... Үнде...

Е с б и к е (*жылап жіберін*). Е, қалқам, жарығым! Сөйтіп қуантсаңшы мені айналайын.

А р п а б а й (*қоса дәмеленін*). Жаным-ау. Кемпір-ау! Бір тың жырды қозғап отыр ма десем, жаны бар сөз бе еді. Өзи, қалай?..

Ш ә к е н (*Жаны шоши*). Жоға дейім! Қойшы дейім! Болмайды екесіндер өзің...

Е с б и к е. Е, жарайды. Сөйдеп әбден тауымды шағып, болғансың екеуін де.. Керегі жоқ. Ендігілерінді тындаамаймын. О несі екен!?

Шәкен күле береді. Қамбар, Бөлтірік кіреді.

А л а т а й. Иә, немене екен?

Қ а м б а р. Болыпты. Міндет әзір Алматы облысындағы совхоздарды зерттеуге шығамыз.

Бөлтірік (*Шәкенге қарап тұрып*). Шығамыз сол, ал бәлем!  
Екі күнде жүреміз.

Шәкен. Е, жүрсөң бара бер... Етегіңе оралар деймісің?

Бөлтірік. Ие, сенгенім-ак, ішін ауырмай отырған шығар!

Шәкен (*шындал*). Жолдарың болсын, жолдастар, ал енді, міне, істе көрсетіндер өздерінді.

Алтын (*тұрып, қамданып, мыналармен амандаса бастайды*). Жарайды енді, Бөлтірік, Қамбар, сендер шын пісіп толдындар! Енді екеуің де ірі кісі болып өсіп, үлкен еңбек етулерінді дәме етеміз.

Камбар. Е, сен немене қоштасқандай...

Алтын. Мен де жүрем (*Жүргіт аңырганда*.) Е, немене аңыргандарың. Мәскеуге кетем. Жүрерде тағы келермін... Әзірше! (*Сытайы үйліт кете береді. Алатай артынан қозгала береді, Алтын бұрылып*.) Иә, сен не істейсің?

Алатай (*тоқтап аңырып*). Білмеймін... Білмеймін... Қайда барам? (*мұңлы*)

Алтын шығып кетеді.

Камбар (*Алатайға*). Әлі күнге не қылатыныңды білмесең енді, бала, өзің біл! Бетіңнен жарылқасын.

Алатай. Қайтемін, білмейім... Қиналамын (*Басын ұстайды*.)

Шәкен (*қызығып, қарап тұрып*). Балалық тазалығының әлі қаймағы бұзылған жоқ... Неткен жақсы өзі (*Жүгіріп келіп сүйіп алады, маңдайын сипайды*). Оқы, тағы да оқи түс.

Бөлтірік. Иә, шалалығының қаймағын бұз.

Шәкен (*айналып қарап*). Шалалығы несі?

Бөлтірік. Сол. Балалық емес, ендігісі шалалық (*Алатайға*). Бірақ, бұдан былай да піспесең онда қыын екен...

Арпабай. Ой, жаман бос неме, қызарып ұялып, біреудің қорасына түскендей! Не адам болады дейсің осы?

Алатай (*егескендей*). Иә, ұқпайсындар, бәрібір айтпайым.

Жөнеледі.

Е с б и к е. Қамбар, бері келші, бері мұнда!

Қ а м б а р. Ие, не болды? Ойбай түрін кара. Бірдемені бұ да  
әзірлеп отыр (*Бөлтірікке*). Бір керге мініп алғанын көремісің?

Б ө л т і р і к. Е, айтқыз, тіпті өзің аттатпайын деп пе ең осы  
жүртты?

Қ а м б а р. Окуды оқығанда бір сын, бітіргенде бір сын, ә!  
Бүгін біздін базарымыз ашылды ма деймін осы.

Е с б и к е. Е, базары ашылса ашылды, оқыдың, мұратыңа  
жеттің. Шаужайға қаға-қаға болғансың. Енді тұра айтам: мына  
бізді де мұратымызға жеткіз... Қалқам, мен өзім сөйлестім.

Қ а м б а р. Пәле, өзіңе болайын!

Ш ә к е н. Қойынышы, Есеке (*Ұялған болады*.)

Е с б и к е (*куліп*). Болды, қоятын жерім жоқ енді (*Қамбарға*).  
Тағы міне жол журем деп отырыңың. Тағы созылып кетеді. Өлім  
бар да қаза бар.

Ш ә к е н. Ұялгады енді үстіп.

Қ а м б а р (*шешесіне*). Жарықтығым, осы саған мен қатын  
әпер дедім бе? Әлде Шәкен қүйеу тауып бер деді ме?

Шәкен Бөлтірікке ымдап ертіп шығып кетеді. Қамбар газет алып отырады.

Е с б и к е. Қалқам-ау, енді қашанғы соза бересіндер?

А р п а б а й. Піскен сөз болса енді не қылсаңшы, балам-ау,  
тындасаншы мынау жаман шешендей.

Қ а м б а р. Қаталасасындар. Дәнене сөз жоқ. Біздің арамызда  
ешбір сөз болған емес (*Газетіне үңіліп, оқи алмайды, күрсінеді*.)

Е с б и к е. Иә, айта бер. Бай қызы дейтіннен кетті. Сен де  
болсаң да сол. Алғашқы келгеннен балам бол деп неге жабыстым,  
жақсы екенін баяғыдан білетінмін, өзі де ойысыпты. Ендігінің  
бәрі өзіңнен, көнші! Куантшы бізді де, қалқам (*Anau үндеңеген  
соң дәмеленіп қарап*.) Е, бәсе, айналайын, өмір-жастарың ұзак  
болсын.

А р п а б а й. Е, олай болса қайырлы болсын.

Қ а м б а р (*газетін бетінен алады, күрсінеді, маңдаіын қос  
қолымен сүйеген*). Олай емес, бәрі де олай емес қой, апа! Неге  
көймайсың білтелеп?

Сол кезде патефон ойналады, екінші бөлменің есігі ашылады, киінген Шәкен мен Бөлтірік құшақтасып фокстрот билеп шығады.

Қамбар (басын көтеріп, жөнделеп). Е, ие! Келдіңдер ме! Болды ғой, қәне қайырлы болсын айтамыз да, апа, әке! (Анау екеуді билей береді, кемтір-шал аң-таң.)

Бөлтірік (тоқтап, Шәкенді құшақтап тұрып). Е, еркіне қоям ба? Қолыма қайта қондырып алдым ғой, міне.

Шәкен (ашуланып, қолын жұлдып ап қойып қалып). Өй, сөзін құрсын! Мені де Топайшылатайын деп пе ең? Ал ендеше... Тіліне ие болғанша жоқпын саған, жоқпын, ешбір сөзім де жоқ, қайтып алдым... Окуға кетем!.. (Жөнеле беріп.) Қайда әлгі Алтын?!..

Жөнеледі, барлығы анырып қалған.

Қамбар (Бөлтірікке). Ой, бұл қалай, неғып кетті тағы?

Бөлтірік. Қап, закске бара жатқан бетіміз еді. Мына кіслерге білдірейік, рұқсат алайық деп ек! (Есбекеге.) Сендердің де тіпті салуың жоқ-ақ екен. Қойши, тіпті!

Қамбар. Ай, қос тентек, сендер ерлі-қатынды боп жарытса игедің!

Бөлтірік. Бұл ма, бұл, төбендей ояды. Енді кетті міне. Зымзия шын кетті (Жүріп-жүріп ойланып, байлап.) Ойбай-ау, қашан қатын алам енді, ойбай?

Қамбар. Е, жаңың шығып бара ма? Зар қаққаны несі?

Бөлтірік (Есін жиснап). Әй, осы сен үндемеші осы. Қатын қадірін білуші ме ең, сен сүр бойдақ!?

Есбеке. Е, бәсе, соны-соны ғана бір айтшы, қалқам, өзіне.

Бөлтірік. Уа, ку тіземді құшақтап қалдым-ау, енді тағы. Ә, аруақ атқыр, Топай! Бәрі сенен! (Тұрып тоқтап, аңырып қарап тұрган Қамбарга) Қой, жә, жетті енді, қырылуышы ма ек? Бас мәселесі сонымен тамам болсын. Әйде, жолға қамданайық, әй, енді іске бір салайықшы бар шыбынымызды! Әйде, жүр Наркомземге.

Қамбар. Е, бәсе есің жаңа кірді ғой байғұс (Жөнеледі.).

Е с б и к е (*Ернін сылт еткізін*). Ойныны қайсы, шыны қайсы?  
А р п а ба й. Қой жүр, театрға барам деп ен ғой.

## ҮШІНШІ АКТ

### БЕСІНШІ СУРЕТ

Сахна, тәуір жиналған кабинет, “Шакпақ” совхозының Политотдел бастығының бөлмесі. Устел басында Бөлтірік, жанында Қамбар.

#### Көрініс

Б ө л т і р і к (*қазақ цифрларын қарап*). Ойпыр-ау, дұшпан жайлаған совхоз ба өзі, не мынау? Не деген шығын? Күн сайын отар басы 20-30 қой өлген. Өзі 60 отар. Айна 1200-1500-ден. Жұт жоқ. Орасан індеп жоқ. Неден, неден болған осынша көп шығын?

Қ а м б а р. Індеп дейді ғой. Не індеп екен? Сонысын ғана көрсем екен. Әлгі бір зоотехник пен врачи да жете алмай қойды.

Б ө л т і р і к (*қиналыш*). Әттең, соны айтсаншы? (*Телеграмманы алып*) Міне, Алматыдан шықты деп телеграм бергеніне 15 күн болды. Қайда жүр содан бері?

Қ а м б а р (*шабандар есік ашады. Қамбар көріп, шақырып алып*). Бері келіндер, жолдастар! Жә, мына шабандарды таратамыз, қайтарамыз ғой енді фермаларына (*Бөлтірікке*.) Енді не мәселе бар?

Б ө л т і р і к (*Шабандарга*). Жә, жолдастар, біз көп сөйлестік, көп жайды ұғыстық, айттыстық. Ендігі мақсат қойдың өлімін тоқтату. Шығынын жою. Бұған жетпей қоймаймыз, уәдеміз осы емес пе? Не дейсіндер, Нұрбай, Жұматай, басқаларың?

Нұрбай. Е, Бөлтірік жолдас, бүгінге шейін бізben бүйтіп сөйлескен сөз болды ма? Бар жайды мына Қамбар екеуін әбден біліп отырыңың. Енді тәуекел деп сертке серт берісіп, совхоздың амандағы үшін алысамыз деп тұрмызы. Шабандардың сөзі сол.

Б ө л т і р і к (*Қамбарга*). Енді дирекциямыз болсын, басқамыз болсын мына шабандар арасының социалдық жарысына орай, барлық жаңа екпінділеріне орай, біз нені уәде қыламыз?

Қамбап. Дирекция ең алдымен астықты үздіксіз бергізетін болады! Азық және киім-кешек жағын қолға алады. Оナン соң совхоз өліп қалса да ең әуелі жалақысын төлете мін. Ақы ала алмағандарына 6 ай болыпты, не деген сұмдық?

Жұматай. Бәрекелде, әсіресе аяқ киім жағынан тым нашармыз.<sup>29</sup>

Бөлтірік. Азық, астық жағын сен міндептіңе алсаң, мына жаздай ақысыз отыра ма? Үй-іштері, бала-шағасы бар. Шабан күйі түзелгенше, әрбір шабан 20-30-дан сауын саусын. Ол бір, екіншіден, аяқ киім, үстіге киімді ескеру қажет. Үй түрмистарын, басындағы баспанасын түзейік.

Бейсембай. Қарақтарым, рас. Ол жағы біржолата ескерусіз кеткен ғой мұнда. Баста да тегіс лыпа жок. Тіккендері күрке. Оның да жарымы саламмен жабылған.

Қамбап. Өте бір қыын жері сол. Бірақ бұл күйлерінде калдыруға болмайды. Бір шығыс табамыз.

Жұматай  
Нұрбай  
Бейсембай } Е, бәсе, иә, кенес кедей бейнетқордың  
қамын неге жемесін? Бәсе, бізді де  
ескеретін ие болсын да. Е, күр күрғак  
міндеп арта бергенше, осындаі адамша  
сөйлессінші бізбен.

Қамбап. Адамша сөйлесуі ғана емес, енді міне істің бәріне ие де, жауапкер де өздеріңсін.

Бөлтірік. Ең ақырғы сөз, жолдастар, кеше айтылған Крайком сөзі, Қазақстанның жаңа басшылығының сөзі 100 қойға күзге 105 қозы аман алып шықсак, одан арғы өсім осы шабандар өздерінде бәйгіге беріледі. Өз малдарың болады. Тоқ тұру, киімді, үйлі-жәйлі боп, мал малданып, көркейіп тұруды талап етіндер. Совхозыңа саналы еңбекшінің ойдағыдан енбегін етсендер сендерді солай ғып тұрғызу біздің міндеп. Міне, партияның, үкіметтің, Қазақстан басшысы Мирзоян жолдастың бізге тапсырған тапсырмасы осы.

Бөлтірік. Ең ақырғы сөз тапсырмасы осы.<sup>30</sup>

Нұрбай. Жолдастар, бұрын... (бір сөз оқылмады) қара жұмысшы көрген қыындықты көздерің көріп отыр. Тек бұдан

кетіп, көгеретін құніміз енді басталар.. Бізге енді сене бер. Оң көзіміз деп біл. Сөз сол. Біздің айтқан барымыз сол.

Жұматай. Жалғыз-ақ енді әйтеүір бұрын болдырып қалған болса, соған... болындар.

Бейсембай. Бәсе, балық басынан шіриді деп, кейде жаман басшы боп, сондайдың не шалалық білмestігінен, не бұзакы қастығынан да шығасыға көп ұшыраған кез бар.

Болтірік. Енді ондайдың бәрін де түзер өздеріңсін. Иеліктеріндегі көрсетіндер. Бұзықтық болсын, білмestік болсын, білетіннің бәрін ашып, жарыққа салындар. Бірігіп отырып емдейміз.

Нұрбай. Бәрекелді, қарағым.

Камбар. Жә, жолдастар, болды осымен.

Нұрбай. Бәрекелде, қарағым, енді сөз осы да!

Жұматай. Тұсіндік. Рас, не, макұл.

Шығыса береді.

Камбар. Жалғыз-ақ, осы жақсы шабан күшінің бәрін енді анау төртінші фермаға салу керек. Осы қысы-жазы шығысының толасы болатын сол ферма сиякты.<sup>31</sup>

Болтірік. Өздері де мойынды қашыққа салып, совхоз кіндігінен тақ 50 шақырым жерге, калың тау ішіне кіріп алғанын көрмеймісің? Бастығы қайда? Қайда әлгі Жоламанов? Біз келгелі талай болды. Неге көрінбейді көзімізге?

Хатшы кіреді. Қамбарға қағаз береді.

Камбар. Бәрекелде. Міне 4-ші ферманың хабары. Рапорт (Қарайды, Бөлтірік бірге оқиды.) Ойпыр-ай! Мыналар не дейді? Тағы өлген.

Болтірік (*айғайлан*). 150 қой. Масқара ғой мынау. 32-жыл ғой мынасы. Әлі не жоқ, көз жоқ деп, түйені түгімен асай ғой мынау.

Камбар. Індеп депті. Мына біреусі – акті. Топалаң дейді.

Болтірік. Кім актіге қол қойып отырған?

Камбар. Ферма басы Жоламанов және көршілес ауыл советі. Ойпырау, мынаған тез ветврач, зоотехник керек. Кідірмей тұрып тез зерттеу керек еді. Врач жоқ. Қайтпек керек енді?

Бөлтірік. Әй, кеселді кәрі ит-ай, қылды-ау мынау!

Қамбар. Не дейсің, кәрі итің кім?

Бөлтірік. Ветврачты айтам.

Қамбар. Ол кім еді, білуші ме ең?

Бөлтірік. Білмейім, қайдан білейін?

Қамбар. Ендеше нен?.. Кәрі...

Бөлтірік. Ие, кәрі және жарығы да бар (*Anau таңыр-қаганда*.) Ойбай-ау, енді әрі кәрі, әрі жарық болмаса, Алматы мен осы екі араға 15 күн итім жүре ме? Қылды-ау кесел. Шабу керек, енді ең болмаса өзіміз жету керек сол 4-ші фермаға.

Қамбар. Бәсе, өзіміз бармай бар басшысын, бар шабанын, бар мал-жайын енді тез жетіп өзіміз көрмей болмайды. Болды. Танысуым жетті. Ойпырай, кісі, кісінің аздығы-ай!.. Бір мүйнет кідірмей онда жету керек. Бір мүйнет кідірмей басқа он түрлі ірі іс бар. Оны да қазір қолға алу керек. Қайсысына жеттік.<sup>32</sup>

Хатшы (*кіреді, Қамбарға*). Жолдас директор, екі маман келді. Түсетін орын, пәтер сұрап жатыр.

Қамбар }  
Бөлтірік } Кім-кім? Қандай маман?

Хатшы. Бірі зоотехник, бірі ветврач!

Бөлтірік. Шақыр мұнда.

Хатшы кетеді.

Алдымен пәтер керек, қарашы. Қылғаным аз болды дей ме екен? (*Қазаздарына үңіліп, жиын жастып*.) Қазір соларды алып 4-фермаға жөнелейік.

Қамбар. Ие, мынау 150 тегін өлім емес. Басшылықтың бір кетіп, бір келіп жатқандығы әредік қой, сезікті екен.

Бөлтірік (*Қазазына үңіліп*). Бәлем, құлметінді ашармыз, Бөлтірік Қамбардың бұрын малшы болғаны рас болса, індеріңе су құярмызы.

Есік ашылады. Сөлкебай, Топай келіп кіреді, киімдері жақсы, колдарында шамадан, Сөлкебайдың көзінде көзілдірік, Қамбар аңырып үндемей калады. Бөлтірік қағазына қараған бетінде.

Қайда әлгі кеселді врачи мен зоотехнигі?

Қамбар (*аналарға қарай құшағын созып бара жастып*). Келген болар!

**Сөлкебай** (*Бөлтірікке*.) Уай, 50 жылда ел жаңа деп, көріспегені 5 жыл болған екен, содан бері бізге сақтағаның осы болғаны ма? Кеселің не?

**Бөлтірік** (*аңырап, аналарға құшағын жайып*). Жаным-ау, сендермің! Ойпыр-ау, енді не дейін?

**Топай** (*куліп*). Е, сасқандағы тапқан сыпайы сөзі сол екен фой.

**Бөлтірік**. Жоқ, олай емес, отырындар. Келіндер! Сендер деген ойда жоқ.

**Қамбар** (*екеүін құшақтап отырғызып*). Оқу бітті ме? Дендерін әбден сау ма?

**Сөлкебай**. Оқу бітті. Енді міне уәдеден шығамыз деп, әдейі сендер кетті деген совхозды іздеп келдік.

**Қамбар**. Пәлі, жігіт, жарайды.

**Бөлтірік**. Жақсы! Бірақ енді осынша кешігулерің не? 15 күн болды Алматыдан шыққалы, содан бері қайда жүрдіңдер?

**Топай**. Ой, біз емес болармыз. Біз шыққалы үш-ақ күн болды.

**Сөлкебай**. 15 күн бұрын бір мамандардың шыққаны рас, бірақ орта жолдан қайтып барды.

**Бөлтірік**. Бәсе, ендеше, жаңағы менің ұрысуым соларға арналған болатын.

**Қамбар**. Ал, бұларға арнайтынымыз немене?

**Бөлтірік**. Бұларға ма? (*ана екеүіне*.) Ал жолдастар, келген совхозың үлкен прорывтағы совхоз. Бұнда елім, шығын бастан асып жатыр. Біз келгенге 10-ақ күн болды. Енді бас алмай, тыным таптай істемесек, өлімді әлі біз де тыя алғанымыз жоқ.

**Сөлкебай**. Иә, ененді ұрайын дегенінді емеурініңнен танимын – деп енді, сонымен іске кірісу фой. Неменесі бар, біз әзірміз, солай емес пе, Топай?

**Топай**. Маған салсандар қазір кірісейік.

**Бөлтірік**. Бәрекелді, жақсылап қарсы алу, жақсылап жайласу барлығы да кейін болсын.

**Топай**. Болсын.

**Бөлтірік**. Ол бір. Екінші, бәрібір баптап қарсы аларлық жайдың өзі де жоқ Қамбар екеумізде. Мен әлі қатынсызбын. Қамбар болса, тұмыстан сүр бойдақ. Иә, жәй солай, Топеке!

То п а й. Обал екен. Бірақ ол қайғыларыңызға жәрдем етер шамамыз жок (*Күліп*) Одан да іске кірісептік.

К а м б а р. Ал, ендеше, журіндер, қазір қамданыңдар, 4-фермаға қарай жүресіндер.

Б ө л т і р і к. Ие, бастайық. Сендер жүре беріндер. Арттарыңнан біз де жетеміз.

С ө л к е б а й. О, немене, бір шығыны көп жер ме?

К а м б а р. 150 қой бір-ақ өлді деп хабар етіп отыр. Шығынында шек жок.

То п а й. Болды, олай болса тартға берейік солай.

Қамбар, Сөлкебай, Топай шығады. Бөлтірік есікке барып хатшыны шақырып алып.

Б ө л т і р і к. Сіз бізге қазір 4-ші ферманың барлық жыл басынан бергі және әсіресе осы соңғы квартал бойындағы мағлұматтарын түгел әзірлеп беріңіз.

Х а т ш ы. 4-ші фермаға жүрмексіз бе?

Б ө л т і р і к. Иә.

Х а т ш ы. Тау іші қын, барса онда қону керек.

Б ө л т і р і к. Иә, конса қайтеді?

Х а т ш ы. Бұрынғы басшылар сонысынан қашып бармаушы еді. Ауру бар, паразиттер бар десетін.

Шығады, аздан соң Құсбек, Қемәш кіреді, қастарында арсаландап куанган Есбеке, Арпабай. Құсбек жүнттей семіз.

Е с б и к е. Қарақтарым, хабар қылмай, із-тоз жок, осынша жыл жоғалып не болды бұл сендерге? Міне көріндер, мынау Бөлтірік туысқандарың (*Бөлтірікке*) Қарағым Бөлтірік-ау, көрдің бе? Балаларымды тапқанымды?

Барлығы амандасады.

Құсбек (*Бөлтірікке қол беріп*). Жаным-ау, бұл бастық сендер деген үш ұйықтасам ойымда бар ма? Қайырлы болсын.

Б ө л т і р і к. Е, сен қайда едің? Қемәш, қалай, саумысың? Аманбысындар?

Қамбар кіреді, анырып тұрып артынан ұмтыла амандасады.

Б ө л т і р і к. Қамбар-ау, жок боп кеткен туысқан табылды ғой.

Қамбар (амандасып, Қемәштың бетінен сүйіп болып, Құсбекке). Өй, сендер қайда едіндер?

Құсбек. Біз осындағой.

Бөлтірік. Қайда, қай қызметте?

Құсбек. 4-ші фермада.

Бөлтірік  
Қамбар } Өй, не дейсің, онда кімсің?

Құсбек. Завферме! (Аналар таң болысады.) Сендер де білмейді екенсіндер-ау. Мен әйтеуір жаңа бастық, жаңа басшылық дегені болмаса, фамилилерінді де есітпедім.

Қамбар. Ой, онда Жоламанов емес пе?

Құсбек (Қемәшқа қарап қуліп). Айтып ем ғой саған, талай жүртпен енді мен тыңнан танысам деп! Жоламанов мен емес пе?

Бөлтірік  
Қамбар } Неге олай? Фамилияның неге өзгертуің?

Құсбек. Е, Қондыбай баймен бір фамилияда жүрейін бе? Содан өз әкем атын алдым.

Қамбар. Себебі сол-ақ па?

Бөлтірік. Қызық екен (Пауза.)

Кәмәш (Әке-шешесінен бөлініп). Е, немене сендер кездеспей-ақ бір-бірінді тергеуге алып жатырмысың түге.

Арпабай. Жұмыстарының жайы ғой. Осы келгелі, тынымтыныштық жоқ. Ұйқыдан, күлкіден де арылды әбден.

Есбике. Қарақтарым, міне, жыл жарым болды, екеуден-екеу-ақ қап еді. Енді бастарың қайта құрала бастады ғой ақыры... Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді деп, бүтін Сөлкебай мен Топайды көріп қандай куандым.

Кәмәшқа еріп Арпабай, Есбике оңашалау барып өзара сойлесіп отырады.

Қамбар. Апа, балаңды ертіп, енді үйге бар.

Құсбек. Е, олар қайда? Осында ма, олар кім бол істейді?

Бөлтірік. Олардың бірі ветврач. Бірі зоотехник. Сенің фермана кетті.

Қамбар. Жә, сенің мына бір күнде 150 кой өлімін не? Үнемі осылай ма? Бұ неткен шығын?

Құсбек. Тұра тұр, өздерің жаңа келген екенсің. Өзім де жаңа басшылыққа баяндамамен келіп ем, есті жияйық, бар хал-жайды, бар осы совхоз күйін түп-түгел мәлімдеймін.

Бөлтірік. Немене өзі, індет пе, топалаң бар ма?

Құсбек. Індет те бар, ұры да. Кешеге шейін бандадан да көз ашпадық. Шекара емес пе? Ал одан бері аш-арық айналадағы ел босын, совхоздың өз қызметкері болсын, бәрі де сұық қолды салмады ма?

Қамбар. Соның аяғы енді бүтінге шейін жоғалмады ма? Бұл айтып отырғаның былтырғы жылдың күйі емес пе?

Құсбек. Алыс шет, артта қалған аудан емес пе? Былықтың бәрі тегіс арылып болмай жатқан жоқ па әлі. Эйтесін көрмеген қынышылығымыз жоқ, не керек! Енді, міне, келіпсіндер, жақсы болды. Өткеннің бәрі ұмыт. Бұйырса, бәріміз біргіп тузерміз ендігісін.

Хатшы (*kіріп*). Бір практикант студенттер келіпті. Орынжай керек деп жанжал салып жатыр.

Қамбар. Қайдан келген студенттер екен? Неше кісі?

Хатшы. Мәскеуден, агрономдар көрінеді. Үшеу.

Қамбар. Е. Түссін барып әзірше анау жатақханаға. Барып бір бөлме бергізіңіз.

Хатшы (*шыға береді, алдынан студенттер қарсы келеді*). Жолдастар, орналасасыздар. Шешілді жайларың. Жүріндер менімен.

Есіктен Алатай, Алтын, Шәкен көрініп қалған, үйдегілер антан. Аналар кимелейді, хатшы жібермейді<sup>33</sup>.

Шәкен (*артымен үйге қарап, хатшыға*). Жолдас, сіздің орналастыруыңыз бізге жетпейді. Біз қозы емес “өрістен келді, үйшікке қамалды” дейтін. Біз алдымен политотдел, директор, екісін де көрмекшіміз. Кімдер өзі.

Хатшы. Сәбещанияда. Қазір олардың тығызы ісі бар.

Шәкен. Ә, сәбещания болса, тіпті жақсы, біз совхозда не бол жатқаныңың бәрін білуге міндеттіміз.

Қамбар (*есікке кеп, Шәкенді артынан құшақтап үйге сүйреп кіргізеді, ана екеуі күле кіреді, олар көріп тұрған*<sup>34</sup>). Ой, мынау неткен скандалие студент. Мәскеуіне қайта жіберу керек екен өзін.

Көріспін, тегіс күлісіп, құшақтап сүйіседі, екінші есіктен Арпабай, Есбикелер де шығып, тегіс құшақтасып жыласып, сүйіседі.

Бөлтірік. Ал, ісі қын совхозда жаңа екпінмен өндіріп іс істейміз деп келдіңдер фой, ә, солай ма?

Шәкен. Солай. Және уәде де бар. Сендермен тізе қосқалы келдік.

Қамбап. Жарайды, ендеши, жігіт болдыңдар.

Бөлтірік. Бірақ, рас, жігіт болғанда екінші сортсыңдар.

Алтын. О неси, оны қалай деп ұғайық?

Бөлтірік. Алдымен келген Топай, Сөлкебай болды. Олар жұмыска кетті.

Алатай. Не дейді, уай, жігіт екен олар да.

Алтын. Топай хат жазып еді, дұрыс-ақ.

Шәкен. Біз мына Алатайдың шабандығынан кешіктік.

Қамбап. Ал, қай жөнде істейсіндер, мамандықтарың не?

Шәкен. Менікі тұқым асылдандыру – селекцияе.

Алатай. Менікі жайылыс мәселесі – нагул.

Алтын. Менікі асырау мәселесі – кормление.

Қамбап. Олай болса, істің бәрі фермаде фой. Осы екпіндеріңмен ең әуелі зор прорывта түрған ең алыс фермадан бастауға қалайсыңдар? Бүгінгі бар күш, бар еңбек сол қын фермаға салыну қажет боп түр.

Алатай. Ол құнді енді ұмыт. Мен лақтырғам ондағы настроениені.

Шәкен. Қазір Алатай, Алтын қолды-аяққа тұрмай іске кіріссек деп асырып келеді осы.

Қамбап. Ендеши, қазірден-ақ төртінші фермаға беттендер.

Ебике. Қарағым-ау! Есімізді жиғызысанышы...

Құбек. Уай, көріскеніміз жана. Жылдар бойы тырымтырақай боп кетіп ек, кішкене өзді-өзіміз боп отырайық та. Бұларың не? Қорқыт дегенде осылай қорқыт деп пе едім деп, қалайсыңдар?

Шәкен. Жок, совхоз күйінің қын екенін біз біліп келеміз. Оның үстіне мыналар тым сасып түрған кісі фой. Бөлтірік күлкіден де айрылып түр фой өзі бүгін.

Алатай. Және Сөлкебайлар да іске кіріспейтін.

Алтын. Кейін кең уақытқа да жетерміз, әзірше бөгелмейік.

**Бөлтірік.** Бәрекелде, келсең бәсе, осылай келсөнші, жас кадр! Ендеше, арттарынан біз де жетеміз, сол 4-ші фермаға бір-ак тартындар.

Есбике жаңа келген үшеуін ертіп шығып кетеді.

**Хатшы** (*kіріп, Бөлтірікке*). Сіздің кеңсөнізге прокурор келді. Сөйлесуге шақырады.

**Қамбар** (*Бөлтірікке*). Ә, бұрынғы басшылықтың ісі әзір осы аудан прокурорында деген, сол ғой.

Бөлтірік. Мұнда шақырсаңшы. Осында сөйлесеміз.

**Қамбар** (*хатшыға*). Шақырыңыз, мұнда келсін. Осында сөйлесеміз.

Хатшы кетеді.

**Бөлтірік.** Өзі үсті-үстіне шақыртып мына жұмыстың тығызында ауданға кел, ауданға кел деп қайта-қайта тыным бермейді.

**Қамбар.** Иә, тіпті тегі совхоз ісіне тығыз кіріскең болу керек. Ол да жаңа адам болса керек.

Бөлтірік. Кім еken?

**Қамбар.** Білмедім.

Сол кезде есік ашылып Сапар кіреді, жұрт жабырлай амандасады.

**Құсбек.** Ойбай, мынау қызықты қара. Өзі тіпті шынымен уәденің бәрін бір күнге түйгендей боппыш-ау. Мынау тақ баяғы Қондыбай байды конфискелеген күнгі жиынның болды ғой. Тақ соның қайталауы.

**Сапар.** Жоқ, жолдас, тарихты, біздің ұғынуымызша, дәл қалпында қайталамайды. Қайталу диалектика занымен “повторение высшем моменте” деген болмаққа керек. Қазіргі халіқ өзі де солай. Солай емес пе, Қамбар? Директор ондағы Қондыбайдың жаңа конфискеленген киіз үйінде отырған жоқ. Үлкен кеңес шаруасының үлкенірек проблемаларының алдында тұр.

**Бөлтірік.** Бәсе, мен де солай проблемаға тірелген кісімін де!

**Сапар.** Рас, әр кімнің де ісі тығыз. Сендердікі әсіресе солай екенін білемін. Сол сияқты мениң де уақыттым өте аз.

**Қамбар.** Ал, ендеше, сөз сенікі.

С а п а р. Олай болса сендердің алдындағы басшылық тегіс сотта екені мәлім. Бірақ барлық керекті адам алынып болмаған. Мен ескі басшылықтан тағы біраз адамды тексермекпін. Қалғандары бар.

Қ а м б а р. Ол кім?

С а п а р. Сендердің төртінші ферма дегенің мына басшылық ауысып жатқан кезде прорывты әлі де терендетіп, зорайтып жатқанын байқадындар ма?

К ә м ә ш. Бәрі бірдей тіпті төртіншіге қадалған екен!

С а п а р. Менің сөйлесетін кісім сондағы Жоламанов, соны алдырып беріңдер!

Қ а м б а р. Жоламанов қасында отыр!

С а п а р. Не дейді, қайда? (Айнала қарайды.)

Қ а м б а р. Міне.

С а п а р (Құсбекке). Не дейді, шын сенбісің?

Құсбек. Ие, Менің Жоламан баласы екенімді ұмытып кеткенбісің өзің?

С а п а р. А, не дегенің?

К ә м ә ш. Ұрыны бізге бақтырып койып па едіндер?

С а п а р (Құсбекке). Оның фамилиясын білмеймісің? Осы малдарынды қырып, сойып, ат көпір қып қолға түспей жүрген нағыз қасқыр дейді той. Соның ең болмаса фамилиясын да білмейсіндер ме?

Құсбек. Ондай бір жауыз ұры бар дейді, иә, рас.

С а п а р. Ендеше, фамилиясы кім?

Құсбек. Е, ит біліп пе оны?

С а п а р. Болар. (Тоқтап қалады.)

Қ а м б а р. Жә, Құсбек, әке, Кәмәш, сіздер бара тұрындар. Біздің мұнда басқа сөзіміз бар.

Аналар тұрып кетеді.

С а п а р. 4-ші ферманың ісімен танысып болдындар ма?

Б ө л т і р і к. Жоқ, болғанымыз жоқ, енді кіріскелі отырмыз.

С а п а р. Ендеше, тез танысындар. Қанша күн керек?

Қ а м б а р. Ең болмаса үш күн бер.

С а п а р. Жарайды, үш күн берейік. Бірақ міндеттілік сендердің мойындарында!

Б ө л т і р і к. Өзің Жоламановты қараламақпышың, немене?

С а п а р. Жок. Әлі ерте. Зерттеу енді басталады.

Қ а м б а р. Ендеше, немене, бізді кепіл етіп.

С а п а р. Жок, жауапты басшылық қой. Әдейі ескеरту айтып отырмын. Ал, болды, ендеше, тездетіндер.

Шығып кетеді.

Б ө л т і р і к. Ал Қамбар. Енді сен шабанның азығы, күмкешек, жалақысы, бәйгесі – барлығына кешегі шабан кеңесінде уәде қылған күніңнен бір күн, бір сағат кешіктірмей мықтап ие бол. Адамымен мен айналысайын. Енді жатпай, тұрмай тез баурап алмасақ, өзі қылдың үстінде тұр осы.

Қ а м б а р. Сезіп отырмын. Жана басшылықты тез танытпасақ, бұрынғы таз кебіне қайта келуінде сөз жок. Ал енді 4-ші фермаға аттанайық.

Арпабай кіреді.

А р п а б а й. Қарақтарым, екеуің ғана екенсің. Енді менің де арызым бар.

Б ө л т і р і к. Ойбай-ая, оның не, әке-ая, айтсаңшы!

А р п а б а й. Мынау совхоз отырған жердің күзеуі, көктеуі, жайлauы – барлығын білсем мына мен білемін. Ол бір. Осындай мал құты болған ен дүниеде Кеңестің малы жатып неге өлеidі? Неге шығындаиды? Ол адамның, көздің жамандығынан. Жасым міне 62-де, көзім осы жерде, осы малмен шыққан. Қондыбайға мал бітірген мендейлердің еңбегі болатын. Саламын мына барымды кеңеске. Дүние көрдім, менің де көзім ашылды. Тапсырындар, мен де міндет алам.

Қ а м б а р. Пәлі, мына кәріні қара!

Б ө л т і р і к. Уа, жөн-ақ, оянған екен! Бәсе, ұлы бойға қан жүгірген екен кәрінің де.<sup>35</sup>

А р п а б а й. Е, тәйірі, кешеден бері бар шабанмен мен де сөйлесіп, әбден ызданан зығырданым қайнады. Кіргіз мені де есептеріңе.

Қ а м б а р. Қай есепке?

А р п а б а й. Баяғы бай үйінде сендер уәделескенде мен де ішімнен уәде еткем. Кеңестің бір тетігіне мен де жараймын деп! Міне, бәріңнің басың тоқайласқанда уәдемді орындауға мен де кеп тұрмын.

Бөлтірік. Уай, пәлі, ендеше, міне, жолың болсын, 4-ші ферманың шабаны! Жүр әйде бізбен.

Екі жағынан екі жігіт құшақтап жөнелді.

### Шымылдық

#### ЭПИЗОД

Кеш батып қалған, тасты тау арасы сияқты. Ала көленкеде бүкшенденеп екеу-үшеу жолдың екі жағына шығысады. Біреуі басында бүкшенденеп, кейде бойлап артына қарап, басшылық етіп жүрген біреуі бар. Қолдарында кесілген мылтық. Басшының беті-көзінен төмөнті жерінде қап-кара шүберекпен танылыш алынған.

### Көрініс

Беті таңулы ұры (*артындағы біреуіне*). Тұр, тұра қал, ана далдаға. Келеді (*Екінші біреуіне*.) Былай жалтарса мынадан... Сен тұр... (*Екіншінің орнын көрсетеді*.) Басып бүктеп алындар. Дыбысы шықпасын. Белгі менен... Менсіз қыбыр етпе, үқтың ба?

Екінші ұры. Алысып аламыз ба? Атпаймыз ба?

Беті таңулы ұры. Айтамын кезінде, ал жөнел!

Өздері бір тасада халыққа көрініп тұрады. Келе жатқан кісілердің дабыры естіледі. Тс-сс! Аздан соң Сөлкебай, Топай және бір шабан шығады.

Шабан. Міне, осы бір суды Қасқабұлақ дейді.

Сөлкебай. Ал десін. Бұның не жазығы бар! Топай, сен тындағы қал!

Шабан (*жсан-жасына жалтақтап сөйлейді*). Осы су өлі етті су екен. Баяғыда Қондыбай деген байдың конысы екен. Осы арада жылда қойын қырғызады екен сол бай. Өзіне кейін конудан да қашып жоламайтын болған екен. Міне 4-ші ферманың бір отар қойы, әлгі осы біздің 5-ші отар білместен кеп биыл осыған конып тақ бір күнде 150 қойын қырғызыды. Баяғы әлемет әлі бар екен. Топалаң шыға келді.

Сөлкебай. Бұдан кейін қай құдыққа қондындар?

Шабан. Қаша көштік. Содан ана “Суыктөрге”, биік шыңға шығып кетіп отырмыз, амалсыз.

Сөлкебай (Tопайға). Қондыбайдың бұл құдыққа қой өлтіргенін сен біліп пе едің?

Топай. Айта берсін. (Шабанға.) Сен өлген қойдың өлекесін көрсетудің орнына ертек айтып жүргенің не осы, жаным?

Шабан. Ойбай-ау, сіздер мына өлетті суды көрсін деп жүрміз ғой.

Сөлкебай. Ендеше, Қондыбайдың ондағы қойы өлді ме, өлмеді ме? Бұнда өлет... болушы ма еді, болмаушы ма еді? Оның жөнін ферма бастықтарын бізден сұрасын, жүр ілгери. Одан да өлген қойдың жемтігін көрсет.

Шабан. Жарайды, жарайды, макұл (Жалтақтан.) Бірақ қараңғы боп кетті-ау. Өзі тау іші, өзі қауіпті болушы еді..

Сөлкебай. Жә, жарайды, саспай-ақ қой, тарта бер, жүр атына, жүр.

Топай. Өзің тым құрмаса бір жемтік тауып берші.

Шабан. Ойбай, бәрі бір жерде, бәрі үйіліп көмілген, дәріленген емес пе? Жүрейік-жүрейік. Ерінбесендер, мен енді оны іздел табайын.

Сөлкебай. Маған десе түні бойы іздесен де тап сол жемтік үйген жерінді.

Топай. Бәсе, таппай тынбаймыз, көрсет, жалтартпа, білдің бе?..

Кетіседі, артынан ұрылар бір басып, екі басып шығады, екі ұры бастыққа келеді.

1-ұры. Неге жібердің, немене?

2-ұры. Атына мініп кетті ғой енді әй, жақсы-ақ кеп еді!

Беті таңулы ұры. Үндеме, әзір керексіз болды, мыналар еken (арттарынан қарап тұрып.) Мен мұндайлар емес деп ұғынып ем. Бұларды білем... Есебін өзім табам, басқаша табам.

Жөнеледі.

Шымылдық

## АЛТЫНШЫ СУРЕТ

### Көрініс

Кешкі уақыт. Ферма бастығы Құсебектің бөлмесі.

Құсбек (қағаздарын асығыс әзірлең, нәрселерін ыңғайлап жатады. Кәмәш кіреді). Кәмәш! Уақыт тар, қазір дүние шырқ-көбелек айналғалы тұр. Екеуіміз бір-екі сөздің басын ашып алайықшы. Отыр!

Кәмәш. Немене өзі! Еңбегінді еш қылайын дей ме?

Құсбек. Жоқ, оны қоя тұр.

Кәмәш. Ал, басқа немене?

Құсбек. Ойлашы, бір әйел оқып кеп, әлде біреу өсіп кеп жатыр. Соның бәрі кешегі сенің теңің еді-ау. Солар өскенде, біз өспей қарап жүріп пе ек осы? Олқымысың сен солардан?

Кәмәш. Е, неменесі асып кеткен екен? Неге олқы болайын. Оны несіне айттың?

Құсбек. Олқы емессің, рас. Бәйгі түбінде бір-ақ жерде. Тіршілікте еркекпен қатар тұрып тізе қосып алысуға, тартысуға шыдаса әйелдің өскендігі сол. Соны айтам! Осыған қалайсың?

Кәмәш. Е, мені сонда әлі сынаған жоқпысың. Тіпті ондайда бәрінен өр мен емес пе ем?

Құсбек. Бәсе, соған сенем, ол бір. Екінші, ендігінің бір күні бұрынғының бар күнінен қыын. От керек, қайрат керек. Соған табыламысың? Қажымаймысың, қайтпаймысың?

Кәмәш. Тәуекел, сен өлген жерде өлемін.

Құсбек. Ендеше, тас түйін деген осы.

Кәмәш. Болса болсын.

Құсбек. Онан соң, бұл совхозға келгеннің бәрі де жар жағалап жүрген адам. Бұрынғы сottы болып кетті, жаңаңың да алдында әлі сол кезең қашық болмас, кім біледі? Өйткені бұл батпақтап жатқан совхоз. Жұмырдай ұрылардың шеберлігі әлі асып тұр. Қыласыны қылышп тұрғой. Жалғыз-ақ совхоз сол жаңа келгендердікі ғана ма? Біздің де совхозғой. Соңдықтан, міне, бұл үшін алыспай қалмаймыз. Бар сөздің түйіні солғой. Үқтың ба?

Кәмәш. Ұғамын, серігіне жарапмын, Құсеке!

Құсбек. Құп, жарайсың, Кәмәшым.

Кәмәш. Ал, ана кісіні қайтесің? Не дейсің? Жаңа осында келді.

Құсбек. Қой! (*tұрын*) Отарға барсын деп едім ғой!

Кәмәш есікке барады, бір шалдау адам кіреді.

Мен сізді 5-ші отарға барсын, сонда болсын деп едім ғой.

Шал. Қарағым, оны естідім ғой, бірақ өзі осында кепті ғой! Мен зарыққан, талған адам ем ғой, көзіме бірде-бір көрсетпеймісің? Тым болмаса бір көрейін де.

Құсбек. Қария, жасымаңыз, жасымаңыз. Оған жол жоқ.

Шал. Қарағым, іштен шыққан шұбар жылан ғой, іші-бауырым езіліп барады. Мен талған адам ғой. Бір ғана демеу бола ма деп ем.

Құсбек. Қатайыңыз, бұл жасықтықтың бұл күнде бес тын керегі жоқ.

Шал (*бекінін*). Оның рас, қарағым. Тегі бұным жолсыз ғой?

Құсбек. Жолсыз, уақыт жетеді, көресіз... Ал енді бөгелме 5-ші отарға, “Суықтөрге” жөнеліңіз. Кәмәш та солай барады қазір.

Кәмәш пен шал кетеді, Құсбек біраз ойланып жүріп, есікке барып.

Сыбанбай, әй, Сыбанбай!

Шабан Сыбанбай кіреді.

Құсбек. Немене, қалай екен екінші, үшінші ферма? Шабандардың пейілі, кейпі оңала бастап па?

Сыбанның. Атамаңыз, жалақыларын тегіс беріпті. Күймекшекті алғызып, үлестіріп жатыр. Астықтан басқа шабан басы сауын беріп, жарылқапты.

Құсбек. Иә, тағы не шаралар істепті?

Сыбанның. Тіпті, пейілдің ұшы-қыры жоқ. Мына жаңа келген екі жігіт бір күнге жіберетін емес. Тіпті шабандардың ойында жоқты істеп жатыр. Басындағы күркелерін, үйлерін де бүтіндей бастапты. Ликбез деген үшкөл де ашыпты. Бір үй орнатыпты. Тіпті масайрап барады. Осы соны хабары дәл

той күніндей дүңк-дүңк келіп, мына қашықта жатқан біздің шабандардың талайын да елеуіртіп отыр.<sup>36</sup>

Құсбек Е, халық: “Жақсы болады екеміз”, — деп үміттеніп бара ма?

Сыбайдай. Бұндағы енді әлі қолына дәнене тиген жоқ қой. Өйткенмен, көпшілік: “Анау алғанды біз де алармыз”, — деп, айтты, даурығып жүр.

Құсбек Шығын қалай?.. Шығын бар ма екен? Ол қалай болыпты, ана жақта, бұнда қалай екен?

Сыбайдай. Шабандар: “Енді өлім, шығын жойылады”, — деп серт беріпті ғой.

Құсбек Сейтіп пе?

Сыбайдай. Бұнда әлі ішінара секіртпе бар ғой.

Құсбек Актылар қалай, бар ма? Акт бере ме анау жаңа дәрігер мен зоотехник.

Сыбайдай. Әй, сараң, өздері де біледі-ақ екен. Қақ осы қырық жыл шабан болған адамнан кем емес. Егжей-тегжейіне дейін қарайды.

Құсбек Ал, анау қауыртын не қылдындар?..

Сыбайдай (қойынан қағаз шығарып беріп). Міне, оның орнасын былай салды.

Құсбек Ой, мынау қол... Е, солардың колы ғой, бопты ғой, анау ма? Өздері мем?..

Сыбайдай. Әйтеуір, анау осыны жеткіз, іс қылсын, болды деді.

Құсбек Әрине. Ал ат әзір мем?

Сыбайдай. Әзір, ерттеулі.

Құсбек Ендеше, сен бесінші отарға жет. Тос, сонда.

Анау жөнеле бергенде.

Әй, сол кісің сол анау, онан бөтен емес, білдің бе. Жақсы, сенімді. Өзің, өзіміз білген шабан ғой. Үстайтын, сүйейтін, істі сеніп тапсыратын солар ғана. Осыған сак бол.. Бар!

Анау кетеді. Құсбек жаңағы қағазды айналдыра қарап, өзге көп істің арасына тігіп салып жатқанда Шәкен кіреді.

Құсбек Ә, қалқам Шәкен, келдің бе? Но.. Қалай... Ісің қалай?

Шәкен. Біздің іс істеледі ғой, бірақ сенің ферманды айтсаңшы<sup>37</sup>.

Құсбек. Шәкен-ау, менің зарлап жүргенім сол емес пе? Тапдорақтың ортасында тұрғандай боп отырған жоқ па?

Шәкен. Ендеше, осы тасқа, ел-жұрттың бәрінен алысқа шырқап шығып не қып тығызып отырысың?

Құсбек. Жаным-ау, мен қайтейін?! Басында 4-інші фермаға белгіленіп берген қонысы осы ғой.

Шәкен. Иә, сен бұл араның койға қоныс емес екенін білмеуші ме ең? Енді міне күнде ұрлық, күнде өлім. Өзі осы маңда ұры деген не еткен көп, кім солар?

Құсбек. Ойбай, осы тастың бәрі де ұры емес пе?.. Қашқан-пышқан, аш-арық. Шабаны қайсы, ұрысы қайсы, кім біледі?

Шәкен. Жоқ, шабан жаман емес, тәрбие жоқ. Біз біліп келеміз.

Құсбек. Айнала бір қаранды жау! Осы отырыстың өзі қауіп әуелі. Мені тақ үш тонады ғой, биылдың өзінде.

Шәкен. Ендеше, неге алыспайсың, неге білдірмейсің? Осы жайын тіпті дирекция да білмейді ғой. Біз осында келіп көріп отырмыз.

Құсбек. Білдірдік қой, ойбай. Сот-тергеушінің бәрі біледі.

Шәкен. Жоқ, бұндай түрін білмейді.

Құсбек. Енді, міне, жаңа басшылармен қосылып алысуға-кірістік қой, бәлемді енді көреміз! (Пауза.) Жә, Шәкен! Ол бір сәрі. Ал енді өзің мына, жасында туып-өскен жеріне келдін. Кешегі кіндік кескен ата-анаңың қонысы, аулыңың жайлай, күзеуін, көктеуін бәр-бәрін араладың. Совхоздың мүлкі болғанын көрдің. Көңілін қандай енді осыны көргенде?

Шәкен (*Құсбекке тесіле қарап отырып*). Иә, көңілге бір түрлі тиеді... Қандай болмаққа керек. Өзің қалай ойлайсың?

Құсбек. Білемісің, анау “Суықтөрге” бір жылы ауыл көшкенде 20-30 қызы, бозбала боп көштен қалып, бұлдірген теріп, қандай жарыс пен асырды салып ек...

Шәкен. Еске алуға ыстық-ақ па? Өзің сағынасың ба дейім... Жерді көргенде, кісі соны еске алмай тұралмас... ә?..

Құсбек. Еске қайтып алмайсың? Ойлаши, сіздің, үлкен үйдің қойларының ені әлі күнге шейін бар осы отарда. Есінде бар ма, құмырска ен еді ғой?!

Шәкен (тұрып жақында). Иә, Құсбек! Сен қалай жайылып барасың осы, байқамаймысың?!

Құсбек (тұрып). Иә, несі бар? Сенің күйің қандай? Соны бір барлайын деп ем.

Шәкен. Ендеше, қыскартқан абзал болар, білдің бе?

Алатай, Алтын кіреді.

Алтын. Шәкен, бүгінгі көргеннің қорытындысы не?

Алатай. Бәсе, айтшы қане?

Құсбек. Қорытындыға әзір асықпасаңдаршы. Өзі тұн жарымы болып қалды. Жатайық, тынығайық. Алатай, сен менімен бірге жүр.

Шәкен. Асықпау емес, біз қорытындыны күнде жасаймыз.

Алтын (Құсбекке). Біздің ісіміздің методы сол (*Шәкенге*), иә, сонымен?

Шәкен (Алатайға). Кәне, сен айтшы?

Алатай. Меніңше, біз бұнда жалғыз өз ісіміз емес, политделдің де, дирекцияның да, шабанның да, ахранның да – бәрінің де ісін істеуіміз шарт.

Алтын. Ферма ісі оңалғанша барлық жыртықтың бәріне жамау болуға тырысу керек. Ертең мен осы арада лекбез ашам.

Алатай. Мен шабандарға өздерінің техминимумын оқыта бастаймын.

Шәкен. Бәрекелде. Мен екеуіне жәрдемші. Қысқасы, біз әрі маман, әрі шабан!

Құсбек. Дұрыс, ал болса болсын солай. Жүр, Алатай!

Алатай екеуі қоштасып кетеді.

Алтын. Шәкен! Білесің бе... мен Алтайды енді ғана шындал тани бастадым.

Шешіне бастайды.

Шәкен. Иә, таныған сайын өзі тәуірленіп барады де.

Алтын. Рас, оны қайдан білдің?

Шәкен. Е, іс қыншылық, сын бар емес пе? Кісіге кісінің қымбаттығы сонда ашылмай ма?

Алтын. Рас екен.

Шәкен. Бұл оны ғана тануың емес. Ең алдымен өзінді-өзің тануың, табуың да болар.

Алтын. О, қалайша?

Шәкен. Ол солайша. Алатай баяғыдан сен емес пе? Өзінің момындық тазалығымен көрсете алмайды. Эйтпесе сенің күлкін, оның да күлкісі. Сенің уайымың, оның да уайымы емес пе? Осыны шын байқамай жүрдің бе?

Алтын. Жоқ, сезуші ем. Бірақ сен ол екеуіміздің барлық жайымызды қазір тым түсінікті қып шешіп жібердің. (*Ойланып*.) Рас, мен ол да, ол мен екен-ау, өзі көп жағынан. Қайда кетті өзі? Шынымен осы совхозда, осы қын күндердің ішінде алғашқы рет бір сүйер едім өзін.

Шәкен. Эй, салусыз бала, Алатай-ай... Жолыңың жаңа болғанын білсең етті...

Сол кезде терезе салдыр етеді, екеуі жалт қарағанда ала көленкеде беті кап-қара боп таңылған бір адам секіріп кіріп келеді. Артынан тағы екеуі қарап тұр. Шәкен тап беріп стол үстіндегі мылтыққа ұмтыла бергенде, анау жолын қоршай қалып, мылтықты өз колына алады.

Алтын. Бұл кім? Кімсің сен?

Шәкен (қорықпай). Эй! Сен кімсің?

Үри. Мен Жұмыр!.. Білдің бе.. Оқымысты сұлу қарындас.

Мылтықты төсеп жағалай береді.

Шәкен. Е, Жұмыр бандымысың?

Үри. Қорықпайсындар ғой өздерің! Қорықпайды екен бұлар.

Үмдап екі кісіні шақырады. Оларға белгі жасайды. Есіктің шотын салып алысады. Үри Шәкенге жақындейды. Шәкен кейін баса береді. Бірақ ананы тори, айнала жүреді.

Шәкен. Бізді қорқытқанда не түседі сендерге?

Үри. Ие, бәсе, қорықпауың керек. Одан да жақсы келісу кепек. Э... Сұлу қарындас, ер қарындас! Совхоздың иессісіндер ғой?

Шәкен. Жә, қалжақтама! Бетіңді аш одан да. Немене ерекк басынмен құбыжық тәрізденіп.

Анау жақындағанда береді, Шәкен еппен айнала береді.

Ұ р ы. ha-ha! Біз құбыжық емес, біз кісі қызығатын жаспыз...  
Сіздерге өзіміз де қызыққанбыз... ha... ha... Әдейі іздең келдік.

Ш ә к е н. Бізде не ақыларың бар?

Анау жақындаған беріп ақырып қалады.

Ұ р ы. Жетті, болды, киін (*Алтынға*) Киін!

Ш ә к е н. Асықпа...

Сөйтіп түрліп ұрының бетіндегі орамалын жұлып алады, шалқалап шошып.

Мес?!

А л т ы н (*ұмтылып*). Мес!..

Ш ә к е н. Мес... Өй, жүзі қара!..

М е с (*man беріп*). Шығарма үнінді!

Екеуін де ұстап, киімдерін басына жауып, үшеулеп, зорлап терезеден шығарып жатып.

ha... ha... көп оқып бұлардың білімі, тілі, қайраты асып кеткен.  
Олай болса несі бар? Мұнда орын тар. Өзім оңашаға апарып,  
кеңінен отырып, жақсылап дауласам. ha... ha...

Ш ә к е н  
А л т ы н } Жауыз, жүзі қара!..

Айқайлай бергенде ауыздарын басып алып кетеді. Мес есіктің шотын ашып,  
терезені сыртынан жауып кетеді. Аздан соң үйге жылдам басып Құсбек кіреді.  
Артында Қамбар, Сапар, Сапардың жолдасы кіреді. Құсбек әбден киінген.  
Қызынып сөйлей кіреді.

Қ ұ с б е к. Сендер өздерің тұнделетіп келіп, жанды жағадан  
алып (*асығып, ақтармалай кеп бір буда қагазды қолдарына*  
*ұстата беріп, өзі беттерін ашып алақанымен ұрып тұрып*.)  
Мен, міне, алдарыңа жайып сап тұрып, көзге шұқып айттайын.  
Ұрың бар дедің бе мұнда? Жок, кенестің қамқоры, өзім ғана деп  
білдің бе? Шетіңнен?.. Міне, көздерінді ашып қара... 150 қойды  
мен жұтып қойды дескенсіңдер ғой. Мә, міне, неден өлгенінің  
актысы. Кешегі, ана, жаңа келген врач, зоотехник Сөлкебай,  
Топайдың жасаған актысы.

С а п а р (*қарап тұрып*). Иә, рас.

Қ а м б а р (*жісігітке*). Шақырып келші екеуін.

Жігіт кетеді, Қамбар қағаздарды қарап.

Топалаң... Көң, қотыр, тастан құлап өлген, ақсақтан өлген – бәрі де солардың қолы.

Құсбек Е, тапқан екенсіндер сезіктіні.

Сапар. Ей, сен немене осы, жеті түнде шарт киініп алғансың?

Құсбек. Ұрлыққа аттанайын деп тұрмын, о несі екен. Бізде тыным бар ма? Мен осы тегі түн баласында ұйықтайым ба екем. Қашар-қашарды аралауға жүргелі тұрмын.

Сөлкебай, Топай, жігіт кіреді.

Сапар (*қол алысып амандақаннан кейін*). Е, 4-ші ферманың өлімі, шығыны, ұрлығы турасындағы сөздер бекерге шықты ма? Кәне, сендер айтыңдаршы.

Сөлкебай. Біз қорытындымызды енді аяқтап келеміз. Түні бойы істеп.

Топай. Бекер болды деген не деген сөз?

Қамбар. Бекер емей немене, 150 койдың урнасы табылса.

Сөлкебай. Урнасы қайда екен?..

Қамбар. Бәсе, қайда?

Құсбек. Қайда екен бәсе, айтшы. Айтып берсін әні өздері.

Топай (*қатайып, Құсбекке*). Урнасын, біз айтпайык, аралаған сүйк қол айтсын.

Сапар. Сүйк қолың топалаң, көк қотыр, тастан құлап өлу, ақсақтан өлу ме? Есебін тауып бар олқыны толтырыпсындар ғой.

Сөлкебай. Өй, не айтып тұрсындар өздерің, жақауратып. Бірдемен болса айтсаңдаршы тіке, езбей!

Қамбар. Мынау не?

Сөлкебай } (Жұлып алып, бірге қарап тұрып).

Топай } Акт.. Иә. Мениң қолым! Мениң қолым!

Сапар. Осыны айтып тұрмыз. Бұлай болғанда ана 4-інші ферма жайындағы бұрынғы сөз өсек емей немене?

Құсбек. Ал, оттап, секем алған боп!

- 34) Алмамбет атасынын “шөн тонун” куржуунан алып ки-гени, Сыргакка шумбулдуң тонун кигизгени
- 35) Бурулшага жолукканы
- 36) Алмамбет, Сыргак Каракулга жолукканы, Каракул аларды сынаганы. Карткузенду жылкыга кошуп шыркын алганы.
- 37) Тору айгыр Коңыrbайга кашып барганы, Коңыrbай кол менен жылкының арасынан келип урсканы.
- 38) Манас, Шубак, Алмамбет, Сыргак төрттө калың Кытайменен көп урушуп, жайлары кеткенде Сыргакты колду шакырууга жибергени.
- 39) Мусулмандың колу-кытайга аламан койгону.
- 40) Манас ак кулга мингенде Кытайдың кашканы
- 41) “Кек букашан “Мадыхандын” урушка келип өлгөнү.
- 42) Коңыrbайдың Манастан кашканы. Кытайдың жөнілгени
- 43) Незкараны Шубак колго тусергөнү
- 44) Незкараның көнөсө менен Ажыбай менен Үрбуну “Есен-ханга” елшиликтке жибергени.
- 45) Есенхан тартуу тартып Манаска багынганы. Мусулмандың Кытайга хан болушу.
- 46) Кытай Манастын кысуусуна шыдабай жамандық кылууга аракет кылгандары. “Конурбай” Туйкүчүнү Манаска ажжасы кылып, бир балта жасатып камынганы.
- 47) Суутуны желмайан менен Таласка жибергени, Сууту кабарды берип, Каныкейдин берген кагазын тайбуурул менен

кэле жатып, Конурбайга ушураганда, Конурбай кууганда, катты сууга тушургандуду.

48) Манас, Бээжинге барган колдун бир ханшасын Бадайды баш кылып, Бурулша Бирмыскалдарды Таласка жөнөткөнү.

49) Жуйкүчүнүн анык кабары бойынша Коңырбай Манасты андып келип, ертеңменен намазга шыкканда балтаменен шилиге шапканы.

50) Алмамбет, Шубак, Сыргак Коңырбайды тозуп келген кызк төрөсүн. Жолдо ушурал барып кырганы Кытай есепсиз көп колменен капитал шоң уруш башталганы.

51) Бокмурундун өл ушу.

52) Каражой улу “Кожожаштын” келиши уруш еңкатуу болушу.

53) Конурбай ооруктагы Манаска барып, жети кун урушту токtotуп дем алыш кылалы деп өтүнгөнү.

54) Кожо жаш баш болуп урушту кайта катуу баштаган Алмамбеттин арманы.

55) Шубактын өлушу

56) Алмамбеттин өлөшү. Манастын кайгырышы.

57) Ак куланын окко ушусу. Манастын арман кылышы.

58) Кожо жашты баштап, 8 төрөнү Манас атып өлтөрү

59) Каныкей тусунөн шошуп ойонуп Бакайга “Тайбууду” костотуп Манаска жеткизгени.

60) Конырбай Манасты намаз окуп жатканда найзаменен сойганы.

61) Алмамбеттин өлүгүн Кытайлардан ажыратып алыш, са-  
ралага жөктөп Таласка жөнөткөнү.

62) Колдун Бээжинден женилип кайта тартканы.

63) Манас баатыр кэле жатат деп, Таласка кабарлап, баатыр-  
лардын өлгөндөрүн угузганы.

64) Манас, Алмамбет, Шубактын уйлөрунө екуруп түшкөнү.  
Каныкейдин кайрат айтканы.

65) Каныкей Манасты уйуне алыш барганды... ырлаганы.

66) Манастын жатып шошуп ойгонуп Тайбуурулга мингени.  
Сарала Алмамбеттин сөөгүн алыш келгени, Алмамбет баатырды  
“Шаштебегө” койгоны.

67) Каныкей Манастын найза тиген жарасын көргөндө кереез айт дегени.

68) Манастын кереез айтканы.

- 69) Ажыбайды Көкбөру, Сайкал, Косой, Төстүктөргө шабаганга жибергени.
- 70) Ажыбай Көкбөругө жолукканы. Көкбөру ал-абал суралганы.
- 71) Көкбөрунун баласы “Койон-аалы” Аргын, Кыргызды коркутуп күмбөз салдырганы.
- 72) Койон аалы. “Сайдалды” өкүм менен Манастын өлүгүнө алып келгени.
- 73) Манас Алптарменен урусканы, Кошойдун арманы. Манастын аларга айткан кереези.
- 74) Манастын өлүсү кандай койушу.
- 75) Сайкалдын уйуне барғанда өлүп, өлүгү кайып болушу.
- 76) Шамбыл белдеги Жанаалы Карапштар кол жыйып Көкбөру кайта бара жатканда жолон торуп урушканы, Койон аалынын өлүшү.
- 77) Абике, Ажыбайды еершитип Көкбөру жакка кетиши.

**ҒЫЛЫМИ  
ТЦСІНІКТЕМЕПЕР**





## **“ИСКУССТВО КАЗАХСТАНА”**

Мақала 1935 жылы “Советское искусство” газетінің 17 қантардағы санында шыққан. Қеңестердің VIII съезінде және Қазақ АССР-ның 15 жылдығына орай жазылған мақалада Қазақстанның мәдениет пен өнерде жеткен табыстары очерктік сипатта жан-жақты көрсетілген.

1934 жылы Қазақ Автономиялық Республикасының 15 жылдығын тойлауға дайындалу қарсанды Қазақстан Өлкелік партия комитетінің хатшысы Л.И. Мирзоян қол койған “ҚАССР-ның 15 жылдығына дайындық туралы” ВКП (б)-ның Қазақ өлкелік комитеті бюросының арнаулы шешімі шыққан.

Бұл шешімде “... мәдениет және ленинизмді насихаттау бөліміне мәдени-ұлттық құрылышты дамыту жайлы басылымдар ұйымдастыру...” жайлы талап койылған. Осыған байланысты 1935 жылы мерзімді баспасөз беттерінде Қазақстанның экономикасы, өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, мәдениет пен өнеріндегі табыстары жайлы мақала, очерктер циклдары басылды. М.Әүезов мақаласы да осы қатарда.

1932 жылдан бері Қазақ мемлекеттік драма театрының әдеби бөлімін басқарып келе жатқан М.Әүезов Қазақ мемлекеттік драма театрының репертуары, қойылымдары жайлы маман ретінде бағалы ойлар айтқан.

Мақалада аталағын өнер адамдары, театрлар, қойылымдар жайлы осы басылымның алдыңғы томдарында шыққан театртануға қатысты мақалалардың түсініктерінен қараңыз.

*Д. Конев*

## **“УВАЖАЮ И ПРИВЕТСТВУЮ ПРАВДИВОГО И ГОРДОГО ПОЭТА”**

Бұл мақала “Казахстанская правда” газетінің 1936 жылғы 12 шілдесі күнгі санында жарық көрді. Оナン бергі кезеңдерде жазушының көп томдықтарына енгізілмеген, бұл томға сол “Казахстанская правда” газетіндегі нұсқа бойынша беріліп отыр.

1936 жылдың шілде айында С.Сейфуллиннің әдеби қызметіне 20 жыл толуы республика көлемінде кеңінен атап өтілді. Осыған орай қазақ және орыс тіліндегі басылымдар көптеген мақалалар,

құттықтаулар жариялады. Ақынның сол тұстағы беделінің айрықша болғандығын Қазақ Автономиясы Орталық Атқару Комитеті шығарған мына бір қаулыдан байқауға болады:

*“С. Сейфуллиннің әдеби қызметіне 20 жыл толуына орай Семей мұғалімдер институтына, Алматыдағы қазақ орта мектебіне, Ақмоладағы “Училище” көшесіне, Қоқшетау қаласындағы “Набережная” көшесіне, Қарағанды-Балхаш теміржолындағы №11 разъезге ақын есімі берілсін.*

*Сәкен Сейфуллиннің жеке пайдалануына жеңіл машина берілсін.*

*Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары Жанғелдин.*

*Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті хатшысы Мусин.* ”

Өзге басылымдар секілді “Казахстанская правда” газетінің 12 шілде күнгі санында осы шараларға байланысты бірнеше мақала, құттықтаулар жарық көрді. Соның ішінде Қазақстан Жазушылар одағының, БЛКЖО (ВЛКСМ) Қазақ Өлкелік комитетінің, Қыргыз жазушыларының, “Қызыл Қыргызстан” газеті редакциясының, Қарағанды облыстық партия комитетінің, Жазушылар одағы ұйғыр-дұнған және орыс секцияларының құттықтаулары мен С. Сейфуллиннің өмірбаяны және “Подземелье” атты әңгімeden үзінді жарияланды. Ұлгарға кося газеттің осы санында F. Мусіреповтің “Ветерану Казахской революционной поэзии”, I. Жансүріровтің “Создадим произведения достойные сталинской эпохи” және М. Эуезовтің осы мақаласы жарық көрді.

**M. Ахетов**

### **“ӘННІҢ СӨЗІ”**

Уақыт талабымен көркем шығарма үлгісінде жазылған М. Эуезовтің бұл шығармасы “Қазақ әдебиеті” газетінің 1936 жылғы 1 мамыры күнгі №17-санында жарық көрді. Одан бергі кезеңде жазушының жинақтарына, көп томдықтарына енгізілмеген. Бұл басылымға сол “Қазақ әдебиеті” газетіндегі латын әрпімен жазылған нұсқасы бойынша жіберіліп отыр. Шығарманың авторын “Мұхтар” деп берген.

Шығарма 1937 жылдың 17–23 мамыры аралығында Мәскеуде откен қазақ әдебиеті мен мәдениетінің онқұндігі қарсаңында жазылған. Жеке басқа табынудың ең бір асқынған тұсындағы осы шаралы партия идеологтары өз максат-мұddeлелерін насиҳаттайтын науқанға айналдырыды. “Қазақ мәдениет қайраткерлері Мәскеуге немен барады” деген айдармен газет-журналдарда “халықтар көсеміне” деген марапаттаулар шектен тыс мол жарияланды. “Әннің сөзі” осында мақсатпен жазылған шығарма.

**M. Ахетов**

## **“МҰХТАР ЖОЛДАСТЫҚ СӨЗІ”**

Бұл М.Әуезовтің 1936 жылдың сәуір айында жазушылар жиналысында сойиlegen сезі. Жиынды сол кездегі орыс жазушыларының арасында социалистік реализмге байланысты айтыс-тартыстарының Қазақстандағы жаңғырығы десе де болады. Орыс жазушыларының “Правда” газетінің бетіндегі жарық қөрген макалаларын, түрлі пікірлерін талқылап, жер-жерде жиналыстар өткізіліп отырған.

“Мұхтар жолдастың сөзі” 1936 жылдың 25 сәуірінде “Қазақ әдебиеті” газетінің 16-санында жарық қөрді. Газетке жиналыстың стенограммасынан алтын жарияласа керек. Себебі, мәтіндегі жақшаның ішіндегі “қол шапалактау” деген сөз тіркесі сол күйінде берілген. Одан бергі кезеңде жазушының көп томдықтарына “Мұхтар жолдастың сөзі” енгізілмеген. Газетте “Әдебиеттіміздегі формализм мен натурализм туралы” деген айдармен тағы да бірнеше кісінің сөздері берілген. Соның ішінде “Лекерұлы Әзімбай жолдастың жасаған баяндамасы”, “Жаманқұлұлы жолдастың сөзі”, “Мұқан ұлы Сәбит жолдастың сөзі” берілген. Бұл жерде әрқайсысы поэзия, проза, драматургия сала-лары бойынша жеке-жеке әңгімелейді. Бұлардан басқа жарыссағе қатысушылардың сөздері макала түрінде жарияланған: Есмағамбет Смайылұлы – “Челиоскин образы жасалған жок”, Әбділда Тәжібайұлы – “Адал сырым”, Өтебай Тұрманжанұлы – “Үлкен әдебиет – үлкен мәдениет арқылы жасалады”.

М.Әуезов бұл сезінде негізінен драматургияның мәселелерін қозғап, сол кезеңдегі саяси ахуалға, идеологиялық талаптарға сай жалпылама пікірлерді тап басып отырады. Сол тұстағы даулы мәселелердің бірі – фольклорға қатысты ойын былайша ашық жеткізеді: “Бұл ретте халық фольклорынан көп үйренуіміз керек. Халық фольклорының топырағына аяқты тіреп, алға секіруіміз керек”.

1932 жылдан театрдың әдеби бөлімін басқарып келген М.Әуезов сол тұстағы драматургияның қыр-сырын толық менгерген бірден-бір маман еді. Сондықтан да, сол кезеңдегі драмалық шығармаларды талдауға арналған пікірлері өте әділ әрі ғылыми. Мұнда ол С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б. Майлін, С.Мұқанов шығармаларына байланысты ойларын орыс және әлем әдебиеті тәжірибелерімен сабактастыра қарастырады.

*M. Ахетов*

## **“ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ МЕН МУЗЫКА ТЕАТРЫ”**

Макала 1936 жылы 5 мамырда “Қазақ әдебиеті” газетінде латын әрпінде жарияланған. Жазушының он екі, жиырма томдық шығармалар

жинағына енбеген. Мақаланың түпнұсқасы сақталмаған. М. Әуезовтің 50 томдық академиялық басылымының осы томына газеттегі нұсқасы бойынша орфографиялық түзетулер жасалып беріліп отыр.

Макалада жазушы казактың халық мұрасы – ән мен күйге және мемлекеттік музыка театрының ізденістеріне тоқталған. Халық әндері ел мәдениеті мен тарихының бастан өткерген ауыр халдерін ұрпактан-ұрпақта жеткізіп келгені белгілі.

Әнмен қатар халық композиторлары шығарған күйлер де қоғамдағы әлеуметтік жағдай мен салт бастың мұңын жеткізген әңгімелі эпос үлгісіндегі музыка. Осы халық мұралары 1933 жылы құрылған музыка театры үшін өнер жолындағы ізденістеріне үлкен қор болды. Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Л.И.Мирзоян қазақ халық өнері мен әдебиетінің үлгілерін жинау мен өндеуге зор мән бере отырып, 1933 жылы 29 сәуірде Қазақ АССР Халық комиссариаты кенесінің “Ұлттық театр-музыка кадрларын дайындау жөніндегі шаралар туралы” қаулысында кадрлар тапшылығына орай Музыка техникумын Қазақ ұлттық театр-музыка техникумы етіп қайта құру мәселесін қөтерген. Ол қазақ халық мұрасы ескерткіштерін жинау және техникумда осы шығармаларды өндеу үшін арнайы студия құруға шешім қабылдаған.

Халық арасындағы әншілерден, кәрі құлақ өнер сүйер қауымнан жиналған әндерді өндеп, көркемдеп сахнаға шығарып, халық игілігіне айналдырды. Халық шығармашылығының үздік үлгілерінің негізінде қазақ операсының алғашқы қарлығаштары дүниеге келді.

Қазақ музыка театры 1934 жылы М. Әуезовтің “Айман-Шолпан” музыкалық комедиясымен ашылғаны аян. Бұл комедияның музыкасын халық әндерінің негізінде өндеп жазған И.В.Коңық болатын. Осы спектакльдің негізінде халық әндері жаңа туғандай болды. Күләш Байсейітова, Құрманбек Жандарбеков халық әндерін орындаумен дараланса, Шара Жиенқұлова би өнерінде өзінің таланттын танытты. Қойылымнан кейін жоғарыдағы қаулы негізінде музыка студиясы Қазақ мемлекеттік музыка театрына айналды.

1937 жылы “Ер Тарғын” операсы қойылғаннан кейін Қазақ мемлекеттік музыка театры Қазақ мемлекеттік опера жене балет театры болып қайта құрылды.

1934 жылы бүкілқазақстандық өнер адамдарының слеті үйимдастырылды. Слеттің мақсаты жаңа құрылған театрға мамандарды, таланттыларды тарту болды. Осы слетте халық әндерін орындау мәнерімен танылған Фарифолла Құрманғалиев, қобызшылардың ішінде Жаппас Қаламбаев және Дәүлет Мықтыбаевтар болды. Сондай-ақ қазақ би өнеріне де мән берілді. Слетте пантомима өнерінде “Насыбайды

қолдану” би және Қарқарадан келген Зауырбаевтың “Қоян және бүркіт” биинің пантомимасы көрсетілді. Шамандық би үлгісі де болды.

Музыка театры жас әншілер кадрларын даярлап, республика көлеміндегі жаңа театрлар құрылып, мәдениет қызыметкерлерін даярлайтын оқу орындары жүйесінің қалыптасуы кеңейе түсті. Мұның барлығы казак халқының әні мен музыкасының қайта жаңғыруына қолайлы жағдай туғызды. Музыка театры халық мұраларын игеріп, саҳнага шығаруды симфония оркестрімен бастаған-ды. Халық аспаптарынан құрылған халық оркестрінің қазактың мемлекеттік филормониясы деңгейіне көтерілуіне жол ашылды.

Мақалада жазушы осы халық шығармашылығынан нәр алып, ұлттық келбette бой түзеген музыкалық театрдың Еуропа өнері деңгейіне көтерілу жолын баяндай отырып, дәстүр мен жаңалықтың ұлт өнерінің оркендеуіне тән қасиет екендігін көрсетеді.

22-бет. “Шұға” – композиторы И.В. Коцық, либреттосы Б.Майлиндікі.

22-бет. “Қызы Жібек” – алғаш рет 1934 жылы 7 қарашада Қазан төңкөрісінің 17 жылдығына орай қойылды. Композиторы И.В.Коцық, либреттосы Ф.Мұсіреповтікі.

23-бет. “Жалбыр” – композиторы Е.Брусиловский, либреттосы – Б. Майлиндікі. Үл қойылымның премьєрасы 1935 жылы болды. Одан кейін 1937 жылы Ленинград қаласында қойылды. Шығарма 1916 жылдың оқиғасына арналған.

24-бет. “Бұл реттегі ізденушілік, басшылық музыка театрында ұдайы істейтін Европаша білімі бар композиторға тапсырылған” – Үл қазак халық әндерін өндеп, ізденушілік танытқан композитор Е.Брусиловский болуы мүмкін.

25-бет. “Асафьев” – Асафьев Борис Владимирович (лақап аты Игорь Глебов – 1884–1949) – музыкатанушы, композитор, сынши. СССР халық әртісі. Ол балалар ертегісінің операсын, балет, романstar және пьесалар жазды. Жазылған туындыларында сол елдің халық әндерін өндеген. “Пламя Парижа” деген балетке ол 18 ғ. аяғындағы әндерді алған, ал, “Бахчисарайский фонтан” балетіне поляк және кавказ халық әндерін негіз еткен.

25-бет. “Ақан-Зайра” – Үл операның композиторы Б.Асафьев, либреттосы М.Әуезов пен С.Мұқановтікі. Опера аяқталмай қалған. Б.Асафьевтің осы шығарма бойынша авторларға жолдаған хаты мұражай қорында сақтаулы.

*A. Болсынбаева*

## **“ЕҢ ДАНА ЗАҢДЫ ЕҢ ЖАС МЕМЛЕКЕТ”**

М.Әуезовтің бұл мақаласы 1936 жылы 18 маусымда “Социалды Қазақстан” газетінде шықкан. Кейін осы нұсқа жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 17-томында (Алматы: “Жазушы” баспасы, 1985 жыл. 45-46-беттер) берілді. Шағын мақала 1936 жылы 5 желтоқсанда Кеңестердің Бұқілодақтық 8-төтенше съезінде қабылданған жаңа Конституциясына сәйкес бұрын РСФСР құрамында автономиялық республика болып келген Қазақстанның Қазақ Советтік Социалистік Республикасы болып қайта құрылып, тікелей КСРО құрамына кіруіне орай жарияланған. Жаңа Конституцияның қабылдануына арналған шығармалар бүкіл Кеңес одағындағы барлық басылымдарда жаппай жарияланып жатты. Жаңа Занға арналған шығармалар тек көркем әдебиет жанрларында ғана емес музыкада, бейнелеу өнерінде, кинода, театрда да кең көлемде көрініс тапты. Қазақстан баспасөзінде, әдебиетінде, өнерінде жаңа Конституциямен қатар республиканың дербестік алуы үлкен тақырыпқа айналды. Ел басына қызын құндер келіп, қанқұйлы репрессия шенгелінің бүкіл Одақ бойынша, Республика бойынша алдыңғы қатарлы ел адамдарын бүре бастаған шағында барлық мерзімдік басылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында жоғары пафосқа толы, лепірме екпінді дүниелер беріліп жатты. Сол уақыттағы орыс тілді Одақтық басылымдарда да, Республикалық басылымдарда да жанрлық жағынан, көлемі жағынан әр түрлі болғанмен, айтар ойлары бірдей, екпіні деңгейлес шығармалар газет, журнал беттерін алып кеткен. Осындай мақалалар ағынының ішінде М. Әуезовтің стильдік түрғыдан мінсіз дерлік жазылған мақаласы салыстырмалы түрде ұстамдылығымен ерекшеленеді. Мақалада нақты ешбір көсем мадақталмаған. Қазақстан толық егемендік алмағанмен, автономия мәртебесінен құтылып, Одаққа тікелей кіретін мәртебе алғанына автор шын жүректен куанады.

Мақала бұл басылымға “Социалды Қазақстан” газетінде шықкан нұсқасы мен жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 17-томындағы нұсқасының негізінде беріліп отыр.

*P. Әбділов*

## **“ҚОШ БОЛ”**

1936 жылы 18 маусымда Мәскеудің түбінде Горкиде орыс халқының ұлы жазушысы, Максим Горький (Пешков) қайтыс болған. Бұл қазаға қатысты КСРО-ның барлық газет, журналдары хабарлап, арнаулы сан-

дарын шығарды. Шетел баспасөзінде де М.Горькийдің қайтыс болуына қатысты мақалалар шығып, көңіл айтулар беріліп жатты.

“Қазақ әдебиеті” газетінің бір саны (1936 ж. 23 маусым) түгелдей осы казаға арналған. Газетте КСРО Халық комиссарлары кеңесінің, ВК(б)П Орталық комитетінің, Қазақ ССР-ы үкіметі мен партия ұйымының аттарынан берілген көңіл айтулар, жазушының өмірбаяны, қайтыс болу туралы дәрігерлік қорытынды, М.Горькийдің әдеби мұрасы туралы қаулы т.б. материалдар берілген. Ромен Роллан, Георгий Дмитровтардың коштасу мақалалары жарияланған. Қазақстан жазушылар ұйымының Тогжанов, Сейфуллин, Мұқанов, Жансүгіров, Жұбанышевтер кол қойған көңіл айтуымен қатар, С.Мұқановтың, Қ.Әбдіқадыровтың, І.Жансүгіровтің, Ә.Тәжібаевтың, Ж.Саиннның, Ә.Әбішевтің қазаға арналған мақала, өлеңдері берілген. Осы арнаулы номерде М.Әуезовтің көңіл айту да бар. М.Горький шығармашылығын өте жаксы біліп, жоғары бағалаған М.Әуезов шағын көңіл айтуында М.Горькийдің азаматтық, суреткерлік қырларын атап қана откен. Көңіл айту бұл томға “Қазақ әдебиетіндегі” нұсқа бойынша беріліп отыр.

*M. Ахетов*

### “ШЫНШЫЛ, ТӘКӘББӘР АҚЫН”

1936 жылдың ақыны, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин шығармашылығының жиырма жылдығын Қазақстан Республикасы болып тойлады. Шағын мақала осы оқиғаға байланысты “Социалды Қазақстан” газетінің 1936 жылдың 12 шілдедегі санында жарық көреді. Бұдан соңғы уақытта “Жұлдыз” журналында (1964. №5), жазушының 12 томдық шығармалар жинағында (XI том, 1969), 20 томдық шығармалар жинағында (ХVII том, 1985) жарияланды. Бұл томға соңғы басылымдағы нұсқа ұсынылып отыр.

С.Сейфуллин өзінен бірер жас кіші, талантты жас Мұхтар Әуезовтің білімі мен өнерін қадірлей алған. Қазақ зияялары эр түрлі саяси бағдарда болғаны мәлім. С.Сейфуллиннің “Қызыл сұнқарлар” пьесасы жайлай осы аттас мақаласында (“Шолпан”. 1922. № 2–3) М.Әуезов шығарманы қатты сынға алады. Әлемдік драматургия талаптары түргысынан қарағанда мұнданай батылдықтың жөні бар еді. Әйтсе де өз дарынына сенген жас қаламгер, пікірлес адамдардың әсері де болар, шешен, тапқыр тілмен көңілге келетіндей соншалық зілді мыскыл да айтады. Ал “Тар жол, тайғақ кешудің” 1927, 1936, 1960 жылдардағы басылымдарында М.Әуезовтің “совет өкіметіне қарсы болғаны” жайлай

бір ауыз сөз бар. Қазір мадаққа лайық, ол дәуір үшін, рас, ауыр сөз. Сондыктан да кейінгі басылымдардан алынып қалған. С.Сейфуллин тарихи дәлдікті сақтамак болуы да мүмкін, құғын-сүргін зобаланың күтпеген шығар. 1934 жылы “Хан Кене” тоңцеріндегі дауда, уақыт дүрмегіне ергендіктен бе, С.Сейфуллин шығармадағы оқиғаның шындығына күмән білдіреді. Профессор Т.Кәкішевтің айтуында (Қар.: Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1998. 335–339-бб.) ақын 1928–1929 жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогика институтының директоры болып жүргенде аспирантурадағы жазушы інісін мұғалімдік жұмысқа тартады, ал 1936 жылы қазіргі Қазақтың академиялық драма театрында тағы сол “Қызыл сұңқарларды” қою үстінде Мәскеу тарапынан ұлтшылдыққа қатысты туған сынды бірге көтеріседі.

Тәрізі, мақала ұлт тарихындағы екі көрнекті қайраткердің өзара ұғынысу, бірін-бірі құрметтеу, мәселеге байыппен қарап, кінәласу, өкпе қысу дертіне бой алдырмау кезеңін аңғартса керек. Автор талай сүргінді бастан кешіргендіктен, қаласа да, қаламаса да, кеңестік идеология ұстанымдарын ескереді. С.Сейфуллин шығармашылығын да кенес дәүірі шындығын бейнелеудегі шеберлік өрісі тұрғысынан бағалайды. Ақынның екі қасиеті баса айтылады. Ол: тәқаппарлық пен шыншылдық. Өмірдегі тәқаппар Сәкен емес, өлең-жыры, қара сезіндегі халқымен мақтанатын, рухымен асқақ, жан дүниесімен биік Сәкеннің өршіл болмысы мадақталған. М.Әуезов қайсар қаламгердің қайшылыққа, азап пен шыдамға толы ерлік жолын айқын сезген. С.Сейфуллин поэзиясының С.Сейфуллин өмірімен бір өрім түзетінін жіті таныған. “Шыны қайда, өзі қайда екенін білдірмейтін, жаза баспайтын, ішіне тығынған кедір-бұдырсыз так-так жолдың ақыны Сәкен емес. Оның шыншылдығы қозып, жаңып отыратын, буы білініп тұрган барынша шын сезім, шын жүрек шыншылдығы” деу – әділетті, сұңғыла көңілден шықкан байлам. М.Әуезов адамның адалдығы мен турашыл табиғатын бәрінен артық санайды.

2. 29-бет. “Тәкәббәр” – М.Әуезов өзіне тән сөз нақышы, ажармен “тәқаппар” сезін “б”, “ә” дыбыстарына басымдық берсе сөйлейді. Қалыптагы ережеден горі көңіл күйдегі еркін әсерге, ауызекі айшықтың табиғильтігінде мән берген.

2. 30-бет. “Арыстанмын”, “Күнмін”, “Пайғамбармын” – автор өзінің сүйікті ақын ағасы Мағжан Жұмабаев өлеңдеріндегі тұтқа сөздерді кері мағынада пайымдауға мәжбүр болған. Замана түнегі жалтарыска түсірмей қоймаған.

3. 30-бет. “далада истерикамен” – торығу сарынын жорта әсірелеп тұспалдау үшін қолданылған тіркес.

4. 30-бет. “Альбатрос” – С.Сейфуллиннің 1932 жылы жазылған белгілі поэмасы.

5. 31-бет. “...заманымызға сай үлкен обобщениені” – дәл мағынасы “жинақтау” болғанмен, “обобщение” бұл жерде қолемді де айтулы көркем дүниенің орнына айтылып отыр.

**Б. Майтанов**

### **“КЕЙ ПЬЕСАЛАР ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕРІМ”**

Бұл – араб әрпіндегі қолжазба (ЛММА. Кпр-1. № 80-п. 50–51-бб.). Пікірдің “Айман-Шолпан”, “Тас түлек”, “Ақан-Зайра”, “Алма бағында” сияқты пьесаларының жоспарларымен, басқа еңбектерінің қолжазбаларымен бірге түптелгеніне қарап, отызыншы жылдардың алғашқы жартысында, ал кейбір сөйлемдері мен сөз тіркестерінің қолданылу тәсіліне қарап жиырмасыншы жылдардың соңғы ширегінде жазылуы да мүмкін ғой деген ой келеді.

Қalamгердің көркем шығармадағы, соның ішінде осы драма саласындағы алғашқы қадамы шәкірт кезінде “Еңлік-Кебекті” жазып, Абай ұрпақтарының аулында екі киіз үйді біріктіріп (өзі әрі режиссер, әрі суфлеры болған) қоюынан бастау алған. Ал драматургияның жалпы жағдайы мен міндеттері, оның тарихы, жанрлық өзгешеліктері, басқа да толып жатқан қыр-сырлары туралы толғаныстарға ден қоюы (“Жалпы театр өнері мен қазақ театры”, “Мемлекеттік театрдың алдағы міндеттері”, “Жақсы пьеса – сапалы әдебиет белгісі”) Ленинград университетінің екінші курсында оқып жүргенде семинарлық жұмысына А.П.Чеховтың “Вания ағай”, “Шие бағы”, “Апалы-сіңлілер” деп аталған белгілі туындыларын тандаудынан кейін өріс алды. Онда ол импрессионист, символист, натуралист Чеховтың осы саладағы басты-басты ерекшеліктеріне және кейіпкерлерінің жаңалық-өзгерісті үғып ұғынудағы әлсіздігіне, дворяндық, бариндық сентиментализм эстетикасы ауқымынан аса алмай қалғандағы күрделі сезімдерін шебер жеткізуіне тоқтап еді.

Бұл ретте оның жеке автор еңбегіне қалам тартуы 1922 жылы С.Сейфуллиннің “Қызыл сұңкарларына” жазған сынни тұрғыдағы талдауы болмаса, осы пікіріне дейін назар аудара қоймап еді. Мұнда авторы кім, өзге дерекнамалары қайсы дегенге қоюл аударып жатпады да, бірден пьесалардың өзіне тоқталды. Жазылу сипатына қараганда бұлар оқу барысында асығыс жағдайда қағазға түссе салғандағы түрі

сияқты және оны қайта өндеп жетілдіруге ниеті де, ықыласы да болмаған секілді, жазылған қалпында көп қағаздардың арасында қалып қоюы соны андатады. Енді сол пікірді сол қалпында өзінің колжазба қорындағы нұсқасы негізінде елу томдыққа енгізіп отырмыз.

**T. Әкім**

### **“ҚҰМ МЕН АСҚАР”**

Бұл шығарманың араб әрпінде жазылған колжазбасының екі данасы (140-папка, 1–27-бб., 148-папка, 1–27-бб.) бар. Екеуінде де “Құм мен аскар биік” (әдеби сценарий) делінген. Негізінен сценарий үлгісінде жазылған кино-әңгіме (кинорассказ). Мұның алғашқы жарияланымы 1935 жылы “Тас түлек” жинағында (Қазақстан көркем әдебиет баспасы. Алматы, 181–210-беттер) болды. Содан кейін 1957 жылғы алты томдық шығармалар жинағының 6-томында (Алматы: ҚМКӘБ, 46–76-беттер), он екі томдық шығармалар жинағының 2-томында (“Жазушы”. 1967. 36–65-беттер) және жиырма томдықтың 1-томында (“Жазушы”, 1979. 350–380-беттер) басылды.

Шығарма Жетісу өніріндегі алғаш ұйымдастырылған майды асылдандыру совхозының ісін, ондағы зиянкестік әрекеттерді көрсетуді мақсат еткен; оның шаруашылығын бұлдірумен, адамдар арасына іріткі салып, малға індет таратумен айналысып жүрген осы жердің бұрынғы байы Жексен мен оның балалары, ұрылары әшкереленеді. Оларға қарсы құрескен – Жексеннің бұрынғы тоқалы Райқан. Осы шығарманың негізінде 1943 жылы “Райқан” деп аталатын көркем суретті фильм түсірілді. Жалпы колжазба мәтіні мен кейінгі басылымдарды салыстырып қарағанда айтартықтай өзгеріс пен түзетулердің жоқтығы көрінді.

**T. Әкім**

### **“БҮРКІТШІ”**

М.Әуезовтің Қенестік құрылыш тақырыбындағы көркем әңгімелерінің бірі “Бұркітші” алғаш рет “Әдебиет майданы” журналының 1937 жылғы 8–9 сандарында (34–44-бб.) жарық көрді. Одан кейін Иван Шуховтың аударуында “Литературный Казахстан” (1937. № 11–12, 28–38-бб.) журналында, 1938 жылы Әбділда Тәжібаевтің “Әдебиет хрестоматиясында”, “Песни степей. Антология казахской литературы” (М.: Художественная литература, 1940. 400–415-бб.) жинағында, 1942,

1944, 1946 жылдары шыққан Ш.Кәрібаевтың “Әдебиеттік оку кітабында”, “Песни казахских степей” (М.: Детгиз, 1951. 125–164-бб.), “Қазақ әңгімелері” (Каз.мем.көр.әдеб.басп., 1956. 3–26-бб.) кітаптарында, алты томдық шығармалар жинағының 6 томында (Алматы, Қаз.мемл.көр.әдеб.баспасы. 1957. 77–108-бб.), И.Щеголихиннің аударуында “Казахские рассказы” жинағында (Алматы.: Казгослитиздат, 1958, 111–129-бб.), 1960 жылы Түркменстанның “Ашхабад” журнальында (№ 4–5. 34–42-бб.), А. Мұхамедовтың аударуында шыққан өзбек тіліндегі “Қараш-Қараш” аталатын кітапта (Ташкент, 1962), “Көксерек” (Алматы: Каз. мем.көр.әдеб.басп. 1962. 12–54-бб.), “Лютый” (Алматы: Казгослитиздат. 1962. 33–51-бб.), “Крутизна” (М.: Советский писатель, 1965. 196–205-бб.), Ауэзов М. Избранное. (Алматы: Жазушы, 1967. 199–221-бб.) жинақтарында, он екі томдық шығармалар жинағының 2-томында (Алматы: Жазушы, 1967. 104–128-бб.), орыс тілінде басылған бес томдық шығармалар жинағының 1-томында (М.: Художественная литература, 1973. 510–528-бб.), жиырма томдық шығармалар жинағының 2-томында (Алматы: Жазушы, 1979. 269–292-бб.) басылды.

Жай қарындашпен латын әрпінде жазылған әңгіменің қолжазбасына (ЛММА, Кпр-1, № 59. 52–95-беттер) “Бүркіт аңшылары” деп тақырып қойылған. Бірақ журналдағы алғашқы жарық көруінен бастап, кейінгі жарияланымдарының барлығында да “Бүркітші” атымен басылыш келді. Алғашқы журналдық басылымы мен алты томдықтағы нұсқасы арасында аздаған өзгерістердің барлығы, жеңіл-желі түзетілгендердің көрінеді. Мысалға, ықшамдалғандайсының түрі: “Мырс беріп күліп тұрып: сен мына құсты қолыңа ұстатаң бетінде қазір бөгелмestен комендатурага, Александрға шап” деген жолдар: “Мырс етіп күліп тұрып: – Сен мына құсты қолыңа ұстаган бетіңде комендатурага, Александрға шап” (6-том, 86-бет) сияқты болып келсе, “Беке, бүгін не жауга шығайық та, не аңға шығайық. Егер жауды Керегетаста десек, онда мына бүркітті үйге тастанайық та, бүгінгі күнді соған берейік” – “Беке, бүгін не жауга шығайық та, не аңға шығайық, өзіміз де екі жар болмайық. Мынау Оспанқұлды да екіталаі қылмайық” (81-бет) сияқтанып редакцияланған тұстары да кездеседі. Ал “Әрі Сарымсақтыға аттанған жауга нағыз өкпе тұстан ұрымтал биік” (80-бет) деген мәтіндерден кейінгі: “Керегетас сияқты ұры қойын, жасасырын далдалары көп биікті Бекбол арылтаса, өзге кісі қаншалық көп болса да, ойдагыдан арылта алмайды. Шың мен құз бар ма, арқар, жынтас, кешу бар ма, қорым, қойтас бар ма – барлық жыңбырын білетін бұл өнірдегі атаулы жерши Бекбол гана”, деген жолдар түпнұсқада жок.

Енді кейінгі басылымдарға енгізілмей түсіп қалған қолжазбадағы мына жолдар қалпына келтірілді. Елу томдыққа жиырма томдықтағы басылымы негізге алынып отырган соң, мұнда сол соңғы басылымның беттері көрсетіледі.

“Бүркіт ұстаган бойымен бұрылып” (269-б.), “Жәнібекке де ең дуелі жолаушы атының қасқасы жарқ етті” (269-б.). “Өмір тәжірибесі аз, үмітке бейім жас жігіт оқшаша жолаушы туралы ешір күндік ойлаған жисек-ты.

— Өзінің лепірін келе жатқан ажарын қараши. Маңдайы жазылып, қуанып келе жатқан кісідей тіпті... — дей беріп еді, Бекбол бұның аңқаулығына жынымын:

— Ой, тәйірі, сүйінші сұрай жүр деймісің құлқын сәріден, — деп, біраз тұрып — қысылып жүрген неме гой, — деді” (270-б.), “Әрдайым кәрі аңшыга сүйеніп, соның тәжірибесіне барынша сеніт, әдеттеген Жәнібек Бекболдан мына жайдың шешуін күткендей еді. Бірақ бұрыл сақалды қарт бір көзін сығырайтып, әжімді жүзін тыржиста қараганы болмаса, ешір болжаса да, байлау да айтпаиды” (270-б.), “Бұл басында атынан түспей тұрып сойлей бастап еді. Бірақ қатты жүрістен еті қызын, тер басып келген жараша бедеу тыныш тұрмай, біресе тарпнып, ауыздығын тістеп, жер сүзіп, біресе бұлақдан, қозғалақтан көлбектей береді де, жәндеп сойлеңестірмейді. Оспанқұл еріксіз жерге түсіп, жүресінен отырып сойладі” (271-б.), “Зорға дегенде жылқышыларға ырық беріп, басы құралыпты. Бірақ бағана таң білінер-білінбесте бұлт айықкан соң Оспанқұл өзі жүріп, түгендесе тоғыз ірі” (271-б.), “сүық қол, бөгде біреулер араласқан да, бір” (271 б.), “сол топтың ішінде кетіпти” (271-б.), “— Бәсе, біздің ойымыз да сол. Тіпті сүйт жүрсе де шекарага таң қылаңдай ілігу керек. Ондай болса біздің сақшылар откізе ме? — деп, Оспанқұл өзінің түннен берегі топтылауын да айта бастап еді. Бекбол: — Ой, тәйір, таң түгіл тұн боса да граница откізбейді. Бала бол кетіп не?” (272-б.), “— Ал егер қолды болса, бұл ниеті бұзық жаудың қолы гой. Мақсұты шекарадан өту гой. Өзі таңға жақын болса, ол ит дәл сол түнде өтем деп дәме қылмайды. Не болса да осы алдыңдағы түнде өтуге тырысады” (272-б.), “Бекболға келгенде де Оспанқұл әдейі осы тасты арылтып берсін деп келіп еді. Тегінде” (272-б.).

— Керегетасқа біздің мергендермен ит ерткен аңшыларымыз кетті гой. Кезіксе солар көрер, — деді.

Оспанқұл ол аңшыларды білуші еді.

— Ойбай, сығыр-ай, оларың жас балалар гой. Жерді жете біле ме? Және тазы итпен тас басына шыға ма, балақ адырларды қагады

еой. Тиңті менің мынау хабарымды да естіген жоқ. Аңнан басқаны аңгарат деймісің, – деп, аңшылардан ештеңе үміт етпейтіндей бол, тұғіле сойледі. Барлық қадалғаны Бекбол бол тұр, ол анық” (272-б.), “Онда тұлқі мол және әлі басына құс алып шықсан аңшы да жоқ. Осымен өздерінің аңшылық есебі жағынан қараганда ең қолайлысы Ожар. Бекболдың солай ойысын тұрғанын Жәнібек осы жақынан қараганда бек туғынеді” (273-б.). “Егер жсауды Керегетаста десек, онда бүркітті үйге тастайық та, бүгінгі күнді соган берейік. Құспен шыгарлық Керегетаста тұлқі де жоқ. Ал, Ожарға кетсек онда мына қысынға қараганда жаса болуга жән жоқ. Не де болса аңға шықтық деп кетеміз” (273-б.), “Жәнібек колхоз алдындағы өз міндеттерін атаган жерде Оспанқұлдың кекесінін лайықсыз деп біліп еді.

– Е, колхоз бізді сейіл-серуен құр деп, қостап шыгарып отырған жоқ. Оны сен тегі шам қылма Оспанқұл, білдің бе? – деді” (273-б.) “Бұл сөзге біраз баға берсе де Оспанқұл бұрынғы бетімен:

– Эй, не дегеніңмен аңшылық есебің басым бол тұр-ау, Беке, – деді” (273-б.), “артына бұрылым, Оспанқұлды “Уай!” деп дауыстап, мойнын бұргызыда да: “Александрга айт, Ожардың іши-тысын біз арылтады де”, – деп енді қайтып бөгелмей” (273-б.), “Оспанқұлдың жұмысына ол бір күнін қимады” (274-б.), “Аңшылар қосынан оқ бойы жерге кетіп, комендатурага қарап беттегендегі Оспанқұлдың соңы байлауы осы еді” (274-б.), “қарап саспастан” (274-б.), “қорлық сөздері” (288-б.), “ендеши мына құсты қош айтып қоя беремін! – деді. Бандылар етке кіріскең еді, теріс дескен жоқ. Бекбол Қаракердің көзіне қарап, бойын біраз сылат қойып, – жа,” (289-б.), “Ең улкен үй жаңа мектеп, содан кейін басқарма және осы” (292-б.), “әлі бірнеше күн бойы” (292-б.), “Бекбол да, Александр да” (292-б.), “Үйткені районнан Александрға хабар келген... Сайлау округиң ұлттар советіне ұсынбақ кандидаты осы ардақты қарт, кәрі қыран Бекбол еді” (292-б.).

Басылымдарға енбей қалған осы жолдардың бітім-бітісінен де құсбегіліктің неше алуан қыр-сырлары елес береді; бұның бәрі алдағы жазылар үлкен шығармаға дайындығы екенін төрт-бес жыл өткенде барып дүниеге келген Абай туралы романдарындағы кең ауқымды суреттеулерінен көруге болады. Әңгімесінде бүркітінің әрбір қимыл-қозгалыс, сілкіністеріне, тіпті екпіндей ұшып өткен құзғын, күшігендердің бет алыштарына қарап отырып та өзіндік болжам, түйін-байламдар жасайтын аңшыны бейнелесе, романында ой адамы, соның ішінде ақынның аңшылық қызығына құлай берілген кездегі бітім-болмысы, мінез өзгерістері, шығармашылыққа ұштасқандағы шабытты шағы көркем кестелеумен жайып салынды.

**Т. Әкім**

## “ОЛ КҮНГІ АЛМАТЫ”

Очерк “Қазақ әдебиеті” газетінің 1936 жылғы 29 қарашасы мен 4 желтоқсандағы сандарында жарияланды, қолжазбасының сакталмауы және газеттің 29 қарашадағы санының табылмауы себепті оны қалпына келтірудің мүмкіндігі болмады. Бірақ онда нендей мәселенің көтерілгендердің соңғы бөлігінің мазмұн желісіне қарап та болжамдар жасау киынға соқпайды.

Мұнда да жазушы “Қылыш заман”, “Тұнгі сарындағы” сияқты он алтыншы жыл тақырыбын қозғады, бұл жолғы сөз Алматы мен оның айналасындағы ауылдарда өршіген халық қозғалысы туралы болды. Патшаның маусым жарлығы шығысымен-ақ Ұзынагаш болысының Үлкенсаз деген жерінде он бір болыстың бес мыңдан аса адамы бас қосқан жыныда: “октың астына барғанша осында өлген артық” деген бәтуаға келіседі. Осындаи ниеттегілердің бір белігі Бекболат Әшекеев (1848–1916) айналасына топтасады. Ол топ Үшқоңырда кару-жарап жасауға, соғыс өнеріне жаттығу ісіне, жазалаушы отряд жолына тосқауылдар қою шараларына кірісіп те кетеді, бұларға Бішкек, Тоқмақ, Ыстыққөл маңының қырғыздары да келіп қосылады. Дүрбелең екпіні осылай қарқын алып жатқанда айлакер болыс Бейсембай казақ жігіттерін солдатқа алмайтын болыпты деген өтірік хабар таратады да, өзі басқарып, отрядты көтерілісшілердің үстінен түсіреді. Қарулы қолға төтеп бере алмай женілген халық Құмбел арқылы қырғыз жеріне шегінеді, одан ары Қытай аспақ болғанда, панасыз жүрттың кейінгі күнін ойлаған Бекболат бар кінәні өз мойнына алып, отряд қолына беріледі. Оның немен аяқталғаны очерк кейіпкерінің көзімен былай беріледі: “*Балташ қанша шатақтасып бармаймын десе де болмай, әлгі стражник көтпен бірге айдан отырып, Боралдайға қарай бұны да әкетті. Боралдайда ол күні мұның көргені әлі көз алдынан кетер емес, жігерін қайнатқан ызының молы сол. Көз алдында Ұзынагаш, Қастектің сезіз азаматтын дарға асты. Қайран Бекболат! Аяқ-қолы байлаулы күйінде дардың астында тұрып, дәл басына қап кигізер жерде сұп-сұр бол an, дауыстап саңқ етіп: – Қайран ел, қош! – деді*”. Бейсембай зұлымдығымен тізімге ілігіп, бір белгісіздікке бет алып бара жатқан Балташ тау жаққа қараганда, көзіне қазақ зираты түседі. Ол кеше гана болып өткен қайғылы халді елестетеді. Осы кезде қасындағылардың барлығы да ауыздары күбірлеп құран оқып, дүға жасап, беттерін сипасып жасып екен, бұл бағыштаулар осында жерленген Бекболат әруағына арналып жасынаның білді.

Очерк алғашқы жарияланымынан көп жыл өткенде жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 8-томынан (47-51-беттер) орын алды. Елу томдыққа сол басылымы мен газеттегі нұсқасы салыстырылып барып ұсынылды.

**Т. Әкім**

### **“ТАТЬЯНАНЫҢ ҚЫРДАҒЫ ӘНІ”**

М.Әуезовтің бүл шығармасы А.С.Пушкиннің қайтыс болуының жүз жылдығы қарсаңында қазақ және орыс тілдерінде бір мезгілде катар жарияланды. Қазак тілінде: “Қазак әдебиеті” (1937. 10 акпан), “Социалды Қазақстан” (1937. 9—13 акпан) газеттері мен “Әдебиет майданы” (1937. № 4, 57—69-беттер) журналында, жиырма томдық шығармалар жинағының 2-томында (“Жазушы”, 1979. 293—316-беттер), орыс тілінде: “Песня Татьяны” (отрывок из романа “Абай”, из гл. “Степь внимала поэту”) деген атпен “Казахстанская правда” газетінің 1937 жылғы 10 ақпандығы санында, “Письмо Татьяны” (отрывок из романа “Абай”, из гл. “Степь внимала поэту”) деген атпен “Литературный Казахстан” журналында (1937. № 2—3, 50—65-беттер) жарық көрді.

Романның осы үзіндісі кейіннен епопеяның екінші кітабының ең соңғы “Биікте” (Татьянаның сахарадағы әні) деп аталатын тарауының негізін қалады. Өзінің романды басынан емес, аяғынан бастадым деуінің сыры да осында жатыр. Бұған дейін қазақ, орыс тілінде: “Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы”, “Евгений Онегиннің” қазақшасы туралы”, “Евгений Онегин” на казахском языке” атты мақалаларын жазса, бұнысын көркем шығарма түріндегі үн косуы деуге болады. Сонынан “Биікте” атанған тарауда алғашкы жарияланымындағы қалпынан едәуір өзгерістерге ұшырады, сондағы өзгерістердің бірсыншысы мыналарда жатыр:

*“Таңертеңгі шайдан соң үй іші де, қонақ атаулы да тысқа шығып кетті. Қыстың осындағы бір ашық күнінде Абай өзінің үлкен үйінде оңаша отырып қап еді. Алдында үлкен дөңгелек үстел тұр. Оң жағасында Абайдың қайда отыраса қасынан үзілмейтін көршісі – үлкен жасастық жасатыр. Абай біресе аласа үстелге шынтақтап, біресе үлкен алақанымен мықының таянып үнсіз отыр, ойда отыр”* (“Социалды Қазақстан”. 1937. 9 акпан) – “Таңертеңгі шайдан соң үй іші де, қонақ атаулы да тысқа шығып кеткен. Қыстың бір ашық күні екен. Абай үлкен бөлмеде оңаша отырып қапты. Алдында кең, дөңгелек үстел тұр. Абай біресе сол үстелге шынтақтап, біресе алақанымен мықының таянып үнсіз отыр” (“Абай жолы”. Алматы: Жеті жарғы, 1997. 301-б.).

Кейінгі жазылуында тараудың алдына және соңғы жағына қосылған қосымшалар бар. Қосылған қосымшалармен салыстырғанда көп

болмағанымен: “Екейі де мұның ата-бабасы кешкен өмір соқпагынан мүлде басқаша бол откен жандар. Бұлар жүрген орындардан да алдеқайда алыста откен. Қазақша есеп қып айтса, олар да баяғының адамы.

Бірақ сол қалпында осы қыстың ішінде бұл екейі Абайга біртүрлі жақын сияқтанып, жылы ұшырагандай болды. Бөтен дүниеден бөтен тілмен кеп бұған сырларын ашқан, мұндарын шаққан егіздер сияқты болады. Сен де біздей саналы мұғұлысың!” дегендегі сияқты кейінгі басылымдарға енгізілмей қалғандарды барадар.

Осындағы Қарасақау мен Ділданың орнын кейінгі басылымдарда Баймағамбет пен Әйгерім ауыстырды. Қарасақауды жақын серіктерінің бірі ретінде қасынан тастамай ілеңстіріп жүретініне қарағанда ақынды баураған қандай да бір касиеті болуы мүмкін. Оның “Бұған ат берсең разы емес, қалтаннан тының ұрлатсаң разы” деп еркелете сойлеуі осыны сездіреді. Тараудың бұл нұсқасында Әйгерім есімі кездеспесе, кейінгі басылымдарында Ділда көрініс таппай қалған. О баста ойластырғанынан бөлек бұл жерде екейі екі түрлі сезімнің, екі түрлі мінез-қылыштың адамдары ретінде суреттелді. Келе-келе Ділдадай салмақты бәйбіше емес, Әйгерімдей нәзік жанды, мінезді, өнерлі, әнші жар керек болған секілді. Алғашқы нұсқасында Тоғжан, Салтанат есімдері де еске алынбайтын, кейін: “Осы сәтті екі слугелті жүз келді. Өз өмірінде әдейі бұған арнат, ағын түскен жүлдөздай бол елес берді. Бірі – жас жалынды Тоғжан жүзі, екіншісі – жалынын мұңды жасын жеңген Салтанат” деп, оларды шабытқа бөлөнген аса бір әсерлі сәттерімен байланыстырады.

Осы айтылғандардың барлығында бөліңкіреп атарлықтай құрделі өндөу-жондеулер жок, негізгі желі, негізгі сарын сакталған; жалпы косқаны мен алғаны, сойлемдер мен сөз тіркестерін жетілдірудегі ізденістері жөнінде де осыны айтуға болады.

**T. Әкім**

### “КАК ЗАПЕЛА ТАТЬЯНА В СТЕПИ”

Бұл – болашақ роман тарауының орысшасы. Оны Михаил Воронцов әдеби өндеулермен (Литературный перевод) “Казахстанская правда” газеті және “Литературный Казахстан” журналдарында жариялады. Газеттегі басылымы – “Песня Татьяны”, журналдағысы – “Письма Татьяны” деп аталды.

Романы үшін қажетті деректерді, ел жадындағы ақыз-әңгімелер мен естеліктерді жинауды отыз бесінші жылдың желтоқсанында бастаган, бірақ жазуға шындал кіріскені 1939–1941 жылдарда болды. Осы дерек жинау мен шығарманы қолға алуының арасында “Татьянаның қырдағы

ені” жазылды. Одан кейін романның: “Қат-қабат” (“Эдебиет майданы”. 1939. № 6, 7, 8), “Шытырманда” (“Эдебиет майданы”. 1939. № 10, 11), “Именем шариата” (“Казахстанская правда”. 1939. № 24, 27 мая), “Возвращение” (“Литература и искусство Казахстана”. № 5, 6), “Схватка” (“Литература и искусство Казахстана”. 1939. № 7), “Тяжба” (“Литература и искусство Казахстана”. 1939. № 7), “Тяжба” (“Литература и искусство Казахстана”. 1939. № 8) деген тарауларының үзінділері жазылғаны жазылғандай Г.Шәріпованың аударуында окушы қауымға ұсынылып отырды. Келесі жылындағы “Песни степей” (Антология казахской литературы. М.: Художественная литература, 1940. С. 383–399) жинағындағы үзінді Л. Соболев аударуымен шықты. Кейінгі аударушылар легінде (бірінші кітап) Т.Нұртазин, А.Никольская, Л.Соболев есімдері аталады да, олардың қатарынан М.Воронцов, Г.Шәріпова есімдері кездеспейді.

М.Воронцов аудармасын автор жасаған орысшасымен салыстырып қараганда айырмашылықтың мүлде аздығы көрінді; бұл жердегі жазушы ұстанымы өзі жасаған аударманы өзі иелену емес, бұған өзге ұлт өкілдерін араластыруды, шығармашылық ынтымақтастыққа тартуды мақсат еткен секілді. Оған негізгі жұмысты өзі жасап, сәл-пәл өндеулерді аударушылардың үлесіне қалдырғаны басынан, ортасынан, соңғы жағынан келтірілген мына мысалдардың өзі-ақ дәлел бола алады.

**Колжазбада:** “В это солнечное зимнее утро, когда домочадцы и гости находились на улице, Абай оставался один в своей большой комнате. Он сидел на обычном своем месте, у высокой с костяной резьбой кровати. Справа от него лежала большая белая подушка, обычная соседка его, когда бы и в чём бы доме не сидел Абай. А впереди был огромный, но низенький круглый стол. То облокотясь о край стола, то опираясь широкой ладонью о свое колено, он подолгу не менял своей позы. Сидел безмолвный, в раздумьях.

В его взоре дальними огоньками теплились лампадки мысли. Часто как бы пристально смотрят эти глаза на виднеющиеся в противоположное окно на ярко освещенные сейчас утренним солнцем снежные холмы. Какой-то неведомой, незыблемой мощью замкнувшись эти закутавшиеся холмы” (папка № 20, 50 стр.) – Аудармада: “В это солнечное зимнее утро, когда домочадцы и гости находились на улице, Абай оставался один в своей большой комнате. Он сидел на обычном месте, у высокой с костяною резьбой кровати. Справа от него лежала большая подушка, впереди был низенький круглый стол.

Опираясь широкой ладонью о колено, Абай подолгу не менял позы. Он сидел безмолвный, задумчиво глядя через окно на ярко освещенные утренним солнцем снежные холмы”.

**Колжазбада:** “Где Пушкин, и где шелковые волокна чувств Татьяны? Татьяна с прозрачной истиной и дышащая своим правдивым

сердцем. Истец в погоне за своим скотом и вор упрямый, живущий поедал чужое. Бесконечная муть запутанной жизни. Как утомили и как губят они. Где твой голос Татьяна? Помню ли его? – подумал он и расстроенный взялся за домбру, искал того напева” (стр. 58). – **Аудармада:** “Где Пушкин, где шелковые волокна чувств Татьяны? Как совместить эту девушку, дышащую правдивым сердцем, с грубым истцом, только и думающим о своем скоте, с жадным и наглым вором? Как опротивела эта муть запутанной жизни. Как утомили его эти ненужные, губительные дела. Где твой голос, Татьяна? Расстроенный, взялся Абай за домбру, чтобы снова найти чудесный напев”.

**Колжазбада:** “Закрывая перед поздним ужином пушкинские страницы, Абай высказал вслух:

– Ты раскрыл мне глаза на мир, дорогой Михайэлис. Теперь перекочевывает моя Кааба и запад становится востоком, а восток стал западом для меня. И пусть же будет так...

После ужина домашние не расходились и по-обычному ждали каких нибудь рассказов Абая. Просидевший до ужина отчужденный от родных Абай, видя свою жену Дильду и также ожидающих Кишкене молду, Карасакау и особенно своего любимца сказочника Баймагамбета, решил рассказать что-нибудь.

И этому кругу, сидящему до глубокой ночи слушая его, Абай рассказывал впервые недавно прочитанную им одну из ночей Шахерезады о Зукуль Шаркене и Зукуль Макане”. – **Аудармада:** “Закрывая перед ужином пушкинские страницы, Абай сказал самому себе вслух:

– Ты раскрыл мне глаза. Теперь перекочевывает моя Каабба и запад становится востоком, а восток стал западом для меня. И пусть же будет так.

После ужина домашние не расходились и по обычаю ждали рассказов Абая. Видя свою жену Дильду, терпеливо ожидающих Кишкенемолду, Карасакау и своего любимого сказочника Баймагамбета, Абай решил им рассказать что-нибудь.

Сидя окруженный ими до глубокой ночи, Абай рассказал недавно прочитенную им одну из ночей Шахерезады о Шаркене и Зукуль-Макане” (“Казахстанская правда”. 1939. 27 мая).

Міне, бұлардан жазушы мәтіндерінің кейде қысқарып ықшамдалғаны, кейде орнын ауыстырғаны болмаса, көркемдеуге, түрлендіруге қоскан аудармашының үлесі байқала коймайды, автор ойы мен сез колдану тәсілдері жақсы сақталған. Алғашқы абзацтың “на обычном” дегенин кейін “на своем” сезі мен “обычная соседка его когда бы в чьем доме не сидел Абай”, “огромный, но” деген жолдар қысқарып қалған, үшінші абзац сөздерінің орны ауысып, сәл өзгеріске ұшыраған.

Қолжазба Абайдың “Мың бір тұннен” Шаһризаданың Шәркен-Зүкүл-Мәкән жайындағы хикаяны баян етіп отырғанымен аяқталады. Одан кейінгі Мұхамеджанның қалаға барып, Абайдың етбауыр туыстары мен шәкірттерінің жаразтықты мәжілісінде ел-жүргө әлі естіп білмеген жаңа әнді, Абай әнін шырқап, тындаушыларын айран-асыр қылған көрініс мұнда қамтылаған. Газетте дәл осы түрдегі нұсқасы басылған, журнaldағы жарияланымында қала көрінісі бар. Елу томдыққа түпнұсқа бойынша қала көрінісінсіз жіберілді.

**Т. Әкім**

### **“ТАРТЫС”**

Пьеса араб әрпінде “Октябрь үшін” драмасымен бірге бір дәптерге жазылған (ЛММА. Кпр-1, № 130-п. 89–139-бб.). Орыс тіліндегі аудармасына “1933 жыл” деп, ал қазак тіліндегі қолжазбасының мерзімі көрсетілмеген. Сол кездегі жасалған шартнамаға (273-папка) қарағанда бұл туындының мемлекеттік тапсырыспен жазылғандығы көрінеді. Шығарма түпнұсқа негізінде 1935 жылы Қазақстан көркем әдебиет баспасынан жеке кітап болып басылып шықты, содан көп жыл өткендеғана барып, жазушы шығармаларының жиырма томдығына (“Жазушы”, 1982. 10-том. 5–87-беттер) енді.

Бұл да жазушының белгілі хатына жауап ретінде іле-шала жазылған дүниелерінің бірі; оның идеясы мен мән-мазмұны “Өзімнің ондай топтармен байланыскан артқы құнімді осылайша нық тексеріп, қайта бағалап келгендегі ендігі байламым: сол ескілігінен өз арамды бұдан былай да біржола үзіл-жарып алу және сол ескілікпен мені байланыстырып жақындастырған жайлардың барлығынан үзілді-кесілді арылып шығу” (“Социалды Қазақстан”. 1932. 10 маусым) деген ойларымен барынша үндеседі. Сонда автор драмасының ішкі мазмұны мен құрылымындағы оқиға желісін қазақ институтындағы тартыска құрды, сойтіп “Тартыстағы” тартысы “жарқ етіп көрініске шығып, артынан тасаға түсу, тағы да шығып, тағы да түсу” сипатында өріс алды; тапшыл-жаңашылдар бұрынғы оқыған зияллыларды азиятшылсың, алдағыға сенбейсің, арттағыны қимайсың, халық қамын жеген бол өтірік қамыбып, өтірік қайғырасың, сенім артуынан гөрі қобалжуың басым деп жазғырды. Олардың мақсат ұстанымы кіндік өкілі, өлкелік партия комитеті мүшесінің “Біз казір шынның шыны, сынның сыны, сырдың да ашылатын ұлы өткелге келдік. Фасырлар, тарихтар бойына тамырын терең жайған тәртіпке селдей сокқы жасамақпыш” деген сөзімен жеткізді. Осындағы жасалатын сокқыларының лебінен жаңа ма, есke ме, ұлтшыл ма, тіпті жаңашылдың өзі ме – таңдал-талғап, айырып-ажыратып жатпайтын дауылдың екпіні сезіліп түрдү. Бұл

жерде автор кеше ғана өзі қатарында болған ұлтшылдық, алаштыл ұлтшылдықты әшкөрелеген сияқтанғанмен аргы түбіне астар; тапшыл ұранышылдардың әкелер ауыртпалығы әлдекайда қауіпті, әрі залалды болатынын, о бастағы идеялық ұстанымдарынан соңшалықты алыстап, ауытқып кетпегендігін ұғындырыды. “Әуезов сөзі мен ісі неге бір жерден шықпайды” дегендердің сөзінде, әрине, шындық бар.

“Тартыс” театрауда сахналанбаған. Енді түпнұсқа мен басылым арасындағы текстологиялық немесе жетілдіру, толықтырулар енгізу жағына көз салғанда, онда аздаған өзгерістердің барлығы байқалды, олар мына төмөнделгідей: қолжазбада “сегіз суретті”, эпилогты пьеса делінсе, кітаптағы басылымында “Тоғыз суретті” деп көрсетілген. Қолжазбадағы бес көріністен тұратын бірінші суреттің көріністері санмен белгіленген де, одан басқа суреттердің көріністерінде ол жок. Соңғы сурет алдын “9 сурет” деп, соңынан өшіріліп, оның орнына “эпилог” сөзі жазылған. Қолжазбада Гүлжәмила (Гуля) Сараның сіңлісі болса, кітапта ол Сараның дос-құрбысы ретінде көрінеді. Бұл басылымға “Сара екеуміздің достығымызды бағалайды-ақ екенсің”, “Екеуінің қатындары да дос, подруга” дегендердің орнына бұрынғы түпнұсқадағы мәтіні қалпына келтірілді. Кітаптың 5,6,7,8,9,11,12,13,19,20,23,27,31,32,53,54,70-беттеріндегі орынша, немісше, парсыша, өзбекше сөздер түпнұсқамен салыстырылды, осылардың қазақша баламасы беріліп, ауызекі тілде қолданыла беретін, жалпы жұртшылыққа түсінікті біраз сөздер мен тіркестерге сілтеме жасалынбады. Юсуф қари, Жәлел, Оспановтың жаңағы айтылған тілдердегі аралас келіп отыратын сөздері де қолжазбамен салыстырылышп түзетілді. Оспановтың “Тұрсіз”, “Ой, тұрсіз” деп жиі қолданатын сөзі кітапта “Тұзсыз” болып кете басылған. Кітаптағы “Октябрьдің 11-12 жылында” деген тіркес қолжазбада алдында “8-9 жыл” деп жазылып, соңынан автордың өз колымен түзетілген. 66-беттегі “Бұл кісілер не дейді? Баяғы бақташы қазақ бага берсін, қоштепіл қазақ көше берсін... Әйттеір жасабайы елсіз, меңіреу қалага жсан жусуитпасын, мәдениетке баспасын дейді. Объективно сол 100 жыл, 500 жыл, 1000 жыл бұрын не болса сол бола берсін дейді. Әйттеір бір өз пішиін, өзіндік қалты өзгермесін” (130-папка, 116-бет) деген Есен сөзі Әбіш сөзі болып кеткен. Қадишаның орнына “қашан” деп жазылған тұстар кездеседі. 4-суреттің 9-көрінісі басталатын Сабыр сөзіндегі “Қазақ тілін орыс тілінің, я бір Еуропаның қанжығасына байлау” деген сөйлемдегі “Еуропа” басылымға енбей қалған. Осы көріністегі “Өзгешелігім... өз жолым деймісіңдер, со ма?” “Мен білмеймін, ол Лениннің қазақ сияқты ел социализмге капитал дәуірінен бірақ аттап өтеді деген сөзі, Сталиннің “түрі ұлттық, мазмұны социалдық мәдениет” деген

бір-ақ сөзі. Со ғана ғой, бар білген жүйеңді қолданып, іске асырып келе жаратқан практик та сол. Содан басқа не табысың ба еди сонша бір жайды шешіп тастагандай”, “бірақ иғлікке қарай сен көп емессің...” (118-б.), 7-сурет, 2-көріністегі “бірақ иғлікке қарай сен көп емессің...”, 8-сурет, 3-көріністегі “өзін оқыдыңыз бар, таныссаңыз қайтеді” деген жолдар кітапқа кірмей қалған. 5-сурет, 1-көрінісіндегі: “олай болса сіз Бармақ, Құмтөбе оқиғасы” дейтін Жәлел сөзі де түпнұсқа бойынша “Олай болса бір сұрақ, Қызылқұм оқиғасы” (88-б.) деп бұрынғы қалпына келтірілді. “Шунейт” – “Жөнейт” (80-б.) болып түзетілді, 6-суреттің 1-көрінісінде Сейіткерейдің “dīnici”, “dīnicīmen” дегендер кітапта “онысы”, “онысымен” болып жазылып кеткен (87-б.). 7-суреттің 1-көрінісінде Есеннің “сөйлеймін деп жазылуышылар саны 90” дегендегі 90 санын кітапта 40 деп өзгерткен (98-б.), Мақсұттың “Жарайды, кейін. Әзірше өзіңде тұра тұрсын. Иә, олар қорқатын шығар...” деп басталағы диалог Сұлтанов сөзі болып кеткен. Қолжазбада “Бәрілері жеселікпен жесеңіл басып жөнеледі. Арттарында Мұсілім, Лала қорқып, сілейіп тұрып қалады”, кітапта: “Бәрі жеселікпен басып жөнеледі. Арттарында Мұсілім, Лала қорқып, сілейіп тұрып қалады” деген сияқты бірлі-екілі сөздердің айырмашылықтары бар түстар кездесіп қалып жатады.

1, 2. 147-бет. **“Хақиқат: әрбір адам неповторимая комбинация. Мен де Шоралар үкіметінің”** – Қайта тұрмластай ерекше деген мағынада. – Шоралар үкіметі деп кеңес үкіметін айтқаны.

3. 147-бет. **“Безумству храбрых поем мы славу”** – Бұны “Ерлердің өктемдігін даттап жырлаймыз” деп аударған.

4. 148-бет. **“Протестімен жалғыз тұрып қалатын демоническая натура”** – Әзәзіл бітімі.

5. 148–149-беттер. **“О спа н о в.**

Ше тәдбіри, ей, мұслманан?  
Кемін һұдра не миданам!  
Не баһрим, не бәрин әм,  
Не тәрса, не януди әм,  
Не әз мұлки Ыраки әм!  
Не әз нақи һорасан әм,  
Не гәбрәм, не мұслман әм...” –

Не жұмбак, ей, мұсылмандар?  
Кіммін өзім білмеймін!  
Теніздің де, құрғактың да адамы емеспін,  
Бұтқа табынушы да, яхуди да емеспін.  
Ырактың мұлкі де емеспін,  
Қорасанның топырағынан да емеспін,  
Кәпір де, мұсылман да емеспін.

6. 149-бет. “Ж ә л е л (Оспановқа). Барадар, шама бирбан парси мигоийн” – Жолдас, аз парсыша сөйлейсіз бе?

7. 149-бет. “О сп а н о в . Айя, айқай мән кәм-кәм мигой-әм” – Ие, ағай аз-аз сөйлеуші едім.

8. 149-бет. “Ж ә л е л . Хұк, бысыйар хұп әст” – Жақсы, өте жақсы екен.

9. 150-бет. “Оспанов бұрылып кетіп, тосегіне барып отырып алыш:

Әз асман ше миңуаңи,  
Дәр зәмин ше миңуби!  
Гүйбир зұлым әст ән!  
Шадр һайал әст ин” –

Аспаннан не тілейсің?  
Жерден не тілейсің?  
Анау – зұлымдық күмбезі,  
Мынауы – жанды күшшак.

10. 150-бет. “О сп а н о в (Шұғыл теріс бұрылып, кекетіп). Наин майнे фрау, ін ниилл ниіт” – жоқ, ханым мен тілемеймін.

11. 150-бет. “Ж ә л е л (құліп). Тәжірибе... тәжірибе. Бар білгенін қолданып кореді. Сис шпреен аух дойтиш геноссен?” – Сіздер немісше де сөйлейсіздер ме жолдастар?

12. 150-бет. “О сп а н о в (теріс қараған бойымен). Иң шпреене доитшен, aber иң шпреене ниіт русиши” – Мен немісше сөйлеймін, ал орынша сөйлемеймін.

13. 151-бет. “Ах, какой вы смешной! И чего вы испугались?” – Неткен құлқілі адамсыз. Неден шошыдыңызы?

14. 153-бет. “Буржуазный Еуропаның обыватель воображениесі” – әсірелеп, бояуды молдатып көрсету.

15. 155-бет. “Ә б і ш. Иә, солай ортак” – Иә, солай жолдас. Өзбектер досты да ортақ дейді.

16. 156-бет. “Ә-ә... мархаба, мархаба” – Арабша, “қош келдіңіз” дегені.

17. 156-бет. “Немене сіз мені преследовать ете бересіз?” – Соңыма түсे бересіз.

18. 156-бет. “Вы опять за старое?” – Сіз тағы да бастадыңыз ба?

19. 156-бет. “Ну, возможно ли” – Тіпті, мүмкін бе енді.

20. 160-бет. “Бәрі де кешегі орыстың аксүйектері, черносотенцы, айта берсөн” – Паташыл каражүректер.

21. 164-бет. “Міне коварство” – қиянат, жәбір.

22. 164-бет. “осылайша келіп тұрасыз, кенайы – Женгейді өзбектер “кенайы” дейді.

23. 166-бет. “Только и знаешь ставить в неловкое положение, что подумает? А еще претендует кого-то разыгрывать из себя” — Кісіні ұятқа шалдықтырганин басқа не білесің. Не ойлайды жаңағы? Сөйтіп тұрып өзін әлдекім кып көрсетпек болады.

24. 173-бет. “выпячивать еттік” – Асыра бағалау.

25. 174-бет. “хайыр. Ладья h<sub>2</sub> h” – шахмат жүрісі.

26. 174-бет. **Жюри, жюри не дремать** – сарапшы, сарапшы қалғымандар.

27. 174-бет. **О спа н о в. Ха-ха-ха! Это ход Марабу!** – “Марабу жүрісі дегендегі Марабу” – бір құс. Ойынды теріс жүретіндерді марабу деп мазақ етегін өзіл бар.

28. 175-бет. **Меніңше, флирт тегі жақпайды сізге** – Флирт – қырындау.

29. 176-бет. **Однако, как вы опытны**” – Сіз неткен тәжірибелісіз.

30. 177-бет. **Причем тут способности, Ляля!**” – Шеберліктің қандай қатынасы бар, Лала!

31. 178-бет. **Для нас это очень лестно, неправда ли, Гулечка**” – Бұл бізге тіпті жайлы тиеді, солай емес па, Гулешка.

32. 188-бет. **Юсуф қари. Халбуке біздін меһрабымызда язылған бір паршада: “Құл алхир үэла фискут”** дейді – “Мехрабқа жазылған бір үзіндіде: “Сейлеме, сойлесең тауып сейле” деген.

33. 189-бет. **Терпите, красивейшим терпением**” – Әдемі сабырмен шыда. Бұл сөз Мұхаммед (с.ғ.а.) пайғамбардың “Фиссабр сабирун жәмилатун” деген сөзінің орысшаланғаны.

34. 226-бет. **“Все, что мило**

**Все мимо, мимо...**

**Впереди**

**Неизвестность пути...**

**Незабвенно, неизгладимо,**

**Неповторимо, прости”** –

Бұл А.А. Блоктың (1880–1921) олең жолдары.

**T. Әкім**

### **“ТАС ТҮЛЕК”**

Пьеса алғаш рет 1935 жылы жазылып, жазушының осы шығарма аттас жинағында (“Тас түлек” пьеса, әңгімелер жинағы Алматы: ҚКӘБ, 1935 жылы 7-101-беттер) жарық көрді. 1969 жылы 12 томдық шығармалар жинағының 8-томында “Жазушы”, 1969. 367–447-беттер) басылды. Пьесаның 1935 жылғы басылымында жансақ кеткен мына секілді түсініксіз, мағынасыз сөздер автордың қолжазбасы бойынша: “Жаңыратайық” – “жасаңыратайық”, “Куандандардың”, – “қуғандардың”, “олгендер” – “олеңдер”,

“деп” – “дәп”, “ердіқатынды” – “ерлі-қатынды”, “аралық” – “барлық” болып түзетілген. Автограф пен алғашқы жариялануының арасындағы айырым-өзгешеліктер қайта салыстырылып жиырма томдық шығармалар жинағының 9-томына (1981, 377–379-бб.) ішінара толықтырулармен жіберілді.

**Қолжазбада:** “Ол кісі болса, соган және мына отырған бәріңе де арналған көсем сөзі сол. Оқының десең оқу бар. Болмаса, өздеріңдей еңбекшіден шыққан жұмысышылар бар. Сол істейтін өндіріс орындары бар. Бірің оқуга барсаң, бірің алде өндіріске баарсың. Ол да бір үлкен қазан, қоздеріңді ашаады” (9-бет) деген Нұғыман сөзі 1935 жылғы басылуында: “Ол кісі болса, соган және мына отырған бәріңе де арналған көсем сөзі сол. Бірің оқуга барсаң, бірің алде өндіріске баарсың. Ол да бір үлкен қазан, қоздеріңді ашаады” – деп (18-б.) қысқартылған. Сол секілді Бөлтіріктің қолжазбадағы: “Жә, жолдастар, біз көп сөйлестік, көп жайды ұғыстық, айттыстық. Енді бәріміз бірге жұмыла жаңа екпін, жаңа сеніммен іске кірсеміз. Әзірge түп мақсат қойдың өлімін, шығынын жою. Бұған жетпей қоймаймыз. Өздерің не дейсіңдер? Үәдеміз осы емес не? Не дейсіңдер, Нұрбай, Жұматай, басқаларың” (46–47-бб.) деген диалогы кітап болып басылғандан: “Жә, жолдастар, біз көп сөйлестік көп жайды ұғыстық, айттыстық. Ендігі мақсат қойдың өлімін тоқтату. Шығынын жою. Бұған жетпей қоймаймыз, үәдеміз осы емес не? Не дейсіңдер, Нұрбай, Жұматай, басқаларың” (61-б.) болып редакцияланған. Ал, Сөлкебайдың: “Біз жасаған акты олу үшін қасқыр жеген жемтік пен құлап өлді деген кешегі елу ту қойдың әктысы. Өйткені құлап өлгені де бекер. Жауынсыз, қарсыз үлкен мықты қой құлап неге өледі. Еті мен сүйегіндегі белгілеріне қараганда оларды да ұрып өлтірген. Біз соган акты жасасаман па едік, Топай-ая” (72-б.) – деген ұзак сонар диалогы “Біз жасаған акты басқа емес не еди, Топай-ая?” (84-б.) болып, анық үлкен шебердің қолынан өткендегі бір-ақ жолға сыйғызылған басылым мәтіні алғашқы араб әрпіндегі жазушы қолымен жазылған нұсқасы бойынша салыстырылғанда мәтіндегі сөйлемдер өзгеріспен, біршама ой айттылатын көріністер түсіп калып, кейбір беттер толығымен қысқартылып алынып калған. Бұл латын әрпіндегі жинақ жазушының көзі тірісінде шыққан кітап болғанымен сол кездегі заман ағымына сәйкес айтуға келмейтін ойлар мен пікірлер қысқарып қалған болатын. Пьесадағы біраз диалогтар қасақана алынып тасталды деген пікірдің туындауы занды нәрсе; осыған орай жазушының алғашқы ой-толғаныстарынан тұған оқигаларды араб әрпіндегі алғашқы нұсқасына иек арта отырып, толықтырып, ішінара грамматикалық нормаға түсіріп, қазіргі орфографиялық ережелерге сай толық жіберіп отырымыз.

Басылымға араб әрпінен кириллицаға түсіру кезінде қол ұшын берген филология ғылымдарының кандидаты Сәкенов Сейілбек.

“Тас түлек” пьесасы жазушының көптен ойланып, толғанып, шығармасына алдын ала жоспар жасап, жедел кіріспі, тез арада жазып біткен жұмысы деп айтар едік. Мұражай корындағы (88-папка, 1-111-беттер) араб әрпіндегі автографты жарықта шыгару үшін, баспамен келісім шартқа отырған. Келісім шарттың көшірмесі ЛММА, КПР 1, 274-п. 8-б.).

Издательский договор № 72.

1935 г. 20/XI. Алматы. Сборник новых пьес и рассказов под названием “Тас-түлек” размером до 16,5 п.л.

Осы келісім шарттың негізінде латын әрпінде “Тас түлек” деген атпен (пьеса, әңгімелер жинағы) кітап болып басылып шыкты. Жинақтың бірінші бетіне “Бұл жинақты Октябрь тудырып өсірген Ленин комсомолының казақстандық әтіретіне арнаймын” Жазушы деп, қол қойған кітаптағы “Шатқалаң”, “Іздер”, “Құм мен Асқар”, “Тұнгі сарын” бір мезгілде жазылғандықтан, оқиғалары айтылатын ойлар мен тақырыптары бір-біріне ұқсас баяндалады.

Окиғада Қазан төңкерісінен кейінгі Қазақстандағы тап тартысы, әлеуметтік құресті, ондағы адамдар тағдыры жан-жақты алынып, жаңа адамның әлеуметтік құрес үстінде шындалып, заман ағымымен жетіле түсіп өскенін суреттейтін ауыл тақырыбына арналған. Пьеса жайлы драматург “...көркем әдебиетке, драматургияга революция өсіріп-өндірген жаңа адамдардың бейнесін өсіру туралы М. Горькийдің үндеуіне қосылып, мен жақ бойы “Тас түлекті” жаздым”, – дейді. Қазақ жастарының жетіліп, өсу кезеңіндегі оқып-үйрену мен мамандығын арттыруда құрылыштың қай саласында болса да жеңіп шықкан жетістіктерін баяндайтын “Тас түлек” окиғасы 1928 жылы атақты бай Қондыбайдын жер аударылып, дүние, мал-мұлкі тәркіленетін тұстан басталады. Жайлау, күзеуі мен мал-мұлкі өзінің кедейлеріне үлестіріліп беріледі. Қөршілері мен малайлары Қамбар, Бөлтірік, Алтын, Топай, Шәкендер алғаш құрылышқа жұмысқа барып, жаңа өмірге бет бүрьең сана-сезімі оянады. Жастар жағы комсомолға мүше болып, білімін жетілдіріп маман болып еліне оралады. Қондыбай байдың жеріне сиыр фермасын салып мал асылдандыру ісімен шұғылданады. Бұлар жаңа совхоздың мал шаруашылығын қолға алған тұста, совхозға мүше болып кірген байдың туыстары кедергілер мен зиянкестік ұйымдастырып, совхоз малын айдалап Қытай аспақ болған жерінен ұсталып, бет перделері ашылады. Бұл кезең Қазақстанның 15 жылдық мерекесі карсаңына тұра келеді. М.Әуезов осы мерекеге орай “Тас түлек” пьесасын даярлап сахналандыру ісімен де шұғылданды. 1935 жылы 7 қарашада М.Насоновтың режиссерлығымен (суретшісі А.Ненашев) театрда “Тас түлек” пьесасының алғашқы шымылдығы ашылды. “Соц.Қазақстан”

газетінің осы жылғы 21 қазандағы санында “Қазақ Мемлекеттік драма театрында октябрьдің 22-23-24 күндері Әуезұлы Мұхтардың Қазақстанның 15 жылдық мерекесіне арнап “Тас түлек” пьесасы қойылады” деген хабарландыру шықты.

“Тас түлек” әңгімесін жазушы алғаш оны аяқтамай, іле-шала пьесасын жазуға кіріседі. (10-том. “Тас түлек” әңгімесінің ғылыми түсінігін караңыз.) Себебі әңгіменің соңғы беттерінен кейін 52, 53, 54, 55-беттерде жаңа енбектің кейіпкерлері көрсетіліп, олар жайында сипаттама жазылған. Оқиға басқа арнаға ауысып, ұжымдастыру кезеңін тілге тиек еткен. Аштық оқиғасынан там-тұмдан айтып, оның себебін баяндайтын пьесасын жазады. Пьесаның жазылуына себепші өмірде болған уақығаны баяндау үшін кейіпкерлерін типтендіріп болашақ шығармасының жоспарын жасайды. Осы аттас әңгіменің қолжазбасымен бірге түттелген (50-папканың 52-беті) пьесасының мына түрдегі жоспарын жасаған:

## “ПЛАН”

### 1. Арпабай

Арпабай – балдырлакпыш, бірақ бұрынғы айдан нық орнап қалған, басында ішінен байларға жаңы ашиды. Кемпірімен сойлескенде сол жақ иық көрінбейтін сиякты. Шәкенді Қамбарға телігісі келеді. Оған өзгеден көп бой тартады. Қатынымен ақылдасып, колдан шығармалық, Қамбарға әперейік деген ойда болады. Қамбарға былғаспа деп, бірдемеге ұшырап қалма деп, ылғи етегінен тартып, шаужайлап отырады. Барлық жасқа әке болады. Бұрынғының әңгімесін айтқыш. Байларды бәленшекен деп отырады. Сонда сендердікі өзге, менікі өзге деп те қояды. Қамбарды бұл жағынан қыса береді. Бұны әкең Бәйшік байдың құйыршығы деп, кейін өркөкірек демогогте де себеп болады, кейінде барып көзі ашила бастайды. Шатасқан қүйінде бірде қырағылық жасап Қамбарларға жол көрсетеді. Басында орыстан, оқығаннан үркек болады. Артынан еті үйреніп, тәуір көреді оларды. Ел бұрыннан ата қонысына кетті деп, кейін Қамбарды мазалап жүретіні де болады. Қамбар Бөлтірік сипаган карсаң қалып еді. Өзін неге айтасың деп қылжақ етеді ондайда – Атаның басы, бастарында баспана да жоқ. Әлі көтің қоныс тапқан жоқ деп такымын қысып та қояды. Ең аяғында өзі хат оқып, кітап оқып жатады. Тиатрды Есбике екеуі тіпті жаксы көріп алады. Басында соның жайын көп сөз ететіні болады. Жау боп кеткен Қамбар құрбыларының қоймасын ашқан болады. Подсобный қазайстваның малина ие бол отырады. Бәйге алған күні ударник боп, пьесаның соңғы передесінде.

## 2. Есбике

Бұны Қамбар қалжың еткіш. Алғашқы пердеде Қамбарға беріп жатқан қамсамол кнежкесін қолына алады. Анау қылжақтаپ ұстама. Қамсомол еken деп шатақ қып жүрер дегенде. Ибай, көтек “мә ендеше” деп лактырып жіберіп, күліп қолың ұшынып кеткен еken о несі еken дейді. Қашан да қонаққа келген шыдадың ғой деген де... (*осы жерде екі сөз өшіп қалған*) деп жатады.

Бөлтірік қылжақтаап, кане Есекемен... дегенде кане әрман. Өншең жүгермек жетісіпсіндер ғой ана байды шошытып пәлі қара өзі. Қай жағынан ұрдырып жетісерсің дей бастайды. Пәле, өзі бай құлақтың құйыршығы ғой, өзі мынау деп, Қамбар бастап барлық жұрт қалжақ етеді. Шәкен келгенде оған болысып, балам бол деп, жабыса береді. Кейін барлық жиын елге ес бола бастайды.

Қамбарлармен өзгелердің арасы бұзылғанда екі жағына бітімші боп көп жүреді. Қызым, желікпе, Құсбекті ұмытсан, құдайынды ұмытасың деп, соңғы уақытқа шейін соған қолын безеді. Аяғында байына сезіктер айтып, жау жағының сырын ашысады. Тиатр құмар.

## 3. Сөлкебай

Мыналардың... жана өмір дегендердің бәрін керегі жоқ деп, лық-лықтап керек қылмайды.

Оқу, окуға барамыз дегенде, бәрекелді дейді. Өзі момын, күле береді. Бұны екі аралықта болғандықтан өзгелер кезек тартып пайдаланады. Жаман жақ өз кісісі қып ап, бір жаман іске пайдаланады. Сол ісін айтқанда бұл талқан боп, Қамбарларға кеп, бұлқан-талқан болады. Бұдан мына жақ та берік боп қалады. Аналарға әбден өшігіп алады. Қыздар қалжындааса ұладады. Бірақ өзгелермен жақындастып, қуанып, күліп мәз боп жүреді. Аяқ кездे бір тоға, салмақты түзік адам болады. Топайды алады. Оған басында жақындастырып жіберген Мес болады. Топайды алғаннан кейін Бөлтіріктен, Қамбардан қашқалақтайды, ұладады. Бөлтірік өзі берді деп те жүреді. Топай бұдан өжетірек, намыстырақ боп барып, бұны өзі алуға ерікке қоймай қөндірген тәрізденеді. Екеуі бірін-бірі өте жақсы көреді. Артынан бұның екеуі де зоотехник боп келеді. Сөлкебайдың мақалдары: ұялмаған бұйырмағанды алады деп, “Топайды алар жерде”.

Қырсықкан ат қыңыр жүреді деп (*алғашқы суреттө*)

Көргеніңнен көп еken көрмегенің,

Әлі көпті көрерсің өлмегенің. (*аяқ кезде*)

## 4. Топай

Басында өте момын. Қалаға барасың ба деп Бөлтірік сұрағанда “қойшы әрі” деп көнбейді. Қалаға барып, орысша оқысын деп жібереміз дегенде жауап бермей, артынан қадағалағанда – Аулак жүрші өзің, орысынмен дейді. – Міні, бұған айтсаң шалқасынан түседі өстіп... Бұда бір Сөлкебай – ой жарықтығым...

“... Сөлкебай, – деп күлдіреді Бөлтірік. Артынан Топай оқып, өте жақсы, мықты қызметкер бол алады. Өзі айтқанынан, өз сертінен таймайды. Ешкімді аямайды. Қысталанаңға түскенде, алғашқысындей қырықпай, жауап бермей. Берсе ұрысып отырып алады. Аяғында Топай мен Сөлкебай қосылады. Бөлтірік өзі де босайды. Ана екеуіне қалжақтап тұрып бата береді. Сөлкебай ұялады. Топай Бөлтірікке ыза болып, Сөлкебайды қолтықтап алып кетеді...

## 5. Бөлтірік

Қылжақбас. Тапқыш. Бұрын бәрінің көбіне сол басшы. Бір сөзін ылғи қалжындан отырып айтады. Еш уақытта саспайды. Қажымайды. Жауымен беттескенде таймайды. Сөзін еттен өткізіп, сүйегіне жеткізеді. Алғашқы Омарды қылжақ еткен, әдепті тілді білмейді. Анау қамсамолдық дисциплина десе: ... оттамай жөн сойле әруақ атқыр деп отырады. “Әруақ атқыр” мұның мәтелі. Анау тағы жаңылып кеткенде, өзің адамша сөйлеп келе жатып, алып қашып кететінің бар. Шығар еруің бар шығар деп бір кояжды. Тәртіп дегенде – тәртіп, көртіп деп, ана бай қызы Шәкеннен неғып айрыласың, қамсамол емес пе еді дейді. Сонда Шәкен кіріп келгенде аңырып қалады. Анау Омай, әдіра қал... Ілік қақты неме! – деп келеді... Тентек. Бөлтірік көбінесе Қамбарға бір-бір жағың басың осы дейді. Сенің бетің түзу. Орнына қалай келтірерін ұдайы білдірмей отырады. Көбінесе шакар сөйлегіш. Қылжақ етіп. Қыздарды, жауларды жақсы көрмей жігіттерді қылжақ етіп, бірсесе шатастырып, бірсесе арыздастырып, бірсесе елеусіз табыстырып жіберіп, шырқ көбелек айналдырып, ұдайы қылжақ етеді. Өз қатынымен Сөлкебай жанасып Меспен қырги қабақ. Анау бұған ылғи дурсе қоя беріп, тарпа бас салып таптап кететін кісі бол сөйлейді. Мынау ондайда оны ылғи шатақтап басына шығып, астынан ақырын қырқып отырады. Қамашқа өте жұмсақ. Шәкен екеуіне сенбейтіндері екеуі Қамашты майсандаң, өзің күлдіре құқаландап қылжақ етіп, Шәкенді ылғи біздің бай кетпес еді деп, қолтығына дым бүркіп отырады. Бақ ағашы тақ кетті марқұм өле, бұл түбінде озады деп отырады. Сөйтіп кеп ақыры Шәкен өзін жақсы көргенде сасып қап, бір рет ашулана беріп, абыржып кала жаздал, артынан қайта күлдіріп, татуласып, Қамбарға Шәкен көзінше қолыма

қайта қондырып алдым ғой деп, қояды... (*соңғы екі сөйлемі оқылмайды, сиясы өниген*).

Алғашкы нұсқаны, кейінгі басылыммен салыстыра отырып, арада кеткен айырма-өзгешеліктерге тоқталамыз. Өзгеріске түсken кітап беттері көрсетіліп, түзетілген мәтіні қатар берілді.

“Тас түлектің” араб әрпіндегі нұсқасындағы кейіпкер Қамаш, кейінгі басылымдарда Қемәш болып өзгергендей көрсетіліп, айтылғандықтан камсамол күйінде жіберілді.

1. 233-бет. “Ә шім . Тоқта, сөзді шығын қылма! Байдың қамын басқа жерде, басқамен сойлес (*Құсбекке*). Жолың болсын шырағым! Болдық, болдың енді, дегеніңе жет. (383-б.) – Ә шім (*Сыбанбайға*). **Тоқта, шығын қылма!** Байдың қамын басқа жерде, басқамен сойлес (*Құсбекке кекетіңкіреп*) Жолың болсын, шырағым!

Сыбанбай (*есікке таман барып*) Ойбой, әлгі құтырған малшылар келеді екен, жүрініз. Әшеке, кетейік (*Бұлар кетеді*.) (383-б.) – Сыбанибай (*есікке таман барып*). Ой-бой, әлгі құтырған малшылар келеді екен, жүрініз, Әшеке, кетейік (*Әшім есіктен қарайды*).

**Ә шім . Үлғи қарсы шыққандар ма осылар?**

Сыбанибай . Жүрініз, бұл әлгі Қамбардың сонына еріп, Нұғман оқілдің қасынан шықпайтын ылғи онер таптық деген жастары. Қөп кедей тағы бар. Олар ана жакта мал үлесіп, иелік жоргесін жатыр. Соған мұның (*Кетеді*.)

Құсбек . Аулақ кетші бәсе, жабыспай (*Бір болек кетеді*.) (*Тыстап кедей жастар дабырлан, сойлен кіреді*.) – диалогтары қосылып түзетілді.

2. 234-бет. “Кемәш (*өзгелермен күлін*). (384-б.) – Кемәш (*өзгелермен бірге күлін*). ”

3. 234-бет. “Бөлтірік . Ойбай, соп-сопақ болған байғұс. Топай деген атың құрсын, топ етіп қарап тұрған (384-б.) – Бөлтірік . Ойбай, соп-сопақ болған байғұс. Топай деген атың құрсын сениң түйіліп тұрған”.

4. 235-бет. “Байдың ішігін киіп, төсекке жантайып жата кетеді. Өзгелері босағада, Арпабай жақындай береді (384-бет.)— Байдың ішігін киіп, төсекке жантайып теріс қарап жата қалады. Өзгелері босағада. Арпабай есікке жақындай бере.

5. 235-бет. ...“Қасындағы кемпірін ұстай береді (385-бет.) – ... Артындағы кемпірін ұстай береді”.

6. 235-бет. “... А р а б а й (*сасып қалып*) Ойбай әлі суартған жоқ едім! (*Қалбақтайды*) (385-бет.) – ... А р а б а й (*сасып қан*) Ойбай, әлі суартқан жоқ едім, бай! (*Қалбақтайды*).”

7. 235-бет. “Омар кіреді, қасында Мес, Құсбек, Алатай, Сапар бері алқа-қотан жинала береді (385-бет) – **Омар кіреді, қасында Құсбек, Мес, Алатай, Сапар бәрі алқа-қотан жинала береді. Омардың қолында көп кінешке”.**

8. 240-бет. “Бөлтірік . Ағай, анау егде тартқан кедей-жалшы өз бетінше орналасып жатыр ғой. (389-бет) – **Бөлтірік . Ағай, анау өзі егде тартқан кедей-жалшы өз бетінше орналасып жатыр ғой”.**

9. 240-бет. “Нұғман . Ендеше, неменесі бар? Оқимын деген кедейге жол ашық. Мысалы, мына Қамбар, анау қарындастарым Алтын, Кәмаш берің де оқындар. (390-бет) – **Нұғман . Ендеше, неменесі бар? Оқимын деген кедейге жол ашық. Мысалы, мына Қамбар, анау қарындастарым: Алтын, Кәмаш, – бәріңіз оқындар”.**

10. 243-бет. “Бөлтірік . ...Шәкенді алғаның қайда? Байдың қызын қамсамолға алғызып әне, бүгін аузынды аппақ қылып әкесімен бірге кетті де қалды (392-бет). – **Бөлтірік . ...Шәкенді алғаның қайда? Байдың қызын қамсамолға алғызып, әне... енді бүгін аузынды аппақ кып әкесімен бірге кетті де қалды”.**

11. 243-бет. “Дәл осы кезде Шәкен келіп кіреді. Бөлтірік теріс қарап тұрып көрмейді. Жүрт тегіс анырып Шәкенге ұмтылғандай болады. Есбике, Арпабай құрметпен қарсы алып жатады. Барлық жүрт соған үңілген (392-бет). – **Дәл осы кезде Шәкен кіріп келеді. Кебежеге шығып сойлен түрган Бөлтірік оған сырт қарап тұрып көрмейді. Жүрт тегіс анырып Шәкенге қарап ұмтылғандай болады. Есбике, Арпабай аймалап, құрметпен қарсы алып жетады. Барлық жүрт соған үңілген.)**”.

12. 243-бет. “Мес . Уай, аруақ атқыр, ... (393-бет). – **Мес . Ой, аруақ атқыр...**”

13. 244-бет. “Арпабай . Қарағым, Шәкен, дұрыс-ақ. Тіпті биттей күнінен бері қарап мұның мінезі үй ішінен ала бөтен төтенше еді. Қылғаны-ақ байға... Осының тіпті мақұл-ақ, балам (393-бет) – **Арпабай. Қарағым, Шәкен, дұрыс-ақ. Тіпті биттей күнінен бері барлық үй-ішінен бұның мінез қалпы ала бөтен төтенше еді. Қылғаны-ақ байға... Осының тіпті мақұл, балам”.**

14. 244-бет. “Мес . ...Тап осы кісі содиядан хат алып, сонымен келген болар (393-бет.)— **Мес. ...Тақ осы кісі содиядан сәлем хат алып, сонымен келген болар”.**

15. 244-бет. “Қамбар . ...Өзі тіпті, Мәскеу кетіпті дейді ғой (393-бет) – **Қамбар . ...Өзі тіпті, Мәскеу кетіпті дейді содиян. Ал ендеше!”.**

16. 244-бет. “Қамбар . ...Біз көп сынайтын сол, өзің де боласың (394-бет.) – **...Біз көп сынайтын кісіміз. Сол есінде болсын”.**

17. 244-бет. “Шәкен Алтын мен Кәмәштің қасына барып отырады (394-бет) – (*Шәкен Алтын мен Кәмәштің қасына барып, сойлесіп тұрады.*)”.

18. 245-бет. “Нұғман . ... Тегіс енді пісіп-қатып, жақсылап осіп, кенестің табанды азаматтары болып келіндер (394-бет) – Нұғман . ... Тегіс енді пісіп-қатып, жақсылап осіп, кенестің табанды, жойытпас азаматтары болып келіндер”.

19. 246-бет. “(...Қамбар Болтірік, Мес, Алатай, Сапар, бір жақтан Арпабай мен Есбике келе жатады) (395-бет) – (...Қамбар, Болтірік, Мес, Алатай, Сапар, Арпабай мен Есбике азық әкеle жатады.)”.

20. 246-бет. “Камбар болып қате жіберілген. Ал, бітірдік, бітірдік, бірақ осы істеп жатқанымыз не еken өзі? (395-бет) – **Б о л т і р і к .** Ал, бітірдік, бітірдік, бірақ осы істеп жатқанымыз не еken өзі?”— деп келетін Болтірік кітапта Қамбар болып қате жіберілген.

21. 247-бет. “Мес . ... Анау, жалынып, салп етек болғанша жотанды көрсете бер, әшейін (396-бет) – ... Анау, әбден жалынып, жалпы етек болғанша жотанды көрсете бер, әшейін”.

22. 247-бет. “Мес. Міне-міне (...Екеүіне қарай үйіріліп, Топайдың тақымын қысып.) (397-бет) – **М е с . Міне-міне.** (...Екеүіне қарап иліп, Топайдың тақымын қысып.)”

23. 253-бет. “Құс бек (Кәмәшқа) Сен енді жұмысқа кіремісің, жоқ па? ... Осы өзіндегі жүрттын бәрі істеп жүргенде жалғыз ерке сен бол жүре бергеннің не лайығы бар? (403-бет) – “Қамбар. ...Мен өзім де соны ойлаң тұрмын. Былықтың мұнда да ілесіп жүргенін көремісің (Кетеді.) Бұл топ тараї береді. Бөлегірек Болтірік, Құсбек, Алтын, Алатай тобы қалады.” – Құсбек пен Қамбар диалогының орындары ауысып, қате жіберілген мәтіндері қолжазбада бойынша оз қалпына келтірілді.

24. 254-бет.. “Камбар (қасындағы Сергеевке). Міне жолдасты, мұндағы жұмысшылар арасы осындаид. Байқап қарамаса әр түрлі жай әр түрлі адам кездесетін көрінеді (Барлық жолдастарды тыңдал тұрады.) 403-беттегі осы диалогтен кейін келетін Сергеев, Сапар, Сергеев, Қамбар, Сергеев, Қамбар, Сапар, Болтірік, Қамбар диалогтері айтылатын пьеса мәтіні қолжазбада кездеспейді, 1935, 12, 20 томдық басылымдарда бар.

Пьесаның бір беттік мәтіні 1935 жылғы 12, 20 томдықтағы басылымдарда бар. Араб әрпінде алғашқы нұсқада бұндай мәтіндер кездеспейді. Алғашқы нұсқадағы жалғасы.

25. 254-бет. “Алтын (қызыарып, сыйырлан). Құсбек, сіз кісі ренжітүге қиярлық кісі емессіз фой...“

Құс бек . Қалқам-ай, қадір білетін сен ғанасың фой. Жанға майда тигені-ай мына сөзінің.

**А л т ы н .** Білеміз тіпті Кәмәштың не ойлайтынын (*Кәмәш жалғыз қайта оралады, қарап тұрады.*) Сізben тату-тәтті болған аз ба кісіге.

**К ә м ә ш .** Эй Құсбек, жүр үйге, шәйінді іш (*Құсбек қарамайды. Алтынмен сырттай береді.*)

**А л т ы н .** Не арман? О, не дегенің?

**Қ ұ с б е к .** Не көріп жүргем мен бұрын. Көзімді дер кезінде шел қаптаған ба деймін.

**А л т ы н .** Ұққам жоқ. Ау, Құсбек, осы сөзінді.

**Қ ұ с б е к .** Ұғайын десең қыын ба? (*ундеспей қарасады*) Соны айтам. Кәмәш жетіп келеді. Алтын ұялып тайқи береді.

**К ә м ә ш (Құсбекке) .** Сенің не ойлап жүрген ойың бар? Мынауың нең!?

**Қ ұ с б е к .** Қой, тек. Осы екеуіміз аз сейлесейікші осы!

**К ә м ә ш (Құсбектің қасына кеп, жабыса түсін) .** Жаңым-ай, не дейсің!? Мынауың бір сұық сөз фой.

**Қ ұ с б е к .** Жаңа “Жұмыс істе”, – дегенімде сен де келтесінен қайырдың ғой. Менікі де – сол. Болды.

**К ә м ә ш (Жалының) .** Құскетайым, кеше гөр ендеше!.. Мен жаңылған екем... (*Кеудесін ұстап*.) Апыр-ай! Жүргегі құрғырдың ауызға тығылып тұрганын қараши. Мен жаңағы қызбен тату тұрганыңнан жаман шошындым ғой.

**Қ ұ с б е к .** Өзіңнен, не көрсөн де, өзіңнен болады.

**К ә м ә ш .** Жарығым, ендеше, “қыл” дегенінді қылайын. Көңілінді бұзып өкпелеме енді.

**Қ ұ с б е к .** Қорейік... (*Журе беріседі. Қарсыларынан Қамбар, Бөлтірік бар, барлық жұрт қайта шығады. Бұрын саҳнада жалғыз Сапар гана шығып жатқан*) ” – болып, өзгерді.

26. 269-бет. “Сөлкебай ұялып қозғалады. Топай Бөлтірікке ыза боп жұлқынып қап, қатты-қатты басып жөнеледі. (417-бет) – **Сөлкебай ұялып қозғалады. Топай Бөлтірікке ыза боп жұлқынып қап, қатты-қатты басып екіленіп жөнеледі**”.

27. 271-бет. “Бөлтірік. Пәлітатдел де! ТСК даналығының бір ерекшелігі осында! Бұрын жан баспаған бір тұрғыдан тың бір істі бастайды да, осы істі баарына барғызатын адамдарды туғызатын адамда туғызады да. (420-бет) – Пәлітатдел де! Колхозшы еңбекшіні партия санасып, күнделікті іс, құрылыс ісіне қабыстыру. Қаулының мазмұнын байқаймысын?

ЦК даналығының бір ерекшелігі осында! Бұрын жан баспаған бір тұрғыдан тың бір істі бастайды да, осы істі баарына барғызатын адамдардың бір пародиасын жасайды. Көрерсің” – болып түпнұсқадағы мәтіндермен толықтырылып, кейінгі басылымдарда жоқ кейіпкер диалогтарымен түзетілді. Олар:

“А л а т а й . О қандай адам?

Б өлтір і к . Қандай адам? Ойла, міне мазмұнына түсін. Мына қаулы осы еңбектің методы қандай адам болуға керек, соны анықтап білдірейін деп отыр. Бұл адамдар бір кызық түрдегі... (бір сөз оқылмады) тілегі бір ортақ партияны паналайтын болуы қатыс.

А л а т а й . Партия мүшесі қай жерде босада біркалыпты партия емес пе? Жақсы партия бар жерде жақсы. Нашар берінде нашар.

Қ а м б а р . Олай демес, бала. Сен ойлап көрсөн Бөлтірік әбден дұрыс айтады. Мысалы біздің кызыл әскер оның ішінде граждан соғыс уағындағы политкомдар, ия жалпы политкомның қызыл командиріне немесе мысалы осы партработниктің өзінің долгісі.

Б өлтір і к . Болмаса мына тіпті жалпы жұмыс қамсамол деген жастардың үлгісі. Ал, осының бері үйрек болмаган жаңа үлгідегі адамдар. Ол бір. Екінші, соның әрқайсысының айқын тіпті айрықша үлгілері бар.

Қ а м б а р . Соның әрқайсысын осындай долгідегі адам босын деп, алдын созып жастай баулап, анықтап қалыпташтырып отырган ЦК (газеттің қайта қаралу) мына қаулы ішінде мына политотдел бір жаңа үлгіні партия қызметкері болатынын нұсқап, шешіп отыр.

Б өлтір і к . Партия ЦК даналығының бір ерекшелігі осындай. Үйрек жан баспаған бір тұрғыдан тың бір істі бастайды да осы істі баарына барғызатын адамдар тусын. Және сондай адамды туғызады” – болып түзетілді.

28. 275-бет. “Е с б и к е . Жарайды. Ол ақылың өзіңе. Қуанышымды көп көремісің. Өзім ойымды айтам балаларыма...” (422-бет) – диалогынан кейін арада бірнеше кейіпкер сөзі түсіп қалған. Қолжазба бойынша толықтырылып калыпна келтірілді.

“Ш ә к е н . Ал енді қашан айтасың?..

Е с б и к е . Қалқау енді ұғып отырысың ғой. Не сырларың бар дейім? Мені не қып, қашан қуантасындар дейім да...

Ш ә к е н (өтірік қылымсыған бол). Япырай, тағы анауым де...  
Үлкен кісісің ұялам...

Е с б и к е . Ойбай, ойбай-ай. Жаман немелер-ай! Құндерің сонымен етті-ай.

Ш ә к е н . Қайдағыны айтап ұялтасың өзің...

Е с б и к е . Карағым-ай, Қамбарға да өзім айтамын... Не қып жүрсің өзің түге дейін оған.

Ш ә к е н (ұялған бол теріс қаралу күліп). Қамбардың өзі ғой. (Беттің баса қаралу) Қойшы, тәйірі. Ұят... Жай айтам... Үндеме...

Е с б и к е (жысалап жіберіп). Е, қалкам, жарығым! Сөйтіп, қуантсаңшы айналайын.

**А р п а б а й** (*қоса дәмеленің*). Жаным-ау. Кемпір-ау! Бір тың жырды қозғап отыр ма десем, жаны бар сөз бе еді. Өзі, қалай?..

**Ш ә к е н** (*Жаны шоши*). Жоға дейім! Қойшы дейім! Болмайды екесіндер өзің...

**Е с б и к е**. Е, жарайды. Сөйдеп әбден тауымды шағып, болғансың екеуің де.. Керегі жоқ. Ендігілерінді тындармаймын. О несі екен!?

Шәкен күле береді. Камбар, Бөлтірік кіреді.

29. 280-бет. “**Ж ұ м а т а й**. Бәрекелде, әсіресе аяқ киім жағынан тым нашармызы” (427-бет) мәтінінен кейін келетін диалог қолжазба бойынша берілді.

“**Б ө л т і р і к**. Азық, астық жағын сен міндеттің алсан, мына жаздай ақысыз отыра ма? Үй-іштері, бала-шагасы бар. Шабан күйі түзелгенше, әрбір шабан 20-30-дан сауын саусын. Ол бір, екіншіден, аяқ киім, үстіге киімді ескеру кажет. Үй тұрмыстарын, басындағы баспанасын түзейік”.

30. 280–281-беттер. “**Бөлтірік**. ... тапсырмасы осы (427-бетке) **Н ұ р ғ а й**. Жолдастар, бұрын... (*бір сөз оқылмады*) кара жұмысшы көрген киындықты кездерің көріп отыр. Тек бұдан кетіп, көгеретін күніміз енді басталар.. Бізге енді сене бер. Оң көзіміз деп біл. Сөз сол. Біздің айтқан барымыз сол.

**Ж ұ м а т а й**. Жалғыз-ақ енді әйтеуір бұрын болдырып қалған болса, соған... болындар.

**Б е й с е м б а й**. Бәсе, балық басынан шіриді деп, кейде жаман басшы боп, сондайдың не шалалық білместігінен, не бұзакы қастығынан да шығасыға көп ұшыраган кез бар.

**Б ө л т і р і к**. Енді ондайдың бәрін де түзер өздеріңсің. Игліктерінді көрсетіндер” болып түзетілді.

31. 281-бет. “**Қ а м б а р**. Жалғыз-ақ, осы жақсы шабан күшінің бәрін енді анау төртінші фермаға салу керек. (428-бет) – **Қ а м б а р**. **Жалғыз-ақ**, осы жақсы шабан күшінің бәрін енді анау төртінші фермаға салу керек. Осы қысы-жазы шығысының толасы болатын сол ферма сияқты”.

32. 282-бет. “**Қамбар**. Бәсе, өзіміз бармай болмайды. (428-бет) – **Қ а м б а р**. Бәсе, өзіміз бармай бар басшысын, бар шабанын, бар мал-жайын енді тез жетіп өзіміз көрмей болмайды. Болды. Танысұым жетті. Ойпырай, кісі, кісінің аздығы-ай!.. Бір мүйинет кідірмей онда жету керек. Бір мүйинет кідірмей басқа он түрлі ірі іс бар. Оны да қазір қолға алу керек. Қайсысына жеттік”.

33. 286-бет. “*Есіктен Алатай, Алтын, Шәкен көрініп қалады* (432-бет) **Бұлар кимелейді**. – *Есіктен Алатай, Алтын, Шәкен көрініп қалған, үйдегілер аң-таң*. *Аналар кимелейді, хатшы жібермейді*”.

34. 286-бет. “**Қ а м б а р** (*есікке кеп, Шәкенде артынан құшақтап үйге сүйреп кіргізеді...*) (433-бет) – **Қамбар** (*есікке кеп, Шәкенде*

*артынан құшақтан үйге сүйреп кіргізеді, ана екеуі күле кіреді, олар көріп тұрған).*

35. 290-бет. “Бөлтірік. Уа, жөн-ак, оянған еken! Әлі бойға қан жүгірген еken кәрінің де (436-бет) – **Бөлтірік. Уа, жөн-ак, оянған еken! Бәсе, ұлы бойға қан жүгірген еken кәрінің де**”.

36. 294-295-беттер. “Сыбандай. Тіпті, пейілдің ұшы-қиыры жоқ. Мына жаңа келген еki жігіт бір күнге жіберетін емес (440-бет) – Тіпті, пейілдің ұшы-қиыры жоқ. Мына жаңа келген еki жігіт бір күнге жіберетін емес. Тіпті шабандардың ойында жоқты істеп жатыр. Басындағы құркелерін, үйлерін де бүтіндегі бастапты. Ликбез деген үшкөл де ашыпты. Бір үй орнатыпты. Тіпті масайрап барады. Осы соны хабары дәл той күнінде дүңк-дүңк келіп, мына қашықта жатқан біздің шабандардың талайын да елеуіртіп отыр.

Құсбек. Е, халық: “Жақсы болады екеміз”, – деп үміттеніп бара ма?

Сыбандай. Бұндағы енді әлі қолына дәнене тиген жоқ кой. Өйткенмен, көпшілік: “Анау алғанды біз де алармыз”, – деп, айтты, даурығып жүр.

Құсбек. Шығын қалай?.. Шығын бар ма еken? Ол қалай болыпты, ана жақта, бұнда қалай еken?

Сыбандай. Шабандар: “Енді өлім, шығын жойылады”, – деп серт беріпті гой.

Құсбек. Сөйтіп пе?

Сыбандай. Бұнда әлі ішінара секіртпе бар гой”, – деп түзетілді.

37. 296-беттер. “Шәкен. Біздің іс істеледі гой, бірақ сенің ферманды айтсаңы. Өзі, осы манда ұры деген неткен көп? Кім солар. (441-бет) – Шәкен. Біздің іс істеледі гой, бірақ сенің ферманды айтсаңы.

Құсбек. Шәкен-ау, менің зарлап жүргенім сол емес пе? Тапдорақтың ортасында тұрғандай боп отырған жоқ па?

Шәкен. Ендеше, осы тасқа, ел-жұрттың бәрінен алысқа шырқап шығып не қып тығылып отырсың?

Құсбек. Жаным-ау, мен қайтейін?! Басында 4-інші фермаға белгіленіп берген қонысы осы гой.

Шәкен. Иә, сен бұл араның койға қоныс емес еkenін білмеуші ме ен? Енді міне күнде ұрлық, күнде өлім. Өзі осы манда ұры деген не еткен көп, кім солар?

Құсбек. Ойбай, осы тастың бәрі де ұры емес пе?...”.

38. 306-бет. “Шәкен (*тез өзгеріп*). Әке, қаруың бар ма? Әпкел маған.

Алтын. Шәкен? Ойпырай не дейсің сен?!

Шәкен . Догар сөзді, шығарма үніңді”. 452-беттегі диалогтар орын ауыстырылып 451-бетке жіберілді.

39. 314-бет. “Құсбек . Бұл ылғи жоғалды, өлді деген мал, актінің малдары. Ылғи анау басқа фермелерден құралған мал (459-бет) – Құсбек. Бұл ылғи жоғалды, өлді деген мал, актінің малдары. Ылғи анау басқа фермелерден құралған мал.

Мес . Құсбек пен Местің қолөнері десенші. Қап бәлем, жалғыз-ақ Сөлкебайды қатырып, алдаң кеттім. Екеуінің қолын сірестіріп тұрып-ақ келістіре дәл өзіндей қойып едім де...

Шәкен . Сонымен бұл мал?...

Мес . Қай мал деп жоктайды. Бұрын 850, кеше, жай-куй қалай болар деп, соңғы 150-ді бітті деп өзіміздің біріміз деп жоқ қып, осында қосып алдық. Болған соң, енді дөңгелек есем тұра мың болсын дедік. Иші күйсін.

Шәкен . Ал, бұрынғы 850 басқа жерде ме еді?

Құсбек . Есепсіз бола ма? Месекен, өзге фермадан жырып алып келеді де, қосады да отырады.

Мес . Бәлем, әсіресе талай одернек болам деген шабандарды шоңқиттым-ау. Бүкіл совхозда, мына Бөлтірік, Қамбар келгенше, бір одернек шығартпай қойым-ау, ай өзім-ай!

Құсбек . Ал, мына шабандар осыны біле ме?! Бұлардың не енбегі бол еді?

Мес . Эй, қой баққаннан басқа түктің ісін білмейді. Олар совхоз қойын бағып жүрміз деп, қойдың кейін Местің подсобный хозяйствосы екенін қайдан білсін (*кулін*). Е, біреуіне “бас” десен, құлақ дейді тұра.

Құсбек . Бұлар бір қызық. Бір алуан, ойында дәнене де жок адамдар” – болып тузағылдады.

40. 315-бет. “Шәкен . Япыр-ай, енді тым болмаса ойланайыншы. (460-бет) – Шәкен (*ұялып, бөгеліп*). Япыр-ай, не айтайын?!. Мес, Құсбек... (*арадағы бір сөз өшіп қалған*) адамдар ек қой осындай қысталанда бұларың не?

Мес . Жок, Шәкентай, осы арада бер жауабынды. Мен сенің жалғыз дегеніңе қарап, жаңымды отқа саламын. Не үшін алысатынымды біліп алышайын. Жауабынды қазір айт.

Шәкен . Осы арада ма?

Құсбек . Ие, осы арада.

Шәкен . Ендеше, ойланайыншы (*Пауза. Тыста шабандар кеткен жақтан Сыбанбай шыға береді. Үйге қарай басқан Алтын жолын бөгей береді.*) ” болып толықтырылып ішінара орфографиялық ережелерге түсіріліп толық жіберілді.

**C. Майлышай**

## “МАНАС” АЛМАМБЕТТИҚ АЙТУЫНДА”

Латын әрпіндегі қолжазбаның (184-папка, 100 бет) қай жылдарда жазылғандығы белгісіз. Ал жазушының бұл жырды зерттеуді шындал қолға алуы Ташкенттегі Орта Азия университетінің аспирантурасына түскен кезінен басталса, оған керекті деректер жинау мен жыр нұсқаларына терендең үнілупері де осы тұста орын алды. Ол бұны өзінің зерттеу объектісіне айналдырысымен-ақ Бішкек, Ыстықкөл маңындағы манасшылармен кездесіп, солардың айтуындағы жыр үлгілерін тындағаны, ері жазып алғандығы 1929 жылғы блокнотынан көрінеді. Осы қолжазбаның көп тұстарын сзызып, белгілер қойып, мыналар сияқты әр түрғыдағы сөздерді жазып отырған:

“Ассонанс”, “Аллитерация” (9-6.), “Перед переходом повествованием” (20-6.), “Риторический вопрос” (23-6.) “Показ, через ввод трубы” (26-6.), “Прием перехода” (41-6.), “Аттың ойы” (41-6.), “Ат өкпесі” (42-6.), “Асқақ сөз, бұл тегі көп болмайды” (42-6.) “Характерный эпический оборот Сагимбая” (58-6.). “Мынаны әдемі бағалайды” (65-6.), “У Карапаева это нередкость” (69-6.), “Идеальная расстановка – стиль эпоса” (70-6.), “Елші. Бітім жайы” (71-6.), “Письма в эпосе и интересные перестановки, искусственность в нем” (71-6.), “Аллитерация внутренних и внешних, чередование звуков” (75-6.), “Қайталау” (75-6.), “Тягости заставляют добывать золото” (77-6.), “Объективное описание побед, враги с мотивом” (82-6.), “Жеңілген жаудан алышатын алым, олжа” (84-6.), “Сүйген түрі, ерекше ырым” (85-6.), “Характерны вставки в начале или конце строки вне ритма строк это признак устного сказа” (87-6.), “Картины плача героя – редкая картина” (87-6.), “Манас дінішіл емес, тентек кезінде талай қызыктар істегенін өлерінде айтады. Халық жыршылары еркіндік беріп, шынды айтқызады. Мына жерде әдейі сыйғызыған” (89-6.).

Осылардың арасында мынадай мәтіндердің астын, тұсын сзызып, несімен ерекшеленетінін көрсеткендері бар:

*Қазақ жсәй:*

Келдетүр жылқы айдаған,  
Көгала күлүк байлаған.  
Тарұусун тастай ақтаған,  
Қатының қыздай мақтаған.  
Түп атасы Алаштан,  
Керегеси жағаштан (21-6.)

*Әдемі суреттөр:*

Аю менен қарсақтын  
Азығына жем болғон.  
Жанағағы бышып жайқалған,

Өругу бышып май болғон.  
Мистеси бышып бал болғон,  
Телегеи тегиз жер  
Көрден кичи дал болғон  
Шынарда бұлбұл сайраса  
Ишинен адам шыққысыз (21-6.)

*Из казахского эпоса:*

Қара жерге қар жааса,  
Қарды көрүп етін көр.  
Қар бетине қан тамса,  
Қанды көр де бетин көр. (69-6.)

*Керек:*

Анжианда қырк ешен,  
Алдыра көргүн очону.  
Доораным турууга  
Анжиандын Аққожа  
Жаназама түрсун де.  
Очону алып келе көр  
Зарын қылып малымдын,  
Тең жарымын бере көр.  
Беретуғын себебин  
Қымыз ишкен мас кезде  
Қиялы сүйүк жаш кезде  
Айкожану қамадым,  
Қырк ешениди сабадым.  
Шын жиниме тиигенде  
Өздөрүн иттей қамадым.  
Болбой иштим бозону  
Боздатып урдум қожону” (89-6.)

Қолжазбадағы такырыптардың бері де орысша қойылған, бұларды мазмұнына қарап жазушының өзі анықтаған сияқты: “Из рассказа Алмамбета”, “Бой Алмамбета и Сыргака с китайцами”, “Завоевание чет Бежина”, “Ранение Манаса Конурбаев. Бой”, “Покорение и властвование Манаса и двенадцать ханов в чет Бежине”, “Гибель богатырей – соратников Манаса”, “Возвращение Манаса в Талас, болезнь его”, “Смерть Манаса и печальная судьба Каныкея”.

Елу томдық академиялық толық басылымға қолжазбадағы қүйінше ешбір өзгеріссіз берілді.

**T. Әкім**

## МАЗМҰНЫ

<b>I. МАҚАЛАЛАР .....</b>	<b>3</b>
Искусство Казахстана.....	5
Уважаю и приветствую правдивого и гордого поэта.....	9
Әннің сөзі.....	11
Мұхтар жолдастың сөзі .....	15
Қазақтың халық музыкасы мен музыка театры .....	20
Ең дана занды ең жас мемлекет .....	26
Қош бол.....	28
Шынышыл, тәкәббәр ақын .....	29
Кей пьесалар туралы пікірлерім .....	32
<b>II. ӘҢГІМЕЛЕР, ОЧЕРКТЕР.....</b>	<b>35</b>
Құм мен Аскар.....	37
Бүркітші .....	69
Ол күнгі Алматы .....	96
Татьянаның қырдағы әні .....	101
Как запела Татьяна в степи .....	126
<b>III. ПЬЕСАЛАР.....</b>	<b>143</b>
Тартыс .....	145
Тас түлек .....	229
<b>IV. ӘДЕБИ НҰСҚА.....</b>	<b>319</b>
“Манас” Алмамбеттің айтуында.....	321
<b>V. ФЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>397</b>

# **ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ**

**Шығармаларының елу томдық толық жинағы**

**11-том**

Академиялық ғылыми басылым

*M.O. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:  
*C. Назарбаева, Б. Канапиев*

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан*  
Көркемдеуші редакторы *C. Оспанова*  
Техникалық редакторы *H. Ромахова*  
Компьютерде беттеген *I. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 ж. қол қойылды.  
Пішімі 84x108  $\frac{1}{32}$ . Офсеттік қағаз.  
Қаріп түрі “Таймс”.  
Шартты баспа табағы 23,1.  
Таралымы 4000 дана.  
Тапсырыс № 1255.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі  
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.  
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-153-1

9 786012941531